

БАБАЛАР СӨЗІ

ХИКАЯЛЫК
ДАСТАНДАР





«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА
2004

«МӘДЕНИ МҰРА»

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ

КІТАП СЕРИЯЛАРЫ

БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*

Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*

Асқаров Ә.А., *жауапты хатшы*

Әбділдин Ж.М.

Әуезов М.М.

Байпақов К.М.

Зиманов С.З.

Көлетаев Д.А.

Кекілбаев Ә.

Кенжеғозин М.Б.

Қасқабасов С.А.

Қойгелдиев М.Қ.

Мағауин М.М.

Мәмбеев С.

Нұрпейісов Ә.К.

Рахмадиев Е.Р.

Сұлтанов Қ.С.

Сүлейменов О.О.

Хұсайынов К.Ш.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫҚ

Хикаялық дастандар



ББК 82.3 (2 Раз)

Б12

**«Мәдени Мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б., Егеубаев А.,
Күзембаева С., Қирабаев С., Мамыраев Б., Тұрғанбаев А.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:

Өзібаева Б. (*жауапты редактор*), Әлібек Т., Егеубаев А.,
Қасқабасов С.

Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындағандар:

Ақан А., Өзібаева Б., Әлібек Т., Рақышева Ж.

Жауапты шығарушы: Салтақова Ж.

Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2004. —
Т. 6: Хикаялық дастандар. — 2004. — 352 бет, суретті.

ISBN 9965-619-91-3

«Бабалар сөзі» сериясының алтыншы томына «Болат, Жанат»,
«Қисса самұрық», «Қисса Жәмшид», «Алтын балық» атты хикаялық
дастандар енді.

Б $\frac{4702250105}{00(05) — 04}$

ББК 82.3 (2 Қаз)

ISBN 9965-619-91-3 (т. 6)

© Әдебиет және өнер институты, 2004

ISBN 9965-619-60-3

© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2004

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде жарияланатын «Бабалар сөзі» атты жүз томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

«Бабалар сөзі» сериясы — ғылыми басылым. Оның негізгі принципі — шығарманың табылған нұсқаларын жүйелеп, өзара салыстыра зерттеп, фольклорлық шығарманың сюжеті мен жанрлық белгілері туралы толық көрініс беретін мәтінді оқырманға ұсыну. Керек болған жағдайда бірнеше варианттары жарияланады. Ол варианттар бір томда жинақталмаса, ғылыми жұмыстардың барысына қарай кейінгі томдарда басылады.

Әрбір том ғылыми қосымшалармен толығып отырады. Ғылыми қосымшалар томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелерді және олардың табылған варианттары жөнінде мәліметтерді қамтиды. Сондай-ақ бұған сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, дастанның жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кіреді.

«Бабалар сөзі» атты серияның алтыншы томы алғашқылары сынды хикаялық дастандарға арналды. Ұсынылып отырған томға төрт дастан енгізіліп отыр, олар: «Болат, Жанат», «Қисса самұрық», «Қисса Жәмшид», «Алтын балық».

Бұл шығармалардың түп төркіні шығыс халықтарының фольклоры мен әдебиетінен алынған. Мысалы, «Қисса самұрық» пен «Алтын балық» дастандары «Мың бір түн» ертегілерінің желісімен жырланған. «Қисса Жәмшидтің» бас кейіпкері Жәмшид — парсылардың көне аңыздары мен Фердаусидің «Шаһнамасы» бойынша ежелгі Иранның аты аңызға айналған ежелгі патшасы. Бірақ дастан кейіпкері «Шаһнаманың» бас

қаһармандарының бірі — жер-жүзін билеген, мейірімді Ахурмаздадан күш-қуат алып отырған Жәмшид патшаға ұқсамайды. Ол кезек-кезек үш сұлуға ғашық болып, солармен қосылу үшін бар жігерін жұмсап, аянбай күрескен әнші, домбырашы, сал-сері үлгісінде суреттеледі. Демек, көне миф, аңыздардан, тарихи құжаттардан белгілі Жәмшид бейнесі өзгеріске ұшырап, дастанда романдық-хикаялық кейіпкер ретінде бейнеленеді. Ал «Болат, Жанат» дастаны «жазықсыз қуғынға ұшыраған жандар» туралы көптеген халықтардың фольклорында белгілі халықаралық сюжетке құрылған.


Бұл дастандардың сюжеті шытырман, оқиғасы таңғажайып.

Томды дайындау барысында 1917 жылға дейін араб әрпінде басылып шыққан кітаптар мен араб әрпінде жазылған қолжазбаларды дұрыс тану үшін мәтіндерге мұқият талдаулар мен сараптау жұмыстары жүргізілді. Түпнұсқада қате жазылған сөздер қазақ тілінің жазу нормаларына және контекстке сәйкес түзетіліп отырды, ал кейбір шумақтарда жекелеген сөздер мен жалғаулықтар түсіп қалған жағдайда қажетті сөздер тік жақшаға алынып берілді.


Жалпы бұл шығармалардың тілі мен сөз саптау мәнері дастандық эпостың кітаби және ауызша жырланған үлгілеріне тән. Мұнда араб, парсы сөздері жиі кездеседі. Олар қазақ тіліне аударылып, томның соңында арнайы сөздікте топтастырылды. Сонымен бірге мәтіндерде байырғы жалпытүркілік сөздер мен грамматикалық формалар, көне және жергілікті [диалект] қазақ сөздері баршылық. Олар түпнұсқалық қалпында берілді. Демек, шығармалардың сөз қолданысы толық сақталды.

Томға еніп отырған «Қисса самұрық» пен «Алтын балық» дастандары алғаш рет оқырманға ұсынылып отыр. Ал «Болат, Жанат» пен «Қисса Жәмшид» бұрын көпшілікке арналған жинақтарда жарияланғанымен, ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарға сай, түпнұсқадан еш өзгеріссіз дайындалып, оқырманға алғаш ұсынылып отыр.

Томның көлемі — 22 б.т.



M Θ T I H Δ E P



Болат, Жанат

- Бісмілда сөздің ұраны,
Бісмілда деп бастаса,
Әр істің жетер мұраты.
Әр сабақтың басында
Бір бісмілда тұрады.
Екі аят қып шығарған
Бұл сөзді келіп Нұралы.
Шоқай екен руы,
Боралдай екен тұрағы.
- 10 Өтірік пе, рас па,
Нұралыға обалы.
Назым қылып шығарған
Сөзінің жоқ қылауы.
Қанша айтса да тоймайды,
Тыңлаған ердің құлағы.
Бос сөзбенен бос арқан,
Табылса пісер бұрауы.
Ол шығарды, біз айттық,
Шығарған ерге сұрауы.
- 20 Рас болса әгарда,
Бар шығар ерге сауабы.
Бекер болса қиын жол,
Теңлесер жерде жауабы.
Адамның болмас айтқаны,
Алланың болар ұнауы.

Бұрынғы өткен заманда Ноғайлы деген елінде, Шолақ деген шаһарда Мақалбай деген бір бай бар екен. Болат, Жанат деген бір ұл, бір қызы бар екен. Сауда ишан деген бір ишаны бар екен.

Мақалбай бір күні Үрім шаһарына жол жүрмек болды. Өзі саудагер екен. Үй-жайын ишанына тапсырайын деп ишанына келген екен.

Бір күндері Мақалбай
Келді жетіп піріне,
Қарандар сөздің түріне,
Қол тапсырып, пір қылған
30 Тәнті еді бастан дініне.
— Айналайын, тақсыр-ай,
Жүрмекші болдым Үрімге.
Қатын-балам үйімде,
Көріп тұр, тақсыр, күніге.
Аманат сізге тапсырдық,
Біз кеттік жердің түбіне.
Атаңа атам қол берген,
Арамдық жоқ ед тегінде.
Өлім бар да қаза бар,
40 Осылай кірді кеуліме.
Болатым қалды қолыңда,
Шыбын жаным жолыңда.
Жиын болар, той болар,
Жүргізбе, тақсыр, кеміне.
Жанатым қалды қолыңда,
Олай-былай боп кетсем,
Қоса бер өзің теңіне.

Сауда ишан айтты: — Мақалбай,
Дәулеттен асып болдың бай.
50 Төрт түлік малға бірдей сай,
Дүниеліктен кеулің жай.
Айтпайтұғын сөз екен,
Аузыңа алдың, бұл қалай?
Қай жердің дәмі бұйырса,
Айдайды екен бір Құдай.
Мен бір дұға қылайын,
Түрегел де қолың жай.
Қайда барсаң, онда бар,
Жолыңды ашсын Құдайым!

- 60 Аман-есен келерсің,
Көп жеме бекер уайым.
Қашан сонан келгенше,
Қозынды аман көргенше,
Тілектес болып тұрайын.
Бес уақты бес намаз,
Батасын да сұрайын.
Аманат бізге тапсырдың
Үй-жай, қатын, балаңды.
Күніге үш көрейін,
70 Үйің түгіл, қалаңды.
Өзің де нанба дұшпанға,
Замана түбі жаман-ды.
Тағы кетші дайындап
Болат пенен Жанатқа,
Жүрмесін жаман талапта.
Аман-есен келерсің
Жүре бер, ерім, тарапқа!

- Осыны айтып Сауда ишан:
— Аллаһу әкпар, бар! — деді.
80 Мен де айтайын бір сөзді,
Құлағыңды сал, — деді.
Қастық ойлар көп адам,
Ойыңа мұны ал, — деді.
Адамды шайтан азғырса,
Ақылы болар дал, — деді.
Ойламаспын қиянат,
Кеудемде тұрса жан, — деді.

- Бұл сөзді естіп қуанып,
Мақалбай үйге қайтады.
90 Жан-тәнімен ишанның
Ықыласын байқады.
Ұлы-қызын шақырып
Өсиетін айтады.
— Ұлы-қызым, шырыным,
Тілінен шықпа піріңнің.
Жасыңнан әдеп үйренсең,

Өркімнен озар ілімің.
Не десе пірің қабыл көр,
Болат пен Жанат, құлыным.
100 Сен де тыңла, алалым,
Дұшпанның тілін алмағын.
Аманат Аққа тапсырып,
Алысқа кетіп барамын.
Дуалас болып тұра бер,
Болат пен Жанат, қарағым.

Мақалбайдың бұл сөзін
Бәрі де мақұл қылысты.
Тентек десін несіне,
Тапсырған соң бір істі.
110 Тапсырды деп ишанға,
Қуанысып күлісті.
Үрімге жөнеп бай кетті,
Басқарып тұрған бұл болды.
Неше ай, неше күн болды,
Арасында бір айдың
Бір әдиса сыр болды.
Әуелі тату кісінің
Аяғы мұнша жыр болды.

Бір күндері Жанат қыз
120 Шай құйып отыр піріне,
Үндемеуші ед күніге.
Ашық болды Сауда ишан
Жанаттың көріп түріне.
Қыпша белді, қалам қас,
Ұқсайды бейіш үріне.
Адамзатқа ұқсатпас,
Қараса байқап түріне.
Не қылып мұнда жүрген деп,
Бейіштен ұшып келген деп,
130 Осылай кірді кеуліне.
Неше түрлі құбылып,
Ұқсайды дию, періге.
Жоқ болса да өзінде,

Бар шығар ата тегінде.
Екі беті анардай,
Екі көзі панардай.
Бұл секілді сұлуды
Көрген емес өмірде.
Мысалы жанған жалындай,
140 Ақ бетінде кіршік жоқ,
Ақ тауықтың қанындай.

Қанша айтса да жете алмас
Сұлулықтың түбіне.
Есі кетіп есінеп,
Білегінен ұстады.
Жығыла жаздап сүріне,
«Бері отыр» деп нұсқады.
Қыз шегініп бұлқынды,
Ашуланып жұлқынды.
150 Қара құстай қонқандап,
Қызға ишан ұмтылды.

Сонда Сауда сөйлейді:

— Қарағым, Жанат, шырағым,
Бір арызым бар, айтайын,
Естір ме екен құлағың.
Ашық от түсті ішіме,
Қайтіп шыдап тұрайын.
Ішім тола қайғы-дерт,
Көкірегім толы уайым.
Малым түгіл, жан құрбан,
160 Боламын десең жұбайым.
Мақұл десең белді шеш,
Тарқасын менің құмарым.
Сен де келдің он беске,
Мен де келдім қырық беске,
Қырық алтыға шығарда
Ашық қылды Құдайым!
Өзімді өзің ұнатсаң,
Денемді бағыш қылайын!

Есіткен соң бұ сөзді,
170 Енді Жанат қарады.
Неше алуан құбылып,
Қасы мен көзі қиылып:
— Не дейсің, тақсыр пірім? — деп,
Қарады біраз бұрылып,
«Болмайды» деп басын шайқады,
Ишанның ниетін байқады.
Реңкі жаман құбылып,
Ашылмаған бала еді,
Ақылға диқан дана еді,
180 Сөз айтпады суырылып.

Анда ишан сөйледі,
Қыздан кеулі ұрылып:
— Алмасаң егер тілімді,
Көрмесең қабыл мұнымды,
Өлтіремін күмәнсіз,
Енді айтайын сырымды.
Айтпап па еді Мақалбай
Тәрбиат қыл деп піріңді.
Әкеңе шағып өтінсем,
190 Үш туша көрмес құныңды.
Абайлап қой, қарағым,
Айтқанымды ақыр қыламын!
Аштықта тағат жоқ,
Ұлы сөзде ұят жоқ,
Аяты бар Құранның
Күніне көріп тұрғанша,
Күніне ашық болғанша,
Пышақпенен бір-ақ ұрамын!

Осыны айтып тұрғанда,
200 Ишан мойнын бұрғанда,
Кетті шығып қолынан,
Буыршындай ұмтылып.
Біраз қуды соңынан,
Сонда да Жанат айтпайды,
Нағып болсын құмар деп,

Әшейін қызған шығар деп.
Шыныменен кеулі ауса,
Жаманнан кеулім сынар деп.
Қылуат жайда жолығып,
210 Екінші және сұрар деп.
Арамдық қылса мұридiне,
Ишанды Құдай ұрар деп.

Жақсы деуші ед молдалар
Кісі айыбын ашпаған,
Мұратқа жетер саспаған.
Бұл арада жоқ екен
Екеуінен басқа адам.
Бір күндері Жанат қыз,
Шай құйып отыр тағы да.
220 Ішіп отыр ишаны,
Жерге қойып кесені,
Қызға ишан ұмтылды.
Қояндай қылған қу дүние
Неше әулие нешені.
Дастарқаннан әрі өтіп,
Білегінен ұстады,
«Бері отыр» деп нұсқады.
Қыз шегініп бұлқынды,
Ашуланып жұлқынды,
230 Қара құстай қоңқаңдап
Қызға ишан ұмтылды.
Сол уақытта бұлқынып,
Кетті шығып қолынан,
Сауданың іші қайнады
Ашықтықтың жолынан.

Жылап-еңіреп Жанат жүр
Мүсәпірлік әлінде
Әне-міне дегенше,
Он бес күн өтті со күнде.
240 Он бес күні өткен соң,
Он алты күн біткен соң,
Есінен шығып кеткен соң,

- Бір күндері Жанат қыз
Құмған алды қолына,
Пірінің тұрды жолына.
Қолына суды құймаққа
Барып еді жанына,
Атаңа нәлет қу Сауда
Ұстай алды білектен.
- 250 Сүймекші болып бетінен,
Ілгері айтқан тілекпен.
Ашуланып Жанаттың
Оты шықты жүректен.
Кеулі қатты түнерді,
Сыйды ишан білмеді.
Ашуланып Жанат қыз
Құмғанмен ұрып жіберді.
Дала боп ишан жығылды,
Басы жерге тығылды.
- 260 Қыз үйіне жөнелді,
Мына сырды білмеді
Ағасы мен анасы.
Ақыры жетер түбіне
Ишанның қылған жаласы.
Мұндай болып шықпағай
Адамзаттың баласы.
Жанатқа тиді бір кесел,
Болғанша қашан дауасы.
Отыз күн жатты ишан да,
- 270 Бетінің бітпей жарасы.
- Аман-есен қайттық деп,
Түйеге жүкті арттық деп,
Ишанға келіп түседі
Мақалбайдың сәлем-намасы.
Алдынан шықты Сауда ишан,
Ілесіп Болат баласы.
Қала алмады ишаннан
Көзінің ағы-қарасы.
Сағынып байды қалған жоқ,

280 Дүние тілеп барған жоқ,
Бар еді қызбен таласы.
Бай менен ишан жолығып,
Отырып жерге орнығып,
Екеуінің сырласқан
Сөзінің түрін қарашы.

Мақалбай сонда сөйледі:
— Ассалаумағалейкум,
Алдияр, тақсыр, піріміз!
Сау-саламат жүрсіз бе,
290 Ашылған баудай гүліміз.
Тарыққанда жәдет етіп,
Жалбарынды-ау тіліміз.
Саудагерлік құрысын,
Көрмегенді көрдік біз.
Түйеміз өліп, жүк қалып,
Он сегіз айда келдік біз.
Шаһар халқы аман ба,
Үлкен-кіші ініміз.
Алғаным сорлы аман ба,
Баяғыдай заман ба,
300 Аш па, тоқ па үйіміз?
Болат келді, Жанат жоқ,
Өлдеқандай күніміз?!
Көргенше тағат бізде жоқ,
Қарағым Жанат дене дініміз,
Көзімнің ағы-қарасы.
Сондай-ақ болып туар да
Әр мүміннің баласы.
Басына түспей жүр ме екен,
Дұшпанның қылар жаласы,
310 Айналайын, тақсыр-ау,
Жанаттан хабар беріңіз.

Анда Сауда сөйлейді:

— Жанатың, Мақал, аман-ды,
Қылған ісі жаман-ды.

- Адамзат қылмас іс қылды,
Айтқалы келдім хабарды.
Өркімдер келіп ойнайды,
«Қой» дедім қанша, қоймайды,
Топыр қылды сарайды
Шаһардың күллі бойдағы.
- 320 Бұзауды жастан қашырдың,
Болмады-ау жұмыс ойдағы.
Қызың-ұлың ер жетсе,
Маңдайға біткен сор дағы.
Өркімдер басты қызыңды,
Жамандар басты ізінді,
Айуаннан да ары боп,
Қызыңыз жаман бұзылды.
«Қой» дедім, талай зекірдім,
Ақтадым татқан тұзымды.
- 330 Шүкір Алла, саламат,
Аман көрдім жүзінді.
Кеулі қатты түнерді,
«Қой» деп пірім айттың деп,
Құмғанмен ұрып жіберді.
Есімді жидым бір заман,
Мұнымды ешкім білмеді.
Бетімде жарам қабағат,
Сіз кеткен соң осындай
Жұмыс болды аламат.
- 340 Кетерінде баршасын
Тапсырдың неге аманат?
Күзетші болдым үйіңе,
Келе ме деп бір жаманат,
Ендігісін өзің біл,
Келдің, ерім, саламат!

Өлқисса, Мақалбайдың ашу оты ішіне түсіп кетті. Болатты әкеп бұйырды: — Жанатты өлтіріп, келтіріп, маған бір белгісін әкеп бер! — деді. — Жылдам барып, жылдам келмесең, екеуіңді де ақ қылып жіберем, — деді.

Сонда Болат үйіне шапты. Атын байлап, есікті ашып кеп қарағанда Жанаттың көзіне көзі түсіп жарқ ете қалды. Енді

өлтіруге бата алмады. Не кейінге қайта алмады. Мұны біреуге айта алмады. Атасының лебізін қайтара алмады. Жалғыз қарындасын өлімге қия алмай, көзінің жасын тия алмай, зар-зар жылап отырып, Жанатқа Болаттың айтқан ғазалы еді дейді:

- Қарағым, Жанат, қайдасың,
Бұл сөздің тапшы айласын.
Кетер болдың, қарағым,
Дүниенің көрмей пайдасын.
350 Сөзімнің осы тазасы,
Әкемнің бар ед қожасы.
Ақыры жетті түбіңе,
Қожаның қылған жаласы.
Кешікпей, шырақ, жылдам шық,
Ағаңның жоқ мазасы.
Жеткенсиді, қарағым,
Өміріңнің қазасы.
Нақақ болмас ақ жұмыс
Күнәлінің жазасы.
360 Әкем маған бұйырды,
Өлтіргін бұрын өзімнен,
Келгін дейді тезінен.
Өлер болдың, қарағым,
Ишанның жала сөзінен.
Шыбын жаным құрбан-ды
Жалтылдап тұрған көзіңнен.
Айналайын, қарағым,
Жауап алғын анаңнан.
Өлетін болдың жаладан,
370 Тұрғын, шырақ, киінші,
Кетейік шығып қаладан.
Айтқаны болды піріңнің,
Қалмайды бұдан жан аман,
Не десе пірі ұнайды,
Безді атаң баладан.
Тұрғын, шырақ, кетейік,
Жылап тұрып өтейік,
Дәурен сүріп даладан.

- Осыны айтып тұрғанда
380 Кіріп кепті анасы,
Жылап-еңіреп тұр екен
Қызы менен баласы.
— Не болды? — деп сұрады,
Ұлы-қызы жылады.
Бағанағы жұмыстың
Бәрін де баян қылады.
Хабары жоқ сөз еді,
Сорлы анасы жылады-ай.
- Анасы сонда сөйлейді:
390 — Есімнен тандым мен, — деді,
Жалғыз өзі кетпесін,
Бірге кет, Болат, сен, — деді.
Сорлы ананың ермегі.
Қарағым, екі көдегім,
Кешікпей енді жөнелгін.
Шыныменен айрылсам,
Кешікпей мен де өлермін.
Барды жоқ қып жіберген
Құдіреті күшті Құданың,
400 Құдіретіне не дермін,
Тұрғын, балам, кешікпей,
Ұзап кетші алысқа,
Білінбей кетсін дерегің.
Нәсіп қылса бір Алла,
Мақшар күні көрермін.
Осыны айтып анасы,
Құшақтап тұрды баласы.

Сонда Жанат сөйлейді:

- Аман бол да енді, шешем-ай,
Қалмаймыз мұнан есен-ай.
410 Ақыры жеттің түбіме,
Жүзі қара ишан-ай.
Сүтіңе, ана, ырза бол,
Кешпей ме әкем, кеше ме,

- Біздерге қылған күшіне-ай.
Зарланбай, ана, ырза бол,
Алланың қылған ісіне-ай.
Әкеме сәлем дегейсің,
Ишанменен қосылып,
Мерекесі көбейсін.
- 420 Ұлың мен қызың өлді де,
Мұнан артық не дейсің.
Өлімге бізді бұйырды,
Білмеді рас, жалғанын.
Пенде қара десе де,
Өзіне аян ананың.
Ақиқат болар бұл жұмыс,
Ақыры шайнар бармағын.
- Осыны айтып баласы,
Құшақтап тұр анасы.
- 430 Бет-бетінен сүйеді,
Іші оттай күйеді,
Ішін өртеп от қылды
Қос перзенттің күйігі.
Анасы айтты: — Жан балам,
Сөзге құлақ сал, балам.
Нәсіп болса көрермін,
Тапсырдым Аққа, бар, балам!
- Жөнелді бұлар бірлесіп,
Бір атқа екеу мінгесіп.
- 440 Еш адамға білдірмей,
Шешесімен тілдесіп.
Ілімі ғайып жұмысқа
Бола ма пенде күн кесіп.
- Енді заулап жөнелді,
Бірталай жерге келеді,
Шыққан жерде шаһардан
Артынан бір ит ереді,
Болат пен Жанат көреді.

- Артындағы Жанат қыз
450 Болатқа сөйлей береді:
- Айналайын, жан көке,
Кеуліме кірді бір ақыл.
Көрсеңіз егер сіз мақұл,
Қашқанменен бұл елден,
Құтылмаймыз біз ақыр.
Қайда барсам әбүйір
Артымда сенің қалғаның.
Бөрінен де сол абзал,
Әкемнің тілін алмағың.
- 460 Итті атып өлтіріп,
Киімімнің бәрін қандағын.
Өлтірдім деп қызыңды,
Әкемді барып алдағын.
Қоя бер мені далаға,
Көрермін басқа салғанын.
Киімімді көрсетші,
Әкемнің жалғыз өзіне.
Көрінбесең іздетер,
Әуелгі келген кезінде.
- 470 Қанша жігіт ертіп ап,
Түсіп алар ізіңе.
Киімімді көрген соң,
Алдына бәрін үйген соң,
Неше Құдай ұрса да,
Иланар ма екен сөзіңе.
Екеуміз бірдей өлмейік,
Жол азабын көрмейік,
Сен қайтшы, көкем, тезіне!
- Сол уақытта ол Болат
480 Қорамсаққа қол салды,
Қозыжауырын оқ алды.
Қаһары қатты тұтасып,
Ойламай тұрды обалды.
Жүрек, бауыры езіліп,
Кеулі болды қараңғы,

Бәрінен бауыр жаман-ды!
Садағын алып безеді,
Атайын деп кезеді.
Болаттың кеулі бұзылып,
490 Итке айтқан мынау сөзі еді:

— Е, жануар бейзабан,
Атпаққа көңілім тігілді,
Көтерсін Сауда құныңды.
Тілектес боп шығып ең,
Тастайын деп пе ем түгінді.
Риза бол жолдас ақыңа,
Керекке терек жығылды.
Осыны айтып болды да,
Садағын тартты шіреніп,
500 Қыңсылап ит құлады.
Тұмсығы жерге тіреліп,
Болаттың көңілі бұзылды.
Жүрегі қатты күйініп,
Іші толды шеменге,
Қабағы тастай түйіліп:
— Иә, жануар бейзабан,
Жетті, міне, ажалың!
Келер күні белгісіз
Ажалы тағдыр қазаның.
510 Бүліндірген бейкүнә
Ишанға болсын азабың.

Осыны айтып болды да,
Киімін шешіп алады.
Іші-тысын толтырып,
Жылыдай қанын жағады.
Аппақ еті жалтырап,
Жалаңаш Жанат қалады.
Жанаттың Болат бетіне
Жылап-жылап қарады.
520 Төсін басты Жанат қыз,
— Қайтемін, көке, мынаны.

Анда Болат сөйледі:

— Айналайын, қарағым,
Қан болып қалды-ау көйлегің,
Кәрі тартар мені күйігің.
Итті атып өлтіріп,
Киімімді қанда деп,
Әкемді барып алда деп,
Осы еді айтқан бұйымың.
Айналайын, қарағым,
530 Сені тастап далаға,
Ауылға қайтіп барамын.
Еш болмаса жоқ болды
Ақылдасар адамым.
Мені де әкем өлтірер,
Тірі деп шықса хабарың.
Қарағым, сені көрерге,
Бар ма екен тағы заманым!
Өтірік пе, рас па,
Аллаға аян сырыңыз,
540 Қиянат қылды піріңіз.
Көргенше сахат тұрыңыз,
Қарағым, сені көрерге
Бар ма екен тағы күніміз?!

Осыны айтып болды да,
Көзінің жасын төгеді.
Бірін-бірі құшақтап,
Бет-бетінен өбеді.
Айдалада мұңласты
Мақалдың екі көдегі.
550 — Аман бол, Жанат! — деді де,
Енді Болат жөнеді.

Енді Болат қыр асты,
Болаттан Жанат адасты.
Құдіретімен Құданың,
Он бесінде жар асты.
Енді Жанат ақырды,

Нар бурадай бақырды,
— Тоқта, — деп, — көке! — шақырды.
Жетіп келді секіріп,
560 — Не айтасың? — деп өкіріп.

Анда Жанат сөйледі:

— Айналайын, жан көке,
Сөзге құлақ сал, көке.
Ата-анамның алдына
Ойнап-күліп бар, көке.
Сен барарсың адаспай,
Бізге қайсы жол төте?
«Айт» деген медеу түйеге,
Болжал беріп кетсейші,
570 Жолды [бізге] көрсете!
Дұғай сәлем дегейсің
Құрбы менен құрдасқа,
Бірге өскен мұндасқа.
О, дариға, қайтейін,
Айрылып кеттім бір басқа.
Екінші сәлем еліме,
Өсіп-өнген жеріме.
Ойланбай, көке, қайт енді,
Уайым түсер кеуліңе.
580 Ашумен әкем айтса да,
Ойына түсер түбінде.
Болмаушы еді қадірің,
Алдымда жүрсең күніге.
Өлсем Құран оқыр ең,
Тірімін, көке, бұл күнде.

Сонда Болат атынан
Қарғып түсті секіріп.
— Айналайын, бауырым, — деп,
Құшақтап алды өкіріп.
590 Енді мені ұрдың деп,
Мен бір тұрған шынар ем,
Опырылып сындым деп.

Тірілігім құрысын,
Сенімен бірге тұрдым деп.
Жылап жүріп өтейік,
Келмейді елге жүргім деп,
Итті атып өлтіріп,
Жаныма зиян келтіріп,
Өзіме-өзім қылдым деп.

Сонда Жанат сөйледі:

600 — Жылама, көке, мұңайма,
Тәуекел қылғын Құдайға.
Алла салған бұл іске,
Пенде сабыр қылмай ма?!
Төгіледі тасыған,
Жетіледі кетілген.
Шын жалғыздан үн шықпас,
Ет кесіп алсаң етінен.
Ақты Құдай нақ қылмас,
Қайта бер, көке, ниетіңмен,
610 Құтылмайсың жетелеп,
Қайта бер, көке, төтелеп.
Қатайсын деп кеуілі,
Күлгенсіді еркелеп.

— Жаман-жұман адамдай
Бет алдына саспағын.
Жан шықпайды ажалсыз
Бұл ақылды тастағын.
Байына араз қатындай,
Жарамас, көке, қашпағың.

620 Әуелі қатты жұмыс қой,
Ақырын күтсейші, арыстаным!
Әркімнің жақсы аманы,
«Жаны басқа» деген сөз,
Көкірегі бар ғой басқаның.
Тірі болсам көрермін,
Ажалым жетсе өлермін,
Қыла бер, көке, бас қамын!

- Бұл сөзге Болат қатайып,
Атына тағы мінеді.
- 630 Қарамады Жанатқа,
Елге шаба жөнелді.
Көзден жасы көл болып,
Атының мойны сел болып,
Әкесіне келеді.
Өлтірдім деп қызыңды,
Киімін әкеп береді.
Шұлғауын да тастамай,
Алдына әкеп үйеді.
Киімді көзі көрген соң,
- 640 Алдына түгел үйген соң,
Өлді ғой деп сенеді.
Ішінен шыққан сұр жылан,
Іші оттай күйеді.
Теріс қарап қонқылдап,
Ауырғандай ыңқылдап,
Көзінен жасын төгеді.
Омырауын иіскелеп,
Жағасын алып сүйеді.
Есіткен соң бұл сөзді,
- 650 Қатыны келді жүгіріп,
Жығылып неше сүрініп.
— Өз балаңды өзің өлтіріп,
Не болды саған бүлініп.
Шағымшының қалдың ба
Тұзағына ілігіп?
Көрем бе деп жылаушы ед
Жанатжан қалқам, сені де!
Шағымшыға ілессең,
Өлтірерсің мені де.

Сонда Мақал сөйледі:

- 660 — Жылама байғұс, алалым,
Жұмыстың тіле барарын.
Ішімнен шыққан сұр жылан,
Күйіп-жанып барамын.

Болар іс болса боп кетті,
Енді қандай қыламын?!
Бұл дүниеде бар ма екен
Мен ақымаққа ұқсаған?!
Өлермін ақыр құсадан.
Жаңа білдім өкініп,
670 Біліп тұрмын өкіріп.
Ақырын Ақтан тілейік,
Кетерміз бе екен жетіліп?!

Өлқисса, енді далаға жалаңаш кеткен Жанат қыздан есітіңіз:

Енді Жанат жүгірді,
Өкпесін алып қолына.
Бір жапырақ лыпа жоқ
Бейшараның бойында.
Қай жерде қалам деп жылайды,
Өлмеймін жоқ ойында.
Он бес күн жүрді жүгіріп,
680 Жолбарыс, қасқыр жолында.
Біреуі келсе жеп кетер,
Түк қару жоқ қолында.
Биабанның ішінде
Сақтауын қара мұны да.

Табанынан тас өтті,
Маңдайынан күн өтті.
Құдіреті күшті бір Алла
Отыз күндей жүгіртті.
Ит мұрыны өтпейтін
690 Бір қалыңға кеп жетті.
Жанатты Құдай өлтірмей,
Бұл ағаштан кетірмей,
Он сегіз күн болғанда,
Ағашқа қызды кідіртті.

Бір топ қара ағашты құшақтап, көзінің жасы бұршақтап,
жүре алмай қалды алшақтап. «Ақыры өлдім» деп Жанаттың
айтқан зары:

- Айналайын Жаратқан,
Он сегіз мың әлемді
Бір өзіне қаратқан,
Басқа-басқа таратқан.
Бұл пәлеге тұс болдым
700 Қай пейілім, қандай себептен,
Не себептен айрылдым
Жалғыз ағам Болаттан?!
Қалмасамшы айрылып,
Құйрығын ұстап торы аттан.
Өлмегенде нем қалды,
Жалғыз өзім қаңғырып,
Кеттім шығып суаттан.
Өлмегенде нем қалды,
Айрылдым-ау қуаттан.
710 Өзәзілді қу қожа,
Өлмеді ме екен ұяттан,
Жасымнан жала жапсырып,
Бей-бекерге жылатқан.
Балаңның келсін алдына,
Адасқан лақтай зарлатқан.
Ақты Құдай нақ қылған,
Жылағандарды да жұбатқан.
Өзәзілді қожаны
Қай уақытта кез қылдың,
720 Жасымнан мұндай сөз қылдың.
Ата-анамнан бездірдің,
Жер-жаһанды кездірдің.
Білінбей кеттік елге біз,
Мүсәпір болдық демде біз.
Болған шығар бір қате,
Асы, жапы пендеміз.
Осыны айтып жылады,
Шешесі түсіп есіне.
Ойдағы жоқ кез келер,
730 Болса бұйрық, несібе.
Осыны айтып жығылды,
Күнбатысқа бас беріп,
Күншығысқа көсіле.

Осымен өлді Жанат қыз,
Ұзарта берем несіне.

Сол уақыттар болғанда,
Ағашта өліп қалғанда,
Кетпесін байғұс арманда.
Өлген жоқ, өзі талғанда,
740 Бір падиша бар еді,
Ақылға диқан дана еді,
Жасөспірім бала еді.
Өзінің аты Халдарша,
Әкесі Жұлдыз хан еді.
Өзінің теңін таба алмай,
Бір ашыққа зар еді.
Күндіз-түні қасында
Қырық жігіт бар еді.

Бір күндері Халдарша
750 Құс сала шықты оңаша,
Қылайын деп тамаша.
Жүріп кетті ілгері,
Қызықпенен білмеді,
Артынан ерді қырық жігіт
Тамашасын көргелі.
Ит мұрыны өтпейтін
Бір қалыңға енеді.
Ақ тұйғын құсы тіледі,
Не екенін де білмеді.
760 Аң түгіл, торғай көрмеді,
Қоймаған соң талпынып,
Өлетін болды алқынып.
Лажының жоғынан
Ұшырып, сілтеп жіберді
Бір биік қонды ағашқа,
Шақырды қанша, келмеді,
Әмбеден шебер бір Құдай
Әр күйге салар пендені.
Атынан түсті Халдарша,
770 Ағашты барып көргелі.

Бұл секілді ағашты
Жоқ екен бұрын көргені.

Жапырағы жайқалып,
Онды-солды теңселіп,
Самалмен басы шайқалған.
Ең ұшын өрге көтеріп,
Бұтағын төмен қайтарған.
Біріне-бірі ығылып,
Біріне-бірі сығылып,
780 Біріне-бірі тығылып,
Неше алуан құбылып,
Шамалы жерде падиша
Қасына келді жүгіріп.
Жұпардың иісі аңқыды,
Тұра қалды кідіріп.
Пеш болып падиша
Түрегелді жығылып.
Айдай боп жатыр бір сұлу,
Қараса патша тігіліп.

790 Жетіп келді қасына,
Белі нәзік қыз екен,
Бұлаған алтын шашына,
Өкпесіне қол салды,
Ақ төстен келіп асыра.
Сүлдесі жатыр, жаны жоқ,
Кірпігі жатыр қимылдап.
Сөйлесуге табы жоқ.
Әрі-бері толғады,
Толғаса да болмады,
800 Ашық болды падиша,
Қасына қыздың қонғалы.
Ұшырып құсын жіберді,
Қасында қыздың болғалы.
Өлсе көміп қолымен,
Тірілсе өзі алғалы.
Тірілмесе осы қыз,

Уәде берді Аллаға,
Қасында өліп қалғалы.

- Енді патша көтерді
810 Жатқан қыздың кеудесін.
Лыпа қылып ыстанын,
Кигізеді жейдесін.
Енді патша жылады,
Қайғымен көзін бұлады,
Қыздың жанын сұрады,
Білмей тұр берер, бермесін.
Қырық жігіт келіп қараса,
Болыпты үлкен тамаша,
Тілеп жатыр патшасы
820 Бір Құдайдың бермесін.
Қатар тұрып қырық жігіт
Шуылдады Аллаға.

- Бейкүнә сұлу өлмесін,
Осыны берсең патшама,
Қойшының қызы демесін,
Өзі алсын падиша,
Ешбіреуге бермесін.
Еш болмаса мәлім қыл
Осы қыздың басынан
830 Өтіп кеткен кеңесін,
Жаңа өспірім жас бала
Бекерге өліп жүрмесін.

- Осыны айтып қырық жігіт
Қырға шықты, кеңесті,
Кеңескенде не десті.
Патшаға айтты біреуі:
— Су тамызсаң мақтамен,
Ажалсыз болса өлмес-ті.
Шынымен жетсе қазасы,
840 Тілегенмен бермес-ті.
Өлген адам тіріліп,

- Бұл дүниеге келмес-ті.
Мақұл көріп падиша,
Біреуді суға шаптырды,
Су түгіл шекер таптырды.
Су тамызып мақтамен,
Қырық жігіт баста тақ тұрды.
Аштықтан жатқан қыз сорлы
Тамған сайын жақтырды.
- 850 Көтеріп басын сипалап,
Шекерге әкеп бақтырды.
Екі жұтып, үш жұтып,
Көзін ашып қарады.
Со тұрған әмбе халайық
Қызды үрге балады.
Ортасында айдай боп
Патшаны көріп Жанаттың
Көзі оттай жанады.
Қызды алып тірілтіп,
- 860 Шаһарға алып барады.
Қожа-молда жиғызып,
Некесін патша қиғызып,
Жанатты патша алады.
Қосылмаққа патшаға
Жанаттың кеулі қалады.

Әлқисса, анда Жанат келіп падишаға қосылып, жұпты болды, жүкті болады. Тоғыз ай, он күн көтеріп бір қыз туады. Ол қыз бір жасар, екі жасар, үш жасар болды. Бір күндері Халдарша қырық жігітін ертіп алып, аңға шықты. Аңнан келіп, атын байлап үйіне келді. Патшаның үш жасар жас қызы патшаға талпынып тұра ұмтылды. Халдарша қызын көтеріп алып, о бетінен бір, бұ бетінен бір сүйді.

Жанат босағаға сүйеніп тұрып: «Уһ, Құдай-ай» деп күрсініп жағасын ұстады. Патшаның ашу-қаһары келді.

— Мен кеткен соң біреуді ашына қылып апсың ғой. Соның келетін күні екен. Сол келмей қалатын болды, мына патша нағып келді деп соны ойлап үһіледің. Көзімнің тірісінде сені өлтіріп, бұ дүниеден кетейін, — деп қылышын суырып алды. Қатынының жағасынан ұстап басқа тартып жіберетін шаққа

жетті. Қылыштың астында тұрып Жанаттың патшаға айтқан зары еді:

— Арызым бар, жұбайым,
Тыңласаң, арыз қылайын.
Сыртым — бүтін, ішім — шоқ,
Көкірегім тола уайым.
870 Шабамын десең, шабыңыз,
Кінәм болса табыңыз.
Тарқасын, тақсыр, құмарың,
Өлтірсең де сізге жоқ,
Менен барар обалым.
Болмаса сабыр қылыңыз,
Сізге бір баян әйлайын.

Шолақ деген шаһарым,
Ноғайлы деген ел еді,
Айхай, дүние-ай, қайтейін,
880 Өсіп-өнген жер еді.
Әкемнің аты — Мақалбай,
Шәрден-шәрге қыдырған
Саудагерлік өнері.
Бір күні әкем мал айдап,
Үрімге қарай жөнеді.

Шақырып алып мал-мүлкін
Дайындады піріне,
Көріп тұр деді күніге.
Ишанның ниеті бұзылып,
890 Жақпады менің дініме.
Ұйықтатпады түрткілеп
Құдайдың қадір түніне.
Салмадым құлақ кепіне,
Құмғанменен сілтедім,
Жара түсті бетіне.
Мінәсар болды бұл жұмыс,
Ишанның арам ниетіне,
Сол себептен мен кеттім
Дүниенің шығып шетіне.

- 900 Бір күндері болғанда,
Әкеміз келді қаладан,
Үш айшылық арадан.
Алдынан шықты ишаным
Бетіндегі жарамен.
Ата-анамнан бездірді
Бейкүнә бекер жаламен.
Құшақтасып айрылдым
Бейшара болған анадан.
Қол ұстасып жөнелдім
- 910 Болатжан жалғыз баламен,
Онан да қалдым айрылып,
Қанатымнан қайрылып,
Құла дүз мидай даладан,
Өмірімен Алланың
Сексен күн өтті арадан.
- Өлсем сонда өлмес пе ем,
Қылышыңнан қорықпаймын,
Өлімге түсіп жарытпаймын.
Иншалла, падишам,
- 920 Мұнан да қалған жан аман.
Көкемді елге қайтардым,
Бір ақылды ұнасып,
Айдалада айрылдым,
Шуылдасып жыласып.
Жапанға жалғыз қаңғырдым,
Барынша даусым шыңғырдым.
Кеткен соң көкем қыр асып,
Бір жерге екі келмедім.
Жолбарыс, қасқыр, аюдан
- 930 Басқа мақұлық көрмедім.
- Ортасында солардың
Сексен күн жүрдім адасып.
Ақыры өлдім бір жерде,
Таусылған соң тұз, нәсіп.
Үш күн жаттым ыңылдап,
Кірпігім жатты қимылдап,

Денем мен жаным таласып.
Құдай сізді кез қылды,
Қарасам көзді бір ашып,
940 Өлсем сонда өлмес пе ем,
Өз қолыңнан көмбес пе ең.
Менің кеулім рас,
Өлтірсең мейлің мінәсіп.
Сүйдің алып баланды,
Сонда есіме мен де алдым
Атам менен анамды.
Ойлансам, ішім өрт болар,
Бөрінен бауыр жаман-ды,
Көретұғын күн қайда
950 Болатжан жалғыз ағамды.

Әлқисса, сонда патша айтты: — Осы секілді зарыңды маған қосылмай тұрып неге айтпадың? Мен сенің қызығыңмен жүріппін де қойыппын. Сені көрген жерден некелеп алыппын да қойыппын. Мен патша емес екенмін, ұры екенмін. Болмаса, сен осы зарыңды айтсаң, ата-анаңа табыстырып, мұратыңа жеткізіп барып алмаймын ба? — дейді. Осыны айтып патша ел-жұртын жинады. Ақылдасып, кеңесті. «Мынауменен жібереміз» деп қырық түйенің үстіне алтын-күміс, меруерт, маржан, гауһар артып толтырды. Қырық түйеге қырық жігіт қосты. Қияметтік досы бар еді, қырық жігітке бас етіп оны тағы қосты. Қырық түйе жүкті арттырып, ортасына бір көкпарды шаптырып, үш жасар қызы мен қатынын досына тапсырып: — Осындай тамашамен барып, тамашамен келіндер, — деп шығарып салды. Күні-түні тынбастан он бес күн, он бес түн тартты. Бір жерге барып қонғанда, түн ортасы болғанда, жанның бәрі ұйқыдағы кезінде досының қатынға ашық боп, қол салып жатқан жері еді. Жанат оянып қараса, досы екен. Үстіне мініп қалған екен. Тышқан да таянып ініне кіріп қалған екен. Қыбыр-жыбыр еткенде біліп қалған екен. Досының көкірегінен итеріп, сонда Жанаттың айтқан сөзі еді:

— Әй, досым, мұның қалай, тарт қолыңды,
Білмедің ұйқыменен оң, солыңды.
Жақынын жаттан жаман қылатұғын
Нашапаз болма, досым, сарт порымды.

Есіткен соң бұл сөзді,
«Аһ» деп досы ұмтылды.
— Жаман кеулім сынды, — деп,
Айдан аппақ ақ жүзін
Досыңды ашық қылды, — деп,
960 Саған құмар болғаным,
Бір мәртеме болғаным.
Е, болмаса ажалым,
Мархабаты болмай ма
Сіздей асыл тазаның.
Бұрын күнә қылмасаң,
Мен тартайын азабын.

Осыны айтып бұл досы,
Бетінен сүйді ханымның.
Кеудесіне артылып,
970 Құшақтап алды мойнынан.
Енді қатын жек көрді
Досының қылған ойынын.

— Ойнама, досым, қой, — деді,
Құдайдың аты дос деген,
Ойласаң еді ой, — деді.
Жақынсынып падишам
Қосып берді қасыма.
Жақындықтың жолына
Мінәсар жұмыс осы ма?
980 Ойнап әзіл қылдыңыз,
Қиянат қылма досыңа.
Өзіңді сатып нәпсіге,
Шайтанмен болма ашына.

Әлқисса, сонда досы ашуланып, патшаның үш жасар қызын қылышпен салып қалып екі бөлді. Кеудесін о жаққа, денесін бұ жаққа лақтырып жіберді. Анда Жанат қорықты.

— Қызды өлтірген неме мені де өлтірер. Ойнамасам, жақындағанда өлтірер, — деді. — Қой, досым, қызды алған Құдай ұл берер, кел, ойнасақ ойнайық. Сіз маған асылған уақтыңызда жүрегім айнып құсқым келді. Бір сағат болса да

жан рахат көрсін. Ана суға шомылып парбозданып кел, — деп бір бөлек арақ сабын мен иіс су беріп досын суға айдап жіберді. Досы барып, суға шомылып жатқанда қатынның ғазалы еді:

- Енді Жанат жылады,
Қайғымен көзін бұлады,
Құбылаға қарай тұрады.
— Жан жаратқан Жаппарым,
Бұл пәледен сақтағын.
Пірімнен көріп қиянат,
990 Досымнан да опа таппадым.
Аман көрсет өзіне
Падишамның ақ малын.
Өлгенім жоқ қорлықтан,
Құтылмадым зорлықтан,
Жеткей де Аққа даттарым.
Құтылсам қашып жөнер ем,
Ата-анамды көрер ем,
Ажалым келсе өлер ем,
Ел-жұртымнан айрылдым
1000 Ишанның жала сөзінен.
Құтылмадым қорлықтан,
Қанды жас ағып көзімнен.
Тағы қалдым қамауда,
Құтқарғын, Алла, тезінен,
Айрылдым қайрат, әлімнен.
Қайда барсам қу басым,
Құтылмады зәлімнен,
Жер жүзінде, әулие,
Тіледім медет бәріңнен.
1010 Осыны айтып бұл қатын,
Енді қашып жөнелді.
Зор беріп қашып келеді,
Артындағы досына
Білінбей кетті-ау дерегі.

Өлқисса, ана досы суға түсіп, өзін-өзі парбоздап қатынды қойып кеткен жеріне келсе, қатын түгіл, дәнеңе де жоқ. Олай қарап, былай қарап таба алмады. Таң атып келе жатқанда

қасындағы қырық жігітін оятып алды. Қатын кетіп қапты. Бір күн қарап, екі күн қарап, төрт күн қарап таба алмады. Қырық жігіт айтты: — Қой, падишаға барайық, қатының қашып кетті, — деп.

— Патша бәрімізді дарға тартады, патшаға бармайық, — деп досы айтады. — Аспанға ұшқан жоқ, жердегі адамды қарай берсек табамыз, — дейді. Ақыры қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ болып қырық жігіттің айтқанымен патшаға қайтып барады. Сонда досының қырық жігітке бас болып, қатынменен қас болып, патшаға айтып тұрған сөзі еді:

- Ассалаумағалейкум,
Алдияр, тақсыр ханымыз,
Сөзге құлақ салыңыз.
Өзімді өзің дос білсең,
Лебізіме наныңыз.
- 1020 Он бес күн жүріп тынбастан,
Ортаға алып бәріміз,
Қонбай жүрдік асығып,
Неше қыр кеттік асырып.
Бір жерге барып қонғанда,
Түн ортасы болғанда,
Айымды алдық қашырып.
Қызын сойып кетіпті,
Көме алмай бетін жасырып.
Қайтып келдік, тақсыр-ай,
- 1030 Тасыған кеуіл басылып.
Мұның өзі кеңес-ай,
Шыли тегін емес-ай!
Күдер үзіп патшадан,
Қызын сойып жөнесі-ай!
Мұның өзі қай амал,
Ақылым жетпей болды-ау дал.
Қасында болсаң өзің де,
Қылмақшы екен бір залал.
Қызын сойып кетіпті,
- 1040 Мұратына жетіпті,
Кімді аяушы ед шұнақ қар!

Естіген соң бұ сөзді,
Енді патша: — Әй! — деді,
Не дейсің досым-ай, — деді,
Бұ сөзіңді қой, — деді.
Рас болса бұл сөзің,
Бопты ғой маған той, — деді.
Қырық жігіт болып, дос болып,
Қылғаның ба сор, — деді.

1050 Осыны айтып падиша,
Етпетінен құлады,
Ұзынынан сұлады,
Өксіп-өксіп жылады,
Жанаттың тартып күйігін,
Көрінген көкті жұлады.
Қиял түсіп кеуліне,
Көтеріп басын алады.
Патшалығын тастады,
Патша бір іс бастады.

1060 Күлә киіп басына,
Досын ертіп қасына,
Диуаналық қылады
Жанатты бір-ақ көргелі,
Армансыз болып өлгелі.
Сол уақтар болғанда,
Досы да есірік болады.
Патшаменен ілесіп
Бірге кетіп барады.
Кете берсін екеуі,

1070 Аяғы қандай болады?!

Әлқисса, досы: — Қатын табылса, патшаны қалай ма, мені қалай ма, маған арақ сабын мен иіс су беріп суға шомылуға жіберген өзі ғой, — деп таңлауға кетіп барады.

Енді Жанатты тыңлаңыз. Жанат неше күн, неше түн қашып, неше қырдан асып, көзінің жасын шашып, бір қойшыға келді. Қойшыға келсе, қойын жусатып, ақтаға тойып, қып-қызыл шиқандай боп жатыр екен. Ақылы аз да екен, басы таз екен, самайдан ағып іріңі, жоқ екен онша білімі. Қашып жүрген

қатын екен деп, қатынды тарпа бас салып умаждай-умаждай берді. Сонда қойшыдан босана алмай астында жатып Жанаттың айтқан ғазалы еді:

- Айналайын, шопаным,
Ақ бетімді қышытты
Сәукеле қара сақалың.
Есіріктің белгісі
Білмейді екен қатарың.
Ойының ба, шының ба,
Өзім-ақ тұра жатамын.
Айналайын таз-батша,
Не десең де қылайын,
1080 Уәде қылшы, тұрайын,
Көрінгенге олжа ғып,
Осындай қылды Құдайым.
Талай тазды көріп ем,
Әдемі екен шырайың.
Айналайын, таз-батшам,
Не десең де көнейін,
Тілегінді берейін,
Ауылыңа айда қойыңды
Мен соңыңнан ерейін.
1090 Бір қой сойып, некелеп,
Халқыңның ал ішінде,
Ол да өзіңнің мерейің.
Айдалада алысып,
Бұ қылғаның жарамас,
Көргендердің бәрі мас.
Үйіңе барып, бейшара
Бір қой сойып, етінді ас.
Игілікті көрерсің,
Болса ұзын өмір жас.
1100 Сол жерде өзім тиейін,
Тамағыңнан сүйейін,
Айналайын, алтын бас.

Бұл сөзге қатты қуанып,
Әрі-бері аймалап,

- Екі емшегін уқалап,
Айқайлап қойды қуанып.
Тегін қатын алдым деп,
Таздың кеулі тасыды.
Тұла бойы былқылдап,
1110 Буындары босады.
Ақылмен алдап қойшының
Жанат кеулін басады.
Шұбалған қойдың шаңымен
Мұнан да Жанат қашады.

Әлқисса, Жанат неше түн қашып, неше қырдан асып, қарны ашып, қайраты қашып, етегін басып, өлдім-талдым дегенде бір падашыға жетіп келеді. Алдында екі жүздей мал екен, өзі шал екен, бір қатынға зар екен, бойында бір атым оғы бар екен, таяғын домбыра ғып қатынға қарап бір өлең айтады:

- Қалыпты Зеңгі атадан пада жаймақ,
Жайып ем сауапты деп түбін ойлап.
Сен қатын, перімісің, адамбысың,
Ой, тоба-ай, қайдан жүрсің гүл-гүл жайнап?!
Ойын менен күлкіге тыйым бар ма,
1120 Шығайын шер-құмардан күліп-ойнап.
Сен, қатын, байың бар ма, шыныңды айтшы,
Мен жүрмін пада жайып әлі бойдақ.

- Осыны айтып падашы,
Қарақұстай бас салды.
Шегініп қатын жасқанды,
Падашының киімін
Жыртып-жыртып тастады,
Жыртылмай киім қалмады.
Бітетұғын болмады
1130 Қатын мен шалдың жанжалы.
Аяғының басына
Түсіп кетті дамбалы.
Жаңа илеген кесектей,
Тұсаулы шапқан есектей.
Шалды Құдай қарғады,

Сонда Жанат жылады,
Қайғымен көзін бұлады.
«Бірінен қашып құтылсам,
Бірі алдымда тұрады».

- 1140 — Шал баба, сабыр қылғын, — деп,
Бір сағат мәулет сұрады.
— Арызым бар, тыңласаң,
Түбінде бар залалы,
Шариғат жолын қылмасаң.
Қайыр қылдым, шал баба,
Сенің қылған ісіңе,
Он есе артық жігіттен,
Абайласам күшіңе.
Үйіңе барып ақыл сал
- 1150 Үлкен менен кішіге.
Бір қой сойып некелеп,
Халқыңның ал ішінде.
Шермендешілік қылма далада,
Некесіз қатын ала ма?
Менің іздеп жүргенім —
Сіз секілді мал табар.
Бұрын тисем, тимес пе ем
Жаңа өспірім балаға.
Кеуденді, бабам, көтер-ай,
- 1160 Алал жұпты жақсылық,
Шіркін, дүние бекер-ай!
Қақпандай қатты сүйегің
Етімнен тастай өтеді-ай!
Өміріңнің шағында,
Сақалыңның ағында,
Сабыр қылсаң нетеді-ай!
Әлі де болса сабыр қыл,
Сабыр қылған азамат
Мұратына жетеді-ай!
- 1170 Осыны айтып тұрғанда,
Падашы сүйді бетінен.
— Шықпағын, — деді, — кепімнен,
Қияметтік құлыңмын,

- Айттың ба, — деді, — ниетіңмен.
Лажсыз Жанат келеді,
Топтанған сиыр шетімен.
Жанатты көріп шал баба
Көзі оттай жанады.
Ойбай салып айқайлап,
1180 Ауылға сиырды айдады.
Жамырап кетті бұзауы,
Шалды Құдай қарғады.
— Алжыған қақпас, қу шал, — деп,
Талай қатын қарғады.
Талай кемпір еңіреп жүр
Төгілген соң айраны.
Бұл Жанаттың тимейді
Жүрген жерге қайраны,
Осы қашып кетер деп,
1190 Соңынан шалың қалмады,
Абайлайды Жанат та,
Құтылар заман болмады.

- Бұлаң етіп, бұлт етіп,
Сылаң етіп, сылт етіп,
Үйіне Жанат келеді.
Үйін көріп шошынып,
Көзінің жасын төгеді.
Үй дегені кепе екен,
Шеткерірек төбе екен,
1200 Жастық түгіл, көрпе жоқ,
Бір кесекті жастық қып,
Жатып жүрген неме екен.
Сонда да кеулі Жанатта,
Жанатты алып жатпаққа,
Құдіреті күшті Құданың
Өлмеген құлы көп екен.

- Уәде берді ал Жанат
Падашыға тимекке.
Бір қап салды иініне
1210 Тезек теріп келмекке.

- Шал байғұс та жүгірді
Бір қой тауып келмекке.
Небір шалдар келеді,
Қойдың етін жемекке.
Шақырмаған адам да,
Келеді бәрі ермекке.
Қожа, молда келеді
Некесін қиып бермекке.
Балалар да жүгірді
1220 Қатынның түрін көрмекке
Шалды Құдай қинап жүр,
Көрпе-төсек жинап жүр,
Жатпақшы сол күн төсекке.

Әлқисса, шал баба бәрін түгендеп алып келсе, қатын түгіл, дәнеңе жоқ, анда шал баба халықты жиып: «Ей, халайық, неше жылдай мал бақтым, қатын көрмей зар қақтым. Мейлі ол қатын тисін, тимесін көзіңмен бір көр де, бата беріндер», — деп бата сұрап, жүріп кетті.

- Енді Жанат жөнелді,
Танадай көзі жарқылдап.
Алтын кебіс сартылдап,
Сырғасы алтын күректей,
Алтынды шашбау салпылдап.
Зор беріп қашып келеді,
1230 Олай-бұлай бұлтылдап,
Патшадан шыққан қу сорлы,
Ту биедей былқылдап.
Алдында жеті қалендар,
Ортасында бұлардың
Жетіп кепті үлпілдеп.

- Бәрінен жаман бұл болды,
Жолыққан адам сор болды.
Тұс-тұсынан ұмтылды,
Өңгі есектей діңкілдеп.
1240 Бір диуана ұстады,
Жанаттың келіп қолынан,

Біреуі кепті соңынан.
Не қылса да мінәсар,
Желі тұрды оңынан.
Қашып еді шегініп,
Жабылды бәрі тобынан.

- Бірі мініп үстіне,
Бірі тартып түсірді,
Опыр-топыр таласып.
- 1250 Астында Жанат жылайды,
Өкпесі жаман қысылып,
Қимылдайды барынша,
Жатқан жоқ өзін ұсынып.
— Айналайын, Жаратқан,
Бұл не деген кеп болды,
Ішім тола дерт болды.
Артымнан қашып құтылсам,
Алдымнан жанған өрт болды.
Жолықсам кімге артылып,
- 1260 Желке шашым шөп болды,
Жалаң аяқ жар кештім,
Қай пейілімнен еп болды.
Жапсырдың Құдай жаланы,
Отан қылдым даланы.
Тарыққанға медетсің
Қауыс-қияс жанабы,
Бұларды тегіс санады.
Құдіреті күшті бір Алла,
Тізесі өтіп барады,
- 1270 Қыламын қандай мынаны.

Енді Жанат сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Айналайын, шер, — деді,
Бәрің де бірдей ер, — деді.
Айтқаныма көн, — деді.
Бәйге қылсаң қайтеді,
Бес шақырым жер, — деді.
Бәрің де барып сол жерден

- Жарысып маған кел, — деді.
1280 Қалғаның қалғын сол жерде,
Озғанның жансын еңбегі,
Мейлің патша, мейлің құл,
Соныңа көндім мен, — деді.
Озғаның мені алғаның,
Қарамайын қайрылып,
Патша да болса қалғаның.
Ынтымақпен іс бітер,
Жарамас бекер жанжалың.
Сіздер — бұқа, мен — сиыр
1290 Дұрыс емес болғаның.

- Жанаттың айтқан сөзіне
Диуаналар нанады.
Киімдерін шешініп,
Жалаң аяқ болады.
Етек-жеңін түрініп,
Құнтиып бәрі алады.
Бірі — патша, бірі — құл,
Бірі — нәзік, бірі — зор,
Бәрін қылған Құдай дер,
1300 Жарысқа шықты дүркіреп
Буыршындай күркіреп.
Мұнар болып азырақ,
Жаңбыр жауды сіркіреп.

- Диуаналар қуанды,
Денесіне сыйыспай.
Таласумен әлі жүр,
Бір-біріне қиыспай
Өшігісіп қалыпты,
Тарқамас бұлар ұрыспай.
1310 Диуаналар кетеді,
Бірталай жерге жетеді.
Арасында бұлардың
Алты сағат өтеді.
Ендігі нәубет диуана
Жарысуға кетеді.

- Бірінен-бірі өтеді,
Өткені озып кетеді.
Өлдім-талдым дегенде
Бір ұзыны жетеді.
1320 Жетіп келсе, Жанат жоқ,
Жүрегін жаман өртеді.
Сөйте-сөйте олардың
Бәрі түгел келеді.
Бірінен-бірі көреді,
Төбелесе береді.
Төбелесті көрген соң,
Жанат ұзап жөнеді.

Өлқисса, енді Жанат неше күн, неше түн қашып, қарны ашып етегін басып, қатты жаман сасып, Шолақ қалаға жетіп келді. Өкесінің әулі-жайын көріп, туып-өскен жерін көріп, бір сөз айтқан жері екен:

- Рас па, өтірік пе, келгенім-ай,
Бес жылда қайран жерді көргенім-ай.
1330 Қуаныш — хан орнында, хан тағында,
Аман ба, әділетті бектерім-ай.
Бәлеге неше түрлі жолықсам да,
Сонда да ажалым жоқ, өлмедім-ай.
Түсемін әлде болса қандай күйге,
Қайтейін, бұ дүниеге сенбедім-ай.

- Көріңдің көзіме ыстық, өскен жерім,
Кір жуып, кіндігімді кескен жерім.
Мысалы түрлі гауһар шам-шырақтай,
Наламен су сепкендей өшкен жерім.
1340 Амал жоқ, пешенеме жазған екен,
Қайдағы дұшпан болды дос көргенім.
Есебін өзің маған тапсырмасаң,
Мәнісін таба алмадым ештеменің.

Тұрмысың қалыбыңда, Шолақ қала,
Біз секілді мұңлыққа қарап қана.
Ишаны қол тапсырған ішіндегі,

Осындай кесапаты мол-ақ қала.
Бұл елге тұз-дәм айдап тағы кепшін,
Талақ тастап кетіп ем біржолата.
1350 Бір жерді ат баспаған үш басар деп,
Бұрынғы қариядан қалған сана.
Көргенім бір күнгідей болмас еді,
Алдымнан күліп шықса Болат аға!

Әлқисса, осыны айтып көзінің жасын төгіп, қабырғасын сөгіп, әкесінің мейманханасына ел жатып қалғанда кіріп келді. Онысын көріп, мұнысын көріп, біреуін иіскеп, біреуін сүйіп, жылап-сықтап отырды. Ойланды патшалықтан киіп шыққан киімдерін тастайын деп, енді бір іс бастайын деп; барлық киімдерін шешіп, мейманхананың бір түкпіріне тығып тастап, үстіне көше-көшені қыдырып жүріп, жаман-жаман киім киіп алды. Аяғына ескі галошты ілдіріп, өзін-өзі бүлдіріп, басына таздың кепешін киіп, самайынан ірің ағызып, бұрынғы қыз аты да, Жанат аты да, қатын аты да қалды. Ендігі жерде бір таз-батша болды. Әкесінің базар ортасында бір дүкені бар еді. Есігінің алдын сыпырып, тазалап, табалдырығына маңдайын қойып, ұйықтап, рахат қылды. Ертең ертемен бай дүкеніне келді. Сасып кеткен бір таз жатыр. Жүгіріп келіп артқа теуіп жіберді. Қарғып тұрып қараса, әкесі екен. Әкесіне қарап таз-батшаның жасаған өлеңі еді.

— Е, жан ата, бет алдына тебе берме,
Бір нәрсең жоғалмаса сөге берме.
Кетеді темір ағып, күміс шіріп,
Жатса да алтын жерде көгере ме?!
Төрелік талай жанға берген едің,
Әсілі, шынын айтса, ұры өле ме?!
1360 Ақты Құдай нақ қылмас деген қайда,
Ақ төл тұрып қараны жібере ме? —

деп, көшені кезіп жүре берді. Кешке бай дүкенін жапқан соң, тағы келіп, сыпырып тағы жатты. Ертеңіне бай келсе, кешегі таз тағы жатыр, келген бойымен тазды тағы теуіп жіберді. Таз да орнынан қарғып тұрып, бір өлең айтып жіберді.

— Күзеттім дүкеніңнің пұлы бар деп,
Бір нәрсе ұрдың ба, ата, ұрлады деп.
Апарып алтыныңды боққа тықсаң,
Кетер ме ең алмай тастап былғанды деп.
Арты түгіл, бетіне таңба салдым,
Мәнісін ойланбадың ұрған-ды деп.

Әкесі үшінші күні дүкеніне келсе, таз-батша тағы жатыр.
Тағы пәрменімен жүгіріп келіп теуіп жіберді. Белі бүлк ете қалды, шыдай алмай ыңқ ете қалды. Орнынан қарғып тұрып, тағы бір өлеңді айтып жіберді.

— Жан ата, күннен-күнге асырасың,
Ашудан қайсы күні басыласың.
1370 Үлгері қариядан қалған мақал,
«Сарт тебеді, — деуші еді, — ашынасын».
Күніге он мәртебе тепкеніңмен,
Төгерсің ақыр бір күн көздің жасын.
Кетейін, кет десеңіз, тағы қаңғып,
Бір Алла бет алдымнан жарылқасын.
Еңіреп, теппек түгіл, жіберер ең,
Бір көрсең кепешін ап таздың басын,
Ахау, нәзік, кеттім азып,
Ишан менен достымнан жүрмін жазып.

[Сол кезде бай]: — Кепешіңмен құры, басыма киемін бе оны, не деген шайыр тазсың өзің, маған айлыққа жүресің бе? — деді.

— Жүремін, — деді таз.

— Сен маған жұмыс қып оңдырмайсың, еріккен-еріккенімде өлең айтып берсең болады, — деді.

— Ата, мен өлеңді жүдә жақсы айтамын, — деді таз. Екеуі уәде-шарт жасап, өз әкесіне өзі қызметке тұрды. Кешке таз-батшаны үйіне ертіп барды. Ишанды шақыртып тамақ берді, ишанға:

— Тақсыр, мына тазды айлыққа салып алдым, өте өлеңші екен, — деді. Ишан айтты:

— Бұл дүниенің қызығы — өлең мен жыр ғой, айтқызыңыз, — деді. Сонда бай: — Әй, тазым, мына ишанды мақташы, — деді. Сонда таз-батшаның ишанды мақтап айтқан өлеңі еді:

1380 — Бейопа бұл дүние жалған заман,
Ақылын талай ердің алған заман.
Шайтан — қас, нәпсі — дұшпан, дүние — шолақ,
Ашығылық ишан менен ханнан қалған.

Өзәзіл ілімді еді шайтан болған,
Нәпсіге ишан бар ма алданбаған.
Жаратқан уайымсыз жалғыз өтті,
Бір өзі дүние іздеп сандалмаған.

Бұ күнде ишан бар ма, қожа бар ма,
Нәпсісі сахатты таза бар ма?
1390 Көрсетер жеті тозақ қожа-молда,
Әр түрлі ұшыратар жазаларға.
Қожа мен ишандардың ебі тисе,
Арақ пен арам дейді бозалар да.

Зекетін адалдайды малы барлар.
Кім айтса соған нанған имандылар.
Бұ күнде сахатты қожа қайда,
Мүридінің қыз-қатынын айналдылар.
Ахау, нәзік, кеттім азып.

Анда ишан қарғып тұрып, таз-батшаны ұстап алып, тепті ғой келіп. Тебе-тебе есіктен шығарып жіберді, тебе-тебе дарбазаның да есігінен шығарып жіберді. — Енді мен отырған жерге келме, — деді. Ишан үйіне қайтып кетті. Дарбазаның есігінің алдында таз-батша жылап отырып алды. Ишаннан таяқты өлгенше жеді.

Анда Болат ағасы баяғы Жанатты тастап кеткен жерге күніге бір барып келер еді. Со күні екі-үш күн қонып, ендігәрі келмейтін болып, жылап-еңіреп дарбазадан кіріп бара жатыр еді. Сонда ағасына қарап таз-батшаның жіберген өлеңі еді:

— Қыласыз күнде сейіл-тамашаны,
1400 Өзіңе ат-әбзелің жарасады.
Жүріпсіз ханның ұлы ханзада боп,
Алдап кет сауға беріп қарашаны.
Өткіздім сіз секілді неше мырза,

Мұңлыға мен секілді қарасады.
Басым таз, ақылым аз, мен бір жетім,
Ағажан, сен қарасаң, жарасады.
Құданың құдіретіне қарасаңыз,
Екеуі де бір-бірінен адасады.

Анда ағасы айтты: — Сол адасқанның бірі — мен, осындай оқиға болса айтып берші, кеуілім көтерілер ме екен, — дейді.

- Айналайын, ағажан,
1410 Кеулімде бар көп өлең,
Жағады сөзге не деген.
Үйреніп едім көп жұмбақ,
Ескі көрген көнеден.
Ағасызды не деген?
Бағасызды не деген?
Жағасызды не деген?
Екі тұйғын ұшыпты,
Бір туысқан енеден.
Бірі — марал, бірі — еркек,
1420 Арызданып жөнеген.
Жөнеліпті біреуін,
Білмейді ешкім дерегін.
Білмейді ата-анасы,
Көзінің ағы-қарасы.
Өлді деген бекер гәп,
Білемін тірі, шамасы.
Бөтен емес, бөгде емес,
Бір кісінің баласы.
Іздеп келсе інісі,
1430 Танымапты ағасы.
Бұл заманның қожасы,
Әлемді өртер өсегі.
Мәуелі ағаш мақтанар,
Теректің болмас көсегі.
Өтірік пе, рас па,
Осылайша деседі.
Ағасы қайтып жүр екен
Жоғалса біздей інісі.

- Айтқан сайын ашылар
1440 Көкіректің кір иісі.
Көкіректе арман көп,
Көз көрмесе жалған, — деп,
Осылайша дейді таз-батша,
Ілгеріден қалған гәп.
Бірін-бірі көрмесе,
Інісі іздеп келмесе,
Тірлігінен де пайда,
Айхай, аға, арман көп.
- Бұ сөзге Болат түсініп,
1450 Үйіне қарай жөнеді.
Анасының алдына
Жылап-еңіреп келеді,
Келе сөйлей береді:
— Айналайын, жан ана,
Келеді менің жылағым,
Ойыма түсті шырағым.
Қарағымды көргендей,
Тартады екі қабағым.
Есіткендей лебізін,
1460 Дуылдайды құлағым.
Жүрек, бауырым езілді
Таз-батшаның сөзіне.
Тұла бойым дірілдеп,
Келеді жасым көзіме.
Лүпілдейді жүрегім,
Жолыққандай өзіне.
Қуанышты болса екен,
Қапа боп жүрген кезімде.
Айналайын, жан ана,
1470 Таз-батшаға жылдам бар,
Есіткен бе екен бір хабар.
Қарағымнан айрылып,
Ізіне жылап болдым зар.
Кешікпей, ана, жылдам бар,
Әкеме де білдірмей,
Ысабын тапсаң ұрлап бар.

Осы тазда, мен білсем,
Жанаттан жүрген жұрнақ бар.
Лүпілдейді жүрегім,
1480 Босана береді сүйегім,
Осы бүгін бір сыр бар.

Осыны айтып тұрғанда шаһарға он бір диуана жетіп келеді.
Таз-батша қожайын атасына жетіп келіп:

— Ата, мыналар, диуаналар қай жердің диуанасы? — деді.
Атасы: — Бұл біздің Шолақ қаланың диуанасы емес, бір жақтан
келгендер ғой, — деді.

— Ата, мен жетіскен адаммын ба? — [деді тазша].

— Жоқ, — деді [атасы].

— Бүгінше мейманханаңыздың билігін маған беріңіз, мен
осы диуаналарды бағайын, қағайын, батасын алып қалайын, —
деді [тазша].

Атасы: — Ал, мейманхананың билігін бердім, — деді.

— Ата, маған айлығымды беріңізші, қаражат қылайын.

— Айлығың не болады дейсің, диуаналарға осы да жетер, —
деп, жеті теңгесін берді. Таз-батша теңгесін алып, дүкенге ба-
рып, тағам дайындауға кетті. Сөйтіп он бір диуанаға келіп:

— Күн кеше болды, бізге қонақ болыңдар, — деп ертіп келіп,
мейманханасының есігін ашып жібергенде, диуаналар:

— Бұл диуанаға лайық үй емес, патшаға лайық үй екен, —
деп кіре алмай тұрды. Халдарша бастап кіріп орын тауып отыр-
ды. Соңынан диуананың бәрі де кіріп орын-орындарына отыр-
ды. Алдына дастарқан жазып, әлгі тағамдардың бәрін жайып
еді. Мақалбай таңданып қалды. «Апыр-ай, менің Жанатым осы
қаладан табылар, мына нан мен дәмді Жанаттан басқа ешкім де
істемейді», — деп қуанып қалды. Таз-батшаның атасына қарап
айтқан өлеңі дейді:

— Жан ата, қайтармадың тілімізді,
Өлгенше ұмытпаспын мұныңызды.
Алмаққа бір дуасын құмар едім,
Мейманның ішіне алшы піріңізді.
Отырсын тамаша қып шақ-шақ күліп,
Алдыршы қатының мен ұлығыңды.

Мен сорлы жетім едім кішкенедең,
Айрылған ата-анадан, өскен елден.
1490 Әуелі жақтырмасаң, жақтырарсың,
Үйіңе себеппенен түсіргенмін.

Жан ата, пұлды бердің сұрап едім,
Көз жасым қабыл болды, жылап едім.
Бұл күнде есік алды құл боп тұрмын,
Бір байдың әлпештеген шырағы едім.
Ұшыпты екі сұңқар бір ұядан,
Мен байғұс сол сұңқардың сыңары едім.
Алдыршы қатын, бала, ишаныңды,
Мен сорлы әңгімеге құмар едім.

Әлқисса, ишанды алдыртып, Болат шешесімен келді.
Мақалбай Болатқа: — Есікке де, дарбазаға да құлып сал, таз-
батшаның бір тамашасын көрейік, — деді. Болат дарбазаға
құлып салғалы келсе, он жасауыл он аттың үстінде жаршы
едік деп жар шақырып тұр. Бәрінің даусы да, сөзі де бір жерден
шығып тұр екен. Он жасауыл жаршылардың сөзі:

1500 — Үйде отырған адамдар,
Бәрің де бізге қараңдар.
Сөзге құлақ салыңдар,
Айтып жүрген жарым бар.
Жігітің бар, шалың бар,
Жоғымның жөнін білгенің
Мың мысқал ділдә алыңдар.
Жұлдыз ханның баласы
Халдарша кетті жоғалып,
Қай жақтан іздеп табалық?
1510 Ай батқандай болды да,
Әмбе жұрт жатыр қамалып.
Ортадан өшіп шам-шырақ,
Көзіміз қалды ағарып.
Көрген-білген ер болса,
Мың мысқал ділдә саналық.
Көрмедім десең де айтыңдар,
Әр жерден сұрап қаралық.

Әлқисса, Болат ештеңені білмейді, бұл сөзді естіген таз-батша: — Жұлдыз ханның баласы Халдарша ма? Бері әкел ділдәні, мен тақ осы жерден, үйден тауып беремін, — деді. Мың ділдәні етегіне санап салып берді. Үйге кіріп келді. Мақалбайдың алдына қырық ділдә қойды:

— Ата, әуелі жайыңызға бергенім, осы бір күнгі жиын үшін бергенім, — деді. Диуаналар мен Сауда ишан:

— Әй, таз, бізге де бермеймісің, ертең базардан шай алып ішеміз, — деп еді, таз-батша оларға:

— Сіздердің сыбағаларыңыз мынау, — деп бір өлең айтып жіберді.

— Арман не, әркім жесе жиған малын,
Дүние төгеді екен беттің арын.
1520 Болар да таң атқан соң бір мәнісі,
Жарамас түн ішінде жанжалдарың.
Әуелі дәм, ақыры харам деген,
Ұрмай ма кесапаты, меймандарым.

Таз-батша осыны айтып тұра келді,
Сауда ишан «ақымақ таз» деп күле берді.
Күләсін падишаның жұлып алды,
— Егесі көзі көрсе білер, — деді.
Білмесе падишаның патшалығын,
Екінші маған залал келер, — деді.
1530 Әуелден ақырында қас боп тұрған
Қу ишан мені тағы тебер, — деді.
Осыны ойлап көтерді,
Патшаның бастан күләсін.

— Кешіріңіз, тақсырым,
Таз-батшаның кінәсін.
Сізді іздеп келіп тұр,
Мың мысқал ділдә беріп тұр.
Алғанымды адал қып,
Айттым, тақсыр, расын.
1540 Тақ-тәжіңді талақ қып,
Қаңғырған қалай бір басың.
Алтын басын мыс қылып,

- Жолдасыңды қас қылып,
Құдай сіздей қылмасын.
Айналайын, падиша,
Бір көрінші жаршыға
Тарқатсын кеуіл-қапасын.
Сізді іздеп зар жылап,
Дүниенің көрді жапасын.
1550 Сонан соң мініп тағыңа
Ие бол мына бағыңа,
Жинап ал Шолақ қаласын.
Бойжеткен қыз-келіншек,
Қатындар да қалмасын.
Бір көргеннен таниды,
Қасыңда досың, жолдасың,
Жолдасың дұшпан болмаса,
Жолыңыз неге болмасын?!
Таба алмасаң жоғыңды,
1560 Мен табам жоқтың иласын.

Әлқисса, патша әйнектен қараса, он жасауыл тұр екен.

— Келдіңдер ме? — деп еді: — Келдік, — деді.

— Шолақ қаланың барлық аяқтарынан тік тұрғандарының
бәрін ертіп осында кел, — деп бұйырды.

- Бұл сөзге патша нанады,
Табылады деген соң,
Кеулінде қарар қалмады.
Күләсін тастап, тәж киіп,
Есік жаққа қарады.
Сағынысқан уәзірлер
Бәрін де танып алады.
Ортаға тақты құрғызып,
Есікке жендет тұрғызып,
1570 Таққа мініп алады.
Шаһардың күллі адамын
Сол сарайға қамады.
Шаһарда күллі қатын-қыз,
Бірде-бірі қалмады.

- Қаз-қатар болып тізіліп,
Қасы-көзі сүзіліп,
Қатар-қатар тұрады.
Дүрбісін салып көзіне,
Қуат беріп өзіне,
1580 Патша бір-бір қарады.
Шыққыр көзі шықпаса,
Ішінде Жанат болмады.
«Қарағым, Жанат, Жанат, Жанат!» — деп,
Үш мәртебе әуез ғып,
Патша айғай салады,
Мұның өзі қалай деп,
Мақалбай қайран қалады.
— Қарағымның аты еді, — деп,
Жерге Болат құлады.
1590 Сұрайын десе патша тұр,
Сорлы анасы сұлады.
Бұл үшеуін қайтем деп,
Жанаттың белі сынады.

Әлқисса, сонда патша орнынан тұра келіп, тазды ұстап алды. — Қу таз, халықты жинасаң, жоғың шығады деп ең, жоқ қой мұнда, қане, бар дегенің, басыңды қырқамын, — деді. Таз-батша:

— Мен ештеңе білмеймін, бірақ бір патшаның басынан өткен ертегісін білетін едім, — дейді.

— Мен секілді сорлы патша бар ма екен, оның уақиғасы менікінен қалай екен, айт, — деді. Анда таз-батша:

- Үйрендім қазы менен биден ертек,
Бір момын жаламенен күйген ертек.
Көп болса бас-аяғын айта берсем,
Пір басып, мұрид қызын сүйген ертек.
Біреуі рас, өзгесі шыли зорлық,
1600 Бір қатын он бір байға тиген ертек.
Қыз сағынып әкесін іздеп келіп,
Үш күнде әкесінен жеген келтек.
Құлақ сап, меймандарым, отыра бер,
Берейін ажыратып бөлтек-бөлтек.

- Бар екен бір кәтте бай дәрематты,
Бір ишаны бар екен караматты.
Сол байдың бір ұлы мен бір қызы бар,
Көрген адам ойламас еш перзентті.
Мал-мүлкін, қыз-қырқын, әулі-жайын
1610 Қолына ишанының дайындапты.
Қызметіне ишанның жүргенінде
Сұлуға ишанының кеулі шапты.
Неше күн айналдырып болмаған соң,
Ишаны беттен сүйіп ұстап апты.
Қыз бейшара бұлқынып қашқан екен,
Қоймаған соң құмғанмен салып қапты.
Ешбір адам білмейді, Құдай білер,
Ишаны ет пісірім талып қапты.
«Әкем аман-сау келеді» деп,
1620 Бір күні шаһар халқы хабарлапты.
Ишаны үш күн бұрын озып барып,
Қызың жәлеп болды деп жала жапты.

Бай нанды шыныменен бұл жалаға,
Ишаны шайтан болды екі араға.
Әкесінің тіліменен бала келіп,
Ап қашты қарындасын айдалаға.
Ит өлтіріп, киімін қандап алып,
Көрсетті өлтірдім деп ата-анаға.

Анда Мақалбай тұрып: — Сол қыз сол жерде өліп қалды ма, жоқ тірі кетті ме? — дейді.

— Ол қыздың тұрған жеріне дейін білемін, — дейді таз-батша.

— Айта берші, шырағым, — дейді Мақалбай.

- Алдымдағы, байеке,
1630 Баяғы сөздің аяғы.
Өлтірді деп сенеді
Ишан мен бай баяғы.
Бұ да тұрсын сонымен,
Жатыр екен қыз байғұс
Бір ағашқа саялы.

Жүруге келмей шамасы,
Сол жерде болды аялы.

- Сол уақтар болғанда,
Ағашта өліп қалғанда,
1640 Өлген жоқ бірақ талғанда,
Қырық жігіт қасында,
Алтын тәжі басында,
Сіз секілді, тақсыр-ай,
Бір падиша келіпті,
Жатқан қызды көріпті.
Ашық болып падиша,
Қызға кеулін бөліпті.
Құдіреті күшті бір Алла
Тілегін патша беріпті.
1650 Тірілтіп патша алады,
Шаһарға алып барады.
Некеленіп қосылып,
Болады екен балалы.
Мұнан да кетер ақыры,
Адамның перзент миуасы,
Құдайдан соңғы жақыны.
Сүйеді патша баласын,
Уһілепті қатыны,
Бұл араға жетпепті
1660 Падишаның ақылы.
Қылышына қол салды,
Шабамын деп басына,
— Кіммен болдың, — деп, — ашына?
Рақымы келді патшаның,
Жылаған көздің жасына.
Қырық жігітін жолдас қып,
Қосыпты мынау досына.

- Он бес күн ұдай жүрген соң,
Бір жерге барып қонған соң,
1670 Түн ортасы болған соң,
Қол салған досы қатынға.
Сонда қатын болмады,

Айтқан тілін алмады.
Қырық жігіт жатты ұйқыда,
Көбейді мұның жанжалы.
Өлтірсем қызын көрер деп,
Қорыққан соң көнер деп,
Осылай болды иттің қаялы.
Мұнан да қатын құтылды,
1680 Жад қылып Жаппар Алланы.

Анда патшаның досы: — Қу таз, ишан мен менің соры-
ма душар болдың-ау! — деп шығуға айналды. Патша досын
қылыштың сыртымен періп жіберді. Есік алдындағы екі жа-
сауыл досты керіп жіберді. Ұрып-ұрып, неше жерден ұрып,
ишанның қасына әкеп отырғызды. Екеуі екі босағада отырды.

— Ал сонан соң қатын қайда кетті? — деді патша. Анда таз-
батша:

— Айналайын, тақсыр-ау,
Қатынның жолы құтырды,
Достан қашып құтылды.
Түс мезгілі болғанда,
Қойшыға келген секілді,
Әйелін мұның білген соң,
Қойшы да бұған ұмтылды.
Әуре қылды жұлмалап,
Опыр-топыр таласты.
1690 Қолымен жерді тырмалап.
Қатып қалған қу кесек,
Денесін кетті қидалап.
О деп, бұ деп бұ қатын
Бұдан да кетті илалап.

Зор беріп қашып келеді,
Олай-бұлай бұрмалап.
Падашаның үстіне
Жетіп келді туралап.
Бұ да ұстап басады,
1700 Қатын байғұс тырбаңдап,
Бөксесін алып қашады.

Жақындасып, жанасып,
Бір дамбалға таласып,
Арманда болып падашы,
Бұдан да қалды адасып.

Келеді қатын қуана,
Құтылдым деп зәлімнен,
Қол көтеріп дуаға.
1710 Қарсы алдынан кез келді,
Уһ дегендей осы жеті дуана.
Бұл да ортаға алады,
Бәрін Құдай қылады.
Қатын айтты жарыс деп,
Мен тұрамын қалыс деп,
Дуана бәрі нанады.
Дуаналар кетеді,
Бірталай жерге жетеді.
Дуаналар кеткен соң,
Қатын қашып жөнеді.

1720 Зор беріп қашып келеді,
Әкесінің келді де,
Дүкеніне түнеді.
Жоғалғын деп әкесі
Үш күн ұдай тебеді.
Кім екенін білмеді,
Парасатты ер болсаң,
Жоғыңның осы дерегі.

Мақалбай сонда сөйледі,
Сөйлегенде бұй деді:
1730 — Айналайын, таз-батшам,
Бір әдиса бар екен,
Бұл сөзіңнің ішінде,
Өзгесін қайдам, бұ сөзің
Кеуліме сәна түсірді.
Жалғыз қызым бар еді,
Перінің қызы пішінді.
Өлген еді ілгері,

- Мұны ешкім білмеді,
Тірі болса мүбәда,
1740 Келеді соған келімі.
Шыныңды айтшы, қарағым,
Мұны айтқан саған кім еді?
Айналайын, Болат-ау,
Өлтіргенің бекер ме?
Келіседі осы сөз,
Шырағым, шырын-шекерге.
Жаламенен қаңғырған
Бейкүнә жала төтенге.
- Енді Болат кідірді,
1750 Айта алмады бөгелді,
Көзінің жасы төгілді.
Патшаны көзі көрген соң,
— Өлемін, — деді, — со күнде.
- Таз-батша енді сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Мұны айтқан, ата, мен, — деді.
Ақты Құдай жөннеді.
Сен Болат болсаң, мен Жанат,
Назарың салып көр, — деді.
1760 Мауқымды, көке, басайын,
Даусыңа даусым қосайын,
Пердесі құрсын, ашайын,
Берігірек кел, — деді.
Әбүйірің жабылды,
Жоғалған жоғың табылды,
Тұра тұр, патша, сен, — деді.
- Тілекті Құдай берген соң,
Жанатты көзі көрген соң,
Патша салды айқайды,
1770 Айтқанына көнбеді.
Айқайға айқай қосылып,
Шешесі жаман өрледі.
Бұлар у-шу болғанша,

«Қашан өліп кеткен» деп,
Сауда ишан әлі сенбеді.

Мақалбай сонда сөйледі:

- Ей, шырағымбысың, апыр-ай,
Бар ма екен мендей қапыл-ай!
Өшкен отым жанып тұр,
Жарылмай жүрек нағып тұр,
1780 Отырсың нағып, қатын-ай,
Ендігі кеңес не керек!
Қатын, бала үшеуін
Қоршап алды төңірек.
Үн салып жылай бастады,
Көзінің жасын себелеп,
Мақалбай сонда зарлайды
Маңдайына төбелеп.
— Жалғыз қыз, жалғыз бала едің,
Онан басқа балам жоқ,
1790 Тәңірім салды бұ күйге,
Қылатын ила-шарам жоқ,
Қаңғытқан сені өсекпен
Неше азап көрсеткен,
Қандай қылып өлтірсең,
Сауда ишанға обал жоқ.
Айналдырып басымды
Еліктіріп алғаны-ай!
Қарағым Жанат, шырағым,
Шыбын жаным құрбан-ай!
1800 Өліп кетпей ишанның,
Тырп етпестен тұрғаны-ай!
Бұ дүниеде бар ма екен,
Мен секілді қу маңдай.

Сонда патша сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Жылама, бұған, бай, — деді,
Жолдың өзі тар, — деді.
Ишан менен досым да

Өзімде кегім бар, — деді
1810 Жақсылыққа — жақсылық,
Жамандыққа — жамандық,
Кегінді, Болат, ал, — деді.

Есіткен соң бұл сөзді,
Тұрды досы қаңқандап,
Отыр еді тың тыңлап.
Он текеге бір қасап,
Барды Болат талтандап.
Диуаналар ығысты,
Бірін-бірі сығысты,
1820 Күлетін ерлер жыртындап,
Бұрынғыдай айбат жоқ,
Отырды Сауда жаутандап.

Жеті диуана, досы, Сауда ишан бәрі өлетін болған соң, Жанат шешейін деді.

Сонда Жанат сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Жан ата, құлағың сал шешеніңе,
Перзентің қуандың ба есеніне?
Өлтірттің бір балаңды бір балаңа,
Сеніп ап шағымшының өсегіне.
Патшам, мені өзіңе теңгергенің,
1830 Ишанның дауа тапсаң кеселіне.
Жазаны бірден кейін досыңа қыл,
Қызыңды екі бөлген кешегіде.
Мен сорлы осындай боп тентіредім,
Ишанның жатпаймын деп төсегіне.
Падашы, қойшы менен дуананы,
Падишам, өзіңіз біл бұл араны.
Жақсы адам қате қылған жұмыстарды
Үстіне сарпай жауып шығарады.
Орныңды падишалық көкеме бер,
1840 Жұбатқан сауап деген жылағанды.
Онан соң қазынаңнан маған да бер,
Беремін ата-анама сыбағамды.

Енді Болат тұрады,
Ишанды әдеп ұрады.
Шалқасынан жығып ап,
Шықшытқа қанжар тығады.
Мұны көрген дуана,
Бәрі жерге бұғады.
Құлағын кесіп құнтитып,
1850 Мұрнын кесіп тымпитып,
Сақал-мұртын күреп ап,
Қу басын қойды сымпитып,
Мойнына асып аяғын,
Бүйрегін қойды бұлтитып.

Досына патша ұмтылды,
Тас төбеден терісін,
Табанға дейін сыпырды.
Екеуін де өлтіріп,
Сахуатына келтірді.
1860 Падашы, қойшы, диуана,
Құр сүлдесі отырды.
Жаны шығып кеудеден,
Сүлдесі қалған сықылды.

Қарашы патша зерегін,
Жар шақыртып қалаға,
Мәлім қылды далаға.
Жанаттың берді тілегін,
Дуаналар қашпасын,
Өлтірер деп саспасын,
1870 Есіткен соң бұл сөзді,
Зорға басты жүрегін.
Дуананы шақыртып,
Жақсы жайға келтірді.
Тоғыз атқа мінгізді,
Тоғыз шапан кигізді.
Хош айтысып патшасы,
Ел-еліне жүргізді.
Болатты әкеп шақырып,

Алтын таққа мінгізді.
Ақ иіліп сынбайды,
Қараны екі қылмайды.
Бәрін де өстіп күлгізді
Жанатты қосып той қылып,
Патшаны қосып той қылып,
1885 Падिशаны жүргізді.

Қисса самұрық

Бұ дүние кімге қалмас ...* бапқа,
Бастаймын һәр істі тапсырып Хаққа*.
Артымдан біраз хат қалмақ үшін,
Ажал оғы келмесін бұрын менім жаққа.

Һәр кітапта көп сөз бар көзің көрсе,
Жаза алсаң сөз табылар қолың жүрсе.
Сүлеймен пайғамбар менен самұрық құсты
Қисса қылып жазайын уақыт берсе.

10 Бір күні хазірет Сүлеймен мінді таққа
Хүкімін жүргізерге һәрбір жаққа.
Сиғыршық деген құстың айыбы шығып,
Жазасын беру керек деді аққа.

Құс тұрып жақсы сөз тілге алған:
— Құданың тағдыры-дүр маған салған,
Құдадан келген қазаға ризамын, — деп, —
Тағдырға тәдбир жоқ, — деп айтып қалған.

Кешіргіл күнәһымды, пайғамбар хақ,
Кешпесең қайтейін, сіз отқа жақ.
— Күнәһыңды олай болса кештім, — деді,
20 Мұнан соңғы істерінде болғайсың сақ.

*Түпнұсқада бір сөз түсіп қалған.

* Хақ – негізінде Алла Тағаланың 99 есімінің бірі болып табылатын бұл эпитет ертегі, дастандарда Сүлейменнің есіміне жалғасып айтылады. Сондай-ақ оның атына тақ, тас сөздері де қосылып айтылады: Тақ Сүлеймен, Тас Сүлеймен

Самұрық мұны естіп келді тілге:
— Тағдырға тәдбир жоқ деп тұрсың елге.
Құданың тағдырына инанбаймын,
Кетеді бұл айтқан сөз бәрі желге.

Бұл сөзге ашуланды хақ Сүлеймен:
— Құданың тағдырына келтір иман.
Тағдырсыз жапырақ [та] жерге түспес,
Құданы бір білсең тағдырға инан.

Самұрық деді: — Ас, мейлің сой,
30 Өлтірмесең күнәһымды бағыштап қой.
Қаза менен тағдырға инанбаймын,
Құданың тағдырын бұзсам сөзіңді жой.

Сүлеймен ашуланды жаман қатты:
— Һәр не қылса жете-дүр Хақтың құдіреті.
Тағдырды, әй, самұрық, бұза алмассың,
Лаухқа жазған болса қалам хаты.

Сол халінде Жәбірейіл келді жетіп:
— Самұрық құс бұзам десе тағдыр жетіп.
Машриқ патшада ұл, ғарибта қыз туды,
40 Бұл екеуі қошлашық бойға жетіп.

Некаһпен қосылады бұл екі жан,
Дүниеге келер мұнан талай ұғлан.
Бұзам десе тағдырды самұрық құс,
Бұл екеуін қоспасын байғұс надан.

Сүлеймен екінші күн таққа мінді,
Уәзір, төре, баршасы жиыла енді.
— Неліктен тағдыр мен қазаға инанбайсың? —
Деп патша самұрықтан сұрайды енді.

— Тағдырға инанбаймын, — деді, — сұлтан,
50 Тағдырды бұзбақ келер біздің қолдан.
— Бұл екеуін ендеше бұза ғой, — деп,
Қосылмас бұрын қызға, — деді, — ұғлан.

— Құданың құдіреті жоқ һеш демеспін,
Тағдырға иман келтірген һәм емеспін.
Біреуі машриқта, біреуі мағрибта болса,
Бұл екеуі қосылар деп уайым жемеспін.

Бұзайын рұқсат берсең Пайғамбар хақ,
Көрсетейін бір қызық, сіздер бір бақ.
— Рұқсат бердім, самұрық, саған енді,
60 Сізден кепіл керек-дүр маған бірақ.

— Біз самұрыққа кепіл, — деді сарша құзғын,
Адам емес ол кісі уағда бұзған.
Сауысқан менен үкі мұқтаж болып кепіл,
Патшаның қасында мойын созған.

Жазу жазып, бұл сөзге қойды қолды,
Ақыры он бес жылға тартпақ болды.
Басқарылмаса бұл істер он бес жылда,
Жазасын бұл құстардың бермек болды.

Самұрық енді ұшуға қанат салды,
70 Шаһарға мағрибтағы жетіп барды.
Бесігімен қызды баққа асқан екен,
Қызды бесікпенен іліп алды.

Алып ұшты бесікті биік тауға,
«Құс әкетті қызды» деп шықты ғауға.
«Амал жоқ құс әкетсе қызымды, — деп, —
Хайла жоқ аспаннан келген жауға».

Алып ұшты бесікті самұрық зерек,
Неше теңіз асып тапты бір бәйтерек.
Ұясын бұл ағашқа қылмақ болды,
80 Арасы биік ағаштың болар сирек.

Сол ағаштың басына ұя салды,
Көлденеңін он кез оның қылып алды.
Ұясына жұмсақ жүн, шөп салып,
Қыз баланың қызметін қылып қалды.

Еттің қанын қызға ол емізді,
Тәтті жеміс суыны һәм тигізді.
Самұрық тіс шыққан соң сонда қызға
Һәр түрлі жемістерден мол жегізді.

90 Қасында самұрық Сүлейменнің күнде-күнде,
Қыз қасында болады һәрбір түнде.
Қыз дағы шешесі деп біліп оны,
Махаббаттылар бір-біріне болды сонда.

Ал енді бұл сөз мұнда тұра тұрсын,
Машриқ патша ұғлынан кеңес құрсын.
Бір күні мағриб патша қызбенен туған еді,
Бұ шаһзаданы сөзлеп қалам бұрсын.

Шаһзада үлкен болып жетті бойға,
Һәр түрлі қызық қылай деп алды ойға.
Өрлеп-өрлеп жүрмекті жақсы көріп,
100 Кетем бе деп ойлайды терең ойға.

Дарияменен жүрмекті ойына алды,
Жүруге әкесіне кісі салды.
Қайтармай жалғызының тілін алып,
Рұқсат деп не қылса да айтып қалды.

Қараңыздар патшаның данасына,
Киімдер даярлатты баласына.
Қаршыға, лашын, тазы даярлатып,
Жөнелтті баласын дарияның даласына.

Тәуекел деп кемені суға салды,
110 Һәр түрлі тоғай, жазира көріп алды.
Бір жазирада көп екен һәр түрлі аң,
Сол жерде төрт-бес күн қонып қалды.

Онан көшіп бардылар басқа жерге,
Қызығы мүмкін емес бізге дерге.
Дария үстінде қызық көп бұл дағы,
Һәр түрлі қорқыныш бар-дүр жүрген ерге.

- Дария үстінде жел жауып, соқты топан,
Құтылуға дәрмен жоқ, қылар дәрмен.
Кеме сынып, көп адам кетті суға,
120 Құтылды ол шаһзада өзі аман.
- Мекені шаһзаданың жалғыз тақта,
Жел айдап кетті оны һәрбір жаққа.
Барып шықты теңіздің бір шетіне,
Үш күнден соң шықты байғұс құры жаққа.
- Қанша күн жүрді байғұс тағам татпай,
Жеуіне тағы және азық таппай.
Шөп жеді неше күндей дарияда,
Тақтайдан айрылмайды мініп аттай.
- Қанша күн дарияда жылап жүрді,
130 Бұған қарай бір кеме бар оны көрді.
Кемешілер сол жерде жақын келіп,
Түспек болып байғұсқа қарап тұрды.
- Ол кемеде көп екен саудагерлер,
Сауда қылып һәр жерде жүрген солар.
Шаһзададан сұрайды: — Сен кімсің? — деп,
Біздер едік сапардағы базарқандар.
- Әкем менің саудагер сапар шеккен,
Сіздейін сауда қылып һәр жерге жеткен.
Кемемізді жел соғып суға батты,
140 Менен басқа мал мен жан суға кеткен.
- Рақым ет көзден аққан жасымызға,
Алыңыз қызмет үшін қасыңызға.
Қызмет ақын һеш сізден сұрамаймын,
Тойғызсаңыз бола-дүр асыңызға.
- Бар еді ол кемеде үлкен кісі,
Падиша Сүлейменнің жар жолдасы.
Хазірет Сүлейменнің малыменен
Һәр жерде жақсы болған сауда ісі.

— Алайын қызметке мен сені, балам,
150 Болмайды айтқан сөзде менім шалам.
Ер ісімді мен саған тапсырайын,
Не қылып сені тастап кетіп қалам.

— Болайын не қылсаң да құлың, — дейді,
Ер уақытта Құда ондасын жолың, — дейді.
Қызметінде мен сенің жүгірейін,
Болмаған соң қайтейін жолым, — дейді.

Шаһзада аямады қызметін еш,
Жүгіріп қылды қызмет ерте уа кеш.
Оны бай неше күндер байқап жүріп,
160 Кем қызмет таба алмады тыста уа іш.

Шаһзадаға бір күні бай деді: — Балам,
Көп қызмет қылғаныңа таңға қалам.
Қызметіңе аласың қандай нәрсе?
Түк бермей жүргізуге мен ұялам.

— Сұраймын сізге амандық бір Құдайдан,
Қажет жоқ, аман болсақ, бізге малдан.
Қызмет қылам, тастама дұғаңыздан,
Дұға үшін мен бездім қызмет малдан.

Қатты риза болды бай айтқан сөзге,
170 Айтар сөзін білмей жас алды көзге.
«Немен риза қыламын баланы?» — деп,
Лайық көрмеді беруге бір шөптен өзге.

Қызметке және бала бір жыл жүрді,
Ніл суының басын көрсем деп көңіл бұрды.
Рұқсат алып байымнан шығайын деп,
Байдың тұрған үйіне барып кірді.

— Рұқсат маған қылсаң ізгі байым,
Ніл дарияның басын мен аралайын.
Бата берсең сапарға шығар едім,
180 Оңғарса ер жолымды бір Құдайым.

— Сапар қиын, әй, балам, сізге, шырақ,
Ніл дария басы мұнан тіпті жырақ.
Жеткен жоқ қанша кісі барса дағы,
Айтады Хабаше жеріне жақынырақ.

— Лайық емес ойлаған соң бармай қалу,
Ер кісіге керек жүріп ғибрат алу.
Қатындардай бір үйде тұрып болмас,
Жүрсеңіз тамаша ғой көзді салу.

— Барам десең тоқтатпан, балам, — деді,
190 Артында дұға қылып қалам, — деді.
Бұ шөпті мен саған бердім, жаным,
Кеше гөр менде болса шалам, — деді.

Бұ шөпті берді маған Сүлеймен хақ,
Ауызға сақта шөпті салып бір бақ.
Барша құс, хайуанның тілін біліп,
Қатындарға бұ сырды айтпа бірақ.

Қабыл көріп бергенін бала алды,
Тәуекел деп бала өзін жолға салды.
Бір ай жүріп дарияда жалғыз өзі,
200 Ағашы көп бір шаһарға жетіп қалды.

Бұ шаһарда бар екен ағаш бек зор,
Жемісі жерге түссе болады нұр.
Ағаштың хикметін сұрайын дегенінде,
Бір патша жетіп келді мислә бір хор.

Падиша бұл ағашқа қайран қалған,
Уәзірінің баршасын жиып алған.
— Бұ ағаштың сырын айтыңыз, — деп
Сонда тұрған үлкендерге дауыс салған.

— Білмейміз бұл ағашта не-дүр хикмет,
210 Қиын болды мұның сырына бізге жетпек.
— Қырамын білмесеңдер, — деп айтады, —
Лайық емес бұ хикметті білмей кетпек.

— Падиша, бір ай рұқсат берші бізге,
Берейік бұл ағаштан хабар сізге.
— Ендеше, бір ай рұқсат сіздерге, — деп,
Неше кісі шығып кетті жапан түзге.

Бұларға шаһизада болды жолдас,
Һәр жерде бір жүрмек болып қолдас.
Нілдің басына қарай жүріп кетті,
220 Аралап жүреді енді қанша тау-тас.

Бір адам егінші екен, салып жатыр,
Жас-құрысын қалдырмай алып жатыр.
Бәрін бірдей қолына жиып алып,
Терең суға әкеліп салып жатыр.

Және бір адам отынын қойған салып,
Жетпейді күші кетейін деп алып.
Қанша ағаш үстіне салды дағы,
Бәрін бірдей көтеріп кетті қалып.

Бір кісі ұшырады қауға құйған,
230 Кісіге құйып, өз шелегін босқа қойған.
Бұлар мұны көріп қайран қалды,
Не қылған кісі өзін қойып, жұртқа құйған?!

Мұнан өтіп ілгері һәм жүрділер,
Егін суарған бір кісіні һәм көрділер.
Кісінің егініне су құя беріп,
Бұ не қылған жан?! — деп һәм тұрдылар.

Бұларға бір кісі һәм жолықты,
Һәр кісінің аузына ас құйыпты.
Бұрлығып өзі аштан жүре алмайды,
240 Өзі жеместей бұған не қылыпты?!

Мұнан соң ұшырады сонда құсқа,
Ұядан ұшып шықты жерден тысқа.
Қайтадан кірем десе ұясына,
Сыя алмайды басынан шыққан қосқа.

Мұнан соң ұшырады ешкі лағы,
Кәрі ешкі өзі арық, түскен жағы.
Тоймастан семіз лақтар еміп жатыр,
Сілкінбейді арықтықтан һәм құлағы.

Бір жылан ұшырады аузын ашқан,
250 Кісі емес бұ жыланнан қорқып қашқан.
Елемейді бұ жыланды көрген адам,
Өткен адам баршасы бірдей шанышқан.

Ұшырады және де бір буаз қаншық,
Қарнында күшіктері үреді иттей аншық.
Қаншық өзі жүр һеш тыныш таппай,
Егесі алдында сөзлеген болұр машық.

Бір қасап ұшырады малды сойған,
Һәр түрлі семіз еттер сонда қойған.
Семіз еттен алған жоқ һешбір адам,
260 Ойласаң, бәрі жұрттың майға тойған.

Қасында бір дүкен бар арық сатқан,
Арық пенен сасыған ет толып жатқан.
Кезек бермей бір-біріне алып жатыр,
Ойласаң, аштан жұрт өліп жатқан.

Бір киікке жолықты бұнлар келіп,
Киікті мінейін деп жүр көп кісі еріп.
Бұ киікті ұстайын десе дағы,
Түспейді қолдарына кетер жүріп.

Бұнлар тағы ұшырады көп жамағатқа,
270 Тыңдасаңыз, бұ да жарар қанағатқа.
Орталарында жатыр ақ бөздей нәрсе,
Таласып тартысады һәрбір жаққа.

Бара жатып ұшырадылар ақсақалға,
Белі бүкір, көзі қызыл кәрі шалға.
Баршасы сәлем берді әдеппенен
Сұрадылар қайран қалып қалған халге.

— Мұны мен біле алмадым, балаларым,
Мұны білер ілгерідегі ағаларым.
Жүз елуде болып тұр менім жасым,
280 Сол себепті көп болды шалаларым.

Бұнлар да ілгерірек жүріп кетті,
Неше күндер жүрісіп барып жетті.
— Жасырақ көріне[сіз] қалған шалдан,
Біздің көрген кісінің ағасы сіз, — депті.

— Мен болам отыз жас үлкен онан,
Кіші ініміз болар-дүр кейін қалған.
Бұ істердің әсілін мен білмеймін,
Барсаңыз болұрсыз ағадан хабар алған.

Ілгері бұнлар болды және бармақ,
290 Көп болар жаза берсе сөзде тармақ.
Ұшырады бір кісі қара сақал,
«Кімсіз?» деп сұрады сөзде салмақ.

— Келеміз өздеріміз алыс жерден,
Бір хабар сұрайық деп сіздей ерден.
Екі шал кейін қалған айтты бізге
Табарсың хабарды деп осы жерден.

Ағамыз бар деділер осы арада,
Сізден басқа кісі жоқ бұл арада.
— Ағасы мен боламын, балаларым,
300 Екі жүз елудемін, шашым қара.

Көргеніңізді сұраңыз жолда, — деді,
Айтарға хабар көп-ті бізде, — деді.
Егін орған таңдамай кәрі-жасын,
Өзірейіл жан алғушы сол, — деді.

Таңдамай кәрі-жасын алып жатқан,
Көр болар алып суға салып жатқан.
Жігіттер, ғибрат алып тәубе қылың,
Жоқ-дүр өлімден бұрын қалып жатқан.

Отынды көтере алмаған әуел бастан, — деді,
310 Күнәні көп қылмаған бастан, — деді.
Күнәні көбірек қылып әдет қылса,
Жеңіл болар оған тау тастан, — деді.

Ол болұр қауғаменен суды алған,
Һәр кісінің шелегіне суды салған.
Кісі үшін ол өзі көп мал жияр,
Өзі үшін зекет, садақа бермей қалған.

Біреудің егініне суыны құя берген,
Ол болұр кісі сөзіне ере берген.
Аш қойып өзінің балаларын,
320 Ойламай һәрбір істі текке жүрген.

Ол болұр жұрт аузына азық құйған,
Дүния малын олар емес қойған.
Нәпсіне ерген ғалымдар ол
Жұртына насихат айтып өзін жойған.

Ұшырадыңдар жолда сіз кішік құсқа,
Кіруге қайтадан сыймай жатқан қосқа.
Сөзлеген сөз болар, балаларым,
Бекер сөз сөйлеп өткізбе уақыт босқа.

Көрдіңіз жолда сіздер ешкі мен лақ,
330 Семіз лақ төрелер-дүр, есітіп бақ.
Арық ешкі болады ғауам халық,
Аямай емген сол-дүр, салсаң құлақ.

Жабылұр ол төренің төлеңгіті,
Жамандықтан, асла, ұялмас оның беті.
Төре жоқта өзі-өзін үлкен санар,
Үйіне барсаң жоқ-ты берер еті.

Ұшырадыңыз келе жатып қаншық итке,
Үріп жатыр қарнында күшік ит те.
Осы күннің баласы болар анлар,
340 Әкесінден бұрын сөз айтұр бетке.

Дүния-дүр жолда жатқан ол бір жылан,
Қорқытпай тұр, өтіп жатыр һәрбір адам.
Дүнияны қуалар ахиретті һеш ескермей,
Кезекпенен жүріп тұр, сөзге инан.

Екі қасап көрдіңіз еттер сатқан,
Халал іс-дүр семізі сатып жатқан.
Харам іс-дүр арық, сасыған ет,
Бұл харамды жақсы көріп алып қайтқан.

Зина, ғайбат бұнлар сасыған ет,
350 Бұ заман халқы жақсы көре-дүр бек.
Халал, харам дегенін тексерген жоқ,
Не болса да қалтаға сал, бармайын шет.

Кең дүния мысалы сіздер көрген,
... * ол байлар соңына ерген.
Барына қанағат қылмай қаңғырып жүр,
Мал арттырам деп бос жерге кірген.

Сөзімді тамам қылдым айтып сізге,
Көп жамағат таласып жүр бір ақ бөзге.
Дүниядағы халықтың діні басқа,
360 Дін үшін таласып тұр кіріп сөзге.

Айтқанды ұғып ал, балаларым,
Болмаса керек сөзде шалаларым.
Сұраңдар, айтайын ағаш жайын,
Мұны тағы ұғып ал, даналарым.

Бар еді сол шаһарда бір әділ хан,
Әділдігі өтпеді онан бір жан.
Шаһар халқы баршасы түзік болып,
Жәбір-жапа көрмеді һешбір адам.

Бір күні бір кісіге бір адам жерін сатты,
370 Алған жерден ол адам алтын тапты.

* Бір сөз танылмады.

— Жеріндегі алтыныңды өзің ал, — деп,
Жер сатқан кісіге келіп айтты.

— Сатқанмын жеріменен тұтас саған,
Керек емес онан шыққан алтын маған.
— Алсам мен жерінді алдым, алтын алғаным жоқ,
Бір-біріне сөз айтты сонда жаман.

Бардылар ол екеуі қазының қастарына,
Алтындан безіп өзінің бастарына.
Қазы да бұл екеуін бітіре алмай,
380 Жіберді артық туған гауһар тастарына.

Хан қасына бұлар барып тұрды,
Келісін[дер] сіздер деп айтып көрді.
Екеуі бірдей безіп қазынадан,
Не қыларын біле алмай хан да жүрді.

— Екеуіңнің болар ма балаңыз бар,
Бала көрмей жүрген емессің зар?
Біреуі айтты: — Ер балам бар, тақсыр, — деп,
Біреуі айтып: — Ұлым жоқ, қызым-дүр бар.

— Алмаңыз жамандықты сіздер ойға,
390 Қосыңыз балаларды жетсе бойға.
Балаларға бұл қазына болсын сізден,
Ұстаңыз мол қылып және тойға.

Риза болдылар бұ сөзге екі жақтан,
Мал болды бұларға және келіп Ақтан.
Үлкен той қылып, халықты жиып,
Көп кісі тойға келді һәрбір жақтан.

Ханның әділі артық болды барша ерден,
Көп бәйтерек шығып өсті және жерден.
Жемістері болды оның бәрі гауһар,
400 Хан, халайық таң қалды көзі көрген.

Патша деді жамағатқа: — Сіз алыңыздар,
Малға ғарық болып рахатқа қалыңыздар.
— Сіздің әділдігің үшін берген Құдай,
Ханым, сіз алып қазынаға салыңыздар.

— Алмаймын бұл гауһарды тіпті, — деді,
Фибрат болып қалсын бұл, жетті, — деді.
Бізден соңғы адамға фибрат болсын,
Түзікпенен жүрсендер көп-ті, — деді.

Дұға қыл, бұл ағаш солай тұрсын,
410 Жемісінің нұр болғанын көздер көрсін.
Қастық қылып бір адам алам десе,
Жемісі қолға тиместен қолы құрсын.

Сол замандан бұл ағаш тұр жайына,
Алам дегеннің қолы жетпей маңдайына.
Ол ағаштың нұрланып тұрғаны сол,
Фибрат үшін қалды ол пақыр жайына.

Ол мезгілде жиырмада еді жасым,
Нелер көрді дүнияда ғазиз басым.
Екі жүз отыз болды өткен заман,
420 Ағарған жоқ сақалым, шашым, қасым.

Ол жолыққан інім-дүр жүз елу жаста,
Қара жоқ ақтан өзге оның баста.
Қатыны жаман болды ол інімнің,
Пақыр-дүр, малы жоқ-дүр және қаста.

Ер болғанды қартайтар жаман қатын,
Тыныштықта жаратқан анлар затын.
Жақсы ерге жаман қатын душар болса,
Не қыласың бейшараның атап атын.

Екінші інім менім жүзде сексен,
430 Айтайын хикаятын бастан кешкен.
Малы көп, қатыны жаман оның дағы,
Соның үшін сақалына ақ кіріп кеткен.

Өз жасымды мен айттым әуел баста,
Ақ түк жоқ сақал-мұртым мен және қаста.
Осы жаста һеш бейнет мен көрмедім,
Жақсы қатын жолықты маған баста.

Тысқары шықсам, малыма дала толған,
Үйге кірсем, қатыным риза болған.
Сол себепті сақалым қара, өзім жігіт,
440 Һәр бейнеттен Құдайым мені иулған*.

Уәзірлер құлақ салды айтқан сөзге,
«Керегі осы еді, — деді, — бізге».
Уәзірлер кейін қарай қайтып кетті,
«Керек емес біздерге мұнан өзге».

Ілгері шаһизада басты қадам,
Көрем деп һәр тамаша бұ ғаламдан.
Күн-түн жүріп шаһарға келді дағы,
Жолыққан бір адамға берді сәлем.

«Әлейка» деп сәлемін мұның алды,
450 «Мейман бол бізге» деп және айтып салды.
Мақұл көріп шаһзада еріп барып,
Әңгіме сөзіменен жатып қалды.

— Сөз сұрайын, ренжіме, қонақ, сізден,
Шыныңды айт, жасырма сіз де бізден.
— Барамын Ніл су басын көруге, — деп
Шаһзада бұған жауап берді тезден.

— Қиын іс, мүсәпірім, ой қылғансың,
Жүруге деп сапарға ден қойғансың.
Көп бейнет көрсең керек осы жолда,
460 Не болса да тәуекелді мол қылғансың.

Тыныштық ал неше күндер бізде жатып,
Моншаға кір, тазалан деп қойды жағып.

* Бұл сөздің мағынасы ашылмады.

Моншадан шығып шаһзада келе жатса,
Өгіз жеккен бір қызметші келді қайтып.

Өгізді ұстап алды қамап аран,
Тұр еді бір есек сонда, мұны қараң.
Өгізден есек сұрайды: — Не қылды? — деп,
— Жұмыс көп, құтылуға жоқ-дүр шарам.

— Айтайын мен бір хайла, маған қара,
470 Демалұрсың тұта алсаң сен бейшара.
Бүгін салған шөпті сен оттамасаң,
Ертең жекпес ауру деп байғұс бала.

Есектің айтқан сөзін өгіз қылды,
Ауру деп қызметші мұны білді.
Байға өгіз ауру деп барғаннан соң,
Есекті жек деп бай енді әмір қылды.

Өгіз қалды, есек түсті бұл тұзаққа,
Айдап кетті есекті ол қызметке.
Күніменен жұмысты қылып-қылып,
480 Алып келді есекті аран жаққа.

Сұрайды өгіз мұның көргеш халін:
— Маған пайда болды ғой айтқан хайлаларың,
Далаға апарса да, қызметі жоқ,
Білмеймін, неге мені апарғанын.

Мен естідім бай айтты малайына,
Қараңыз өгіздің сіздер жайына.
Жүдетпей ауру болса сою керек,
Тамақ болар кісіміздің талайына.

Көндірді есек тағы хайла сөзге,
490 Шөп жеді қалдырмастан боқтан өзге.
Амалменен құтылды тағы да есек,
Өгізді айдап кетті және түзге.

Бұ сөздің бәрін естіп шаһзада білді,
Бай жанында бұ істерден және күлді.
Бай мен қатын ойлады бізге күлді,
— Неліктен күлдің? — деп бай сұрайды енді.

— Күлгем жоқ мен сіздерден айып болып,
Бір сыр бар, жүрмін, тақсыр, сонан күліп.
Қатыны: — Қоймастан сұраңыз, — деп, —
500 Сырын айтсын біздерге қонақ келіп.

— Қалам, сия келтірің бізге, — деді,
Жазайын осы сырды сізге, — деді.
Қатын тұрып қаламға кеткеннен соң,
Байға: — Бұл сөзді қатындан кізле, — деді.

Бай айтты: — Қатынға сыр мен айтпаспын,
Жан берсем де сөзімден неш қайтпаспын.
Күлгеніңнің мәнісін айтпасаңыз,
Қапа болып ұйқыға неш жатпаспын.

— Күлгенімді айтайын сізге жайын,
510 Құс, хайуан тілдерінің білем, байым.
Қиссасын өгіз, есек байға айтты,
Күлгенім осы, тақсыр, менім дәйім.

Бір шөп бар Сүлейменден менім қолда,
Сақтаймын тіл білмекке ұзын жолда.
Бұ сырды қатынға айтсаң өлерсің деп,
Айтпай күліп жүргенім осы шулда.

Ерінің сырын қатындар болса сұрмақ,
Тәубеге келтіргенше керек ұрмақ.
Ерінің айтқан сөзіне құлақ салып,
520 Һәр істе болу керек даяр тұрмақ.

Мұны айтып шаһзада кетті жүріп,
Неше күн тамашаны жолда көріп.
Бір шалға бара жатып ұшырады,
Сәлем берді о шалға қол қусырып.

— Жолың болсын, шырағым, сапар шеккен,
Бұл араға адам жоқ келіп-кеткен.
Не мақсұтың бар-дүр сенің, мүсәпірім,
Бір мұратың бар шығар мұнда жеткен.

— Ниетім Ніл жәшім суын көрмек, — дейді,
530 Ер кісіге сапар жүру ермек, — дейді.
— Олай болса, бұл жерден бір айлық жол,
Мәнісін айтып саған бермек, — дейді.

Жәшімі оның болұр тау басында,
Бір күмбез бар шығып жатқан су қасында.
Таһарат алып сол орында намаз оқы,
Қажет тіле, аяма көз жасын да.

Жиһангер болсын енді сенің атың,
Ғаламға мәшһүр болсын салтанатың.
Көп тамаша жол жүріп көрген балам,
540 Шаһизада екенсің асыл затың.

Ал [балам] бата бердім, ілгері бар,
Оңғартқай жолыңызды Пәруардигар.
Нілдің басын, әй, балам, көргеннен соң,
Қайт балам, ата-анаң сағынған шығар.

Кеме мініп қайтқайсың елге таман,
Құда қылсын жолыңда сені аман.
Сүлеймен қызметінде һәм болұрсың,
Ол уақытқа бірталай бар-дүр заман.

Жиһангер шал қасынан жүріп кетті,
550 Бір айда Ніл басына барып жетті.
Тау басына шығып күмбез кіріп
Таһаратпенен намаз өтеп хажат етті.

Бес намаз парыз болды һәрбір құлға,
Намазды қойып алдандық дүния-пұлға.
Жиһангер намаз оқып болып еді,
Бауырсақ пенен мейіз түсті сонда қолға.

— Һеш уақыт ашықпассың жесең, — дейді,
Қабыл болар мұнда хажат десең, — дейді.
Әй, адам, мұнан тезірек теңізге бар,
560 Хазірет Сүлейменге жолығам десең, — дейді.

Таудан түсіп жүріп кетті теңіз жаққа,
Құданың зікірін алып тіл мен жаққа.
Теңізге барып жетсе бір кеме тұр,
Жүрейін деп тұр екен Сарандип жаққа.

Керуендер көп еді мұнда кірген,
Жиһангер жолдас болып және ерген.
— Не қылып жүрген жансың, айтыңыз, — деп
Бастан-аяқ өз қиссасын айта берген.

Мен едім машриқ патшасының бір баласы,
570 Көзінің жалғыз болғаш һәм қарасы.
Һәрбірлеп көрдім һәм Ніл бұлағын,
Көрген соң қалмасын деп жер шаласы.

Сапар деген адамға болар салмақ,
Ойлаймын мұнан енді үйге бармақ.
Көрген-білген жерлерін әкеме айтып,
Ниетім бар аз мұнда рақат қылмақ.

Бұ сөзге бір шал тұрып құлақ салды,
Айтқанын Жиһангердің ұғып алды.
«Машриқ патшаның ұғлы көрер» деген
580 Бұ сөзді кітаптардан көрген бар-ды.

Кеме кетті теңізбенен жөнге қарап,
Он күнден соң жел шықты қатты харап.
Таудай толқын кемені тасқа соғып,
Баршасы суға кетті кеме тарап.

Жиһангер кетпей шықты және судан,
Жазира көз ұшында көрінді оған.
Үш арғымақ бар еді батпай жүрген,
Бұл үшеуін айдап шықты тағы судан.

590 Һәр түрлі жеміс көрді тау-тасында,
Бір бәйтерек көрінді тау басында.
Қараса, ұя көрді бәйтеректе,
Не қылған ұя деп тұр қасында.

Жоғарыға қараса, бір қыз көрді,
Бұ не қылған жан деп ойлап тұрды.
Қыз дағы жоғарыдан төмен қарап,
Қарап тұрған жігітті бұ да көрді.

Көзі түсіп бір-біріне бұлар састы,
Сөйлесуге екеуі аузын ашты.
«Сен кім?» деп Жиһангерден қыз сұрайды,
600 Жиһангердің тілін білмей қыз да састы.

Жігіт қыз тілін біледі, қыз білмейді,
Құстың тілі адамның сөзіне бір келмейді.
Жігіт құстың тілін білсе дағы,
Сөйлеуге құс секілді һеш келмейді.

Лақтырды қыз жігітке бір зор жеміс,
Құс тіліне жігіт тілі келмейді һеш.
Жоғарыдағы қызға жігіт ғашық болып
Ишаратпен бір-біріне көп сөз деміш.

Кеш болған соң самұрық келді жетіп,
610 Қыз жылайды: — Күнде сіз жүрсіз кетіп,
Тым болмаса мені төмен түсіріп кет,
Отырамын сарғайып жалғыз бүйтіп.

Қыз айтқан соң самұрық ойына алды,
Таң атқан соң түсіріп жерге салды.
— Шешектермен ойнап тұр, шырағым, — деп
Сүлеймен қызметіне кетіп қалды.

Кемеден шыққан бір ат өлген еді,
Жиһангер терісін мекен қылған еді.
Ішіне һәр түрлі шөптер төсеп,
620 Кәдімгі шатырдай-ақ болған еді.

Таңертең тұрып шықты биік тасқа,
Қыз көрем деп шыға-дүр бір ағашқа.
Бірталай қарап тұрып көре алмады,
Екі көзі бірдей толып аққан жасқа.

Бір уақытта жүгірген қызды көрді,
Қуанғандан қызға таман жүгіреді.
Екеуі бір-біріне қосылған соң
Мұратын һәрбірінің бұлар берді.

Қызығын айтып сыймас осы жайға,
630 Жолықты нұр құяшы туған айға.
Күніменен тамаша қылып анлар,
Ерігіп жүгіреді тау мен тасқа.

Кеше болғаш шатырына жігіт кірді,
Самұрық қызметінден қайтып келді.
Қызды алып ұшыпты ұясына,
Қыз да дүние ләззатын енді білді.

«Таңертең түсір», — деді және құсқа,
Тіліне самұрықтың сондай ұста.
Күніменен қызықты қылып анлар,
640 Өткізбейді уақытты һешбір босқа.

Неше күн ерте түсіріп кеште алды,
— Енді сені түсірмеймін, — деп айтып салды.
Жеп кетер бір жануар өзінді, — деп
Сүлейменге ұятты болармын, — деп айт[ты].

— Қайтейін, түсірмесең саған, — деді,
Алып бер жатқан теріні маған, — деді.
Сол теріні ермек мен қылайын,
Ермексіз текке тұру жаман, — деді.

Тағдыр бұзам дегеннің қара тәдбиріне,
650 Алып берді теріні қыз үйіне.
Жігітті қыз жанына мінгізіп ол,
Өзі кетті қызмет үшін ол жеріне.

Самұрық кеткеш қыз жігіт қылған ойын,
Қыз дағы буаз болды күтпей бойын.
Самұрық тағдыр бұзам десе дағы,
Сүлейменнің қасында көрер тойын.

Шыққалы шаһзадаға бес жыл болған,
Қызбенен жолыққанға бір ай толған.
Тағдыры жеріне келді деп Сүлейменге
660 Жәбірейіл арқылы Хақтан хабар болған.

Самұрықтан Сүлеймен хабар сұрды,
Тағдырды не қылдың деп айтып көрді.
— Мұнан артық бұзу болмас, патшам,
Тағдыр деген бары бекер, — деп сонда тұрды.

— Ендеше қызды әкел, — деді, — маған,
Болмасын айтқан сөзде сенің шалаң.
— Таңертең әкелем, — деп тұрып кетті,
Тағдыр бұзған қызды мұнда саған.

Ұшып ол ұясына барды жетіп,
670 Қыз дейді: — Не қылып жүрсің сасып өйтіп.
Самұрық айтты: — Сүлеймен сені сұрар,
Алып келем деп мұнда қалдым кетіп.

— Сүлеймен кім болады айтшы маған,
Бұйрықты қатты мұндай қылған саған?
— Шырағым, ол падиша өзі адам,
Суреті оның ұқсар саған тамам.

Қыз деді: — Не үшін сұрар мені сізден,
Не сөзі бар сұрайтұғын оның бізден?
Тағдыр бұзам дегенін айтты қызға,
680 Менім қылып жүргенім сонау кезден.

Көтеріп Сүлейменге мен барайын,
Тағдыр деген қызыққа мен қарайын,
Алдында падишаның адамдарды,
Тағдыр деген кісінің бірталайын.

Терімен алып ұшты патша жаққа,
Қарашы тағдыр бұзам деген ақымаққа.
Құданың құдіретіне мойын бұрмай,
Шек келтіріп жүргенін жалғыз Хаққа.

Патша сонда мінеді алтын таққа,
690 Жар салды «жиылсын» деп һәрбір жаққа.
Сұрайды: — Не қылдың? — деп жамағаттар,
— Не қылдың тағдырды бұзып қыз байғұсқа.

— Мен барып мағрибтен ұштым алып,
Ағашқа өзі биік қойдым барып.
Бұ күнгеше һешкімге көрсетпеймін,
Сұраған соң, әй, тақсыр, қойдым салып.

— Әкелші, бұл терінде не бар, — дейді,
Жамағат ортасына шығар, — дейді.
Тері ішінен қыз бенен жігіт шықты,
700 Күлкіге қалды батып бұлар дейді.

— Не қылдың бұзамын деп сен тағдырға,
Кірістің қолдан келмес қиын жерге.
Жазанды тарттырайын сенің, мұндар,
Кейінге үлгі болсын қалған ерге.

Самұрық бұл ісінден жаман састы,
Ұялғаннан тұрды да қанат ашты.
Жөнелді қорыққанындан артқа бақпай,
Тоқтамай Қап тауынан арман қашты.

Сүлеймен таба алмады іздеп қатты,
710 Дүнияда үшеу еді анның заты.
Бірін Асфандияр өтірді, бірісін жұтты жылан,
Қалғаны бұл өзі кетті, қалды аты.

Сүлеймен некаһ қылды екі жасқа,
Шақырды көп адамды қылып асқа.
Жігіттің Назауыр, қыздың Саманбой қойып атын,
Жіберді әкесінің шаһары жаққа.

Мағрибқа қыз бен жігіт барып жетті,
Қуанып қыз әкесі тойды қатты етті.
Бұ хабар машриққа барып қалғаш
720 Сапарға қызды алып жүріп кетті.

Мағрибтан бұлар кетті машриққа,
Отырды қыз бен жігіт мініп таққа.
Туған бала екеуінен хор секілді
Пар болмас һешбір адам салтанатқа.

Жиырма төртінші майда шықтым Семей жаққа,
Курбатов параходы батыраққа.
Барғанша мен Семейге өлең қылдым,
Үш сөткеден мен бардым азырақта.

Әкем Махмұт, өзімнің атым — Әли,
730 Көп болды шығарам деп ойлағалы.
Өреңнен соң қолыма қалам алдым,
Бес кітап болды Қазанға жолдағалы.

«Миғраж» бен жаздым және «Бақтиярды»
Һәр түрлі шығаруға көңілім бар-ды.
Сауда-саттық болған соң қолым жетпей,
Немене жалғыз болғаш уақыт тар-ды.

Жіберген басу үшін төрт кітап бар,
«Қисса Адам», «Егіз бала көп кеңестер».
«Үш қыз қисса» деген кітап және,
740 Баршасы ұғып алсаң өлең бұнлар.

Қазаға риза болып мойын қоймақ,
Бәріне қанағат қыл, керек тоймақ.
Барға шүкір, жоғына сабыр қылып,
Жақсы-дүр бұ дүнияда нәпсі тыймақ.

Өзелден жазғандардан болмас артық,
Жүреміз дүния қуып, бейнет тартып.
Жазғаны маған осы деп қарап тұру,
Бұ істе бұйырмады кітап артық.

- Жаһит қылу бізге керек халал малдан,
750 Көз жұмып кетпеген соң бұ жаһандан.
Сауап көп түзу жүрсек бұ дүнияда,
Бұ сөздер ұнаулы-дүр көп замандан.
- Керек бізге һәр істе ғибрат алмақ,
Кісінің айыбын не керек көзге салмақ.
Кісіден айып көріп, өзімізден көрмесек біз,
Қиын-дүр самұрықтай бізге ойламақ.
- Насихат айтқан құлақ сал атаңызға,
Тәубе қыл өткен күнәһ, қатаңызға.
Бұ кітапта сөз бар-дүр ғибрат алсақ,
760 Болады мақұл және қатаңызға.
- Үлкеннің аға болуы жас жүзінен,
Кісінің аға болуы жақсы сөзден.
Арамызда бар-дүр неше қарындастар,
Жамандық кісіден жоқ, көр өзіңден.
- Артық көрген өзіні артта қалған,
Кем көріп өзін һәркім бәйге алған.
Сиғыршық өз айыбын айтып тұрып қалды,
768 Самұрық ұшып кетті ұялғаннан.

Қисса Жәмшид

Әлқисса, сөз жазайын қалам алып,
Тыңдаңыз құлақ қойып, барша халық.
Кім келіп, дүниеге кім кетпеген,
Ақиқат опасызы көпке анық.
Біреулерді күлдіріп, біреу жылап,
Кейбіреудің қойыпты көзін алып.
Базбір жанның басарға аяғы жоқ,
Қайғылы көңілдері жабық, жарық.
Жастық жасы қорлықпен өткен екен,
10 Жәмшид деген бір батыр өзі ғаріп.

Атадан Жәмшид батыр туған дара,
Ойында толып жатыр қайғы-сәна.
Бір жасында жетім қалып, әкесі өліп,
Өсірген тәрбиелеп тапқан ана.
Кедейлігі өміріне жолдас болған,
Бітпеген есігіне жалғыз қара.
Өркімнің кірін жуып, ауқат етіп,
Шешесі баласына болған пана.
Бұрыннан мекен еткен бабалары
20 Сол уақытта Емран деген екен қала.

Бір жастан Жәмшид жастың асты жасы,
Бөлекше басқалардан бар тұлғасы.
Сүйініп, көзін салып қуанышпен,
Мың мәрте шүкір етер өз анасы.
Жігіттей он бестегі бопты жасы,
Кем емес неш адамнан мәртебесі.

Екінші жасы келді арттан қуып,
Асыл аздан шығады абзал туып.
Үштен өтіп төртінші болғанында,
30 Адамға жиырма жас болды жуық.
Бес жасында анасына қызмет жасап,
Баланың адал туған жөнін қуып.

Алтыдан аяқ басты жеті жасқа,
Жәмшидтің басқалардан көңлі басқа.
Мінез, білім, сабырлық бір өзінде,
Болыпты мейірімді қарындасқа.
Сегіздің келді сада қып дәл жасына,
Қарайды көрген адам тұлғасына.
Шешесі Мәлік* жасты қасына ертіп,
40 Тапсырған оқысын деп молдасына.

Оқиды «әліп, би» деп сабақ алып,
Күнінде уақтысымен тұрар барып.
Айтқан сөзді сақтайды зейініне,
Жаңылып, жаза баспас жалғыз қаріп.
Тоғыз бенен он жастың арасында
Ғылымның бір парасын білді анық.
Он бір деген өмірдің қызыл гүлі,
Ақ жүзі болған екен айдай жарық.

Он бірге амандықпен қадам басты,
50 Оқуменен өткізді осы жасты.
Жігітінде он екі бір ой түйіп,
«Қандай өнер жақсы» деп көп ойласты.

Әлқисса, Жәмшид баланың «қандай өнер адамға пайдалы?»
деп ойлап айтқан сөзі:

Он екі жасқа келіп отыр ойлап,
Сабақ тастап өмірі кетпес ойнап.
«Батырлық — бір дәреже ер жігітке,
Дұшпанға қылыш шапсам қанға бойлап.

* *Мәлік* [/а/ – патша, әмірші] – Жәмшидтің эпитеті ретінде жиі қолданылып, есіміне айналып кеткен.

Найза сап, садақ тартсам, сауыт киіп,
Мың-мыңнан әскер бастап шықсам жайнап.
Тұлпардың қапталынан қан кештіріп,
60 Қырғында қалың жауды шықсам айдап.

Батырлық — ел қорғаны, ел ырысы,
Елін келіп жау алса, қайнайды іші.
Алтын тақ, аймақ, қала, сұлу қыздар
Батырдікі емес пе, келсе күші?!
Бурадай қаңтардағы қарсы шауып,
Қайралып бір-біріне азу тісі.

Екінші, өнермен де жолдас болсам,
Сыбызғы, домбыраны мен үйренсем.
Күй тартсам дутармен неше түрлі,
70 Жігіт болсаң, болыңдар сегіз қырлы.

Дос-дұшманнан ақырын бірдей сақтан,
Адамға айтылмасын іштен сырың.
Сыбызғы, сырнай тартсам ыңқылдатып,
Халайық тамашаға тұрса батып.
Мәжіліс, ұлы думан болған жерде
Мастанып қыз-бозбала қалса жатып.

Өмірдің ұлы — мен бір жыл құсы,
Дүниеде әлі келсе есер кісі.
Тарқатар қасіретін қай-қайдағы,
80 Кірлесе бір себептен адам есі.
Қайғы деген адамның нағыз жауы,
Сарғаяр запырандай оның түсі.
Жауға қолдан жолдасын һешкім бермес,
Ажыратар әркімнің келсе күші.

Барлығы ғылымменен табылады,
Білімнен түрлі өнер ағылады.
Жаның жас, өзің жалғыз болсаң дағы,
Білімсіз кәрі, жастар бағынады.
Ол дағы бір өнерге жатпас па екен,
90 Құмар ойнап мал тапсам нағылады?

Дәртікем, құмар ойнап, атсам асық,
Өнердің ең қоры ғой, өзі пасық.
Бір күні көп дүние ұтып алсам,
Мас болып қалмаспын ба судай тасып.
Ел-жұртым ойыншы деп жаман көрсе,
Басқа кәсіп етермін қайда барып?»
Бәрін де істесем деп ойлап отыр,
Өзімен-өзі сөйтіп ақылдасып.

Әлқисса, Жәмшид баланың батырлық, домбыра, сыбызғы,
құмар ойындарын оқығаны:

Оқиды Мәлік бала өнер, білім,
100 Бақилық тәрбиенің барлық түрін.
Сыбызғы, домбыра мен неше қилы,
Бақшаның бал егінді қызыл гүлін.
Өнерге неше қилы болды жетік,
Ауызбен айтып болмас мыңнан бірін.
Аспаннан құс айналар басып өтпей,
Жәмшидтің естіп қалса шыққан үнін.

Сазнағма неше түрлі дутар шалып,
Тыңдайды су түбінде жүзген балық.
Жәмшидті күндіз-түні қошаметтеп,
110 Қасында жолдас болған қанша халық.
Бұл өнерді қатасыз үйренген соң,
Енді құмар атады асық алып.

Төрт асық әдемілеп жонып алды,
Жәмшидтің бұл өнерден ойы бар-ды.
«Дәртікем» деп атқанда кеуде қағып,
Төртеуі төрт түрлі боп тұра қалды.
Қақпады адам ұлы бұл ойыннан,
Теп-тегіс, бірін қоймай ұтып алды.
Талабы таудай болып күннен-күнге,
120 Осымен ұтамын дер дүние-малды.
Білгенше қанша өнерді тәртібімен,
Он сегізге Жәмшидтің жасы барды.

Оқуын тамам етіп, ойда мақсат,
Енді кәсіп етсем деп осыларды.

Әлқисса, Жәмшид баланың сипаты:

- Өнерге Мәлік бала болды жетік,
Өзі қатар балалар қызмет етіп.
«Жәмшидім аман болса өлмеспін» деп,
Отырар кемпір-шалың талап етіп.
Күмістен тартқан сымдай болып,
130 Сүйкімді жігіт болды бойға жетіп.
Адасқан азаматқа ақыл болып,
Тұрады ел-жұртына жол көрсетіп.
- Сұлулық сипаттары сондай артық,
Тұрады сөз сөйлесе бойың балқып.
Қасынан кетер емес көрген адам,
Пейіштің самалындай ескен аңқып.
Денесі орта бойлы болды жана*,
Қақпақтай екі иығы біткен дара.
Қара қас, жазық маңдай, қара көзді,
140 Сүйкімді көретін қыздар жана.
Көбейді қошаметі Мәлік ердің,
Айнала, төңірегі қыз-бозбала.
«Күнде топыр, күнде той, мұның не?» — деп,
Бір күні ашуланды кемпір ана.
— Бұл топырдан өнетін дәнеме жоқ,
Бір кәсіпке шық, — деді, — байғұс бала.
- Кемпір айтты: — Сен едің жалғыз балам,
Бір сені болад деп ем жанға панам.
Төрт атаңнан кедейлік бір үзілмей,
150 Аузым жарып жемедім тәтті тағам.
Киерге көйлек, бүтін дәнеме жоқ,
Түнімен бит жейді, кетті мазам.

* Түпнұсқада *және* сөзі ұйқас үшін *жана* болып алынған.

Әлқисса, баланың шешесінің сөзіне ұялып, кәсіп етуге ойланғаны:

Шешесі ашуланды қаһар етіп,
Осы сөз Мәлік жасқа кетті өтіп.
— Апатай, шайыдан көйлек кигізермін,
Өлмесем, осы бастан кәсіп етем.
Өзім де қатты ұялып қалушы едім,
Етінді қасығанда тыр-тыр етіп.
Көйлегіңнің барлығы өрім-өрім,
160 Тұмсық жағы қайқайған жыртық етік.
Қолда болса бір сізден аярым жоқ,
Анажан, жоқшылыққа амал нешік?!
Қайсыбірін қолдансам болар екен,
Табылар бір басымнан талай кәсіп.

Істетсем батырлықты жөні келмес,
Бақытын өз қолынан нешкім бермес.
«Жаяудың шаңы шықпас» деген сөз бар,
Астымда тұлпарым жоқ маған теңдес.
Ән қосып сыбызғымен болсам сері,
170 Дүние тарапынан ештеме өнбес.
Молда боп бала оқытсам, сәлдемді орап,
Ақы беріп байлар да қабыл көрмес.
Дәртікем, құмар ойнап бір көрейін,
Бұдан басқа нәрсенің жөні келмес.
Ұтсам да, ұтылсам да өзім білем,
Сай, жыраға ойнаймын адам көрмес.

Ол енді құмар ойнап, кәсіп етті,
Тампылдап төрт асықты жатыр шашып.
Еңбек етіп үйренген кәсібім деп,
180 Осыдан табамын деп жейтін нәсіп.
Бірігіп қай-қайдағы ойыншылдар,
Уақтында апақ-сапақ ұшырасып.
Жәмшид бала үй көрмес болды енді,
Жалғыз кемпір қақиды қарны ашып.

Отырады жалғыз кемпір қайғыланып,
Ақылын анда-санда айтар барып.
Ұттырып бар киімін, жап-жалаңаш,
Бір күнде үйге келді қайта айналып.
Жәмшид бала: — Жылаймын, қор қылды, — деп,
190 «Құмаршы» деп бір жаман атақ алып.
Арақ-шарап барлығын қосып ішіп,
Жап-жалаңаш жатады әнге салып.

Бұл бала құмаршы боп жаза басты,
Қай-қайдағы бұзықтар араласты.
Киер киім үстінде дәнеме жоқ:
— Апа, тамақ бер, — деді, — қарным ашты.

Кемпір айтты: — Зәріңді іш, жалғыз бала,
Болар деп ем жаныма сені пана.
Алтын басың қор қылып, құмаршы боп,
200 Сендей тегі бар ма екен жүзіқара?!

Жәмшид айтты: — Апатай, ашуланба,
Беріп қалар бір күні Құдай Тағала.
Құмаршыдан тарқамас тегін құмар,
Бар ойыншы жиналды бір күн жана.

Жиылды құмаршылар құрттай қайнап,
Арақ ішіп, сол үйге салып ойнақ.
«Баладан көрген дәулет осы ма» деп,
Қайғырып кемпір отыр осыны ойлап.

Ұттырды Жәмшид бала барлық пұлын,
210 Үстіндегі киімі жұлым-жұлым.
Құмар істің қызығы қандай жаман,
Тағы салып, айрылды барлық үйін.

Айрылды бар үйінен құмар ойнап,
Іс етпей балалықпен түбін ойлап.
Ұтып алған құмаршы жан қоя ма,
Кемпірді баласымен шықты айдап.

«Шайы көйлек киём» деген байғұс кемпір
Далада қалды енді соры қайнап.
Қамыстан балаған қып басын буып,
220 Киімсіз, аш-жалаңаш жатады көзі жайнап.

Адасты ақылынан Жәмшид бала,
Күнде қарғап отыр ғой тапқан ана.
Бай болмаққа төрт асық ойнап еді,
Ақырында таппады басқа пана.
«Опасыз бұл өнерім болды ғой, — деп,
Ән қоссам, — деп ойлады, — домбыраға».

Саз қоса тартамын деп алды найын,
Біледі ән қосудың барлық жайын.
Шақырып күнде қонақ құрметпенен,
230 Жәмшид жас сөйтіп ішті ет пен шайын.
Шешесі құрап отыр күрке ішінде,
Деп айтар: «Қу жалғызды не қылайын».

Өнерге Жәмшид бала болған шебер,
Қыз-бозбала қасына күнде ерер.
Бұлғары шаһарынан бір саудагер
Емранның қаласына кіріп келер.

Өлқисса, енді сөзді Бұлғары шаһарынан келген саудагер
Кәрім мен Жәмшид баланың жолығысынан естіңіздер:

Емранға Бұлғарыдан кіріп келген,
Салтанат порымдарын әркім көрген.
Қызыл нар қоңыраулы, жібек бұйда,
240 Ноқталарын есіпті өңшең зерден.

Толтырып бес жүз түйе қазына артқан,
Бәріне де қымбаттан кілем жапқан.
Алтын, күміс, лағылдың қисабы жоқ,
Жібектен бәріне де арқан тартқан.
Қызметкер адамдары, бір байбатша
Керуеннің сарайына түсіп жатқан.

Барлығының қожасы Кәрім мырза,
Өмірде кемдігі жоқ салтанаттан.

Керуеннің сарайына түсті барып,
250 Неше күн отырыпты демін алып.
Керуен басшы Кәрімнің әйелі бар,
Ақ жүзі шағылады айдай жарық.
Жүзін көрген адамдар талып түсер,
Ессіз болып жығылған қанша халық.
Бәріне сол шаһардың мағлұм болды,
Бірінен-бірі естіп хабарланып.

Ауызбен айтып болмас қыздың жүзін,
Гауһардай салбыраған екі тұлым.
Шолпанның жұлдызындай екі көзі,
260 Көргендей болды халық хордың қызын.

Қыз сипаты

Ел жиналып келген соң,
Қыз жан-жаққа қарады.
Нәзік белі бұралып,
Аққудай мойнын тарады.
Наркескен алтын қанжардай,
Көзі түскен адамның
Ішін жарып барады.

Қыз сипатын қарасаң,
Ақ бетінде кіршік жоқ,
270 Айдын көлдің қуындай.
Екі көзін қарасаң,
Батырдың алтын туындай.
Сөйлеген сөзі мазалы
Сары алтынның буындай.
Ауыздан шыққан лебізі
Пейіштің шәрбат суындай.

Көрген жанның бәрі де
Қызға көзін теседі.

Жүзін көріп бұл қыздың
280 Шын жанынан кешеді.
Ғашықтық түсіп басына,
Босатты бойын, мүшені
Естігені дауысын.

Отырған сонда орыны,
Гауһар тастай жалтырап,
Мықынына түсіп тұр
Алтын айдар тұлымы.
Бағалайды он қызға
Шашының жалғыз қылыны.

290 Миуалы дарақ секілді
Көрсен оның тұрысын.
Бой нұсқасын қарасаң,
Қоғалы көлдің құрағы.
Сипатына қарасаң,
Ерлердің мінген пырағы.
Үзіліп кетпей неғып тұр
Алтыннан соққан сырғасы.
Кермаралдай құлағы
Алтыннан соққан тұмардай.

300 Бас порымы нұсқасы
Қия жонған қаламдай,
Екі қасы қиылып
Шам шәріптің ұстасы.

Бұл қыздың Мейрамхан деп атын қойған,
Сипатын айтып болмас ойлап оймен.
Ғашықтықпен қатынын талақ етіп,
Кейбіреу өз үйіне салды ойран.

Әркім-ақ әйеліне емес ырза,
Ғашықсыз жан болмады осы қызға.
310 Мастықпен «зеріктім» деп сөз шығарды,
Бір күні керуен басшы Кәрім мырза.

— Әнші, күйші, сауықшыл жігіт болса,
Қонақ болсын деп айтқын, келсін мұнда.
Көтерсе көңілімді әнмен шырқап,
Деп айтқын толықтырам дүние-пұлға.

Осындай Кәрім мырза хабар етті,
Бұл хабар талай жерге тарап кетті.
Дутармен ән қосатын өнерпаздар,
Бәрі де барамыз деп үміт етті.
320 Жәмшид те барғандарын тәуір көрер,
Киімнің жоқтығынан қайғы шегер.

Отырды жоқшылықтан қайғыланып,
Мұның әнші екені жұртқа анық.
Жәмшидтің айтпай сырын білетұғын
Келіпті бір замандас киім алып.

Әкелген киді Жәмшид асыл тасын,
Алдырды бірін қоймай сақал, шашын.
Керуеннің сарайына қадам басты,
Бірқатар ертіп алып құрбыласын.
330 «Ән шырқап, қызды көріп қайтамыз, — деп,
Мырзаның қандай екен ықыласы».

Еністі бақ сарайға қадам басып,
Көрісті құрметпенен амандасып.
Қойғызды құлла, күрсі, алтын қанділ,
Зияпат аспаптары құп жарасып.

Мейрамхан әйелі мен Кәрім мырза,
Отырды құшақтасып, құп мінәсіп.
Толықсып, жүз құбылып майда сөзі,
Езу тартып көздерін жұмып-ашып.
340 Ертеден кешке дейін татқан тағам,
Қандиулат, шаһд, шекер, пісте, бадам.
Алтын зерлі шақшамен шарап ішіп,
Сел ағызғандай болды тағам.

Мұнымен қызметі тамам өтті,
Ал енді ойын-күлкі талап етті.
— Мәжілістің құрметі үшін сөйлеңіз, — деп,
Жәмшидке баршалары ғұзыр етті.
Домбыра қолына алып, жүз құбылып,
Сырлы сөз түйдектеліп енді кетті.
350 Жәмшидтің шықты сөйтіп ащы тері,
Көрген соң Мейрамхандай қызыл бетті.

Қолында сыбызғысы, аузында най,
Ішусіз қалды қолда құйылған шай.
Жәмшид жас бұлбұлдайын сайрап отыр,
Мұндай жан туа бермес дүниеге-ай?!

Шығады күй мен әні оттай шалқып,
Ес қалмай естігендер кетті балқып.
Аспандағы аққудың дауысындай
Барған сайын түседі артып-артып.

360 Артынан бірдей шығар сөздің машы,
Қиылған Жәмшид жастың қалам қасы.
Өнері мен жамалын бірдей көріп,
Мейрамхан түсіп отыр ықыласы.
«Дүниеден неш армансыз өтер, — дейді,
Әркімнің мұндай болса мархабасы.
Дүниясы иә аз шығар, иә көп болар,
Құрбыдан артық екен, — деді, — басы».

Түрленіп Жәмшид отыр әнге салып,
Ұшқан құс тыңдап жатыр, суда балық.
370 Тау, таста түрлі хайуан бойы балқып,
Оттамай бет-бетімен тұра қалып,
Сандуғаш, бұлбұлымен түрлі құстар
Құлақ салып таңырқап қона қалып.
Отырған мәжілісте барлық адам
Жығылды бет-бетімен естен танып.

Жығылды бойы балқып Кәрім жерге,
Ән мен шарап мастығы болды бірге.

Ғашықтық махаббаты ойында боп,
Мейрамхан басын сүйеп Жәмшид ерге.
380 Мастықпен естен танып бәрі жатты,
Дүниеде ғашықтықтың дерті қатты.
Барлығы өз орнында домаланып,
Сонымен ақырысы таң да атты.

Алдымен Кәрім тұрды көзін ашып,
Мейрамхан Жәмшид жасты жатыр басып.
«Бұл қандай әдепсіздік еттіңіз» деп,
Әйелін оятады бетін ашып.
— Өнші жігіт болған соң тәуір көріп,
Жатырмысыз иіскеп мауқың басып?
390 Мейрамхан сөз сөйлейді жауап қатып,
Шошынып орнынан тұрды атып:
— Шараптың мастығымен есім білмей,
Байқамай кім екенін қалдым жатып.

Кәрімжан, қатты сөзді айтпа маған,
Қандай адам қас етер, жаным, саған.
Аманатқа қиянат ете алмайсыз,
Өмірім болғанынша бәрі тамам.
Бұл сөзбен әйел ері ризаланып,
Оянды ұйқысынан барлық адам.
400 Қайтадан шарап ішіп басты зайтты,
Жәмшидті жаннан артық құрмет етті.
— Дүниеде қанша өнер білесің, — деп,
Кәрім ер Жәмшид жасқа жауап етті.
— Өз қолыңнан келетін істеріңді
Барлығын айтыңыз, — деп ғұзыр етті.

Сыр айтар Жәмшид бала жауап қатып:
— Осы күйіммен жүрмін судай шалқып,
Талабым таудан үлкен тылсым дария,
Батырлық қолдан келер мылтық атып.
410 Өн қоссам сүйінбейтін адам болмас,
Және құмар ойнаймын үйде жатып.

- «Дәртікем» деп жерге бірді қойсам,
Бір-ақ күнде қаламын малға батып.
— Орынсыз мақтандың, — деп, — байғұс бала,
Кәрім мырза күледі езу тартып.
Кәрім айтты: — Жарамас бекер мақтан,
Жалған сөз жанға зиян, қатты сақтан.
Құмар ойнап атаққа шыққан болсаң,
Малың қанша айтыңыз сонан тапқан.
- 420 «Мен-ақпын» деп менімен әркім ойнап,
Бар мүлкінен айрылып қайғы тартқан.
Дүниең жеткілікті жігіт болсаң,
Сіздерге лайық па үйде жатқан?
Арындаған жігітті ап қоятын
Мен едім ежелден бір қанды қақпан.

Айтылды Кәрім ердің барлық сыры,
Ойынға құмарлықта болған түрі.
Жәмшидтің ойнамаққа ойы кетіп,
Шынында болмай отыр қолда пұлы.

- 430 Жәмшид айтты: — Сөз тыңда, Кәрім мырза,
Қабағат қызметіңе болдық ырза.
Сіз бен біз құмар ойнап көрсек қайтер,
Мен дағы кем емеспін дүние-пұлға.
Үйімде жеті сымбал алтыным бар,
Артқызып келтірермін қазір қолға.
Далада бекер тұрып мақтанғанша,
Ұтқанымыз шығармыз сонда қырға.

- Кәрім де осы сөзді қабылданып,
Жәмшидке: — Келтір, — деді, — пұлыңды алып.
- 440 Құмар ойнап құмардан шығамыз, — деп,
Екеуі жатыр енді даярланып.

Өлқисса, Кәрім саудагер мен Жәмшид баланың құмар
ойнауға кіріскені:

Сонымен үйден шықты Жәмшид бала,
Ойында жоқшылыққа таппас сана.

Жеті сымбал алтыннан бір тиын жоқ,
Қайғырып кедейліктен түсті жара.
«Жалғаншы саудагерге боламын деп,
Болдым, — деп, — опынатын уағдаға.
Таусылғаны болса да есепте», — деп,
Кетеді бір қиялға осы арада.
450 Ақылмен тапты сөйтіп бір іс ойлап,
Көңілі көтеріліп шоқтай жайнап.
Арпаның сабанынан қапқа салып,
Сымбалдап «қазынам» деп жатыр байлап.
Жеті сымбал тастай қып буып қойды,
Көлікке артатын қып ыңғайлап.

Жәмшид жас осылайша амал тапты,
Жоқшылықтың әсері одан қатты.
Өркімнен өтінішпен сұрап алып,
Өр түрлі бәріне де кілем жапты.
460 Сәулеттеп салтанатты порымдарын,
Сыртынан көрген жанды таңырқатты.
Зерлеген ашамайлы қызыл нарға,
Бес жігіт қызметкер келеді артта.

Жетелеп қызыл нарын алып барып,
Сондайлық қошаметтеп қанша халық.
Жәмшид жас бір қожайын ретінде,
Керуеннің сарайына түсті барып.
Жәмшидтің дүниесі көп екен деп,
Саудагер Кәрім мырза ризаланып.
470 Отырды жүк түсіріп мажырасып,
Қуанды шарап ішіп, татып нәсіп.
Ал енді құмар ойын бастамақ боп,
«Дәртікем» ұра берді асық шашып.

Құмарды кезек-кезек атып жатыр,
Саудагер дүниеге әбден батыр.
«Кәрімді қайтып ұтып аламын», — деп,
Ішінде қайғысымен Жәмшид пақыр.

Отырды бірі ұтып, бірі алып,
Бір кетсе, екіншіде қайтып алып.
480 Жаһанкеш Кәрім ер де ойыншы екен,
Жүр екен бұл ойынды бастан бағып.

Жәмшидтің ашылмаған қалың соры,
Болмай жүр қайда барса мұның жолы.
Жарым түн шамасында мәні болмай,
Кәрімге қайта басты пұлдың көбі.

Жеті сымбал пұлының бірі қалды,
Ұтылатын Жәмшидтің соры бар-ды.
«Ақиқат сабан тыққан біледі-ау» деп,
Ішінен көп өкініп, қатты ұялды.

490 Қысылды осылайша Жәмшид бала,
Өлімнен ұят күшті, болып нала.
Алты сымбал Кәрімге нәсіп болып,
Бір-ақ сымбал пұл қалды жеке дара.
Жәмшидтің жылағаны қабыл болып,
Енді нәсіп ондады бейшараға.
Өз пұлын түгелімен ұтып алып,
Кәрімге аяқ басты қайта жаңа.

Бұл ойын барған сайын болды қызық,
Қанша жұрт қарап отыр көзін сүзіп.
500 Кәрімнің көп дүниесін ұтып алып,
Сарайдың бір жағына жатыр жиып.

Қызықты дүние ұтып алғанына,
Жәмшид те жетсем дейді арманына.
Бұл Жәмшид дүние ұтып алған сайын,
Көбейді жора-жолдас жан-жағына.

Ойнады неше күндей көрмей ұйқы,
Ұтылып саудагердің кетті сиқы.
Алтыншы күн болғанда Кәрім ердің
Жәмшидтікі болыпты барлық мүлкі.

- 510 Бар малын бірін қоймай ұтып алды,
Әйелі мен екеуі босқа қалды.
«Дүниесіз қатынды қайтемін» деп,
Сол жерде Мейрамханға ақыл салды.

Кәрім саудагердің әйелі Мейрамханға ақылдасып айтқаны:

Кәрімнің құмар ойнап кетті малы,
Күйзелді дүние үшін ғазиз жаны.
Адастым, ақыл тауып беріңіз деп,
Сол жерде әйеліне айтқан зары:

- Жан жолдасым, құлақ сал,
Айтар арыз менде бар.
520 Елді қайтіп көремін,
Қолдан кетті барлық мал.
Дүние де керек болмас ед,
Ұтылды деген жаман ар,
Қолымызда барымыз
Қырық құлым қызметкер.

- Елге қайтіп барамын,
Ойласам ойым жетпейді,
Өшпеді қайғы-сәнасы
Бұлғары шаһар патшаның.
530 Жүзін қайтіп көремін
Сопия құт ананың.
Көрінгенге күлкі боп,
Қысқарды-ау қайран қадамым.
Жан жолдасым, Мейрамхан,
Тапсаңшы мұның амалын.

- Құрметті зайып, жан жолдас,
Болып едің қосылып.
Ақылдан танып мен тұрмын,
Көзімнің жасы жосылып.
540 Қайғымен ақыр өлем деп,
Жанымнан тұрмын шошынып.

Талайларды жылаттым,
Ұтып алып дүниесін.
Қалдым енді тосылып,
Өмірде бетіме бір қайтпас,
Жиып ем дүние есіріп.

Зарын айтып Кәрім ер,
Әйеліне еңіреді.
Құлы мен әйел екеуін
550 Құмарға салам дегенге,
Айтуға аузы келмеді.

Данышпан туған Мейрамхан
Айтпаса да біліп тұр.
Жөнін байқап әрненің,
Кәрімді сонда тоқтатып,
Көзінің жасы бұршақтап,
Ағытып сөзді сөйледі.

Мейрамхан әйелі Кәрім еріне айтқан сөзі:

Мейрамхан сонда сөйлейді:
— Жандай досым, тарықпа,
560 Көзіңнің жасын ағытпа.
Бақыт қонып басыңа,
Шығып едің жарыққа.
Бірде қайғы, бірде шат,
Үешбір адам тұрмайды,
Өмірде бір түр, қалыпта.
Ауға адасып түседі,
Судағы наһан балық та.

Аю, қабылан, жолбарыс
Қақпанға түсер жаңылып,
570 Осыдан ойлап парықта.
Айтатын болсаң бір сөзді,
Жасырып, жауып қайтесің,
Айдан ашық анықта.

- Қолыңнан кетті дүние-мал,
Мен едім саған жақсы жар.
Өмірлік жолдас біз едік,
Енді менің тілімді ал.
Тағы да ойнап, ойланып,
Қырық құл мен Мейрамхан,
580 Бәрімізді қабат сал.
Бақытың тайып кетпесін,
Көп дүниені қайтып ал.
Сіз үшін түстім құмарға,
Менен ақыл сұрасаң,
Осылай болды біздің хал.
Олай-бұлай боп кетсем,
Көрісерге күн жақсы,
Аман боп тұрғын, ғашық жар.
- Кәрімнің қабыл болды ойдағы ісі,
590 Қырық құлға не қылса да келер күші.
Дидары туған айдай, шыққан күндей
Қимастан Мейрамханды қайнайды іші.
«Бір сізден айрылсам не болам» деп,
Құбылып не қилы боп кетті түсі.
Ақыры үміт етіп ұтамын деп,
Қызықты көрінбеді дүниесі.
- Көзінен Кәрім мырза төкті жасты,
Ұтылып дүниесінен бақыт қашты.
Құл мен әйел барлығын саламын деп,
600 Шақырды қайтасынан Жәмшид жасты.
- Саудагер шақырған соң келді Жәмшид,
Толығып дүнияға көңілі жарық.
«Ойналық енді құмар» деп айтады,
Жәмшидке Кәрім мырза күн шығарып.
Артар жүк, малы, жақын туысы жоқ,
Құлымды қайтемін деп алып қалып.
Ойнауға енді екеуі мақұлдасты,
Жәмшид те осы сөзді қабылданып.

Саудагер пұл орнына салды құлды,
610 Амалсыз мақұл сөзбен құлдар тұрды.

Өткелдіктен өтейік деп мал сипатты,
Көзінің жасыменен бетін жуды.
Бақыт жолы байланып саудагердің,
Айрылып бәрінен де Құдай ұрды.

Ал енді әйеліне кезек жетті,
Кәрімнің берекесі әбден кетті.
«Алар заман бар ма» деп Мейрамханды,
Жәмшид жас зор қуаныш, үміт етті.

Екі мың ділдә болды әйел басы,
620 Қиылған қаламдай боп қара қасы.
«Қадірсіз күн қатарлы сатылдым» деп,
Тыйылмай ағып отыр көзден жасы.

Ал енді кезек-кезек атты асық,
Не бар, не жоқ болар деп түсі қашып.
Кәрім ер ұтты сонда Жәмшид ерді,
Қайтарып көп дүниесін болып нәсіп.
«Мыңға қойдым Мейрамхан сені» деп,
Саудагер көтеріліп судай тасып.
Ұтқызған құлдарының бәрін алды,
630 Қырық құл әзірінше сонда қалып.

Опасыз бақыт болды бұл өзі деп,
Жәмшид бек қабағат қайғыланды.
«Мен бұрын тап осындай ұтушы едім», — деп,
Кәрім ер көтеріліп сөз шығарды.

Жәмшидке салып еді қырық құлды,
«Алам» деп жазатайым кеткен пұлды.
— Мен қысылған уақытымды сасқалақтап,
Әйелді бағаладым осы сынды.

Құлдарды пұл орнына атып жатыр,
640 Қуанып байғұстар кетіп жатыр.

«Алам» деп Мейрамханды үміт еткен
Қысылып терлеп отыр Жәмшид пақыр.
Қолында қырық құлдан оны қалды,
Болуға енді айналды таза тақыр.
Жәмшидтің сол заманда кетті соры,
Қолдағы бар дүниесі, бар он құлы.
— Түстегідей болды, — деп, — қайран заман,
Қайта қонды басына кеткен бағы.

«Атандым Жәмшид мырза кеше ғана,
650 Құрмет қып жасы кіші, үлкен аға,
Алтын басым құл болып бір-ақ күнде,
Болдым-ау отыратын босағада.
Сонша дүние көзіме бір көрінбей,
Үміт қып мойным создым қызға жана.
Ойын боп көп дүниеге қалып еді,
Қайта құрап қалады-ау, ғаріп ана».

Отырды терлеп-тепшіп, шарт жүгініп,
Бір құлды бір мың ділдә жатыр ұрып.
Жәмшидтің ұтылғанын естіген соң,
660 Шешесі сол заманда келді кіріп:
— Тумай кеткір өнерден садаға кет, —
Дей сала шапалақпен қалды ұрып.
«Өлімнен ұят күшті» деген еді,
Қарайды қапалықтан жерге кіріп.

Жәмшидтің бек қиналды ғазиз жаны,
Сұры қашып, тартылып ішке қаны.
Анасы айтты: — Үмітің не себептен,
Баяғы ұтатұғын ойының кәні?
Үш жылдай оқып едің төрт асықты,
670 Жолына сарып етіп дүнияны.
Өліп қалсаң сол өнер іште кетер,
Бүгінгі күннен баста оны.

Бұл сөзге Жәмшид бала қайраттанды,
Он құлын қолындағы бірақ салды.
«Дәртікем» деп кеудеге бір ұрғанда,

Төрт асық төрт түрлі боп тұра қалды.
Су сынаптай толқыған дүние шіркін,
Жәмшидке аз уақытта қайта айналды.

680 Мың ділдә көрінбеді бір сом пұлдай,
Ойнады күні-түні бес күн тынбай.
Айрылып бар дүниеден Кәрім мырза,
Қарады Мейрамханға бұрынғыдай.

Әйелін бұрынғыдай тағы салды,
Қияр ойы болмайды ғашық жарды.
Сол сияқты перизат Мейрамханды
Төрт асықпен Жәмшид ер ұтып алды.

690 Өкінді сол сияқты жолдасына,
Ойынның көзі жетіп енді болмасына.
Жәмшид ер ұтып алып Мейрамханды,
Шынтақтап отырғызды өз қасына.

Отырды Жәмшид келіп қасын қағып,
Кәрімге қасіреттің отын жағып.
«Бар дүние, әйелімнен мен айрылдым,
Жер бетіне сыямын қайда барып.
Өз басын сап ақыры тағы ойнады,
Ұтылсам жүремін деп отың жағып.

700 Құл етсін егер ұтса мені ғаріп,
Қайғырып жүргенімше күнде өліп.
Қосылған ғашықтықпен махбұб жардың
Өлгенше жүрейін деп жүзін көріп».

Ойлады Кәрім сондай қасіретті,
— Басыма салды, — дейді, — бұл мың дертті.
Бақ тайса, басқа қайта қону қиын,
Ұтылып ақырында өзі кетті.
Айрылып сән-салтанат, барлығынан,
Құлдарының қатарында қызмет етті.
Қайғысын жоқшылықтың тартқан Жәмшид
Бір-ақ күнде мұратқа кәміл жетті.

- Мұратқа Жәмшид отыр қанып,
710 Бұрынғы қасіреттің бәрі кетіп.
Алыпты Мейрамханмен жұптыланып,
«Бақытыма себеп бол» деп үміт етіп.
Дүние жеткілікті бір басына,
Салдырды қанша сарай құп түзетіп.
Бақшада сайрап тұрған бұлбұл құстай
Отырды Мейрамханмен әзіл етіп.
- Отын ап, суын құяды Кәрім ғаріп,
Мойны — ырғай, биті — торғай кетті арып.
Мейрамханның жұрт асқан сұлулығын
720 Бір уәзір өз ханына айтқан барып.
— О, ғажап, сондай жан да туады екен,
Жүзін көрген адамдар қалар талып.
Бұ шаһарда құмаршы Жәмшид бала
Отыр ғой саудагерден ұтып алып.
Тақсыр-ай, сізге лайық әйел екен,
Бір көрсең, болар еді ебін тауып.
Ханына бұл сөзбенен салды бүлік,
Ішіне ғашықтықтың отын жағып.

Әлқисса, Емран шаһарындағы ханның Жәмшидтің әйелі
Мейрамханға ғашық болып, ғашықтықтан істеген хайласы:

- Емранда хан болыпты Жабыр деген,
730 Бақыты асып тұрған барлық елден.
Айтқан соң Мейрамханның сұлулығын,
Сол уақытта өз ойына бір іс келген.
«Хандық қып зорлықпенен тартып алсам,
Естіген ұят болар, — дейді, — елден.
Жәмшидпен құмар ойнап ұтып алсам,
Өнері артық емес, сірә, менен.
- Зорлықты өз елімде болдырмайын,
Бұл сырды неш адамға білдірмеймін.
Жәмшидпен ойнамағым — бақытым артық,
740 Сондықтан патша болып мен жүрмін».

Отырды осы істі көп ойланып,
Көңлінде ғашықлығы айдан анық.
Жіберді бір жасауыл сол заманда,
«Жәмшидті тоқтатпастан келгіл алып».

Жасауыл ести сала тұра шапты,
Екпіні жасауылдың қандай қатты.
— Хан шақырды, тоқтаусыз жүресіз, — деп,
Жәмшидті бара салып ығырлатты.

750 Жәмшид те келді сонда қабылданып,
Ешқандай сескенбеді жабырқанып.
Ханның салтанатты сарайында
Отырды сіз-біз десіп ризаланып.
Жабырқап сөз сөйледі Жәмшид ерің:
— Білмедім ханымызға не керегін?

— Бұл жерге келгеніңіз себебі не,
Айтайын аз мәселе енді сізге.
Азырақ домбырамен ән шырқасаң,
Тыңдар ек құлақ қойып бәріміз де.
«Және де құмар ойын білед» дейді,
760 Жайылған сарын болып талай жерге.

Отырсақ сыбызғымен біраз тойлап,
Ән мен күй көңілдегі кірді жоймақ.
Жұрт мақтаған өнерің қандай екен,
Және тағы байқасақ құмар ойнап.

Жабыр хан айтып болды маддұғасын,
Бәрінің білді сондай ықыласын.
Ханның сөзін жықпай, көңілін қимай,
Қолға алуды ойланды домбырасын.
Жәмшид төңкеріліп шырқағанда,
770 Қайран боп хан отырды шайқап басын.
Босатып бар денені, тамырларын,
Қайғылы жан ағызды көзден жасын.

Одан соң сыбызғыны зырқыратты,
Бой шымырлап кеудені қалтыратты.
«Мұндай жан өмірімде көрмедім» деп,
Жабыр хан көп сүйініп, жауап айтты.
Жабырдың шын мақсаты құмар ойын,
Ән мен күйді ақыры құп тоқтатты.
Ханменен қарсыласып Жәмшид мырза,
780 Төрт асық қаттап ұстап енді атар.

Ойнады ертеден кеш асық шашып,
Жабыр хан ұтпақ болып бағы асып.
Жәмшидтің үйіндегі көп дүниесін
Құлдары қызыл нармен жатыр тасып.
Мыңдап салса болмайды бір тиындай,
Жәмшид жан салады енді сұры қашып.

Ұтылды соныменен барлық пұлы,
Қора-жай салтанатты, қанша құлы.
Жәмшидтің таза тақыр болғандығын,
790 Мейрамхан өзі келіп көрді мұны.

Жәмшидтің қалған екен жалғыз басы,
Қаны қашып, үрпиген баста шашы.
Мейрамхан жан жолдасы, өмір серік,
Өлмелі үйіндегі ұлы анасы.

Жабыр хан сөз сөйледі желдей есіп,
Отырған Мейрамханды көзі тесіп:
— Ұтар ем жер-жаһанның бәрін қоймай,
Жәмшид құсап құмарды етсем кәсіп.
Қаз ілмес қара қарға қайырғанмен,
800 Ақ тұйғынды жеңе ме ол егесіп.
Әнші, күйші өнерім бар дегенше,
Сен маған қызмет істе, келгін көшіп.

Мейрамхан бұл сөзіне намыстанып,
Қызарды екі беті шұғылаланып.
Жабыр ханға сол жерде жауап етті:

— Жәмшидтің ойнаймын, — деп, — өзін салып.
Жәмшид сөз сөйледі жауап ашып:
— Тоқта, — деп Мейрамханға ашу басып.
Инсаны бұл дүниенің өнегесіз,
810 Жүрістік армансыз біз қол ұстасып.

Әйелі айтты: — Бұл сөзің тура келмес,
Талаптанбай дүниесін нешкім бермес.
Жабырдың жалған сөзі жанға батты,
Ер жігіт ардан өлер, аштан өлмес.
Көнбеймін тірі болсам бұл қорлыққа,
Дәулетім болмаса да бұған теңдес.

Ойнаймын бұл құмарға сізді салып,
Мақұл деп отыра бер ризаланып.
Ұтылсақ екеуміз де құл мен күң боп,
820 Жүреміз суын құйып, отын жағып.
Көндірді ақырында Жәмшид ерді,
Мейрамхан осылайша сөзге салып.

Болыпты мың ділдәдай Жәмшид басы,
Қайғырып қапалықпен кетті сұры.
Жабыр хан мен Мейрамхан ойын бастап,
Бір дамыл ала алмады күндіз-түні.

Ділдәны күндіз-түні отыр төгіп,
Жабырдың бойы балқып қызды көріп.
Сегіз күн дамыл таппай, ақырында
830 Мейрамхан Жабыр ханды шықты жеңіп.

Жабырдың кетірді сөйтіп сорын,
Салтанат сарайларын, барлық қолын.
«Бүйтіп тірі жүргенше, өлейін» деп,
Салыпты өз басы мен патшалығын.
Бақыты Мейрамханның судай тасып,
Ұтыпты түк қалдырмай бірді беріп.

Айрылды Жабыр хан алтын тақтан,
Патшалық хукім еткен барлық бақтан.

Құлдардың есебінде қол қусырып,
840 Қызмет қылып Жәмшид ерге отын жаққан.

Отырды алтын таққа патша болып,
Мейрамхан ханым болды айдай толып.
Түзетіп қару-сайман ескіргенін,
Ерлердің қатарында елін құрып.
Алғашқы Кәрім деген саудагер де,
Сол жерде қызмет еткен қорлық көріп.
Моншаның отын жағып, лөңгі беріп,
Қайғымен жылағанда жүрген еріп.
Жамағат, жалықпастан тыңдаңыздар,
850 Айтайын бір хадиса жауап беріп.

Әлқисса, енді сөз Емран шаһарына Бұлғар шаһарынан келген саудагерден сөз естіңіздер:

Еренқабыл шәріден керуен келді,
Аралап дүния үшін талай жерді.
Моншаға Уалсау деген барып еді,
Кәрімді лөңгі берген сонда көрді.

Кәрімді танушы еді бастан бұрын,
Байбатша салтанатты шаттық күйін.
Көрісіп бір-бірімен құшақтасып,
Айтысты ішіндегі барлық сырын:
— Айрылып бар дүние, әйелімнен,
860 Боп тұрған осы күнгі мына түрім.
Інісі патшасының болғаннан соң,
Саудагер акт ісімен беріп қолын.

Саудагер арыз берді Жәмшид ерге,
Келгенін баяндады осы жерге:
— Кәрім деген құлыңыз қолындағы,
Патшаның інісі еді біздің елде.
Сол құлды бізге сатсаң, алар едім,
Өзіммен қайтар едім алып бірге.
«Көріп тастап кеттім» деп патшаға айтсам,
870 Тірідей қағады ғой мені жерге.

Тындады Жәмшид патша құлақ салып,
Кәрімнің бұл жұмысы бастан анық.
«Құлдықтан азат еттім, — деді, — сонда,
Қайтем, — деп, — обалына мұның қалып».
Саудагер құлдық ұрып, бек сүйініп,
Қайтарып өз еліне кетті алып.
Биабан Үнді еліне сапар етіп,
Тапсырды ағасына алып барып.

880 Сөйлейді ағасына көргендерін,
Мехнат жамандықпен жүргендерін.
Саудагер себебімен өлім жетпей,
Ақыры ата-жұртын көргендерін.

Өлқисса, ендігі сөзді Кәрімнің ағасы інісіне: — Өлсең де
намысыңды жібермей өл. Өлмесең, әйеліңді қайтып ал, — деп
жол көрсетіп айтып тұрған сөзі:

Ағасы ашуланды інісіне,
Айрылып дүниесінен жүрісіне.
— Ізденіп бір ғаярды тауып алып,
Көзіңнің қимылда, — деп, — тірісінде.

890 Бұлғары ол Үрімге қарайды екен,
Хүкімі бір-ақ жерден тарайды екен.
Үрімнің падишасы Қоңқар деген,
Бір өзін мың кісіге балайды екен.
Дейтұғын Шабыраң ғаяры бар,
Айлакер, әрбір іске жарайды екен.

Барғаның Қоңқар шаһқа тура келер,
Зарыңды айтқаннан соң қабыл көрер.
Аларсың андан кейін әйеліңді,
Қайырып Шабыраңға қосып берер.

900 Бұл сөзді қабыл көріп, жүріп кетті,
Үрімге алты күнде барып жетті.
Алдына Қоңқар шаһтың басын қойып,
Әуелден оқиғасын айтып өтті.

— Емранда қорлық етті маған Жәмшид,
Бар дүние, әйелімді тартып алып.
Иә, тақсыр, Жәмшидтен кегімді әпер,
Келіп ем қуат тұтып сізге шағып.

Әлқисса, Үрім патшасы Қоңқар Кәрімнен бұл сөзді естіп қаны қайнап, көзі жайнап, ашуланып Кәрімге айтқаны:

Қоңқардың ашуланып кетті сұры,
Өмірде жеңер емес һешкім мұны.
— Кегінді әперем, — деп, — ол Жәмшидтен,
Сыртына киімінің шықты түгі.
— Қаптатсам қалың әскер — қара тұман,
910 Емранның тірі қалмас бірде-бірі.
Жәмшид деген бұл өзі қайдан шықты,
Жоқ еді естігенім һешбір мұны.

Ол Қоңқар шыдай алмай ашуланып,
Және бір ойға түсті қайта айналып.
«Жіберейн ғаярымды бүгін түнде,
Жәмшидті әйелімен келер алып.
Іздеп келген ел болса тағы көрсем,
Зынданға өмірінше қойсам салып».

Дейтұғын Шабыраң бар ғаяры
920 Бүлдірер ашуланса дүниені.
Һәр түрлі жүрістеген күндіз-түні,
Көрмейді һеш уақытта адам аны.
Сиқырмен от жандырып қорған жасап,
Шаһарын қорғап тұрады, падишаны.
Хикмет бір дорбасы бар-ды және
Салса толмас және де дүниені.
Кәрімге бұл ғаярын қосып беріп,
Жәмшидті ұстамақ боп кетті бәрі.

Әлқисса, енді сөзді Емран шаһарындағы Жәмшидтен естіңіздер. Жәмшид хан болып рахат дәурен сүріп отыра береді. Бір күндері әйелі Мейрамхан тамашалап саяхаттауға патшалық әскер, ойыншы қыздарды қасына ертіп, тауға шығып, тамаша-

мен жата беріпті. Сол кезде Жәмшид жалғыз үйде қалғанда
Кәрім мен Шабыраң ғаяр келіп жолығысуынан естіңіздер:

930 Сарайда жалғыз жатқан Жәмшид бала,
Болмаған көңілінде һешбір сәна.
Биабан ен далада тынбай жүріп,
Емранның шаһарына келді жаңа.
Көрінбей сиқырменен хайла етіп,
Кез болған Жәмшидке осы арада.
Мұрнына иіскетіп дәрімен бейиіс,
Торға сап алып кетті жүзіқара.

940 Бұл ғаяр Жәмшид ерді кетті алып,
Таба алмай Мейрамханды қайран қалып.
Ғашық жар, махбүбәсі болмаған соң,
Кәрім де ренжіді қатты налып.
«Асықпасан үйінде ұстармын» деп,
Кәрімді Шабыраң сөзге салып.
Арада азды-көпті сапар етіп,
Қоңқарға Жәмшид ерді берді апарып.

Апарды хайламенен Жәмшид жасты,
Ғаярдың осылайша өнері асты.
Үрімде Қоңқар шаһқа барғаннан соң,
Бір дәрі ішкізіп көзін ашты.

950 Отырды қайран болып, ашып көзін,
Білмеді не болғанын өзі-өзін.
Сарайының сән-салтанат бәрі бітіп,
Естіді Қоңқар шаһтың айтқан сөзін.

Сөйледі Қоңқар падиша сонда орғып:
— Кәрім деген саудагерге еттің зорлық,
Барғанда шаһарыңа талап алсаң,
Сол зорлығың — өзіңе болар қорлық.

Өзінді ғаярларым келді алып,
Тандырып есіңнен, қапқа салып.

Үрімнің патшасы менмін — Қоңқар,
960 Иә, Жәмшид, танып қойғын, есіңе алып.
Ғұмырың енді өтер қорлықпенен,
Көрмейсің дүнияда енді жарық.

Бұл сөзге Жәмшид патша қайғыланды,
Қорлықпен алады деп ғазиз жанды.
Қоңқар шаһ хүкім етіп ашуланып,
Зынданға алып барып енді салды.
Бұл Жәмшид осылайша жата тұрсын,
Айтайын Мейрамханнан енді халді.

Әлқисса, ендігі сөзді Мейрамханнан естіңіздер. Әйелі таудан үйге келсе, үйдегі Жәмшид хан жоқ. Мейрамхан елін жиып алып, ақылдасып, Емран шаһарындағы бақсы, балгерді жиып алып, кітап аштырды. Сол елде Бадыраң Ғазиз, Бадырап деген екі ғаяр бар екен. Бадыраң Ғазиздің баласы Бадырап екен. Сол Бадырап ғаярлықта бейқисап екен. Сол жерде кітап ашып, Жәмшидтің қайда кеткенін қарап айтады:

— Жәмшидті Үрім шаһарының Қоңқар патшасының ғаяры Шабыраң алып кетіпті. Кәрім саудагерден себеп болған екен. Апарып зынданға салып қойыпты, — деп барлығын айтып өтеді. Ал, енді «мен Жәмшидті іздеймін» деп Бадыраптың жолға түскені:

Бадырап Жәмшидті іздеп түсті жолға,
970 Қарамады асығып оң мен солға.
Бір жынды қатарында киім киіп,
Қоржын, дорба арқалап, таяқ қолда.

Үрімге сол порыммен жүріп кетті,
Қандайлық хайла етсе өзі епті.
Биабан дария шөлде сапар етіп,
Бір күні дарбазаға келіп жетті.

Қақпада қалың әскер тұрған қарап,
Ғешкімді жібермейді бұлар аяп.
Айдаһар сипатында палуандары,
980 Жүзіне болар емес адам қарап.

Шынжырлап базбіреуін байлап қойған,
Қаһарланса дүниені етер хараб.

Әскердің көптігінен есебі жоқ,
Бадырап жылап тұрды мүсәпір боп.
— Шаһарға ендіргін, — деп жылап-еңіреп,
Күнкөріс, қайыр сұрап кетемін, — деп.
«Кембағал адам екен жібергін» деп,
Шаһарға кіргізіпті біреуі кеп.

990 Сонымен дарбазадан кіріп кетті,
Ішіне ол шаһардың келіп жетті.
Диуана қатарында қайыр сұрап,
Неше күн шаһар ішін сайран етті.
«Жәмшидті қандай жерден табамын» деп,
Балнама кітап ашып ақыл етті.

Көрінді осындай іс кітабында,
«Қоңқардың барғын» деген зынданына.
«Ұйықтайды қарауылдар, — деп айтыпты,
Жол ашық жарым түнде барсаң онда».

1000 Зынданға соныменен түнде барып,
Қарады атырабына көзін салып.
Барлығы қарауылдың шарап ішіп,
Жатыпты бет-бетімен естен танып.
Бұлардың бар киімін тонап алып,
Бадырап жіберді отқа жағып.
Жәмшидті зынданнан алып шықты,
Хикмет қапшығынан арқан салып.
Бірін-бірі тірі көріп қуанысып,
Екеуі сыр сұрасты аулақ барып.

1010 Жәмшид ер сөз сөйледі құрмет етіп,
Бадырап қуаныштан жарқ-жұрқ етіп,
— Осыдан қайтсек кекті біз аламыз,
Қоңқардың кетті, — дейді, — қорлығы өтіп.
Кәрімнің сөзін сөйлеп намыс үшін,
Зынданға салды, — дейді, — азап етіп.

Бадырап Жәмшидке айтты: — Иә, тақсыр,
Бұл сапар амандықпен елге жетіп.

Шығуға бұл шаһардан қандай хайла,
Бір зиян бола ма деп ғазиз жанға?
Айнала қорғандардан адам өтпес,
1020 Жағалап бақтың ішін жүрді сонда.
Бадырап Жәмшидпенен келе жатса,
Шам жанған неше түрлі бір сарайда.

Сарайдың салтанаты жаннан асқан,
Сондайлық сипаттаған асыл тастан.
Отыр деп не себептен бұл уақытта,
Бұл үйді көрмек үшін жақындаған.

Тұсына терезенің келді жетіп,
Ішінде не бар, не жоқ үміт етіп.
Шолпанның жұлдызындай бір сұлу қыз
1030 Қырық қыз нөкерімен тамаша етіп.

Бадырап Жәмшидпенен тұр сығалап,
Сұлулық сипатына қыздың қарап.
Гауһардан жағып қойған шам-шырақтай,
Сипаттап болар емес неш бағалап.

Алтыннан омырауы толған алқа,
Өмірде көрген емес мұндай қалқа.
Ақ жүзін көргеннен соң ес қалмады,
Қасына қайтер еді жақын барса.

Бұл қыздың жамалынан күн көрінген,
1040 Інжу, жауһар үстіне киім киген.
Бұл түрлі салтанатын көргеннен соң,
Жәмшидтің ғашықтықпен іші күйген.

Бадырапқа Жәмшид айтты: — Тілімді алып,
Бұл жерде сіз тұрыңыз рахаттанып.
Мен қазір рұқсат сұрап үйге барып,
Бұл қызбен сөйлесемін жауап алып.

Сағынып көптен бері жүруші едім,
Азырақ сыбызғымен бір ән салып.
Ажал жетсе өлермін осы жерде,
1050 Дүниеде адам тұрмас бақи қалып.

Бұл сөзді Бадырап та көрді мақұл,
Қайыршы қатарында Жәмшид пақыр.
— Енем, — деп, — рұқсат болса осы үйге,
Есігін қақты сонда тақыр-тақыр.

Жүгіріп сол заманда бір қыз келді,
— Бұл кім? — деп ашуланып жауап берді.
— Мезгілсіз нағып жүрген адамсың? — деп, —
Көзіңді шапшаң енді жоғалт, — деді.

Жәмшид ол қызға: — Мен диуана,
1060 Боп жүрген жындылықтан бір пәруана.
Бақсы, балгер, ашамын құмалақты,
Айтыңыз осы сөзді ханышаға.
Мен дағы Қоңқар шаһтың адамымын,
Жөн бе екен түнеткені айдалаға.

Сөйледі есікші қыз ханышаға:
— Бұл үйге қонамын дейді бір диуана,
«Қобызбен күй тартамын, құмалақ сап», —
Деп зарлап жылап отыр босағада.

Сұлу қыз сөз сөйлейді сонда тұрып,
1070 Аққудай көлден ұшқан мойын бұрып:
— Ақиқат жынды болса жынды шығар,
Сау адам түн ішінде келмес жүріп.
Есік аш, диуана келсін бері,
Бір түнге отырайық мазақ қылып.

Әлгі қыз ертіп келді Жәмшид ерді,
Отырған шоқтай жайнап қызды көрді.
Иіліп тал шыбықтай Жәмшид мырза,
Ол қызға қол қусырып сәлем берді.

— Ойпырым-ай, қыздың бәрі мұнда екен, — деп,
1080 Аузына келген сөзін сөйлей берді.

Ол қыздар күліп жатыр бұған қарап,
Ыржың-ыржың етеді алақ-алақ.
— Аһ, дүние, өткен заман бойда болса,
Қайсысын алар едім сонда таңдап.
«Жездем» деп балдыздарым ойын-сауық,
Шаң-топыр қыздарменен салсам ойнақ.

Барлық қыз жиылдыңдар мұнша нағып,
Мен тұрмын бұл ісіңе қайран қалып.
Онан да бір-бір байға тиіп алып,
1090 Жатқаның жақсы емес пе рахаттанып.

Бала тапсаң тағы да ол бір қызық,
Ол кеткенің артыңда тұқым қылып.
Бұл топырдан, шырағым, түк өнбейді,
Біреуің маған тигін тілімді алып.

Әлқисса, бұл сөзге қыздар күліп: — Анық диуана, ойдағы сөзін айтты, бұл сау адам болса ханышаның алдында әдепсіз сөз айта ма, — деп сөз шығарды. Ал сонда әлгі сұлу қыз тұрып Жәмшидке айтты: — Әй, диуана, сіздің айтқан тіліңізді алайық, осы қыздан бір қыз сізге берілген, бүгін соның тойы болсын, ал, енді той бастап біраз өлең айтып жіберіңіз, — деді. Жәмшид: — Мақұл, бұл тойды мен бастайын, — деп бір сыбызғы қолына алып айтқан өлеңі:

— Ал, тойымды бастайын,
Сыбызғы сөйле сыңқылдап.
Қыздардан ұят болады,
Шықпай қалсаң қыңқылдап.
Маған бәрі қарап тұр
1100 Қайсымызды алад деп,
Тұйғындай көзі жылтылдап.
Дәулетіндей Қоңқарша
Сырт киінген бұларды,
Бордақы малдай былқылдап,

- Екі емшегін қарашы,
Төсіне кіріп тырсылдап.
Құшақтасып бір қызбен
Төсегіне ұйықтасам,
Балдыздарым оятса,
1110 «Тұр» десе де тұрмасам,
Сөзін қабыл қылмасам.
— Бұздыңдар, — деп, — ұйқымды,
Ашуланып шындасам.
Ал, таңдаймын бірінді
Сөзіңді жалған қылмасаң.
Қайсың жақсы көресің
Қонағым деп сыйласаң.
Қайсың мені сүйесің,
Өздерің қалап тиесің.
1120 Диуана боп мал тапсам,
Қоржын дорба көтеріп,
Тайым болып жүресің.
Осы бастан айтайын,
Жыртық көйлек киесің.
Бақ, сарайым менде жоқ
Қамыстан соққан балаған,
Еңкейіп оған кіресің.
Қалыңдықты таңдайын,
Келтіріп сөздің жүйесін.
1130 Ортаңдағы бәріңмен
Жаман деп нешкім тастамас,
Жеті күнге тосыпсың.

Жәмшидтің бұл сөзіне қыздар күліп, мазақтап: — Сөйлей бер, — деді. Сонда бір қыз тұрып жауап етті: — Ей, диуана, мұның қалай, ханышаның алдында әдепсіз сөз сөйлейсің. Бұл қыздарды кім деп тұрсың? Бұл қыз осы Үрім шаһарының патшасы Қоңқардың қызы Маһирон деген ханыша осы. Абайлап сөйле, ханыша ашуланса, мың жаныңнан бір жаның да қалмайды. Онан да білсең ханышаны мақтап айт, білмесең сандалмай кете бер, — деді.

Ал сонда Жәмшид айтады: — Мен бір жүрген диуанамын, ақылым бүтін емес, жыным ұстағанда бір түрлі айтамын және

де есім кірсе бір түрлі айтамын. Ал, енді сау күнімде[гі] айтайын өлеңімді, — деп домбыраны қолына алып сөйлей бастады.

Жәмшид сонда сөйлейді:

— Алдияр, тақсыр, ханыша,
Нәсілді болсаң падиша,
Айтар сөзім тіпті көп,
Неше түрлі хадиса.
Бақытты болар әркім-ақ,
Басына Қыдыр дарыса.
Дария арам болмайды,
1140 Ит жабылып сарыса.

Сөйткен дария сен едің,
Шалқып жатқан кен едің.
Дыбысыңды есітіп,
Бір түрмен кеп едім.
Ғашықтық деген қасірет,
Айтып тұрған өлеңім.

Жамандықпен ойласаң,
Ақиқат менің өлерім.
Мен өлгенде ойлаңыз
1150 Қанша пайда келерін.
Алтын айдар, жалың шаш,
Асып туған перісің.

Сипатың нұрдан жаралған,
Гауһар көзді зерегім.
Өздеріңдей асылға
Сөйлеп-сөйлеп берем мен
Тірліктің не ісіме керегін.
Қаламдай қасың қиылып,
Садақтай сағақ иіліп,
1160 Қозы жауырын жебенің.

Жәмшидтің сан құбылып шықты әні,
Саусақтап шертіп отыр домбыраны.

— Уа, ғажап, бұл диуана емес қой, — деп,
Адасты ақылынан қыздың бәрі.
Бәрінің бойы балқып, қайран болып,
Болар деп қандай жанның ғашық жары.

— Бір хикмет диуанада бар екен, — деп,
Маһирон да ақылменен білді әнді.
Жәмшид ер тартты тағы сыбызғыны,
1170 Бұлбұлдың тең келмейді бұған үні.
Мас болып қыздың бәрі құлап жатыр,
Алмадай пісіп тұрған күзді күнгі.

Топырлап қыздың бәрі жатты сұлап,
Жәмшид те толықсиды болып сынап.
— Дүние-ай, осы мені алмайды-ау, — деп,
Кейбір қыз теріс қарап жатыр жылап.
Ішіне ғашық оты қасірет боп,
Маһирон де сабырлықпен отыр сынап.
«Ішінде осы көптің ұят болар,
1180 Сөйлесем ақиқатын мұның сұрап».

Ғашықтық Маһиронға жаннан өтті,
Мұндайын көрмедім деп асыл текті.
— Тоқтат, — деп диуанаға — домбыраны,
Қыздарға: «Жатыңыз» деп әмір етті.
Амалсыз ханшадан қорыққанынан,
Артына қарай-қарай қыздар кетті.
«Бұл өзі диуана емес, жан күйдірер»,
Күнкілдеп бет-бетімен өсек етті.

Артында бұл қыздардың болды көзі,
1190 Қыздардың құлағында Мәлік сөзі.
— Ханыша бәрімізге жат деп айтты,
Қосылмақ диуанаға бүгін өзі.

Әлқисса, ендігі сөзді Маһироннан естіңіздер. Маһирон қыздардың бәрін өзді-өз бөлме сарайына жіберіп, өзінің сарайына өзі барып отырады. Мәлікке бір бөлмеге төсек салдырып беріп жатқызып, ал енді өзінің ғашықтығы жанға батып,

өзімен өмір серік, әрқашан болса сырласып тұратын бір Жамал деген қызды шақырып алып, сырласып айтып отырған сөзі:

Назым Маһирон

— Жамал-ай, бері келші, замандасым,
Бірге жасап келеміз жастық жасым.
Туғаннан анамыздан ниеттес боп,
Боп жүрсің қашан болса ақылдасым.
Ішіп-жемей мас болып бір нәрсеге,
Бұл күнде айналып тұр менің басым.
Айттырмай сыр білетін қатарымсың,
1200 Бұл істің сіз табарсыз шын дауасын.
Бұл қайғы дәл кімнен боп тұрғаны,
Сізден сұрар бұл өзі емес бұйым.
Сән-салтанат сарай мен осы бақыт
Көзіме көрінбейді екі тиын.
Айтарға аузым бармас көңілім арман,
Қозғалады осылайша баста миым.
«Адассам ақыл болад» деуші ем сізді,
Бұл іске табылады сізден түйін.

Әлқисса, Маһиронның бұл сөзін естіп, Жамал қыздың айтқан сөзі:

— Ханыша, сөзім тыңда, жандай досым,
1210 Келмеді қалайынша көңіл хошың.
Табармын есен болсам маддұғанды,
Бір менен түгелденсе ол жұмысың.

Бір сізден аярым жоқ қолдан келсе,
Кімдер жасып, қор болмас қайғы көрсе.
Ғашықтық, қайғы-қасірет, ауруыменен
Адамды қор қылады бұл үш нәрсе.

Ден сауда есеп емес жоқтық, байлық,
Қайғы деген ол өзі анықтарлық.
Дүниеде ғашықтың дерті жаман,
1220 Көз көрсе, қол ұстамай қояр зар қып.

Шақырдың сырынды айтып өз қасыңа,
 Бұл күнде ауру жоқ бір басыңда.
 Қайғы-қапа көретін неш жөнің жоқ,
 Бір адам келе алмайды өз қасыңа.
 Ғашықтық қасіретке кез боп қапсыз,
 Сөзіңнің қарап тұрсам тұлғасына.
 Айтып өт арманыңды олай болса,
 Шығарам әлім келсе қыр басына.

Әлқисса, Маһирдың Мәлікке ғашықтығын сипаттап, Жамал қызға айтып отырған сөзі:

- 1230 — Жамалжан, ақылды боп тудың дана,
 Әрқашан болып жүрсің маған пана.
 Диуана болып келген қонағымыз
 Өрт болып жүрегіме салды жара.
 Бұл қонақ диуана емес нағыз шын-ды,
 Сипаты салтанатты, сондай сынды.
 «Ерден өнер құтылмас» деген сөз бар,
 Бұл өзі жігіт екен сегіз қырлы.
 Бұл жерге бір себеппен келу керек,
 Ғашықтық сөз айтады тоқсан түрлі.
- 1240 Жайнаған жай тасындай порымы бар,
 Қақпақтай жауырынды, қандай нұрлы.
 Жамал-ай, енді аяғын өзің жөнде,
 Құшақтасып айтатын іште сырды.

Қонақты, мақұл көрсең, келгін алып,
 Сұрайын жон-жосығын жөнге салып.
 Ақиқат бізді іздеп келген болса,
 Отырсақ жарасқандай рахаттанып.

- Жамал қыз мақұл көріп тұрып кетті,
 Алдына Мәлік ердің келіп жетті.
- 1250 «Ханыша сізді мұнда шақырад» деп,
 Әлгі қыз майда сөзбен ғұзыр етті.

Қуанып ұшып тұрды Мәлік мырза,
 Шақырған құрметіне болып ырза.

Ханыша сарайына барғаннан соң,
Қайтадан қол алысты сонда қызға.
Маһирон алтын тақта отыр еді,
Сипаты бір ғажайып ұқсап нұрға.

- Маһирон сөз сөйледі жауап беріп,
Бірін-бірі көрген соң көңлі еріп.
1260 — Жүрісің диуаналық, нәсілің артық,
Бұл жерге қай тараптан тұрсыз келіп?
Ойдағы оқиғанды айтып өтші,
Мәнісін бастан-аяқ біз естілік.

Әлқисса, Мәліктің Маһирон қызға бастан кешкен оқиғасын айтқаны:

Сөйледі Мәлік сонда ата-тегін,
Емран шаһар қаласын, туған жерін.
Бақ-дәулет, патшалық дәурен сүріп,
Қоңқарға қолға түсіп келгендерін.
— Бұл күнде тірі зындан, сізді көріп,
Байланған ғашықтықтың іште шерін.

- 1270 Бір сізге арманымды айтпай кетсем,
Онан да жақсы емес пе маған өлім.
Өзіңе ғашықтықтан сабырым жоқ,
Оқиғам осылайша, қара көгім.

Ғашықлық Маһиронда сондай қатты,
Бұл қыз да әсілі нәсілін бәрін айтты.
— Өз теңім өлсем дағы арман жоқ, — деп,
Белгілі адам екен асыл затты.
Менің ғашығым бір сізден екі есе, —
Жәмшидке күлімсіреп қолын артты.

- 1280 Отырды сіз-біз десіп бұлар бірге,
Ұқсады бау-бақшада қызыл гүлге.
Бұлттан шыққан күндей боп шұғлаланып,
Түскендей ай сәулесі айдын көлге.
Маһирон Мәлік ерді шынашақтап,

Отырды армансыз боп дүниеде.
Сөз қалмай айтылмаған, түрлі ләззат,
Енді арманы деп отыр жатсақ бірге.

Ақыры ойда мақсұт, бітті арман,
Бір минут ұйқы көрмей ұзын таңнан.
1290 Елге қайтіп жетеміз деген оймен,
Үміт етіп сөйледі өткен халден.

Жәмшид айтты: — Маһирон, ғашық жарым,
Сізге айтар ойымдағы бұл арманым.
Бұл жерден қалай шығып біз кетеміз,
Қолға түссек болмайды менің мәнім.
Сізді тастап өмірде кете алмаймын,
Жолында сарып етем ғазиз жаным.
Ақылдассақ жарым емес, бүтін болмақ,
Бұл істің сіз айтыңыз енді амалын.
1300 Жанға сая жолдас, хайласы мол,
Бадырап қасымда бар бір ғаярым.

Өлқисса, Мәліктің бұл сөзін Маһирон естіп, Мәлікке
Маһиронның айтқаны:

Маһирон Жәмшидке айтты: — Сабыр әйла,
Көреді сабырлы жан әрбір пайда.
Бұл сапар мені алып кете алмайсыз,
Жәмшидім, ақырын күт, түбін ойла.
Бір ғаяр бар Шабыраң біздің елде,
Қоймайды жасырынсаң да қандай сайға.
Өз басың аман-есен елге барып,
Әскер жиып, күшпенен келгін мұнда.

1310 Еліңе жаяу жүріп жету қиын,
Ат-тұрман, қолыңда жоқ һешбір бұйым.
Қандайлық жоқтығының себептерін,
Айтайын мен сіздерге барлық сырым.
Менің әкем Қоңқардың бір аты бар,
Сипаттап айтып болмас аның түрін.

Ол аттың Бадампай деп айтар атын,
Қарғып шапса барады құсқа жақын.
Айлықты алты күнде тамам етер,
Ғайыптан пайда болған дейді затын.

- 1320 Ол атты темір үйге тұрар бағып,
Ішіне жоламайды бөтен халық.
Дейтұғын Шабыраң бір бар ғаяры,
Суытар әр аптада терін алып.
Астына Қоңқар патша өзі мініп,
Келеді саяхат қып тауға барып.

Жібергін Бадырапды Бадампайға,
Қолынан келер болса оның хайла.
Шабыраң ғаярдың ісі өтпейтін
Осындай бір ғажайып етсін хайла.

- 1330 Қоңқардың ғаярындай анда барсын,
Сол атты суытам деп сұрап алсын.
«Жүгіртіп сахараға келемін» деп,
Ашқын деп дарбазаға жетіп барсын.
Деп ойлап Шабыраң қақпаны ашар,
Танымай Бадырапды қара басар.
Бадампай қолға түссе, бақытты жол,
Сіздер сынды елдердің бағын ашар.
Жәмшидім, жолыққанша кім бар, кім жоқ,
Тірі болсам мен емес қайта басар.

- 1340 Қару, қайрат аса көп ап келмесең,
Қоңқардың палуандары қаның шашар.

Әлқисса, Маһирон бұл сөзді айтып болған соң және Мәлікке айтады:

— Ал енді сіздің шығатұғын себебіңізді тағы да айтайын. Біздің мына бақшамыздағы ағып жатқан судың басы шаһардың қорғандап қойған дуалының астынан тесіп қойған, сонан келеді. Сол су өткен жерден Бадырап ғаяр амалдап темір қазығын алып, сізді өткізер, — деп Маһирон қыз сөзін тоқтатып, Мәлікпен құшақтасып, қол алысып қала береді. Жәмшид үйден шығып Бадыраптың қасына келіп оқиғаны бір-бір баян етті.

Бұл сөзді Бадырап мақұл көріп, су өткен жерге келіп қадаған темірлерін сындырып, Мәлікті дуалдан өткізіп жіберіп «ал енді мен Бадампайға барайын» деп, ертемен Қоңқардың ат баққан адамына барады. Шабыраңның суретінде болып «патша жіберді, атты суытамын» деп. Ат баққан адамнан атты алады. Ол дәл танымай, Шабыраң ғаяр деп сеніп қала береді. Бадырап Бадампайды мініп жөнеп береді.

Бадырап ғаярдың Бадампайды мініп, дарбаза есікке келгенін толғар аттың сипаты:

Мініп алып Бадырап
Бадампаймен жөнелді.
Алтыннан жабу жаптырып,
Жібектен арқан тақтырып,
Өңі асылға бөленді.

- Екі құлақ тігіліп,
Батырлар алған найзадай,
Ақ маңдайы жалтырап.
- 1350 Мың теңгелік айнадай,
Жайдың атқан оғындай,
Қызыл-жасыл көрініп,
Екі көзі жайнады-ай!
Арандай ашып азуын
Іші пысып зерігіп,
Айдаһардай алысып,
Аспанға қарғып ойнады-ай!
Жібек емес, қыл да емес,
Құйрық пенен жалдары.
- 1360 Асқар таудың шоқысы,
Төрт түрде болып көрінген,
Екі қол, екі сандары.
Алты құлаш азуы,
Айдаһардың жалманы.
Бес аршын деп айтыпты
Қабырғаның арасы.
Жартастай боп көрінген
Тісінің сипат қаласы.

- Бір айрық көлдей дөңгелек
1370 Төрт аяқтың шамасы.
Заманында Бадампай
Барлық тұлпар ағасы.
- Жетіп келді Бадырап,
Бадампайды ағызып.
Қарсы алдында адамның
Басынан қарғып қағынып.
— Шапшаң аш, — деп, — қақпаны, —
Асығысып қабынып.
«Шабыраң ғаяр, — деп, —
1380 Ат суыта барад», — деп,
Сексен палуан сол жерде,
Дарбаза ашты жабылып.
Шығып алып бұл жерден,
Бадырап сонда жөнелді,
Ойдағы мақсұт табылып.

Әлқисса, енді сөзді Мәлік пен Бадыраптан естіңіз. Бадырап Бадампаймен Мәлікке келіп, екеуі мінгесіп алып жүре берді. Ол заманда ер тоқымды һешкім білмейді екен. Және дамбал ки-мейді екен. Біраз шүберекті лөңгі деп тартып жүре береді екен. Ал енді Мәлік пен Бадыраптың сапарынан естіңіздер:

- Бадырап Жәмшид ерге келді шауып,
Бұрынғы қойған жерден алды тауып.
Мінгесіп Бадампайға сапар етті,
Ғаярдан Шабыраң қатты қауіп.
- 1390 Бадырап ғаярлықта хайласы бар,
Сол заман бұршақпенен жауғызды қар.
Ол қамал орнатыпты көп тосқауыл,
Аспанға жалын шығып төнген мұнар.
Қанша күн жайдақ атпен сапар етіп,
Құйрығы ойылды, қанша шыдар.
Күні-түні дамыл таппай келе жатса,
Қарасын бір жалғыз үй көрді бұлар.

Сол үйге көрінген соң бұлар келді,
Бір кемпір көн илеген мұны көрді.
1400 Жәмшидтің өз ойына ақыл түсіп,
Кемпірдің сонда көнін сұрайды енді:

— Анажан, мен сұрадым көніңді бер,
Келгенім сапар тартып қаншалық жер.
Бұл жерде өте маған керек болды,
Балаңның осылайша өнерін көр.
Кемпір де сөзін жықпай бере салды,
Бұл көнді атқа салып жасады ер.

Ол көнді алып барып атқа салды,
Үстіне Мәлік батыр мініп алды.
1410 «Адамға жайлы нәрсе болады-ау» деп,
Шошайтып алды-артын һәм шығарды.
Ағаштан ер істеді Жәмшид батыр
Ақыры мирас болып кейін қалды.
Биабан ен далада тынбай жүріп,
Еліне сау-саламат бұлар барды.
Қайтадан патшалыққа отырған соң,
Қоңқарға аттанбаққа хабар салды.

Әлқисса, ендігі сөзді Жәмшид патшаның әскер жиып, Қоңқарға баруынан естіңіздер. Мәлік түрлі өнерпаздарын жиып, барлық әскерге ағаштан ер жасатып берді. Және де абыройсыз болмасын деп бұтына ыштан кигізіп, түрлі палуан, түрлі айлакер, ғаяр, сиқыршыларын алып 12 мың әскерімен Үрім шаһарына жөнеп берді. Және де мұндағы өз орнындағы уәзіріне: «Бізден хабарсыз болмаңыз, артымыздан әскер жүргізіп тұрыңыз», — деп тапсырады. Және әйелі Мейрамханды алып кетеді. Ғаярдың бастығы Бадыраң Ғазиз, оның баласы Бадырап барлығы Үрім шаһарына рауан болды.

Үрімге Жәмшид патша кетті жүріп,
Айбатты салтанатын құп білдіріп.
1420 Сазнағма, неше түрлі тамашамен,
Сондайлық парасатпен ойнап-күліп.
Тау-таста хайуандар кетті қашып,

Сарынды келе жатқан бұлар біліп,
Мінгені тұлпар менен өңкей тобышақ,
Қырменен саз жерлердің шаңы шығып,
Палуандар тоқсан қабат сауыт киіп,
Бір тауды қалқан қылып мойынға іліп.
Сегіз жүз батпан келер шоқпарлары,
Аяғы сүйретіліп пілге мініп.

Әлқисса, Жәмшид бұл түрлі парасатпен келе берсін. Ендігі сөзді Үрім шаһарындағы Қоңқардан естіңіз. Мәлік кеткен соң, зынданнан хабар алады. Зындан қарауылдары барлық киімінен айрылып, және дағы Мәліктен тағы айрылып, Қоңқарға мағлұм етті. Қоңқар Шабыраң ғаярын шақырып, оқиғаны баян етті. Сол мезгілде Бадампай атты бағатын атшы Қоңқарға арыз болады.

— Тақсыр, тұлпарыңды Шабыраң ғаярыңыз мініп кетіп еді. Екі күн болды жоқ, ғаярыңыз мұнда тұр, тұлпар жоқ. Шабыраң ғаяр айтады: — Мен атты мінгенім жоқ, — дейді.

Сол уақытта Шабыраң кітап ашып «басқа ғаяр келген болмасын» деп қарады, көрді. Бадырап келген, Жәмшид алған атқа мінгесіп Емран шаһарына кеткен. Қауіпті, баруға жол жоқ. Уақытын беріп және де қайта балдамаға қарайды. «Жәмшид мұнда келе ме, келмей ме?» деп қарады. «Жәмшид келе жатыр 12 мың әскерімен» деп оқиғаны бір-бір баян етті. Ал енді Қоңқар қаһарланып, жан-жаққа хабар етіп, әскер қамын етеді. Үрім патшасы Қоңқардың дайындығы:

1430 Қоңқардың бұл сөзді естіп, кетті сұры,
Сыртына киімінің шықты түгі.
Қараған хүкіміне қанша халық,
Бар екен бір басында тоқсан елі.
Әр баласы әр жерге патша болған,
Алам деп ойламаған һешкім мұны.
«Тез заман әскер алып келсін мұнда»,
Шапқызды шабарларын күндіз-түні.

Шабарлар күндіз түні кетті жүріп,
Құйындай Қоңқар шаһқа түсті бүлік.
1440 Мәлік кеп мені алады, ойында жоқ,

Бадампай тұлпарына іші күйіп.
Үрімді қалың әскер кетті қаптап,
Бәріне жасауылдан хабар тиіп.
Есептеп айтып болмас нешбір мұны,
Болмайды біреуді біреу біліп.

Күнбатыс, күншығыс та келіп жатыр,
Астында керігі өңшең батыр.
Бес жүз батпан қолында шоқпары бар,
Дұшпанға саламыз деп заманақыр.

- 1450 Үрімнің атырабына тұрды барып,
Жасыл ала тулары желбір қағып.
Әскердің айналасы оттан қорған,
Сиқырмен Шабыраң тұрған бағып.
Күңіренсе палуандар қаһарланып,
Қорқады су түбінде жатқан балық.
Жамағат, жалықпастан тыңдаңыздар,
Мәліктен сөз сөйлейін сыр шығарып.

Өлқисса, ендігі сөзді Мәліктен естіңіздер. Жәмшид қанша күн жол жүріп, ауыр әскерімен Үрімнің шаһарына жақындап, бір өзен бойына түсіп, қос тігіп қонып жатады. Сол заманда Бадырап ғаярдың әкесі Бадыраң Ғазизды шақырып алып: — Менің ғашық жарым Маһиронды сағындым және уағдам бар еді Үрім шаһарына келген күні ғаярды жіберіп алдырамын деген, сол сіздің қолдан келеді. Мен хат жазып, мөр басып берейін, сіз барып алып келіңіз, — деп жұмсаған соң, Бадыраң Ғазиз мақұл болып жүріп кетті. Бадыраң Ғазиздің Маһирон қызға баруынан сөз:

- Бадыраң Жәмшид ердің тілін алды,
Бадырап әскер қорып мұнда қалды.
1460 Бір құстың сипатындай өзі болып,
Үрімді ұшып жүріп шыр айналды.
Ішінде бау-бақшаның алтын сарай,
Есігінің алдына қона қалды.
«Бұл үйде қандай адам бар екен» деп,
Аз тоқтап, құлақ қойып тыңдай қалды.

- Отырды тоты құс боп жүз құбылып,
Сол үйде қыздар жүрген ойын қылып.
Ән салды бір азырақ неше әлден,
Дауысын естіп қыздарға түсті бүлік.
- 1470 «Уа, ғажап қайдан шықты бұл дауыс» деп,
Далаға шықты бәрі түгел жүгіріп.
Адасқан соқыр құс деп ойласын деп,
Отырған екі көзін мықтап жұмып.
Далаға шығып қыздар көре қалды,
Қонып тұрған бұл құсты ұстап алды.
Сұлулық сипатына қайран қалып,
Алдына Маһиронның алып барды.
Жұмылған екі көзін көргеннен соң,
Отыр деп соқырлықтан сөз шығарды.
- 1480 Құс болып ғаяр отыр көзін жұмып,
Басқа қыз өз жайына кетті жүріп.
Бұл құста бір оқиға бар шығар деп,
Маһирон көз айырмас фәһим қылып.
Сол заман жатар уақыт болғаннан соң,
Хан қызы бөлмесіне жатты кіріп.
«Таң атқан соң дәрігер шақырам», — деп,
Қойыпты өз қасына отырғызып.
- Басқа қыз соныменен жатып қалды,
Соқыр құс сонда тұрып сөз шығарды.
- 1490 Жәмшидтің жазған хатын бергеннен соң,
Маһирон оқып көріп, бек шаттанды.
Ғашыққа қосылатын уақыт екен деп,
Сипатты киім киіп даярланды.
Хикмет дорбасына салып алып,
Жәмшидке аз заманда алып барды.
- Қуанды жолдасына Мәлік жана,
Маһирон жайлы мінез сондай бала.
Көрісіп, құшақтасып Мейрамханмен,
— Саламат, жақсымы[сы]з, — деді, — апа.
- 1500 Шаттықпен бұлар мұнда жата берсін,
Қыздардан сөз сөйлейік енді жана.

Әлқисса, ендігі сөзді Маһиронның артында қалған көп қыздан естіңіздер:

Таң атты сол заманда мағлұмланып,
Күн шықты раушан болып етіп жарық.
— Ханша енді қашан тұрады, — деп,
Телміріп қыздар отыр есік бағып.
Ғеш хабар түске дейін болмаған соң,
Барлығы шуылдады айғай салып.
— Бір бәле осы қызға болған-дүр, — деп,
Есікті бұзды сонда балтаны алып.
1510 Қыз тұрмақ, ұстап алған соқыр құс жоқ,
Тұрады алтын сарай ессіз қалып.

Шуылдап қыздар байғұс ойбай салды,
Ашылмас бір бәлеге бұлар қалды.
Соқыр құсты ұстаған қыз байғұстың
Жабылып жүндей түтіп басын жарды.
— Бәрімізге кесірі тиер болды,
Өлтір, — дейді біреуі, — сорлы қарды.
— Соқыр құс не жеп қойды, не ап кетті,
Жаласы қылғанмен бізде қалды.
1520 Не болса да өлетін болдық қой, — деп,
Патшаға баяндады барлық халді.

Әлқисса, қыздар бастан-аяқ оқиғасын Қоңқар патшаға айттып болған соң, Қоңқар ашуланып, Шабыраң ғаярына балдама аштырды. Қарады, көрді. «Мәліктің ғаяры алып кетіп тұр. Маһирон Жәмшидтің шатырында ойнап-күліп, шарап ішіп отыр» деп жауап берді. Қоңқардың сабыр-тағаты қалмай «майдан жерге шық» деп барлық әскерін сап түзіп тұрғанынан естіңіздер:

Қоңқардың ашуланды қаны қайнап,
Құтырған жолбарыстай көзі жайнап.
«Жәмшидті бір сағатта жоқ қылғын», — деп,
Әскерін топ-тобымен шықты айдап.
Босатты палуандарын сол заманда
Бұрында шынжырменен қойған байлап.

Базбір палуан мінеді айдаһарға,
Жыланды қылыш етіп қару сайлап.

- 1530 Келеді базбіреуі пілге мініп,
Аяғы піл үстінен сүйретіліп.
Сегіз жүз батпан қолында күрзісі бар,
Тасты ұрса кетеді екен көмір қылып.

Солайша майдан жерге тұрды барып,
Есепсіз жиылды сонша халық.
Қоңқардың осындайлық айбатына
Қарады Жәмшид ер де көзін салып.
Бұлар да соғысқа әзірленіп,
Бетпе-бет бола қалды бұл да барып.

- 1540 Көптігі дұшпанының ойға келмес,
Шошынып, сескенбейді жалғыз ғаріп.

Әлқисса, енді сөз Қоңқармен Жәмшидтің соғысқа шығып,
соғысуға жекпе-жек палуан шығарғанынан естіңіздер:

Сап түзеп екі әскер қарсыласып,
Кетіпті жер-жаһанды тозаң басып.
«Ел көрер есендікпен заман жоқ» деп,
Қоштасты қорқақтары қол ұстасып.
Қоңқардың әскерінен шыға шапты,
Бір батыр керігіне қамшы басып.
— Жекеге шығатұғын адам болса,
Өлтірем, — деп айтады, — қанын шашып.

- 1550 Жәмшидтің Малақ деген бір батыры
Сол заман жетіп барды асып-сасып.

Қоңқардың палуанының аты Жадыр,
Шоқпарын қолына алды абыр-сабыр.
Салысты Малақпенен кезек-кезек,
Көрмеді бір-біріне өлім, жәбір.

Күрзіні Малақ батыр қолына алды,
Қабағат сабырсыз боп ашуланды.

Ақырып, айбаттанып сілтегенде,
Жадырдың сол күйінде басын алды.

- 1560 Майданда Малақ тұрды сес көрсетіп,
Қарады жанның бәрі тамаша етіп.
Қоңқардың әскерінен Сайыл деген
Бір батыр бұлттай қайнап келді жетіп.
— Атақты, даңқы шыққан менмін Сайыл,
Ой, Малақ, қалды, — деді, — қазан жетіп.
Өлтірдің Жадыр деген жолдасымды,
Байқаусыз бұрын ұрып қатыл етіп.

- Малақ айтты: — Жарамас бекер мақтан,
Мен де бір ақ тұйғынмын қанат қаққан.
1570 Жақсы көрсең Жадырдың артынан бар,
Лазым емес, жан досың жалғыз жатқан.
Істей бер, қолдан келер ісің болса,
Қаруың толып жатыр қанша батпан.

- Осымен қарсыласты бұлар жана,
Батырлық айбатына жоқ-ты шама.
Сайыл ер ұрғанында ашуланып,
Қалқаны Малақ ердің болды пара.
Ажалсыз болған соң аман қалып,
Тәніне қанша жерден түсті жара.
1580 Енді кезек Малаққа келгеннен соң,
Шоқпарын көтерді сонда жаңа.

Шоқпармен қанша батпан қалды салып,
Жығылды Сайыл батыр естен танып.
Бұл Сайылдың өлгенін көргеннен соң,
Қоңқардың әскерлері қайғыланып.
Сол заман барлық әскер кетті қаптап,
Күрзі, шоқпар барлығын қолына алып.
Жәмшид те әскеріне бұйрық етіп,
Қосылды қан майданға бәрі барып.

- 1590 Болмады біреуін біреу біліп,
Соғысып барлығына түсті бүлік.

Күркіреп күндей болып, от жарқылдап,
Аяспай бірін-бірі жатыр ұрып.
Өлгендер төбе-төбе болып қалды,
Керігі батырлардың қанға жүзіп.
Оғындай жай тасының зырқырайды,
Қалқаны басындағы кетсе сынып.

Қабағат бір осындай соғыс қылды,
Болмайды ажыратып күн мен түнді.
1600 Қарайып жер-жаһанды тұман басып,
Еш соғыс болған емес осы сынды.
Таулардан тас домалап, зілзала боп,
Сай-сайдан су орнына қандар жүрді.
«Дүние тамам болад» деп ойлады,
Барлығы тірлігінен күдер үзді.

Бұл соғыс батырларға болды бір сын,
Тынбастан соғысыпты он екі күн.
Кім жеңді, кім жеңілді біліп болмас,
Ешқандай бере алмайды бұған бір шын.

1610 Қабағат екі әскер көрді жәбір,
Алмайды күндіз-түні тіптен дамыл.
Болғанда он үш күннің шамасында,
Барабан «тоқтасын» деп қақты дабыл.

Дабылды естіген соң қайтты бәрі,
Көріпті қиындықпен оқиғаны.
Жалаңдап қойға шапқан аш қасқырдай,
Қызарып екі көзі батырлары.

Жәмшидтің әскері де түсті барып,
Бар-жоғын есептеді қағаз алып.
1620 Өліпті бір мың әскер бұл соғыста,
Қалыпты қанша адамы жараланып.

Қоңқар да өз әскерін санап көріп,
Әр топтан батырлары қисап беріп.
Соғыстың сол күндегі қаттысынан,

Майданда бес мың адам кеткен өліп.
Бұл іске Қоңқар сонда күйіп-жанып,
Жылады шашын жұлып қайғыланып.
— Бір соғыста өлгені мұнша адам,
Жәмшидті ала алмаймыз, — деді, — жеңіп.

Әлқисса, Қоңқар патша қайғыланып, Жәмшидке кісі жіберді. «Он күнге әскер дамыл алсын, мен бас-аяғымды жинап алайын» деп. Мәлік те бұл сөзді қабыл көріп, жата берді. Енді сөзді баяғы Жәмшидке әйелін ұтқызған Кәрім саудагерден естіңіздер:

Назым Кәрім

- 1630 Кәрімнің өткен ісі көпке анық,
Тыңдаңыз, жалықтастан қанша халық.
Мейрамхан әйелінен айрылған соң,
Жүріпті қапалықпен қайғыланып.
- Қоңқарға арыз болып, ғаярланып,
Зынданға Мәлік ерді қойған салып.
Зынданнан Жәмшид шығып кеткеннен соң,
Дүниені кезіп жүрді шыр айналып.
- Іздеді палуан мен айлакерді,
Тынбастан қыдырыпты талай жерді.
- 1640 Зәңгі деген халықтың бір батыры
Тауыпты Фарқағад деген ерді.
- Қанша күн сапар еткен ашып-арып,
Жәмшидтен бере ме деп кегімді алып.
Бір тауда мекен етіп жүреді екен,
Қарады тау ішінен көзін салып.
Тау үстінде таудай боп біреу жатыр,
Әйтеуір қимылдайды демін алып.
Бір таудың күңгейінде топ қарағай,
Қоқаң-қоқаң етеді желбір қағып.
- 1650 Мұрты екен топ қарағай қимылдаған,
Бұл Кәрім өзі барып көргені анық.

Ел-жұрт болған емес, мұнда қала,
Өмірде көрген емес қатын-бала.
Қырық күн ұйқы көрмей жүреді екен,
Бір жатса он бес күнде тұрар жаңа.

Жатыпты бір жартасты жастық етіп,
Аяғы екінші тау тұрған жетіп.
Секілді екі көзі екі дария,
Көрінер Ніл дариядай жарқ-жұрқ етіп.
1660 Бір таудың шоқысындай мұрыны бар,
Танауын аңғарлы сайдай етіп.

Жартастай көрінеді шыққан тісі,
Көрінер көмейінен барлық іші.
Аю, қабылан үстінде ойнақ сап жүр,
Бит шыққандай көрінбес, жоқ жұмысы.

Отырды барып көріп Кәрім пақыр,
Оянып ұйқысынан әлгі батыр.
Шыдамай айбатына қорыққанынан,
Бір жерге жасырынды Кәрім ақыр.
1670 Ол батыр түрегеліп түшкірінді,
Мұрнынан елік қарғып кетіп жатыр.

Жартас деп елік кірген мұрынына,
Жусаған рахаттанып болымына.
Отырды қайран болып Кәрім сонда,
Таң қалып бұл зәңгінің қылығына.

Әлқисса, Кәрім саудагер Фарқағадты көріп зәресі ұшып, барайын десе жанынан қорқып, бармайын десе қайғысы жанына батып ойлады: «Ақыры өлген адаммын ғой, тірі адам болсам жұрт ішінде жүрмес пе едім», — деп, қолын қусырып, Фарқағадқа барады. Фарқағад мұны көріп ала көзімен қарап:

— Сен не, жердің құртымысың? — деп сөйлегенде, Фарқағадтың аузынан шыққан леппен жүндей ұшып, бір әрі, бір бері қалқып тұра алмайды. Фарқағад Кәрімнің қорыққанын біліп:

— Ей, бейшара, қорықпа, сен маған дұшпандық ететін адам емессің ғой, бір себеппен келген боларсың, — деп қасына

отырғызып қояды. Кәрім шошаңдап отыра алмаған соң, Фарқағад өзінің бір мұртынан ұстатып қойып: — Ал, енді ойдағы арманыңды айт, — дейді.

Сонда Кәрімнің айтқан сөзі Фарқағадқа:

Кәрім сонда жылады,
Көзінің жасы мөлтілдеп.
Бір мұртынан ұстап ап,
Бурадайын селкілдеп,
1680 Аяғына бас қойып
Өгіздейін өңкілдеп,
Айтатын осы арызын,
Аузы келмей кеңкілдеп.
Фарқағад дем алса,
Үкі құсап жылпылдап.

— Фарқағад батырым,
Тыңдағын менің зарымды.
Бір дұшпанға кез болып,
Кетірді менің сәнімді.
1690 Емран деген шаһарда
Жәмшид деген ер шығып,
Талап алды малымды.
Жаһанның қызыл гүлі еді,
Тартып алды жылатып
Мейрамхан деген жарымды.
Қоңқар деген патшаға
Келіп арыз болып ем,
Бір ғаярын жіберіп,
Зынданға Мәлік салынды.

1700 Онан шығып босанып
Көп әскерін жиып кеп,
Қоңқармен жатыр соғысып,
Онан арман қағынып.

Елден қуат кеткен соң,
Басына қайғы жеткен соң,

Сіздің естіп дабысты,
«Барып кел, — деп, — батырға»
Қоңқар маған жалынды.

Ол Қоңқардың бар еді,
1710 Маһирон деген бір қызы,
Жағадағы құндызы.
Шын сипаттап айтайын,
Шолпанның туған жұлдызы.

Сол қызын сізге береді,
Сізді жақсы көреді.
Балдыздарың қолпаштап,
Артыңнан сіздің ереді.

Тауда жалғыз жүргенше,
Сол қызды өзің алсаңшы.
1720 Қолыңнан бәрі келеді,
Бақ-сарайда, батырым,
Ханышаны құшақтап,
Қызықпенен өткізгін
Дүние деген немені.

Әлқисса, Кәрімнің бұл сөзін Фарқағад естіп қуанып түрегелді.

— Сен маған дос адам екенсің, екі арманым бар еді: бірінші арманым, соғысар жау таппай жүр едім. Екінші арманым, өзіме лайық бір сұлу қыз таппай жүр едім. Ал енді Қоңқарға барайын, дұшпанын табанына салайын, сенің әйелінді алып берейін, көзіңнің жасын көрейін. Өзім Маһиронды алып ойнап-күлейін, — деп, Үрім шаһарына жөнеле берді.

Фарқағадтың Үрімге келісі

Келеді Фарқағад маң-маң басып,
Сыртынан Маһиронға болып ғашық.
«Жарақсыз жауға барма» деген бар деп,
Шоқпарын үш мың батпан беліне асып.

Секірді ашуланып таудан-тауға,
1730 Белсеніп Фарқағад шықты жауға.
Кәрімді иығына мінгізіпті,
Сияқты баққа қонған қара қарға.

Үрімге бір күндері келді жетіп,
Ешқандай тоқтамайды сабыр етіп.
— Қақпаны қайдан іздеп жүремін, — деп,
Дуалдан жүре берді аттап өтіп.
Тау сипат палуанды көргеннен соң,
Қорықты барлық жұрты есі кетіп.
Андан соң Кәрім өзі жүріп кетті,
1740 — Бұл жерде тұрыңыз, — деп, — дамыл етіп.

Әлқисса, Кәрім саудагер Фарқағадты шаһар ішіне қойып, өзі Қоңқар патшаға барып бастан-аяқ Фарқағадтың жайын сөйлеп:

— Тақсыр, сіздің бақытыңызға лайық батыр екен. Жәмшидті қалай да болса жеңіп береді, бірақ оған бір уағдам бар еді. Қоңқар патша қызы Маһиронды беремін деп айтып едім, бұл Фарқағадқа Маһиронды көрсетіп қойсақ, сіздің айтқаныңызды істейді, — деп сөзін тоқтатты. Қоңқар қатты қуанып айтады: — Бірақ біздің қолымызда Маһирон жоқ, Жәмшидтің қолында. Оны қайтіп алардың амалын Шабыраң ғаяр білер, — деп, Шабыраң ғаярға бармақ болып уағда береді. Сонан кейін Фарқағадқа барып жүз көрісіп, барлығы құрметтеп, сарайға сыйып отыра алмайтын болған соң, бақтың ішіне кілем, көрпе салып отырады.

— Батыр, Маһирон ғашық жарыңызды жарым түнде әкеп береміз, — деп қояды. Фарқағад мұртын сылап, қызбен ойнамақ болып таранып отыра береді.

Әлқисса, ендігі сөзді Шабыраң ғаярдан естіңіздер. Маһиронды Фарқағадқа әкеп бермек болып, оның түн ішінде Мәліктің әскеріне барғаны:

Жәмшидке Шабыраң кетті жүріп,
Қандайлық алсам дейді амал құрып.
Бадырап оттан қорған жасап қойып,
Әскерді жүріп еді күзет қылып.

Ешқандай хайла етіп болар емес,
Қайран боп қарап тұрды дымы құрып.

Жалыны бұл оттардың көкке жетті,
Бір хайла Шабыраң сонда етті.
Үстіне темір сауыт киіп алып,
1750 Қақ жарып қалың оттан өтіп кетті.

Жәмшидтің барды жүріп шатырына,
Кез болған қалың ұйқы ғапылына.
Маһирон жалғыз өзі ұйықтап жатыр,
Ер Жәмшид Мейрамхандай жақынында.

Мұрнына Маһиронның дәрі салды,
Мас қылып қапшығына салып алды.
Бадырап, Бадыраң Ғазиз қаталасып,
Ғаярдың келгендігін білмей қалды.

Көрінбей Шабыраң кетті шығып,
1760 Өзінің шаһарына барды жүріп.
Маһирон қай заманда келеді деп,
Отырған Фарқағад құлақ түріп.

Бұл ғаяр Маһиронды жасандырып,
Алдына ол палуанның келді кіріп.
Ақ жүзін ғашық жардың көргеннен соң,
Таранды Фарқағад мұртынан күліп.

Маһирон мұны көріп болды қайран,
«Бұл жерге келдім, — дейді, — әлдеқайдан,
Бұл өзі менен үміт етіп отыр,
1770 Адам да емес, жын да емес, хайуан».
Жылаған тыңдар емес қыздың сөзін,
Бұл зәңгі айырмайды екі көзін.

Ал енді Маһиронға жақындасып,
Ағаштың сипатындай созды қолын.
Маһирон қорыққанынан қарғып кетті,
Бұл қандай қасірет деп зарлық етті.

Ойнауға бұл қызбенен жөні келмес,
Зәңгінің зорлық іске көңілі кетті.

1780 Бұл қыздың қол-аяғын қойды байлап,
Етуге қашуға шарт, бір іс ойлап.
Арада үлкен-кіші сондай парық,
Жұтып қойса кеткендей күліп-ойнап.

Қыз жатыр қасірет ұрып боздап, қақсап,
Қанды жас екі көзден ағып екі жақтап.
Қызығып Маһиронға Фарқағад отыр,
Мысықтай тышқан қуған арсалақтап.
Бурадай бұрқыратып көбік шашып,
Болдырған өгіздей боп тіл салақтап.
Әр істің лайығын ойламаған,
1790 Зәңгі де болады екен мұндай ақымақ.

Маһирон ұшырады мұндай халге,
Жамағат, жалықтастан жақсы тыңда.
Азырақ бір мәселе сөз айтайын,
Жәмшид те қалып еді бейғам анда.
Оянып ұйқысынан падишаһың,
Көңілі ауып Маһиронға барған анда.

Қарайды Маһирон жоқ, кеткен алып,
Шақырды ғаярларын ашуланып.
— Бұл жерге Шабыраң келген болар,
1800 Жүрсіндер сен екеуің не[ні] бағып?
— Қаталық бізден болды бұл сапар, — деп,
Қалыпты Бадыраң Ғазиз қатты ұялып.
«Жер жүзінде бар болса табармын», — деп,
Сол жерде қасам етіп сөз шығарып.

Бадыраң Ғазиз кетті қаһарланып,
Кішкентай жылан сипат бола қалып.
Сиқырлық хайлалары сондай күшті,
Қоңқардың шаһарына түсті барып.
Маһирон ғашық жармен ойнамақ боп,
1810 Жүр еді Фарқағад азаптанып.

Алмайды Һешкім тартып қызды мұнан,
Ол зәңгі бұйырмастан үміт қылған,
Ол ғаяр Маһиронның тақымынан,
Айдаһар шыға келді зәрлі жылан.

Ысқырды айдаһар боп аузын ашып,
Ол зәңгі қорыққанынан кетті қашып.
Ғаярлық қалтасына салып алып,
Жөнелді Бадыраң да қайта басып.
«Маһирон ғашық жарым, не болды?» деп,
1820 Отырған Мәлік ер де қатты жасып.

Сол заман Бадыраң Ғазиз алып келді,
Мәлік ер Маһиронын есен көрді.
«Шашыңыз жатқан адам шашындай» деп,
Жәмшидтің өз ойына тарлық келді.

— Палуанмен Фарқағад қосылдың ба,
Сырыңды жасырма, — деп сұрайды енді.
Маһирон Жәмшидке айтты сөздің басын,
Зәңгінің зорлық қылған оқиғасын.

— Байлады қол-аяғым, амалым жоқ,
1830 Солайша тарқатылды баста шашым.
Ғеш зәбір онан басқа көргенім жоқ,
Иә, Жәмшид, ренжіме, асыл затым.
Ақиқат арамдық іс еткен болсам,
Өтеді қорлықпенен жастық жасым.

Отырды Жәмшид сонда қайғыланып:
— Шашыңнан айыбың тұр мағлұмланып,
Байласа қол-аяқты ықтиярсыз,
Қалайша аман қойды сені нағып?!
Сұраймын ақиқатын ғаярлардан
1840 Өзіңді сол зәңгіден келген алып.

Әлқисса, енді сөзді Маһирон сынды ғашық жарынан
айрылған Фарқағад батырдан естіңіздер. Фарқағад айдаһардан
қорқып қашып кетіп еді ғой.

Бір мезгілде қайтып келіп қараса, айдаһар да, қыз да жоқ. Ашуланып, ақырып шаһарды басына көтеріп, түн ішінде жұрт бүлініп, ақырған даусынан үйлер құлап, буаз қатын бала тастап, жұрт қырғынға ұшырап қалды. Сол мезгілде Шабыраң ғаяр келіп Фарқағадтан себебін сұрады. Фарқағад айтады:

— Мені алдап қыз беріп, оны қайтып алып кетіп, мені мазақтайсыңдар. Оныға көнбеймін. Ғашық жарымды тауып бер, бір күн де болса көзім үйреніп қалып еді, — дейді, — иә, болмаса бұл шаһарды бір күнде жоқ қылатын шамам бар.

Бұл сөзге Шабыраң жауап беріп: — Батыр, олай емес, ол қызға ғашық жалғыз сіз емес. Жәмшид деген біздің бір дұшпанымыз бар. Сол қыз үшін елімізбен соғысып жатыр. Сол Мәліктің ғаяры алып кеткен шығар. Бізді қинама, өзіңнен көрмесең, бізден көрме. Қойнындағы жарыңнан айрылып қалғаның қалай? Қыз керек болса, Жәмшидпен соғысып тартып ал, — дейді. Бұл сөзге Фарқағад ашуланып, ертемен майдан жерге барып:

— Мәлік, жекеге палуандарыңды шығар, болмаса қатынымды бер, — деп сөз шығарды.

Әлқисса, ендігі сөзді Фарқағадтың соғысқа шыққанынан естіңіздер:

Ал енді Фарқағад ашуланып,
Шеніне болар емес адам барып.
Шаштары тікірейіп терек сипат,
Барыпты майдан жерге айғай салып.
Тау мен тас зілзала боп, тас домалап,
Ес қалмады естіген барлық халық.
Жәмшидтің әскерінде сұр қалмады,
Бір сойқан болатыны тіпті анық.

— Жібер, — деп, — палуаныңды, — айғай салды,
1850 Қорқытты айбатымен сонша жанды.
Жәмшидтен Малақ батыр барып еді,
Сол заман ұрмай-соқпай байлап алды.

Батырлар кезекпенен жатыр барып,
Барғанын Фарқағад жатыр байлап алып.
Сол күні тоқсан палуан қолға түсіп,
Қайтысты барабанын бұлар қағып.

Жәмшидтің бар әскерін қайғы басты,
Қоштасып түніменен құшақтасты.
Елге тірі барғаннан сәлем айтып,
1860 Ағайын, қатын-бала, бауырласты.

Таң атып майдан жерге тағы келді,
Қорқытты Фарқағад барлық елді.
«Зәңгіменен соғысып қалайын», — деп,
Бадыраң Ғазиз ғаяр жетіп келді.

Сөз айтты бұл ғаярға: — Жүрсің нағып?
Ғаяр айтты: — Соғысам сенімен анық,
Жәмшидтің палуандары біткеннен соң,
Ендігі күн не болар саған қалып.
— Ажалына асыққан, жердің құрты,
1870 Қазықтай жіберейін жерге қағып.

Бірінші бұл зәңгіге кезек жетті,
Шоқпарын дәл төбеден періп кетті.
Сынаптай толқып тұрған ғаяр сұмырай,
Бұтының арасынан өтіп кетті.

Айтады Фарқағад сонда күліп:
— Әй, сорлы, кеттің, — деді, — жерге кіріп,
Шоқпарын көтеріпті көрмек үшін,
Ғаярды қарап жатыр зәңгі үңіліп.

Ғаяр тұр арт жағында мұны бағып,
1880 Зәңгі жүр жер сығалап азаптанып.
Көтінен көрініп тұр іші-қарны,
Тартыпты Бадыраң Ғазиз қармақ салып.
Ілінді ішегіне қармақ барып,
Ішінен қармақ барып ілінген соң,
Қос қолдап ғаяр тартты білек салып.
Жөнелді Фарқағад айғай салып,
Ғаярды дөңгелетіп сүйреп кетті
Асаудай арқан тартқан қарғып-қарғып.

- Артына Фарқағад қарамады,
1890 Ғаярмен жөндеп соғыс сала алмады.
Шығыпты жеті кездей көтен ішек,
Сарылдап тау суындай қанағаны.
Жапты Бадыраң Ғазиз бір шұңқырға,
Қармағын қайта тауып ала алмады.
- Жеткізбей Фарқағад кетті қашып,
Болат темір қадалған удай ашып.
— Бөлені ішімдегі алыңдар, — деп,
Шақырды өз ғаярын асып-сасып.
Төрт-бес жуан қарағай кестіріп ап,
1900 Құйрыққа отырыпты мықтап басып.
Отырды он күн тұрмай, құсша қонып,
Қоңқар да бағып жатыр малын сойып.
— Жәмшидті бір сағатта тындырам, — деп,
Осыдан жазылсам, — деп, — тәуір болып.

Әлқисса, ендігі сөзді Фарқағадтан естіңіздер. Фарқағад жарасынан жазылып іші қайнап, көзі жайнап, ғаярдың қорлығы өтіп, Маһирон ғашығы кетіп, бір күндерде майдан жерге шығып соғысқанынан естіңіздер:

Назым Фарқағад

- Шығыпты Фарқағад ашуланып,
Қызарып екі көзі оттай жанып.
Шоқпарын үш мың батпан иыққа асып,
Шыдай ма бұған қарсы адам барып.
Мәліктен бір палуан шыға алмады,
1910 Барлығы төмен қарап естен танып.
«Бұл сапар қатерлі жол болды ғой», — деп,
Мәлік те кейін тұрды қатты налып.
- Күркіреп тұрып алды әлгі батыр,
Салады барған жанға заманақыр.
— Келмесең өзім барып қырайын, — деп,
Әскерге енді аяндап келе жатыр.

- Әскерге жетіп келді бұлттай қайнап,
Аждаһа сипатында көзі жайнап.
Аш қасқыр араласты қалың қойға,
1920 Шулатып қырып жатыр салып ойнақ.
Өріске жаятұғын мал сипатты,
Қалдырмай бәрі әскерді кетті айдап.
Қоңқарды алам деген Жәмшид мырза
Тұтқынға түсті сол күні көзі жайнап.
- Қырғыннан қалғандары түсті қолға,
Кез болды қалың әскер мұндай сорға.
Жәмшидтен енді қуат кеткеннен соң,
Мейрамхан бір ғажайып түсті ойға.
- Мейрамхан Бадампайға мініп алды,
1930 — Қорықпа, бер[мей]мін, — деп, — бұған жанды.
Қаңғырып қашып жүріп өлейін, — деп,
Бет алып бір даланы шыға салды.
Әйелмен жұмысы жоқ ол уақытта,
Кәрім мен Фарқағад білмей қалды.
Әскерді көп қырғынға ұшыратып,
Зынданға топырлатып барып салды.
Бадырап, Бадыраң Ғазиз ғаярлары
Сиқырлық ойыны келмей қалды.
- Бастарын төмен қаратып іліп қойса,
1940 Ғаярдың одан кейін болмас мәні.
Жауын жеңіп алған соң Кәрім мырза,
Мейрамхан еске түсті ғашық жары.
- Қарады, бұл әскерде Мейрамхан жоқ,
Кәрімге қасіретпен түсіпті шоқ.
Андан соң ол зәңгіге арыз болды,
«Болмаса Мейрамханым керегі жоқ».

Әлқисса, ендігі сөзді Кәрім саудагерден естіңіздер. Мейрамханның қашып кеткенін біліп, Фарқағадқа арыз болады. — Менімен шын дос болсаң ғашығым Мейрамханды тауып бер. Берсең, достықты кешірем, — деген соң Фарқағад мақұл көріп:

— Жарайды, енді мен Мейрамханды іздеп тауып саған қосып, сонан соң өзім Маһиронды алайын және қайтып келіп Жәмшидті өлтіремін, — деп Кәріммен уағда етіп, Мейрамханды іздеп шығады.

Әлқисса, ендігі сөз Мейрамханның қашқаны, Фарқағадтың қуғанынан естіңіздер:

Мейрамхан Бадампаймен кетті жүріп,
Көзінің ала алмайды жасын тыйып.
Жапанға жалғыз өзі шыққаннан соң,
1950 Өмірден бұл тіршілік күдер үзіп.

Тұлпарға желдей жүйрік қамшы басты,
Сол заман қанша үлкен таудан асты.
— Бақытсыз сорлы туған мен болдым, — деп,
Өмірде көрем бе, — деп, — Мәлік жасты.

Солайша қасірет шегіп жүріп кетті,
Ойдағы қапалығы қатты өтті.
Жамағат, жалықпастан тыңдаңыздар,
Айтайын туған ерден біраз кепті.
Тау мен тас дариядан аттап өтіп,
1960 Сол заман Мейрамханды қуып жетті.
Тұлпар ада құтқармайды қашқанында,
Кім көрген бұл сияқты қара бетті.

Бір таудың келді екеуі арасына,
Ойланып Мейрамхан да шамасына.
Таудан тауға секіріп қояр емес,
Қашыпты қайта айналып даласына.

Мейрамхан — түлкі сипат, зәңгі — тазы,
Қысылып қорыққанынан қыздың халі.
Шомылып қара терге көбік басып,
1970 Бұлаңдап құтыла алмай Бадампайы.

Тұлпарға тау менен тас жайсыз болды,
Салыпты Фарқағад та қызға қолды.

Келген соң тегіс жерге сонда тұлпар,
Қысқарып қояндайын бұтын созды.

Мейрамхан қорыққанынан қатты сасып,
Ол зәңгі арсалаңдап аузын ашып.
Тұлпардың құйрығына қол салғанда,
Жығылды Фарқағад омақасып.
Бір таудың шоқысындай денесі бар,
1980 Шаң-топыр өзін-өзі қалды басып.
Мейрамхан арт жағына бір қарап ап,
Жөнелді тұлпарына қамшы басып.
Ұрыпты жығылғанда тасқа басын,
Есінен Фарқағад қалды адасып.

Ол зәңгі бір күн, бір түн талып жатты,
Қаншалық мұрынынан қандар ақты.
Болғанда екінші күн зордан тұрып,
Артынан Мейрамханның аяңдапты.
Қарасы көрінбейді қарағанмен,
1990 Тұлпардың қарғып шапқан ізін тапты.

Аяңдап Фарқағад келе жатыр,
«Қайтып барған ұят, — деп, — маған ақыр».
Зәңгіден қатты қорқып кетіп еді,
Мейрамхан не болды екен, әйел пақыр.

Күндіз-түні қаша берді қамшы басып,
Кетіпті қанша қабат таудан асып.
Болғанда жарым түннің шамасында
Кез болған бір дария ұшырасып.

Жағалап дарияны төмен шапты,
2000 Екпіні тұлпар аттың қандай қатты.
Бақытына ашылмаған себеп болып,
Тұлпары бір батпаққа келіп батты.
Тұлпарын тұрғызам деп аттан түсіп,
Мейрамхан бейшара боп ол да жатты.
Ат тұрмақ бір өз басын құтқара алмай,
Қайғының осылайша дәмін татты.

Әлқисса, ендігі сөзді батпаққа жығылып жатқан Мейрамханнан естіңіздер. «Қайран басым далада қалатын болды», — деп зарлап айтқан зары:

Назым Мейрамхан

Мейрамхан сонда жылайды,
Көзінің жасын бұлайды.
2010 Өзі жалғыз, өзі жас,
Батпаққа батып жатқан соң,
Бұған қайтіп шыдайды.
— Ажалсыздан үміткер,
Ақырын бер, — деп сұрайды.

Ашылмаған бақытым-ай,
Кез қылды маған лайды.
Бауыры суық қара жер,
Маған рақым қылмайды.
Өліп қалсам бұл жерде,
2020 Екі көзімді ойып жеп,
Семіртер болдым құмайды.

Ата-анадан туғанда,
Оңбап едім басында.
Бір жасымда жетім қап,
Есті болып есейдім
Көрінгеннің қасында.
Жеті жасқа жеткен соң,
Отын алып, су құйып,
Отырдым ошақ басында.
2030 Он бір жасқа келгенде,
Көрген адам бір қарап
Қиылған қара қасыма.
Он екі жасқа жеткенде,
Қызметкер болып істедім
Саудагер Кәрім қасына.

Ақ жүзіме қызығып,
Кәрім мені сыйлады.
Қазаншы қып қаратып,

- 2040 Күндікке мені қимады.
Еріксіз мені әйел қып,
Жас шағымда қинады.
Көңілсіз жүрдім, амал жоқ,
Алдыма үйіп қойса да
Есепсіз шіркін дүнианы.
- 2050 Құмарға сап ұтылдым,
Кәрімнен сөйтіп құтылдым.
Ер Жәмшидке тиген соң,
Ақ түйғындай жұтындым.
Бұл оқиғалар болғанда,
Фарқағадқа кез болып,
Тұлпарға мініп сытылдым.
- 2060 Құтқарам деп Мәлікті,
Мініп ем атқа қуанып.
Жер жүзінде ер болса,
Айтам деп арыз жыланып.
Мұратыма жетем деп
Жәмшидіммен шығарып.
Опасыз, шіркін, дүние-ай,
Ойлаған жетпей мақсұтқа,
Батпаққа қалдым суалып.
- Бәрі қабат іздесе,
Ізіммен мені табады.
Қорлықпенен жоқ қылып,
Қанша азапқа салады.
Іздер, сұрар адам жоқ,
Еліме барар заман жоқ.
Қаншалық әскер, Жәмшидім,
Бекер өліп қалады.
- 2070 Мейрамхан арман етіп өткен халін,
Батпаққа жабыстырып барлық қанын,
Болғанда таңға жақын тау жаңғырып,
Сол кезде пайда болды қатты сарын.
Құйылып айдаһардай келе жатыр,

Аспаннан жай түскендей шығып жалын.
Сол заман келген бойы алып кетті,
Батпақта жатқан атты қыз бен бәрін.

Батпақтың талай жерін кетті қазып,
Мейрамхан қорыққанынан өле жазып.
Көз жетпес ала қардың нақ басына,
2080 Тастады ұясына алып барып.
Өлмесе де, өлімші болып қапты,
Қарады сол мезгілде көзін салып.

Қараса бір құс отыр екі басты,
Ағызды Мейрамхан да көзден жасты.
Қанат, құйрық, бәрі де, өң гауһардан,
Қиратар ашуланса тау мен тасты.
Сыйғандай аузына бір Алатау,
Сілкініп қанат қағып көзін ашты.

Өлқисса, ендігі сөзді Мейрамханды алып келген құстан
естіңіз:

2090 Алып кеп құс отырды демін алып,
Талпынып балапаны қанат қағып.
«Анамыз адам етін әкелді» деп,
Шырылдап өз лебізі бек шаттанып.
— Алдымен қызды жейміз, — деп айтады,
Ертеңге тұра тұрсын аты қалып.
Сол заман үлкен құс та жауап етті,
Сөйледі балапанға сыр шығарып:

— Ертеңгі шабытымда кеттім ұшып,
Жүр едім көптен бері ішім пысып.
2100 Шарықтап ұшып бара жатқанымда,
Қарадым бір батпаққа көзім түсіп.
Өлік деп ойлап едім, адам мен ат,
Сол бойы аяғыммен кеттім қысып.

Осы қыз осындай боп қолға түсті,
Мен дағы көріп жүрмін әрбір істі.

Балалар, саған нәсіп бұйырғаны,
Дүниеде адамзаттың еті күшті.

Дүниеде адам еті тәтті болар,
Жарым ес бүтін болып әбден толар.
2110 Жайылып жер-жаһанға шаһараты,
Басына кетпейтұғын бақыт қонар.
Ал енді, қызды жеңдер, балаларым,
Бір күнге не қылса да ауқат болар.
«Түсті екен не себептен бұл батпаққа,
Бір ғажап, — деп ойлады, — шыққан шынар.

Уа, ғажап, қандай сұлу дейді мұны,
Болды екен қай бақшаның қызыл гүлі.
Ақылды самұрық құс болғаныммен,
Көрмедім бұл сияқты адам нұры.
2120 Пішіні хордың қызы мысалында,
Болмаса перизаттың дейді қызы».
Ақыры нәпсі, шіркін, қандай қиын,
Бұйырды балаларға «же» деп мұны.

Әлқисса, ендігі сөзді Мейрамханнан естіңіздер. Оны алып келген самұрық деген құс екен. Балаларына «же» деген соң, балапандары қанатын қағып, жемек болғанда Мейрамхан орнынан тұрып, қолын қусырып, басын балапандардың аяғына салып айтқан арызы:

Назым Мейрамханның зары

Мейрамхан сонда жылайды:
— Арызым тыңда, балалар,
Ойымда қайғы-сәна бар.
Елі, жұрттан айрылып,
Кең дүние маған болды тар.
Сіздер сынды баламын,
2130 Тілімді менің алыңдар.

Қазір жеп-ақ қоясың,
Бір мәрте маған тоясың.

Қайғымен жүрген жетім ем,
Обалыма қаласың.
Көзімнің жасын сіз көріп,
Сіздер сынды асыл зат,
Тоқтатпай ма екен анасын.
Елімді жауға алдырып,
Қашып жүрген сорлымын,
2140 Батырдың іздеп панасын.
Анаңызға айта алмай,
Қуат етіп мен тұрмын,
Сіздер сынды баласын.

Әлқисса, самұрық құстың балалары Мейрамханның көз жасын көріп, ақ жүзіне көңілі еріп, анасына:

— Анажан, біз бір күн тамақ ішпей-ақ жаталық. Мына қызды жемей-ақ қоялық, — деп балалары тоқтау сөз айтады. Самұрық құс балапандарының тілін алып және де Мейрамханды жегенге қимай, Мейрамханға айтады:

— Қайдан келдің? Қай жерліксің? Өмір бақи ұққаныңды айт, — дегенде, бастан-аяқ өткен істі айтып, Фарқағадтан көрген қорлығын айтып, «сол Фарқағадтан кек алатын адам тауып бер» деп, самұрық құсқа зарланады. Самұрық құс есіркеп: — Мақұл, жарайды, Фарқағадқа тең келетін бір батыр бар еді, оның атасы Ғожад деген. Ғожадтың баласы Қозат деген бір палуан бар, соның жайын сізге түсіндірейін, — деп, самұрық құстың айтқаны.

Самұрық құстың сөзі Мейрамханға:

— Ал, қызым, мен айтайын, тыңла сөзім,
Кеземін әр уақытта жердің жүзін.
Сен бүгін осы жерде өлмек едің,
Өлімнен ажыратты қызыл жүзің.
Еліңді жауға алдырып жүргенінде,
Обал-ды жеп қойғаным сені өзім.
2150 Ғожад деген бір палуан бұрын өтті,
Дәулігін шын ақиқат көрді көзім.

Ғожад деген батыр болған заманында,
Болмаған һешбір дұшпан маңайында.

Сирағын Ніл дарияға көпір қылып,
Өткізген талай жанды баяғыда.

Бойының ұзындығы көкке жеткен,
Дариядан өзі келіп өтіп кеткен.
Бір күні бір шаһарға тура келіп,
Қарны ашып, тамақ сұрап үміт еткен.
2160 Қанша мың қой, сиырын сойып беріп,
Ол шаһар қорыққанынан құрмет еткен.
Сонда да тоймадым деп ашуланып,
Оларға осылайша азап еткен.
Шаһардың ортасына түзге отырып,
Сел қаптап барлығын да тамам еткен.

Сол Ғожадтан Қозат деген туған бала,
Ұзындық палуандықта жоқ-ты баға.
Келмейді сирағынан сол Қозаттың,
Қандайлық кез боп қалса оған дария.

2170 Тауынан Қап тауының кетеді аттап,
Дұшпанға оңай емес оған батпақ.
Дариядан наһандарды ұстап алып,
Пісірер қолын созып күнге қақтап.
Баз уақытта балықтарды жұтып қойса,
Ішінен шығып кетер шоршалақтап.
Келгенде шабытына қатты шөлдеп,
Дарияны онша-мұнша қояр ұрттап.
Қозаттың сол сипатты түрін байқап,
Сақтанып жүруші едім мен де сырттап.

2180 Бір күні тау басынан ұштым заулап,
Қарны ашып балалардың тамақ аулап.
Сол заман сол Қозатқа кез боп қалдым,
Жатыпты шалқасынан көзі жайнап.
Жерден басын көтеріп мені көріп,
Артыма түсті сонда сорым қайнап.
Болмады құтыларға неш дәрменім,
Болдыртып қуып жүріп алды байлап.

Шын маған лайықты құс екен деп,
Қайырып салам деді құп ыңғайлап.

2190 Тоғыз күн тамақ бермей ашықтырды,
Құстырып қолын салып, зорлық қылды.
Қолына қондырып ап шыққанында,
Көрмеді салмағымды торғай құрлы.
Мен дағы жанды құстың үлкені едім,
Пендені көргенім жоқ осы сынды.
Жайғанда қанатымды қаһарланып,
Сол заман түсірмеуші ем жерге күнді.

Отырдым бірнеше күн қарным ашып,
Қолынан Қозат ердің татып нәсіп.
2200 Бір күні саяхат қып алып шықты,
Аралап тау мен тасты қадам басып.
Ұшырды бұғы, марал көргеннен соң,
Мен дағы амалым жоқ жүрмін тасып.
Сол заман алтын киік кез боп қалды,
Тырнаққа оны дағы ілдім басып.
Алдына алып келіп тастағанда,
Қуанды Қозат көңілі судай тасып.
Киікке қуанып жатқанында,
Жөнелдім сол мезгілде мен де қашып.
2210 Білмедім мекенінің қайда екенін,
Ол Қозат сонан бері жүр адасып.

Әлқисса, самұрық құс бастан-аяқ оқиғасын айтып болып Мейрамханға айтады: — Әй, шырағым, сенің Фарқағад деген дұшпаныңа пар келетін сол Қозат. Қозаттан басқа адам оған парламайды, барғанмен ала алмайды. Енді сені мен Қозатқа апарайын. Апаратын себебім мынау: ол Қозат маған қатты құмар, мені көрсе тағы да ұстаймын деп қуады. Сені апарып бір жерге қояйын да, өзім барып Қозатқа көрінейін. Ол мені көріп қуады, мен қашып саған келіп, сенен де өтіп кетейін. Қозат мені қуып келіп, сені көреді, сенің ақ жүзінді көрген соң мені ұмытып кетеді, сонымен мен де құтыламын. Сенің ақ жүзінді адам тұрмақ хайуан көрсе де бір қарап өтер, перізатын көрген

сынды. Қозаттың қу жанын қоймай есін алып кетесің, оған жақындық сөз айтып, көңілін жұмсартып, соны алдап қолыңа келтір. Сен онан қорықпа. Ол саған ғашықтық қасіретке кез болады. Бірақ сенімен ойнап-күлуге жөні келмейді, — деп, самұрық сөзін тоқтатады. Мейрамханды тұлпары Бадампаймен қоса алып ұшып, Қозаттың тарапына барғанынан естіңіз:

Самұрық құстың ұшқаны

Самұрық Мейрамханды кетті алып,
Көреді әрбір істі пенде ғаріп.
Қанатының арасына қыстырып ап,
Қозаттың тарапына түсті барып.

Бір аулақ ен далаға келіп жетті,
Түсіріп Мейрамханды құрмет етті.
Мейрамхан тұлпарымен тұрып қалды,
2220 Қозатқа самұрық құс ұшып кетті.
Бір тауда іші пысып ойнап жүрген,
Қозат та құсты көріп шаттық етті.
«Жоғалған самұрығым кеп қалды» деп,
Сол жерде ұстаймын деп талап етті.

Самұрық ұшып кетті қайта айналып,
Қозат та қуып келед желдей ағып.
Самұрық хайламенен қалқып ұшып,
Көрсетті Мейрамханды тура апарып.

Қозат ер құсты қуған арсалаңдап,
2230 Құтырған қасқырдай боп тіл салақтап.
Байқамай Мейрамханды алдындағы,
Сол жерде кете жаздады жерге таптап.
Көзінің қыры түсіп бір қарады,
Тұрған соң шағалаланып айдан аппақ.
Көз көргенмен денесін тоқтата алмай,
Барып-барып тоқтады аттап-аттап.
Келіпті бір заманда қайта айналып,
Қарады шын ақиқат көзін салып.

— Ғашығым, махбұб жарым, шам-шырағым,
2240 Отырсың айдалада, күнім, нағып?
Жынбысың, перімісің, адамбысың,
Шамбысың, иә болмаса қойған жағып.
«Аһ, дүние, не болса да көрейін», — деп,
Қарады Мейрамханды қолына алып.

Қысып, сүймек болып аузын ашып,
Ол қыздың бар денесін кетті басып.
«Жұтып қойсам, қалам, — деп, — өкінішке»,
Аузынан қайтып алды асып-сасып.
Иіскеп танауына тартып еді,
2250 Қолынан шығып кетіп, қалды адасып.
Бір түшкіріп мұрнынан қағып алып,
Отырды маңлайына қызды басып.

Қойнына тығып алып кетті жүріп,
Тұлпары сол арада қалды тұрып.
«Қызбен ойнап-күлуге болмайды-ау», — деп,
Қозат палуан жылады қайғыланып.
— Зиянсыз көз қуанышым, қарағым ғой,
Беред, — деп, — мәжілісте шарап құйып.

Әлқисса, ендігі сөзді Қозаттың қолына түскен Мейрамхан-
нан естіңіздер:

Назым Мейрамхан

Мейрамхан бірден-бірге қолға түсіп,
2260 Қасында Қозат ердің іші пысып.
Бір көлдің ашып кеткен суын көрсе,
Шарап деп Қозат отыр құйып ішіп.
Мейрамхан жүз құбылып тоқсан қырлы,
Қозатқа қиғаш қарап, көзін қысып.
Бұл іске Қозат батыр бек сүйініп,
Отырды Мейрамханмен сыр айтысып.

Әуелі Қозат сырын айтып өтті,
Не көрген әуел ақыр, ата текті.

- Өмірде адам ұлы жеңген емес,
2270 Қозғаймын ашулансам жер мен көкті.
Қасымда Мейрамхандай жарым болса,
Армансызбын, — деп сөзін тамам етті.

- Мейрамхан айтпақ болды енді халін,
Ауыздан аһ дегенде шықты жалын.
— Иә, Қозат, ғашық жарым, тыңлап отыр,
Сөйлесін бұл Мейрамхан енді зарын.
Дүниеде мендей сорлы адам болмас,
Уақытсыз шықпаған соң жүрді жаным.
Айтайын әуел ақыр көргенімді,
2280 Тыңлаңыз шын ниетпен, иә, сұлтаным.

Сөйледі әуел ақыр көргендерін,
Бұл жерге қалайынша келгендерін.
Самұрық құстың түсіп тырнағына,
Ол құстың қалай сабақ бергендерін.
Мәліктің ұлы Үрімде қолға түсіп,
Қорлығын Фарқағадтан көргендерін.

- Ол Қозат тыңдап отыр құлақ салып,
Көз жасы Мейрамханның кетті ағып.
— Қозат аға, сізді іздеп келіп едім,
2290 Зәңгіден береді деп кегімді алып.
Дүниеде теңдесі жоқ ер деген соң,
Отырмын арызымды сізге шағып.
Ел-жұртым, Жәмшидім не болды?! — деп,
Қозаттың аяғына басын салып.

— Ер едің, Қозат, сонан кегімді әпер,
Болмасын тіршілігім бәрі бекер.
Көремісің көздің жасын, азаматым,
Жасылы жас, қорлықпенен менен өтер.

Әлқисса, Мейрамхан ойдағы оқиғасын айтып болған соң,
Қозат палуан Мейрамханға жаны ашып сөйлеген сөзі:

Назым Қозат сөзі

Мейрамхан айтып өтті барлық сырын,
2300 Естіді Қозат батыр сөздің түрін.
Мейрамхан қорлық көрдім дегенінде,
Сол жерде болмақ болды өзі шығын.
— Ғашығым, сен қайғырып жүргенінде,
Құрысын мұнда тұрып көрген күнім.
Сіздерге зорлық қылған сол Фарқағад
Ежелден мағлұм еді маған бұрын.

Белгілі Фарқағад бастан маған,
Зәңгі еді алаңғасар сондай жаман.
Сені мұндай жылатып отырғызып,
2310 Болады тамақ ішу маған арам.
Бір сенің қызметіңнен бас тартпаймын,
Ақыры болғанымша дүние тамам.

Сол жерде Қозат батыр ашуланып,
Жалтырап екі көзі оттай жанып.
— Бұл тауда қаңғып жүріп не бітірдім,
Жазықсыз хайуанға қырғын салып.
Әлім келсе дұшпаннан кегіңді алып,
Қосайын өздеріне алып барып.
Өзім алып қойғанға тура келмес,
2320 Арада үлкен-кіші қанша парық.

Ойлады Қозат батыр сондай ойды,
Қойнына Мейрамханды тығып қойды.
Шоқпарын таудай қылып иыққа сап,
Үрімнің тарапына тартты жолды.

Кетеді тау көрінсе бір-ақ аттап,
Дария есеп емес бұған батпақ.
Бұрынғы қалған жерден тауып алды,
Бадампай тұлпарын да жүрген оттап.
«Жетелеп әуре болып жүрем бе», — деп,
2330 Қойнына тығып қойды таза сақтап.

Келеді жер-жаһанды бұрқылдатып,
Саз жерден су шығарып шылқылдатып.
Жылап барған Мейрамхан күліп келед,
Палуанның қызығына әбден батып.
Болғанда бір күндері қарны ашып,
Шөлдепті бек қабағат қабақ қатып.

Сол заман дарияға жетті барып,
Отырды сабыр етіп демін алып.
Дарияның ішіндегі жайындардың,
2340 Төрт-бесеуін алыпты қолын салып.
Балықты қолын созып күнге қақтап,
Сол жерде тойып алды рахаттанып.
— Жасымнан күнге қақтап тамақ жеп мен,
От жағып көргенім жоқ азаптанып.
Басында самұрық құс айтып еді,
Мейрамхан өз көзімен көрді анық.

Ол көлдің шөлдеген соң суын ішті,
Дария жарымдалып орта түсті.
Айтады Мейрамханға Қозат батыр:
2350 — Бұрынғы қалыбымдай болдым күшті.
Қозат ер қара жерді солқылдатып,
Толтырып балық, суға барлық ішті.

Бұл палуан осылайша келе жатыр,
Сипаттап айта берсем толып жатыр.
Қуам деп Мейрамханды шығып ед,
Не болды Фарқағад қайран батыр.

Орнынан кетіп еді зорға тұрып,
Тұлпардың қарғып шапқан ізін қуып.
Батпаққа жығылғанын ол да көрген,
2360 Байқады құс тырнағын кеткен іліп.
«Мейрамхан самұрыққа жем болды» деп,
Сол жерден қайтқан екен күдер үзіп.

Үрімге Фарқағад қайтып барып,
Сөйлейді өткен істі бастан анық.

«Құс жеді Мейрамханды» дегеннен соң,
Жығылды Кәрім мырза естен танып.
Тоқтатар Фарқағад Кәрім ерді,
Әр түрлі ғибрат сөзбен жөнге салып.
— Тірілмес өлген адам өкінгенмен,
2370 Берем, — деп, — бір сұлу қыз саған алып.

Зар жылап Кәрім қалды мысы құрып,
Сол жерде сөз сөйледі Қоңқар тұрып:
— Мәлікті он бір мың әскерімен
Таңертең тастаймыз, — деп, — бәрін қырып.
Сап түзеп палуандары даярланды,
Таң атып Қоңқар шаһ хабар қылып.
— Жәмшидті дарға асып өлтір, — дейді, —
Шынжырлап мойынынан тұзақ іліп.

Қоңқардың бұл бұйрығы қабылданып,
2380 Жәмшидтің бар әскерін ортаға алып,
Ақиқат дүниеден өттік қой деп,
Мөлтілдеп көздің жасы жерге тамып.
Осындай қатер халде тұрғанында,
Бір асқар тау келеді мұнарланып.
Күн құсап күркірейді сол заманда,
Адасты ақылынан барлық халық.

Өлқисса, ендігі сөзді Үрім шаһарына келген Қозаттан
естіңіздер:

Назым Қозат

Халайық қайран болып мұны көрді,
Сұмдық мынау қандай Қозат ер-ді.
Қозаттың қойнында жүр Мейрамхан да,
2390 Жиылған өз әскерін таниды енді.
— Мына тұрған барлығы біздің ел, — деп,
Танытып Қозат ерге айтып берді.

Қырғалы қойған дейді мұны саптап,
Қылышын қолына алып жалаңаштап.

— Қозат-ау, әлің келсе елді босат,
Ешқайда кетпес, сірә, зәңгі ақымақ.
Бұл сөзді Қозат батыр мақұл көріп,
Тұлпар мен Мейрамханды жерге тастап,
Шоқпарын қолына алып қанша батпан,
2400 Дұшпанын қыра берді жерге таптап.

Қырылды есебі жоқ қанша халық,
Сай-сайдан су орнына қандар ағып.
Жоқ еді бұл соғыста Фарқағад,
Шаһарда жатыр еді демін алып.
«Бір пәле біздің елге кез болды», — деп,
Айтыпты Шабыраң ғаяр барып.

Қозат жүр жалғыз өзі елді қырып,
Біреуін ұстап алып, біріне ұрып.
Ешқандай бұған қарсы палуан бармас,
2410 Қоңқардың әскерлерін шықты қуып.
Жәмшидтің әскерлерін жиып алды,
Батқан айы бұлардың бүгін туып.
Кеш болып соныменен қайтты бәрі,
Барабан екі жақтан бірдей ұрып.

Өз басын Мәлік ердің ала алмады,
Шаһарға соғысам деп бара алмады.
Бадырап, Бадыраң Ғазиз бәрі сонда,
Алғашқы қолға түскен Малақ тағы.
Таң атып, барабаны қағылған соң,
2420 Соғысқа шықты сол күн Фарқағад.

Майданға жетіп келді қаһарланып:
— Бұл кім — деп, — әскерімді кеткен алып?
Бұл күні барлығын да тамам етем,
Біреуің құтылмайсың тірі қалып.
— Барлығын істеп жүрген мен едім, — деп,
Қозат ер жауап берді қарсы барып.

Сескенді Фарқағад сұры қашып,
Қозатты таныр еді бастан анық.

— Қозат батыр сен болсаң, мінеки, — деп,
2430 Шоқпармен қақ маңдайдан қалды салып.

Көрмеді бит шаққандай Қозат батыр,
Кірісті ұрысуға әуел ақыр.
Шоқпармен кезек-кезек салысып жүр,
Етпейді бір-біріне һешбір рақым.
Ұрғанда аямастан осы жерде,
Шоқпары тастай ұшып кетіп жатыр.
Жарқылдап жай тасындай от шығады,
Салып жүр бір-біріне заманақыр.

Көргендер бұл екеуін естен танды,
2440 Қаптатты қара түнек жерден шанды.
Шоқпардың басы сынып ақырында,
Қолында батырлардың сабы қалды.
Қарусыз қалғаннан соң қарап тұрмай,
Ал енді бір-біріне қолын салды.
Сақал-мұрты бұлардың қарағайдай,
Қолдары тигендерін жұлып алды.

Екі тау соғысып жүр домаланып,
Қарап тұр көз айырмай қанша халық.
Тер басып, үсті-басы — аппақ қырау,
2450 Түседі көбіктері домаланып.
Бір-бірін айбатпенен лақтырса,
Табанын жерден алмас жалғыз адым.
Күндіз-түні дамыл алмай күресіп жүр,
Барлық ел екі жақтан жарық алып.

Бастап жүр екі батыр әрбір істі,
Бұл күннен аяр ой жоқ барлық күшті.
Ақырып Қозат батыр сілтегенде,
Қырық аршын Фарқағад барып түсті.
Жығылмай тікесінен түскен екен,
2460 Қайтадан бір-біріне жүгірісті.
Тілдерін жалаңдатып жылан сипат,
Екеуі бір-біріне салды тісті.

Бұлардың жүрген жерден суы шығып,
Қызыл қан денесінен ақты жылжып.
Күшпенен бірін-бірі лақтырса,
Кетеді тізесінен жерге кіріп.
Тоғыз күн дамыл алмай күндіз-түні,
Бір-бірін ала алмады бұлар жығып.
Сол заман Қозат ерге бір ой түсіп,
2470 Үстіне Фарқағад алды мініп.

Ойлады Фарқағад енді жығам,
Ұстап ап екі аяқтан хайла қылам.
— Иә, Қозат, өлер жерге енді келдің,
Апарып дарияға басың тығам.
«Ақиқат солай болса өлемін» деп,
Бек қатты сасып қалды Қозат бұған.

Бір-бірін ала алмайды дымы құрып,
Бұрқырап аспан-көкке буы шығып.
Бадампай тұлпарына мініп алып,
2480 Мейрамхан сол араға келді жүріп.

— Арғы атаң Ғожад ибн Ғонық, Қозат ерім,
Сіз қалай жасық болдың сонан туып.
Атаң Ғожад бір шаһарға барғанында
Бір тышқан боғыменен кеткен қырып.
Ғонық деген арғы атаң заманында
Сирағын ел өткізген көпір қылып.
Келмейді жарымыңа Фарқағад,
Жыға алмай жүргенің не көп кідіріп?
Ата-тек, әсіліңе қарағанда,
2490 Ойлап ем жібере ме деп лақтырып.

Осы сөз Қозат ерге өтіп кетті,
Мейрамхан қозғаған соң ата-текті.
Қозат ер ашуланып ақырғанда,
Таулардан тас домалап, қалт-қалт етті.
Сиынып Ғожад ибн Ғонық бабасына,
Сол заман өзін-өзі білмей кетті.

Сол жерде ол зәңгіні алды жұлып,
Ер Қозат тізесін[ен] жерге кіріп.
Тарбайтып тасбақадай палуанды,
2500 Иыққа батыр Қозат салды тұрып.
Көтерген бойымен жерге ұрса,
Кетеді күл-күл болып жаны шығып.

Қайғырды Фарқағад есі кетіп,
Өзінен басым келсе халі нешік.
«Жерге ұрса өліп кетед» деген оймен,
Асығып Мейрамхан да келді жетіп.

— Қозат-ай, тастамағын мұны жерге,
Достаспақ, қайыр екен жол көрсеткен.
Мұндай ер қашан болса бізге керек,
2510 Кетпесін қапылыста өмірі өтіп.

Қозат та осы сөзге мақұлданды,
Ақырын ол батырды жерге салды.
«Достасып, өміріңде бір жүргін» деп,
Қозат ер осылайша сөз шығарды.
— Көнбесең, айтқаныма батырлық қып,
Бас кесіп ағызамын, — деді, — қанды.

Сөйледі Фарқағад сонда тұрып,
Отыр ғой қолға түсіп болмай мәні.
Мың күнгі қараңғыдан бір күн жарық,
2520 Тәтті ғой дүниеде адам жаны.
«Өмірде айтқаныңнан шықпайын» деп,
Достасып берді солай уағданы.
— Қозат-ай, сіз аға бол, мен інімін,
Бір жүріп өткізейік дүнияны.

Сол жерде серт айтысып қасамменен,
Қозатпен құшақтасып Фарқағад.
Қосылды бір ниетте екі батыр,
Дүниеден өткенінше әуел ақыр.
Ұлы тау кіші таумен тамыр болып,
2530 Қасына Мейрамханның келе жатыр.

Екі батыр бір жаққа шыққаннан соң,
Қоңқарға түсті енді заманақыр.
Ол Қоңқар батырының бәрін жиып,
Жасайды осылайша олар ақыл.

Әлқисса, енді сөзді Қоңқардан естіңіздер. Екі батыр бір жаққа шыққаннан соң жаны қалмай, ойлап отырған ойынан естіңіздер:

Сөйледі Қоңқар сонда жұртын жиып,
Қорыққаннан батырлардан іші күйіп.
— Қозат пен Фарқағад ертең келіп,
Қиратар бәрімізді шөптей орып.
Кәрім деген саудагер көгермесін,
2540 Бәлені қай-қайдағы келген жиып.
Сол Кәрімді көргенің маған әкел,
Өлтіремін қылышпен быт-шыт қылып.

Қырғынға ұшырайсың, қайран елім,
Бұл күнде үзіліп тұр менің белім.
Тоқсан шаһар жұртымды тегіс жинап,
Бір соғысып шығарсам ащы терім.
Ел еді жеті атамнан маған қалған,
Болады айрылғаным маған өлім.
Хан, сұлтан, қатардағы батырларым,
2550 Бұл істің табыңыздар ойлап жөнін.

Ол Қозат ертең бізге салады ойнақ,
Жәмшидті біз отырмыз мұнда байлап.
Сіздерге бұл айтқаным қалай келер,
Мен бүгін бір ақылды тұрмын ойлап.

Жәмшидті осы араға келсек алып,
Ғаярын, батырларын һәм шығарып.
Үш айға уағда етіп соғыспасқа,
Қайтер еді байқасақ сөзге салып.
Қозатқа тең келетін батырларды,
2560 Бар болса жер жүзінде тауып алып.
Дейтұғын Орайнатан бір зәңгі бар,
Мен оны естіп едім бастан анық.

Қозат пен Фарқағад та оған жетпес,
Ол ердің жер жүзіне аты қанық.
Барлығы осы сырды мақұл көріп,
Жәмшидті зынданнан келді алып.

Әлқисса, ендігі сөзді Қоңқардан естіңіздер. Жәмшидті барлық батыр, ғаярларымен зынданнан шығарып алып келіп, Қоңқар патша Жәмшидке айтады:

— Ей, Мәлік, саған айтар бір сөзім бар. Сен бір себептен қолға түстің. Түскен себебің мынау болды: сен менің қызым Маһиронды өзімнен бір ауыз сұрамай ұрлап алдың. Сен менен бір мәрте сұрасаң не қылды, мен бермесем сонан соң істейтін ісің еді. Сол себептен Фарқағадты алдырдым, сені өлтіруге қимадым, баламды алған балам ғой деп. Ал енді, Фарқағад сенікі болды. Қозат деген бір батыр кеп, жеңіп алды. Қазір екі батыр да сіздікі болды. Маған жамандық ойласаң, бір-ақ күнде Үрімді аласың. Сен жеңдің, мен қазір жеңіліп отырмын. Бірақ саған айтар бір арызым бар. Маған үш ай мәулет бер. Барлық елімді жиып, армансыз болайын деп сізден сұрап отырмын. Оған шейін сен де еліңді жи. Өзіңізге ғаяр, батырларыңыз бен Маһирон қызымды да бердім, — деп сөзін тоқтатты.

Жәмшид батыр да бұл сөзді мақұл көріп, уағдасын етіп, Маһиронын, батыр, ғаярларын алып өз қосына келіп, Мейрамхан әйелімен құшақтасып, көрісіп өлімнен аман қалғандарына, Қозат, Фарқағад батырларымен танысып, рахаттанып үш ай уағданы күтіп жата берді.

Әлқисса, ендігі сөзді үш ай уағда күткен Жәмшидтен естіңіздер:

Тыңдаңыз құлақ қойып, көп жамағат,
Айтайын бір ғажайып бір өсиет.
Қозат пен Фарқағад палуандары,
2570 Жәмшидтің болып тұрды көңілі шат.
Дария Күлзім деген бір өзенге
Бар әскер көшіп барып жатты рахат.
Мініп-ап қол қайықпен Жәмшид батыр
Жүр еді дарияда қып саяхат.
Сол заман дария жүзі толқын болып,
Кез болды Жәмшид ерге бір ғаламат.

- Бір наһан пайда болды жарқ-жұрқ етіп,
Жау шықты жар астынан амал нешік.
Жәмшидті қайығымен жұтып алып,
2580 Жөнелді бір тарапқа сеңдей көшіп.
Ғаярлар, палуандар бейхабар боп,
Әр жаққа тарап кеткен тамаша етіп.
Мейрамхан Маһиронмен екі әйелі
Зар жылап қарап тұрды көзін қиып.
- Суменен наһан кетті төмен ағып,
Жәмшидті қайығымен ішке салып.
Дүние дәл сол күні тамам болып,
Тірліктен Жәмшид патша көңілі қалып.
Дариямен дәл сегіз күн тынбай ағып,
2590 Ол наһан қайырлайды бір күн барып.
- Ол наһан су шетіне қайырлаған,
Екпіні қандай қатты қайырылмаған.
Күн көрген балық аулап қанша халық,
Наһанға кез болыпты барлық адам.
Қуанып жабырласып мұны көріп,
— Бір жыл ассақ, — деп айтар, — болмас тамам.
Шаһарда бар көлікті келтірсін, — деп,
Ата, дос, ағайынға хабар қылған.
Жәмшидтің көрген күні не боп жатыр,
2600 Бір хабар біз алайық енді мұнан.
- Наһанның ішінде жүр Жәмшид батыр,
Басқа түссе әркім-ақ болар пақыр.
Көзін ашып қарады жұтқаннан соң,
Бір ғажап құрылғандай алтын шатыр.
Кеңдігі бау-бақшаның сипатындай,
Тарлықтан тиер емес бұған дақыл.
Зүбәржат, інжу, маржан, асыл тастар,
Айтып ауыз жетпейді, ойлап ақыл.
- Асылды су түбінен наһан жұтқан,
2610 Ойлайды пайым етіп сөзімді ұққан.
Ойнақтап неше түрлі құндыздар жүр,

Наһанның ауызына кіріп сырттан.
Отырды Жәмшид батыр мұны көріп,
Ешқандай қауіп, қатер болмай жұрттан.

Қабағат бір күндерде ашты қарны,
Болмады нашарланып нешбір мәні.
Наһанның іш майынан кесіп алып,
— Пісіріп жесем, — дейді, — бүгін аны.
Суырып өз қайығын отқа жағып,
2620 Отырды ши жандырып, қақтап аны.
Отқа май тиген соң оңдыра ма,
Дүрілдеп жана берді енді бәрі.
От қаптап іштің бәрін өртеген соң,
Күйзелді ол наһанның енді жаны.

Болғанын мынау өрттің Мәлік біліп,
Өзім де өлемін деп ойлап күдік.
Бір жағы суға жақын, бір жағы өрт,
Астына ай құлақтың тұрды кіріп.
Шыдамай от шарпуына бұлқынам деп,
2630 Дариядан сол себептен кеткен шығып.
Наһанды қайырлаған көргеннен соң,
Қанша жұрт көліктерін жатыр жиып.

Кескілеп ол наһанды жатыр шауып,
Көп артқан өгізінің жүгі ауып.
Шапқанда тұмсығынан кейін қарай,
Жәмшидті сау-саламат алды тауып.
Наһанның іші күйген дәнеме жоқ,
Халайық қорқынышпен етті қауіп.

Жәмшидті көргеннен соң жабырласты,
2640 — Бұл қандай оқиға? — деп сыр сұрасты.
Өз атын баян қылмай Жәмшид мырза,
Сескеніп жалған сөзбен жауап ашты.

Деп айтты: — Балықшымын кәсіп еткен,
Қармақ сап, дарияға үміт еткен.
Бұл наһан жұтып алып кете берді,

Басымнан осылайша дәурен өткен.
От жағып, тамақ істеп ішіп едім,
Сол жерде балық іші күйіп кеткен.

2650 Шаһарым — Тұранзамин, атым — Зарлық,
Пендеге не істетпес түссе тарлық.
Бір нашар кемпір-шалдың баласы едім,
Жүремін су жағалап күнде қаңғып.
Бұл наһан мен байғұсты жұтып қойып,
Қойды ғой ата-анамды онда зар қып.
Сіздер кімсіз, қай жерлік, қай тараптан,
Шаһардың атын айтқын бір баян қып.

2660 Олар айтты: — Әй, Зарлық, сөзді тыңда,
Бір түрлі машақатпен кепсің мұнда.
Болады нәсіліміз қытай халқы,
Ат қойған Хауарзамин бұл шаһарға.
Ер жігітке сын болса не көрмейді,
Сабыр ет, жәбір көрдің әркез анда.
Ел-жұртың іздеп келсе тауып алар,
Өзірше бір тұра бер бізбен мұнда.

Жәмшид те осы сөзді қабыл көріп,
Барыпты татулықпен оған еріп.
Білмеді бұл бөтен бала екен деп,
Сол жерден бір шал шықты иемденіп.

2670 Жәмшид ер шал-кемпірге болды бала,
Ішінде толып жатыр қайғы-сәна.
Бір күні Хауарзамин шаһарында,
Бір мейрам, қызықты той болған жаңа.

Жиылды есебі жоқ қанша халық,
Орнатып алтын тағын патша барып.
Қаншалық әскерлері сап түзетіп,
Барабан, сыбызғымен әнге салып.

Шал-кемпір бір-бірімен сыбырласып,
Олар да шаттанысып, көңіл ашып.

— Замандас, құрбымыз, — деп көзін қысып,
2680 Бетіңнен сүйгізші, — деп аузын ашып.
— Қу қақбас, балалардан ұят қой, — деп,
Қылымсып кемпірлер де бетін басып.
Жас бала жап-жалаңаш арыс салып,
Жақ-жақ боп төбелесіп, асық шашып.

Жиылды өз алдына күң мен құлдар,
Шашының сіркесі бар жаман қыздар.
Құшақтап бірін-бірі беттен сүйіп,
Қалмады айтылмаған іште сырлар.
«Кімде-кім өз теңімен ойнасын» деп,
2690 Сол күні патшасының бұйрығы бар.

Қобызды бақсылар жүр балын ашып,
Қыздырып тілдеріне темір басып.
Қойшылар өгізбенен көкпар тартып,
Салысып таяқпенен найзаласып.
Шапқызған бес жүз неше бәйгесіні,
Шаң топыр жер-жаһанды тұман басып.

Қыз келді бір тараптан жүз бұралып,
Басына құндыз жекей қойған салып.
Қыз шіркін, бұл дүниенің қызыл гүлі,
2700 Таңырқап қарап тұрды барлық халық.
Керілген келіншектер бұраң басқан,
Қыздарды қошаметтеп ортаға алып.
Солардың ортасында бір қыз отыр,
Айдай боп он төртінші шағалаланып.

Барлық ел бет-бетімен шарап ішіп,
Бишілер көкке шығып, жерге түсіп.
Жәмшид ер осылардың бәрін көріп,
Қасында қарап тұрды іші пысып.
Бір қызмет ханышаға етеміз деп,
2710 Әншілер келіп жатыр жүгірісіп.

Айтысты шал мен кемпір, қыз бен бала,
Жас жігіт келіншекпен дара-дара.

Әскерлер барабанмен әнін қосып,
Бір адам қарап тұрмай осы арада.
Мейрамның құрметіне құттық айтып,
Күңіренді жау шапқандай осы қала.
Қосылып бұлармен шарап ішіп
Отырды мәжілісте Жәмшид дана.
Өзінің жастан құмар өнері ғой,
2720 Қозғады сыбызғысын қолына ала.

Ол күні бір бостандық елдің бәрі,
Істесе қандай түрлі оқиғаны.
Қырдың қызыл алтай түлкі емес пе,
Бәрі мақтап айтады ханышаны.
Өнерге асып туған Жәмшид ердің
Құбылтып көкке жетті салған әні.
Бір бұлбұл көп ішінде сайраған соң,
Жүгірді солай қарай елдің бәрі.
Тұра алмай көп ішінен бүкелеңдеп,
2730 Жығылды қиқаландап кемпір-шалы.

Келтірді Жәмшид батыр әннің машын,
Барлық жұрт салды сонда ықыласын.
Әншілер өз-өзінен қатты ұялып,
Сындырды қолындағы домбырасын.
Сол жерде тұрғандардың бойы балқып,
Ағызды қайғылы жан көздің жасын.

Кейбіреу тығып қойды сыбызғысын,
Өзінің ұят көріп қылған ісін.
«Біздің тартып жүргенім жақсы күй деп,
2740 Есектің үйреніппіз шын дыбысын».
Шолпанның жұлдызындай көзі жайнап,
Қайнатты қасіретке қыздың ішін.
Ішінен қыздың бәрі ғашық болып,
Біреудің иемденіп бұлбұл құсын.

Қолға алды андан кейін домбыраны,
Күйзелді онан арман елдің жаны.
Аузына сыбызғысын қатар қойып,

- Сөйледі неше түрлі тамашаны.
Жәмшидтен басқалары малдай жусап,
2750 Отырды сүмірейіп елдің бәрі.
Бостандық бүгінгі күн дегеннен соң,
Мақтады әр сипатпен ханышаны.
Мөлдіреп екі көзі, бой шымырлап,
Отырды шыға жаздап қыздың жаны.
- Хауарзам — ежелден-ақ ұлық шаһар,
Патшасын Қасымзейрін Қаба атар.
Ханыша сол патшаның қызы екен,
Ғеш пенде сұлулықта болмас қатар.
Тамаша соныменен аяқталып,
2760 Қоштасып үйді-үйіне болды қайтар.
- Шақырды Қасымзейрін Жәмшид ерді,
Өнерін салтанатпен тәуір көрді.
— Қай жерлік, қай шаһарлық адамсың? — деп,
Сөйле, — деп оқиғаны сұрайды енді.
«Шаһарым — Тұранзамин, парсымын», — деп,
Келгенін қай себептен айтып берді.
— Күй тартып көңілімді көтергін, — деп,
Өмірлік жолдас бол, — деп, — маған енді.
- Жәмшид қабыл көрді тілін алып,
2770 Қолында тұрды сөйтіп бірге барып.
Патша анда-санда зеріккенде,
Береді Жәмшид батыр әнге салып.
Бойына ішкен тамақ тарамастан,
Патшаның қызы да жүр күйіп-жанып.
— Бізге де бір тамаша етіп бер, — деп,
Қыз кетті әкесінен сұрап алып.
- Мәлике Зибә екен қыздың аты,
Кем емес қатарынан салтанаты.
Ханышаның шекер асын ішіп,
2780 Ойынның енді келді уақыт шарты.

Ер Мәлік қырық қызбен шарап ішіп,
Мас болды қызға қарап көзін қысып.
Сайрады сандуғаштай батыр Мәлік,
Ішіне ғашық оты қатты түсіп.
Болғанда таңға жақын талықсытып,
Қыз жатты Жәмшид ерді енді құшып.

Мас болып қыздарменен Жәмшид жатты,
Дүниеде ғашықтықтың дерті қатты.
«Ақын мен ханышамыз бір жатыр» деп,
2790 Патшаға бір қыз барып арыз айтты.
Бақ күндес бастан қалмас ауру ғой,
Жәмшидтің обалына қалды қатты.

Әлқисса, ендігі сөзді мас болып, қыз құшақтаған Жәмшидтен естіңіздер. Қыз барып Қасымзейрін патшаға айтып, патша ашуланып: — Бір күнгі қонған қонақтың қойнына жатты деген не деген сұмдық? — деп жендеттерін жіберіп, Жәмшидті зынданға салдырып қойды. Ал енді Жәмшид Хауарзамин зынданында жата берсін. Ендігі сөзді Үрім шаһарындағы Мейрамханнан естіңіздер:

Назым Мейрамхан

Ал енді аз мәселе Мейрамханнан,
Айрылған Жәмшид сынды ғашық жардан.
Жәмшидті наһан алып кеткендігін,
Сол жерде бәрінен де хабарланған.
Қозат пен Фарқағад, Бадырап ғаяр,
Бәрі де іздейміз деп жалаңдаған.
Бұларға осы түрлі ақыл айтып,
2800 Мейрамхан сонда тұрып жауап қылған.

Мейрамхан сонда тұрып сөз шығарып,
Ғаярын Бадыраң Ғазиз қасына алып.
— Жәмшидтің өлі-тірі хабарынан
Айт, — дейді, — оқиғасын бастан анық.
Бұл сөзді Бадыраң Ғазиз мақұл көріп
Қарады талиғына кітап алып.

— Дарияға сеземін тура ағып,
Хауарзам шаһарына барғаны анық.
Қасымзейрін патшаға айып істеп,
2810 Зынданда жатыр, — дейді, — азаптанып.

Мейрамхан сөз сөйледі ғаярларға:
— Келеді қолдарыңнан дүние әрне,
Сіздерге онда барған тура келмес,
Ал енді ол тарапқа сіздер барма.
Қоңқардың Шабыраң сұм ғаяры
Сен кеткен соң әлек етер елді мұнда.
Хайлалы сиқырлықта бар сұмдары,
Әскерді ұшыратар бұл қырғынға.

Бармасын Қозат пенен Фарқағад та,
2820 Бағынсын осыларға елдің бәрі.
Бұл жерден бірде-бірі кетіп қалса,
Қырылып судай ағар елдің қаны.
Бұл Үрім бұл Қозаттан қорқып отыр,
Амалсыз өкінгенмен, келмес халі.

Жәмшидті мен іздейін өзім барып,
Бұл сөзді тыңлаңыздар құлақ салып.
Ақылдасса жарым ес бүтін болар,
Бейкүнә қырылмасын қанша халық.
Саудагер порымында керуен болып,
2830 Қаншалық қызметкер жолдас алып,
Еркектің сипатында киім киіп,
Амалсыз Жәмшид үшін шашын алып.
Қолынан алтын шаштың келеді не,
Бір жақта Жәмшид жатса азаптанып.

Әлқисса, ендігі сөзді Мейрамханның Жәмшидті іздегенінен естіңіздер. Фарқағад, Қозатты мұнда тастап, Бадырап, Бадыраң Ғазизді «әскерді қорып тұр» деп оны да тастап, өзі саудагер порымында болып, қырық түйе қазына артып, қызметкерлер алып, өзі ерлерше киініп, шашын алып, бір байбатша ретінде Хауарзамин шаһарына жүргенінен сөз естіңіздер:

Назым Мейрамхан

Жамағат, жалықпастан енді тыңда,
Кетті деп сөзің ұзап айып қылма.
Ақылын Мейрамханның қабыл көріп,
Палуан, ғаярлармен қалды мұнда.
Толтырып қырық түйе хан қазына,
2840 Хауарзам тарапына түсті жолға.
Қызметкер отыз кісі жолдас алып,
Бастығы Малақ батыр болды қолда.

Хауарзам шаһарына кетті жүріп,
Бадампай тұлпарына алды мініп.
«Жәмшидтің жоғалғанын айтпағын» деп,
Насихат қанша түрлі ақыл құрып.

Мейрамхан осылайша сапар етті,
Арада қанша шаһар басып өтті.
«Тұраннан келеміз, — деп, — саудагерлік»,
2850 Бәріне де осылайша жауап етті.
Айтарлық бұл сапарда жұмыс болмай,
Екі айда Хауарзамға келіп жетті.

Керуеннің сарайына түсті барып,
Неше күн отырыпты демін алып.
Өзіне Жанкүйдіргіш ат қойыпты,
Айтпайды Мейрамхан деп жалғыз қаріп.

Үстіне неше қабат киді киім,
Білдірмес өмірінде жанға сырын.
Бір күні шаһар ішін сайран етіп,
2860 Таң қалды көрген адам мұның түрін.
Сұлулық сипатына қайран қалып,
Тастады дүкеншілер ессіз пұлын.
Көруге құмар болып барлығы да,
Қайтар үйге тастап қыз бен ұлын.

Осындай құмарланып қанша халық,
Жабылып жүргізбейді ортаға алып.

Жәмшидтен нешбір хабар ала алмастан,
Отырды сарайына қайтып барып.
Мейрамхан сонда түсті бір қиялға,
2870 «Патшаға барайын, — деп, — тарту алып».

Есепсіз алып шыққан дүнияны,
Көзі таяр қарағанда көрген аны.
Мүлкіне бір патшаның барабарлық,
Бір тон бар түймесінің гауһар бәрі.
Қанша бай, қандай патша болғанменен,
Жек көрер адам болмас дүнияны.

Толтырып тоғыз нарға тарту артып,
Көрген жан қорғасындай кетті балқып.
Күлдірлеп қоңырауы қызыл нардың,
2880 Алдына дарбазаның келді тартып.

Тұрыпты қожайыннан рұқсат сұрап,
Істеген әдепсіздік бізге ұят.
Патшаның құзырына келгеннен соң,
Біздерге жүз көрісу ол бір минат.

Түсірді құрмет етіп қонақ үйге,
Деп айтты: — Сіздердікі мына дүние.
Отырды бір сарайда ол Мейрамхан,
Өзіне ілестірмей жолдас бірге.
Таранып тоты құстай түрленеді,
2890 Мөлдіреп бақшадағы қызыл гүлге.

Отырды қонақ үйде жалғыз қалып,
Құрметтеп қызметкер, қанша халық.
Тартуын Мейрамханның түгелімен
Патшаға сол заманда барды алып.
Гауһардан түйме таққан алтын тонды
Қарады сонда патша қолына алып.
«Өмірде мұндай киім көрмедім» деп,
Отырды бек қабағат қайран қалып.
— Қай жерлік, қай тараптан келді екен,
2900 Қонақты шақыр, — дейді, — шапшаң барып.

Мейрамхан шақырған соң жетіп келді,
Патшаның Қасымзейрін түрін көрді.
Ыпылдап тал-шыбықтай майда сөзбен,
Еңкейіп қол қусырып сәлем берді.

Отырды сіз-біз десіп амандасып,
Патшаның құзырына құп жарасып.
— Қай тараптан келесіз, нәсілің кім? —
Сұрады сонда патша жауаптасып.
— Атың кім, қай шаһардан мұнда келдің,
2910 Бұл жерден қалайынша таттың нәсіп?
Мейрамхан орнынан ұшып тұрып,
Иілді жүрегіне қолын басып.

— Нәсілім қалмақ болар, шәрім — Иран,
Атамыз саудаменен дүние қуған.
Бабамыз жүз елуге жасы келіп,
Мен едім жалғыз бала сонан туған.
Кәсібін қартайған соң маған беріп,
«Өзіңше сауда қыл» деп бұйрық қылған.
Шаһарға Фишам Қайран бармақ едім,
2920 Мал салып кемемізге дария судан.
Кемені толқын айдап ықтиярсыз,
Аман-сау бұл күндерде шықтым мұнан.
Атымды Жанкүйдіргіш атам қойып,
Баласы өле беріп ырым қылған.

Иә, тақсыр, осылайша менің халім,
Атыңыз жер-жаһанға болған мәлім.
Сіздер сынды патшамен жүз көрісу,
Қызығы сол емес пе дүнианың.

Мейрамхан солай айтты барлық сырын,
2930 Айтпастан ақиқатын, кетті қырын.
Майда сөз, нұрлы жүзі перде болып,
Ешқандай таба алмайды мұның мінін.

Андан соң тамағын жеп, ішті шарап,
Падиша көз айырмай отыр қарап.

- «Дүниеде мұндай бала көрмедім», — деп,
Бір басын Мейрамханның мыңға балап.
«Қыз болса бұл нұрымен осы бала,
Етер ем дүниенің бәрін хараб.
Перінің қызы болса Қап тауында,
2940 Күшіммен алар едім бір күн талап.
Армансыз дүниеден өтер едім,
Бір күнде ақ жүзіне тоқсан қарап.
Қыздардың бұған тиген арманы жоқ,
Ол шіркін қыз болмайды қайғырсам көп.
Мен сүймесем бұл ерді қызым сүйсін,
Кетпесін өз қасымнан айналып көп».
Ғашығы Мейрамханға әбден өтіп,
Ішінен патша отырды уайым жеп.
- Отырды барлығы да мажырасып,
2950 Қандиулат, шаһд, шекер татып нәсіп.
Патша ақындарға бұйрық етті:
— Қонақтың тамаша етіп көңілін аш.
- Ақындар өлең айтып, тартты күйін,
Ойыншы өз әлінше ойнап биін.
Сол жерде ер Жәмшид ойға түсіп,
Бұл әндер құлаққа енбес екі тиын.
— Иә, тақсыр, салтанатың артық екен,
Мың мәрте құлдық еттік еткен сыйың.
Пенденің өлең мен жыр желпуіші,
2960 өңілдің кетіреді қайғы, кірін.
Бой шымырлап кеудені босататын,
Шақырғын жыршы болса тағы бірін.
- Патша мына сөзге бек шаттанып,
Айтады орғып сөйлеп, судай ағып.
— Бар еді бір ақыным теңдесі жоқ,
Зынданға бір себеппен қойдым салып.
Қонақтың құрметі үшін бүгінгі күн,
Зынданнан әкел, — дейді, — шапшаң барып.
Бұл күнгі мәжіліске қызмет етсін,
2970 Салармыз таң атқан соң қайта апарып.

Жәмшидті келді сонда олар алып,
Қалыпты нашарланып, естен танып.
Сол жерде Мейрамханды танымады,
Қандайлық қараса да көзін салып.
— Азырақ шарап ішіп, Зарлық пенде,
Бер, — деді, — қонақтарға бір ән салып.

Жәмшид те қабылдады естіп мұны,
Азғындап болмай қалған мұның сұры.
Құбылтып тартса дағы сыбызғысын,
2980 Шықпайды бұрынғыдай қайран үні.
Сол жерде Қасымзейрін сөз сөйледі:
— Қонағым, бұрынғыда көрсең мұны,
Ес қалмай естігендер еңіреуші еді,
Бұл күнде келмей отыр сөздің ығы.

Мейрамхан риза болды қол қусырып:
— Қайтқанша бұл шаһардан сауда қылып,
Зынданға, тақсыр, мұны салдырмаңыз,
Отырсын бір-екі күн қызмет қылып.
Көңілі көтерілсе шарап ішіп,
2990 Бір көрсек сайрағанын даусы шығып.
Патша осы сөзді мақұл көріп,
Жәмшид те мәжілісте қалды тұрып.

Бұл күнгі мәжілісті тамам етті,
Халайық жай-жайына тарап кетті.
Ішіне алтын сарай төсек салып,
Қонаққа «жатыңыз» деп құзыр етті.
Таң атып ас-су ішіп, бас қосқан соң,
Падиша ойлап отыр бір ниетті.

Әлқисса, Қасымзейрін патшаның Мейрамханға айтқан сөзі-
нен естіңіздер:

Падиша сөз сөйледі Мейрамханға:
3000 — Иә, балам, нәсіп айдап келдің мұнда,
Қаншалық құрмет пенен тартуың бар,
Бұл жаққа келгеніңе себеп бар ма?

Бір сізден аярым жоқ дүние, жаннан,
Айта бер, ойдағы ісің болса әрне.
Ауыздан шыққан сөзің бүгін қабыл,
Бірақ та балалық қып қапыл қалма.

Мейрамхан патшаға айтты: — Иә, ханым,
Опасы жоқ адамға дүниенің.
Сіздер сынды патшамен жүз көрісу,
3010 Ойлаған ойымдағы бар арманым.
Мен сізден дүние сұрап келгенім жоқ,
Жетеді бір басыма жиған малым.
Қайтамын, рұқсат болса өз еліме,
Ақиқат баян еттім барлық халім.

Патша айтты: — Ол сөзіңіз тура келмес,
Дүниесін бекер босқа нешкім бермес.
Сен маған бала болып жақын болғын,
Бар еді жалғыз қызым саған теңлес.
Деген сөз «құры қасық ауыз жыртар»,
3020 Болғанмен бекер тамыр ештеме өнбес.

Мейрамхан ырза болып: — Тақсыр ханым,
Сіз айтсаң болмас дерге бар ма халім.
Ханның қызы қараға қалай тиер,
Қасына бара алмаспыз ханышаның.
Қосылған ғашық болып мехнатпен
Бар еді өз үйімде махбұб жарым.
Бәйбіше, тоқал деген бір әңгіме,
Ежелден күйік сынды ол бір сарын.
Иә, тақсыр, ендігісін сіз білерсіз,
3030 Айтайын бастан-аяқ барлық халім.

Патша айтты: — Бұқара деп кем көрмеймін,
Сені мен патшаларға тең көрмеймін.
Тоқал тұрмақ, домалақ күң болса да,
Қызымды өз еркіне жібермеймін.

Бұл сөзді Мейрамхан да көрді мақұл,
Ойланып табамын деп қандай ақыл.

- «Қарағым, Жанкүйдіргіш күйеуім» деп,
Падиша құрметпенен сыйлап жатыр.
Күйеу, қызды сол жерге қоспақ болып,
3040 Тігіпті салтанатты алтын шатыр.
Дауысы күн-күн сайын жақсы шығып,
Өлеңді зырылдатар Жәмшид батыр.
- Мәлике Зибә еді қыздың аты,
Ауызбен айтып болмас түр сипаты.
Болғанда шашы сүмбіл, тісі меруерт,
Аһ, дүние, бұл жалғанның рахаты.
Жәмшидке ғашықтықтан сабыры жоқ,
Қайнайды ойлағанда қасіреті.
Сол заман Мейрамханды көргенінде,
3050 Орнады өз басына көңіл шаты.
- Қосылды қыз бен күйеу болып нәсіп,
Қырық қыз жеңгелермен шашу шашып.
Білмеді құшақтасып көріскенді,
Еңкейіп тізелерін қолмен басып.
Отындай найзағайдың жарқ-жұрқ етіп,
Отырды бір-бірімен құп мінәсіп.
Қырық қыз, сексен қатын, жүз жиырма ақын,
Барлығы өлең айтты шуылдасып.
Жәмшидті сол мәжіліске алып келді,
3060 Берсін деп балалардың көңілін ашып.
- Күй тартты домбырасын қолына алып,
Отырды естігендер естен танып.
Мейрамхан бір шынымен шарап берді,
Ішіне өз жүзігін қоса салып.
Далаға «құсамын» деп шығып кетті,
Жүзікті ауызына ұрттап алып.
- Жүзікті сол заманда қолына алған,
— Бұл қандай оқиға? — деп көп ойланған.
Қараса бір ғажайып алтын жүзік,
3070 Мөр етіп Мейрамханның атын жазған.
«Бақытты бақ-дәулетім келіпті» деп,

Қуанып үйге еніп қайта айналған.
Ақиқат Мейрамханды сонда танып,
Жоқ еді неш хабары мұндай халден.

Бұл мәжіліс мұнымен тамам бітті,
Қыз, қатын барлығы да тарап кетті.
Ханыша күйеуімен ұйықтамақ боп,
Төсекті жайлап салып ниет етті.
Күйеуден қыздың алар ырымы бар,
3080 Бір тиын ақшасы жоқ бұған ниетті.
Сырласып, сыбырласып, сыр сұрасып,
Мейрамхан бір қулыққа енді кетті.

Мейрамхан қызбен жатыр құшақтасып,
Әзілі бірінен де бірі асып.
«Мәлике, сізге айтар бір сыр бар» деп,
Сөйледі енді бастап жауап ашып:
— Сайраған бау-бақшада бұлбұл едің,
Бұл жерде бүгінгі күн болдың нәсіп.
Атаның рухына ұрынармыз,
3090 Іс етсек балалықпен жол адасып.

Бір іске қасам еткен бабаларым,
Кейінгі ұрпақтарға бабаларым
Жақындық етпесін деп көп тапсырған,
Алғанда күйеу болып ғашық жарын.
Сүйісіп құшақтасса болад деген,
Үш күнде шарты бітер уағданың.
Бұл істі қабыл көріп, сабыр етсе,
Көп болады деген екен балаларың.
Өмірлік жолдасымсың, саған айттым,
3100 Айыпқа бұйырмағын, иә, қарағым.

Қыз айтады: — Ондайлық болса бата,
Біздерге асығыс іс болар қата.
Шықпайын айтқаныңнан өмірімде,
Ғашығым, уағдаға еткін опа.
Бір күндік нәпсі тілін аламыз деп,
Жүрмелік біздер көріп қайғы, жапа.

Көп болса бала-шаға қандай жақсы,
Көрінер түйе сұлу ерсе бота.

3110 Қыз, күйеу осы сөзбен ырзаланып,
Үш күндік уағданы қалды бағып.
Бір күннің ұзақтығы бір жылдай боп,
Төсекке екінші күн жатты барып.
Мейрамхан Мәликені құшып, сүйіп,
Сырласты әлгі қызбен сөз шығарып.

Әлқисса, ендігі сөзді Мейрамханнан естіңіздер. Қойнында
жатқан қызбен сырласып, қыздың сырын сұрағаны:

— Мәлике, сөзім тыңда, ғашық жарым,
Сен болдың осы күні ынтызарым.
Дүние — дауыл, ақыры көргенімнің
Айтайын бірін қоймай саған бәрін.
Аралап жер-жаһанның бәрін кезіп,
3120 Қызығын жақсы көрдім дүниенің.
Бір қызды ғашық болып алып едім,
Бұрын бір көрген екен ердің тәнін.
«Ит жеген өз ішінен бүлінед» деп,
Кейідім, бек қиналып ғазиз жаным.
Қалған соң мен ренжіп қыз ұялып,
О дағы баяндады өткен халін.

Әйелім сонда тұрып айтты халін,
Аузынан аһ дегенде шықты жалын.
Сұлулық сипаттары әлемде жоқ,
3130 Болыпты жер-жаһанға сондай сарын.
Менен бұрын біреуге ғашық болып,
Қосылып тарқатыпты шер-құмарын.
Онан соң елін келіп жау ап кетіп,
Көре алмай қалған екен ғашық жарын.
Осындай шын себебі болғаннан соң,
Мен де кештім ол қыздың күнәларын.

— Мәлике-ау, осылайша барлық сырым,
Сондай бір қапалықта қалдым бұрын.

3140 Сол қайғы бүгінгі күн ойдан шығар,
Патшаның құшақтадым қызыл гүлін.
Сайраған бақшадағы сіз бір бұлбұл,
Шеніне бара алмайтын һешбір зұлым.
Дүниеде әуел ақыр көргенінді,
Жасырмай сөйлеп бергін енді, күнім.
Мейрамхан жұрттан асқан кемеңгер ғой,
Кетірді осылайша қыздың сұрын.
Жәмшидке ғашық болып шарап ішіп,
Құдайым Мәликені ұрған бұрын.
Сасқаннан самай шашын тыр-тыр қасып,
3150 Бір ауыз шығармады сөйлеп үнін.

Ұялып Мәлике қыз біраз жатты,
«Өлімнен деген сөз бар ұят қатты».
«Ертең кешке болады ақыр тойым», —
Деп ойлап, барлық сырын бұл қыз да айтты.

Сөйлейді әуел бастан көргендерін,
Зарлықтың мейрам тойға келгендерін.
Ән салып неше түрлі мәжілісте,
Барлық ел құмар болып төнгендерін.

— Зарлықтың зар еңіретті салған әні,
3160 Шыққандай болды жұрттың тәтті жаны.
«Ерден өнер құтылмас» деген сөз бар,
Естір ед қолдан келсе әркім әні.
Болғандай ел иесі ер екен деп,
Өзім де бек сүйініп дедім пәлі.
Армансыз дүниеден өтер дедім,
Болса да қандай қыздың ғашық жары.
Өз әкем қызыққаннан қасына алып,
Өмірлік жолдас бол деп қойған аны.

Зарлыққа зар еңіреп болдым ғашық,
3170 Һешкімге сыр айтпадым лебіз ашып.
Ғашықтық күндегіден күнде асып,
Татпадым неше күндей тағам, нәсіп.

Бір күні өз әкемнен сұрап алып,
Отырдық шарап ішіп мажырасып.
Сол күні ойда мақсұт бәрі бітіп,
Жатыппыз күн шыққанша қара басып.

Зарлыққа ғашық болған қыздың бәрі,
Күйзелген қасіреттен тәнде жаны.
Өз қолы жетпеген соң Зарлық ерге,
3180 Патшаға сөйлеп берген оқиғаны.

Атамыз қаһар етіп сонан кейін
Зынданға алып барып салғандарын.
Мәлике айтып өтті барлық сырын
Қалдырмай оқиғаның бірде-бірін.
— Мен тұрмақ бұл Зарлыққа құмар болды,
Падиша ел билеген көріп нұрын.
Жүр екен қайда барсаң жолың болмай,
Саудамыз біздің дағы біткен бұрын.

Әлқисса, ендігі сөзді Мейрамханнан естіңіздер. Мәликезейрін қыз барлық сырын айтқан соң, өз сырын айтайын деп тұрып тағы да сенбей, қастық етіп әкесіне айтып қойса, ашылмас тұманға қалармын деп Мәликезейрін қызға айтып отырған сөзі:

— Мәлике, ғашық жарым, айттың сырды,
3190 Көріпсің ғашықтықпен әрбір түрді.
Дүниенің ең қорлығы ғашықтық қой,
Көз көрсе де айта алмас іште сырды.
Жете алмай мақсұтына ойлағанмен,
Ақыры болып кеткен әркім жынды.
Жолында замандастық жаным ашып
Айтайын мен де саған енді шынды.

Ғашық боп қосылыпсың Зарлықпенен,
Бір сізден оған дағы тарлық келген.
Қалмайын обалыңа екеуіңнің,
3200 Жарамас кісі ақысын тартып жеген.
Сіз — мұнда, ол зынданда азап көрсе,

Өтеді жылауменен бұл дүниеден.
Жолыңа замандастық жаным құрбан,
Ісімді аямаспын қолдан келген.
Сіздердей ұлық патша ханышасы,
Жақсы емес ұялғаны көрінгеннен.

Қосайын екеуіңді ебін тауып,
Білед деп нешбір адам етпе қауып.
Ұмытпа ғашық болған Зарлығыңды,
3210 Мені де сұлу ғой деп көңлің ауып.
Көрінген қоразбенен шағылысқан,
Болмаңыз, иә, Мәлике, сіз бір тауық.
Өз айтқаны өзіне куә болып,
Отырды Мәлике қыз есі ауып.

Мәлике сөз сөйледі Мейрамханға,
Бір түйін қатты тосып осы арада.
— Күйеудің біреуінен бірі артық,
Қосылған Зарлық ерге амал бар ма?!
Қосылып көрінгенге жүргеніміз,
3220 Сүйекке өле-өлгенше болар таңба.
Шықпайын айтқаныңнан, жан жолдасым,
Істей бер қолыңыздан келсе аны.

Өлқисса, ендігі сөзді Мейрамхан мен Мәликезейрін қыздан естіңіздер. Екі қыз бұл шаһардан Жәмшидті қалай алып кетеміз деп ақылдасып отырғанда, Мейрамханның «тапқан ақылым мынау» деп Мәлике қызға айтып отырған сөзі:

— Мәлике, сөзім тыңда құлақ салып,
Күйеу боп мен тұрайын сізді алып.
Өмірде адамзатқа сырыңды айтпа,
Дос ем деп бір адамға жалғыз-жарым.
Қайтуға елімізге рұқсат сұрап,
Мен енді падишаға айтам барып.
«Құлдыққа ол Зарлықты беріңіз» деп,
3230 Кетеміз атамыздан сұрап алып.
Бұл сөзді Мәлике қыз қабыл көрді,
Айтысты уағданы ырзаланып.

Мейрамханның Қасымзейрін атасынан қайтуға рұқсат сұрағаны:

- Мейрамхан падишаға келді жетіп,
Иіліп қол қусырып, әдеп етіп.
Күйеуін жек көретін адам бар ма,
«Қарағым, шырағым» деп құрмет етіп.
Мейрамхан сонда тұрып сөз бастады,
Еліне қайтатұғын жөн көрсетіп.
— Кешікпей кел деп еді ата-анамыз,
3240 Уағдам қайтам деген кетті өтіп.
Иә, тақсыр, рұқсат берсең енді бізге,
Мен тұрмын енді сізден үміт етіп.
- Жауабы мынау болды падишаның,
Күйеуі болғаннан соң ханышаның.
— Қарағым, рұқсат бердім, екі бала,
Бар ма еді менен, сірә, қалағаның.
О дағы иесін көрсе қуанады,
Сіздердей асыл затты балаларын.
Құл мен күңнен құлдыққа қанша аласың,
3250 Көрсетіп маған айтшы шамаларын.
- Мейрамхан патшаға айтты: — Тақсыр баба,
Қайда жүрсек сізсіз ғой бізге пана.
Бар сізден сұрайтұғын бір жұмысым,
Көп екен ақын, жыршы осы арада.
Біздің елде әу дейтін бір адам жоқ,
Білмейді сыбызғыны жалғыз пара.
Бұл жерден бір ақынды бізге берсең,
Ел-жұрт таң қаларлық бір оқиға.
Көп құлды топырлатып біз қайтеміз,
3260 Орынсыз ортақ етіп қолдан-қолға.

Әлқисса, Мейрамхан бұл сөзді айтқан соң, Қасымзейрін патша Мейрамханға айтады: — Қарағым, олай болса мен ақын, жыршыдан жарлы емеспін, таңдағаныңды ал. Сонда да бәрінен басым айтқанда адамның жанын күйдіретін мына Зарлық қой. Одан артық ақын жоқ, осыны алып бар ел-жұртқа, ұялмайсың.

Қалай айтса қолынан келеді, — деп жауап береді. Мейрамхан да ырзаланып, қанша күн жол жабдығын даярлап, Мәликезейрін қызды алып, Жәмшидті ақын деп алып қаншалық салтанатпен Қасымзейрінмен қоштасып, өзінің отыз жолдасы, Малақ батырымен жолға түсіп қайтқанынан естіңіздер:

Қоштасып бұл Мейрамхан қайтты елге,
Әйелден көріп пе ендер мұндай пенде.
Бір айдай сапар етіп дария, шөлмен,
Сыр айтып болмас дейді бөтен жерде.
Бұл ісін Мейрамханның ол да байқап,
Бір ауыз үндемейді Жәмшид ер де.
Бір тауға бір күндерде жүк түсіріп,
Сырларын айтысатын келді жөнге.

Мейрамхан әуелі бастан айтты сырын,
3270 Не болғаны оқиғаның барлық түрін.
Басынан тоқалдыққа мақұл болған,
Жәмшидке қосты сол күн ханның қызын.
Ер Жәмшид жаннан артық құрмет етті
Мейрамхан жан жолдасы, бақыт гүлін.
Жетіпті мұратына айрылғандар,
Сол жерде дамыл алды бірнеше күн.

Өткен соң бір-екі күн жүріп кетті,
Қанша күн бұл арада сапар етті.
Сол заман айғайлаған дауыс шығып,
3280 Тау-орман барлығы да қалт-қалт етті.
Барлығы бұл дүниеден үміт үзіп,
Ақыры не болғанын білмей кетті.
Қаптаған қара бұлт тәрізденіп,
Бір палуан таудай болып шыға кепті.

Бағалап болар емес тым сипатын,
Аузы аңқайып, басы тұр көкке жетіп,
Қозаттай екі есе ұзындығы,
Келеді көлденеңі бес жүз аршын.
Бір басса аяғымен өлтіретұғын,
3290 Бұлардың енді жаны қайтіп қалсын.

Білмеді бұл Жәмшид ер өзін-өзі,
Тірлігінің тоқтауы деп осы жері.
Тұтылған күндей болып қызарады,
Сол жерде ол батырдың екі көзі.
Торғайдай қырғи тиген сыпырып ап,
Батырдың сонда тұрып айтқан сөзі:

— Қай жерліксің, қай елдің ұрығысың,
Айт, — дейді, — әуелі бастан ата-тегің.
Сөйледі Жәмшид сонда ата-тегін,
3300 Емран шаһар ішінде туған жерін.
Әсіл-нәсілін бәрін де айтып өтті,
Ақыры бүгінгі күн өлерлерін.

Жәмшид ер баян етті жеті атасын,
Сөзімнің кешіргін деп бар қатасын.
Туысы бұл батырға жақын болып,
Жұмсатты бұрынғыдан көзқарасын.
Ол батыр жақындығын білді дағы,
Айтады өз ойында оқиғасын.

Әлгі батыр Жәмшидтен жөн сұрап болғаннан соң айтқаны:

Батыр айтты: — Кезек бер енді маған,
3310 Мен жайымды айтайын, — деді, — саған.
Баласы Қияморс Тариқ Тарой,
Палуан болып өткен дүниядан.
Тариқ деген батырдың баласымын,
Өз атымды сұрасаң — батыр Баман.
Таройдан Аман деген бір батыр бар,
Ерлігін айтып болмас сондай жаман.
Дүниеде адам ұлы жыққан емес,
Салады дұшпанына ақырзаман.
Жәмшид деген құмаршы бар деп еді,
3320 Болады сенің әкең менің ағам.
Бұлғары шаһарында саудагерден
Әйеліңіз мынау ма ұтып алған?
Үрімде Қоңқарменен соғысты деп,
Маған да бір азырақ хабар болған.

Қоңқардың тоқсан шаһар қармағында,
Оныменен тең болар қанша шамаң.
Не болсаң да өзімнің бауырымсың,
Бері кел, көріселік енді, балам.
Оздырам бұл бәйгеден енді сені,
3330 Нәсілсіз қор болмасаң нағыз жаман.
Бақыты келінімнің сенен де зор,
Беріпті бақ-дәулетке алшы саған.

Емранда хан болыпсың ұтып алып,
Тақытқа отырыпсың рахаттанып.
Кәрім деген саудагер, ол — бір залым,
Жау іздеген пәлекеттің отын жағып.
— Барғаным аяғымнан ұят қой, — деп,
Жүр едім соныменен намыстанып.
Бір сені қорлап жүрген Қоңқарменен
3340 Көрейін бір соғысып өзім барып.
Жәмшид те аттан түсіп, құлдық ұрып,
Көрісті ағасының қолын алып.
Сонымен құрмет етіп бірін-бірі,
Қоңқарға жүріп кетті қатуланып.
Үш айлық уағдасы бар Қоңқаршадан,
Тыңдаңыз, көп жамағат, құлақ салып.

Әлқисса, ендігі сөзді үш ай уағда тосып қалған Қоңқардан естіңіздер. Қоңқар үш ай уағда ішінде тоқсан шаһар еліне тегіс хабар айтып, елін жинап қара жерді қайыстырып, әскерін жиып жатыр. Және де Қозатқа тең болатын батыр іздейді. Қап тауы деген тауда аң құсап жүрген тажал Орайнатан деген бір палуан бар екен. Өзінің зорлық сипатын жазып қалам, ойлап ой жетпейді екен. Киімсіз, жалаңаш, ұят-абыройдан хабар жоқ, қалай болса солай жүре береді екен. Бір күндері бір топ керуен келе жатып, күн батқан соң бір-екі таудың арасына қонып жатыпты. Ол тау емес, баяғы Орайнатанның екі бұтының арасы екен. Ол уақытта палуан ұйықтап жатыр екен. Ұйқысынан оянып бір аяғын қимылдатып қойғанда бірталай адам астында қалып өліп қалыпты. Қалғаны қашып палуан екенін біліп кеткен екен.

Ол батырдың ішер тамағы жоқ. Тамақ керек уақытында онша-мұнша дарияға барып суын ұрттап алып, басқа сайға

құйып ішіндегі балығын шикідей жеп қояды екен. Сондайлық күн көріспен жүргенде, бір күні Қоңқар Шабыраң ғаярына бал аштырып, «Қозатқа тең келетін сол Орайнатан» деп айтқан соң, Қоңқар Шабыраң ғаярын жіберіп әр түрлі хайламен алдап алдырып еді. Бұл тажал Орайнатан келіп, әскер қара құрттай толып, Қоңқар шаттықта болып үш ай уағда бітеді. Шабыраң ғаярды шақырып алып: «Кітабыңды аш, Жәмшидті жеңеміз бе, иә, болмаса жеңіліп қаламыз ба?» — деп сөйлегенінен сөз естіңіздер:

Назым Шабыраң ғаяр

Кітабын Шабыраң алды қолға,
Қарады сиқырлықпен оң мен солға.
Жәмшидтің тарабына қарап еді,
3350 Деп айтар: — Хауарзамда түсті қолға.
Басында наһан жұтып кеткен дейді
Қазірде жоқ деп айтар Жәмшид мұнда.
Бұл сөзге Қоңқар патша бек қуанып,
— Қайта аш, — деді, — келе ме қайтіп мұнда.

Ол ғаяр қайтасынан ашты балды,
Сөйледі әуелі-ақыр барлық халді.
— Әйелі бақтысына біткен екен,
Жәмшидті іздеп барып қайтып алды.
Патшаның Қасымзейрін қызын алып,
3360 Олжалы етті қатыны бұл сапарды.
Түбі бірге туысы жақын еді,
Бір батыр Баман деген душарланды.
Баманның батырлығы әлемде жоқ,
Қояр-қоймас білмеймін шыбын жанды.
Жәмшидтің мұнда жоғын білгеннен соң,
Сол заман Қоңқар патша сөз шығарды.

Қоңқар айтты: — Халайық, сөзім тыңда,
Ол Жәмшид келгенінше қайтып мұнда.
Мұндағы әскерлермен соғысалық,
3370 Қозатты ұшыратып біз тұтқынға.
Қозат пен Фарқағад қолға түссе,
Ақиқат шығар едік біздер қырға.

Ол Жәмшид палуан емес, хайласы мол,
Бір іспен кез боп қалдық мұндай қуға.
Бұл сөзді барлығы да қабыл көріп,
Жер жүзі толып кетті түрлі туға.
Әскерді санап адам болар емес,
Қайысқан қамыс құсап шыққан суға.

3380 Жоқ еді сол уақытта жылқы тұқым,
Айттым ғой палуанның абырой сиқын.
Бірлі-жарым палуаны керік мініп,
Сүйретер есек мысал жерге бұтын.

Ыштан етпей қоя берген барлық құтын,
Қап-қара қара қайыс барлығы да.
Болмайды ажыратып жерден сиқын
Кім Құдай, кім Пайғамбар хабары жоқ,
Алмайды тазаланып шашын, мұртын.

3390 Соғысқа шықты жұрты тілін алып,
Шоқпарын иығына тұрды салып.
Қоңқардың бар әскерін бастап алып,
Палуан Орайнатан тұрды барып.
Бұл істен шын ақиқат хабарланып
Қозат пен Фарқағад екі алып.
Жәмшидтің кешіккені қайғы болды,
Бұл жаудан қорықпайды жалғыз қаріп.
Ғаярды Бадыраң Ғазиз шақыртып ап,
Жәмшидке бал аштырды кітап алып.

3400 Қарады кітап ашып Жәмшид ерді,
Деп айтты: — Өз бақтысы басқа келді,
Есіл ер қайта айналып келгенінше,
Бірқанша аралайды біздің елді.

Ол ғаяр осылайша сөз шығарып:
— Бір қатер бар, — деп, — айтты бізге анық.
— Қандай жан мен тұрғанда тиеді, — деп,
Ер Қозат бек қабағат ашуланып.
— Бал ашып жоқ нәрсені айтасың, — деп,

- Кітабын лақтырды жұлып алып,
Садақтың оғындай боп зырлап ұшып,
Бір тауға кітап сонда түсті барып.
3410 Қозатқа қой дейтұғын шамасы жоқ,
Кітабын тауып алды өзі барып.

Әлқисса, ендігі сөзді Фарқағад пен тажал Орайнатан екі батырдың жекеге шығып соғысқанынан естіңіздер:

- Жиылды екі әскер екі жақтан,
Шоқпары иығында қанша батпан.
Майданға Орайнатан шықты жалғыз,
Барыпты Фарқағад бір тараптан.
Жұлқыды бір-бірін қарсыласып,
Соғысса лайықты құп мінәсіп.
Атақты Фарқағадты білген еді,
Сөйлесті екі батыр жауаптасып.
3420 Зәңгінің Орайнатан ұзындығы
Батырдан Фарқағад тұрды асып.

— Кезекті бер, — деп айтты Орайнатан, —
Сендердің маған көп-ті еткен қатаң.
Қосылып Қозат сынды сұмырайға,
Қоңқарға бастан мағлұм қылған жапаң.

Көнбеді бұл сөзіне Фарқағад,
— Былжырап не дейсің, — деп, — оқиғаны.
Сол жерде бір-біріне салды шоқпар,
Тәртіпсіз екі таудың болар аңы.

- 3430 Ақырды жолбарыстай бір-біріне,
Басқаның татығандай мың күніне.
Айдаһар сипатындай зәрін жайып,
Наһандай бұлқынады су түбінде.

Күркіреп күндей болып жауар бұлт,
Кезексіз бірін-бірі жатыр ұрып.
Шоқпармен қақ төбеден ұрғанында,
Кетіпті Фарқағад жерге кіріп.

Аяғы тізесінен кіргенінде,
Қысылып қара жердің суы шығып.
3440 Қалыпты қатты сасып қайран батыр,
Бір жерге қайтасынан тұрды шығып.

Ашуы қатты келіп Фарқағад
Зәңгіні жіберді лақтырып.
Түсіпті қырық қадам жерге барып,
Ешқандай сескенбейді, жабырқанып.
Шыдамай ашуына Орайнатан,
Сол жерде қайта ұстасты демін алып.

Ақырса жолбарыстай екі батыр,
Ес қалмас естігенде қанша халық.
3450 Тоғыз күн күндіз-түні дамыл алмай,
Барады Фарқағад нашарланып.
Тау құсап соғысады домаланып,
Шақылдап от шығады мағлұмланып.
Бұл зәңгі Орайнатан басым келіп,
Төмендеді Фарқағад естен танып.

Зәңгінің басым болып әрбір ісі,
Қарайып түн мысалы рең, түсі.
Сол заман Фарқағадта мән болмады,
Палуанға Орайнатан келмей күші.
3460 Ақыры Орайнатан байлап алды,
Бітіпті соныменен барлық ісі.

Түсіпті Фарқағад сол күн қолға,
Оралды қайран батыр темір торға.
Қоңқардың әскерлері шаттанып
Қағыпты барабанын оң мен солға.

Көрсетті Орайнатан ерлік істі,
Қоңқарды қуантпаққа жүгірісті.
Батырдан бұл сияқты айрылған соң,
Жәмшидтің әскеріне қайғы түсті.
3470 Үрімнің қаласына барғаннан соң,
Той істеп сол күндерде шарап ішті.

Шақырып Шабыраң сұм ғаярын,
Бастады Қоңқар тағы бір жұмысты.

Ғаярға Қоңқар айтты: — Түнде барып,
Маһирон жалғыз қызды келгін алып.
Қосамын Орайнатан күші үшін,
Дұшпаннан берді бүгін кегімді алып.
Сол қыздың қастығымен Жәмшид қуға,
Бадампай тұлпарымды берді алып.
3480 Сондайлық шерменденің кесірінен,
Қырылды қаза тауып қанша халық.
Қыз беріп қызықтырсақ бұл палуанды,
Қозатпен соғысады ырзаланып.

Бұл сөзді Шабыраң көрді мақұл,
Ғаярда толып жатыр қулық тақыл.
Бір иттің сипатында бола қалып,
Жәмшидтің әскеріне келе жатыр.

Әскерге келді ит боп ғаяр жанап,
Тіміскіп көрінгеннің бәрін қажап.
3490 Қаңғыған бұл итті кім ескереді,
Іздеп Маһиронды жүр аралап.
Ұйықтамай отырғандар бірлі-жарым,
«Ішед» деп тамағымызды ұрды таяқ.

Ақыры Маһиронды тапты барып,
Мас етті мұрнына дәрі салып.
Ғаярлық қапшығына салып алып,
Сүйекті ауызына тістеді алып.
Бадырап, Бадыраң Ғазиз ескермеді,
Бұл итті түнде жүрген көрсе де анық.
3500 Қоңқардың өз алдына әкеп қойды,
Ғаярлық дорбасынан һәм шығарып.

Қоңқардың қызды көріп кетті сұры,
— Жоғалт, — деп, — көз алдымнан шапшаң мұны,
Апарып ол зәңгіге бергін, — деді, —
Көрсетсін көрмегенін салдақыны.

- Бала боп бір пайдасы маған тимес,
Кез қылды қандай күні мұндай қуды.
Маһирон атасынан күдер үзіп,
Көзінің жасыменен бетін жуды.
3510 Айрылған Фарқағад, Маһироннан
Қозаттан мен айтайын енді сөзді.

Әлқисса, ендігі сөзді Қозаттан естіңіздер, Фарқағад пен Маһироннан айрылып, қапада болып қалған:

Назым Қозат сөзі

- Қайғысы бұл Қозаттың қатты өтті,
Байланып Фарқағад бұл да кетті.
Айрылып Маһироннан қапаланып,
— Мұндайлық көрдім, — деді қасіретті, —
Жәмшид келсе айтам деп не бетімді,
Долданып майдан жерге жүріп кетті.
- Таудай боп көшкін жүрген селкілдейді,
Шайқалып толықсиды қара жер де.
3520 Мастанып Маһиронның жамалына,
Ол зәңгі Орайнатан қарсы келді.
Сұры да екеуінің оңған емес,
Қорқытты ақырғанда барлық елді.
- Бойлары екеуінің бап парапар,
Қаһарлы ызғарынан жауғызып қар.
Салысты шоқпарымен қанша батпан,
Кең дүние көздеріне көрінді тар.
Таулардан тас домалап зілзала боп,
Құлады суға барып сайдағы жар.
- 3530 Аяспай салысып жүр бірін-бірі,
Өмірде көрген емес һешкім мұны.
Қап-қара түнек басып жер-жаһанды,
Тұтылды сол мезгілде күннің көзі.
Қозат бір заманда лақтырды,
Сиынған бабасының қолдап пірі.

Ол зәңгі жығылмастан тұрып кетті,
Бір тиын ойға алмай һешбір мұны.

Ер еді Орайнатан қайраты асқан,
Сыртынан қорқар еді білген дұшпан.
3540 Өмірде жеңілмеген батыр еді,
Қайтпаған һеш адамнан бала жастан.
Күн мен түн бірдей болып түнек,
Екеуі он бес күндей жағаласқан.
Қайтуға бағы бастан себеп болып,
Қозат ер бір қателік жаза басқан.

Шаң топыр бірін-бірі жұлмаласып,
Күштері бірінен де бірі асып.
Көтеріп ол зәңгіні сілтегенде,
Жығылды Қозат батыр жаза басып.
3550 Асқар тау сипатындай Орайнатан
Тұрғызбай Қозат ерді қалды басып.

Жығылды қапылыста Қозат батыр,
Қамданып Орайнатан байлап жатыр.
Қозат пен Фарқағадты байлаған соң,
Түсіпті әскеріне заманақыр.
Қашуға ниеттеніп тұрды бәрі,
Күш жетпес деді дағы тұрғанда ақыр.
Алысып әлі жетпес ойлап ойы,
Түнімен алды-алдына кетіп жатыр.
3560 Әскердің қалғанына ие болып
Бадырап, Бадыраң Ғазиз екі пақыр.

Ғаярлар жасап қойды оттан қорған,
Бұза алмас һешкім мұны ойлап оймен.
Жалыны көкке шығып сиқырлықпен,
Бұларға адам келмес басып қадам.
Қоңқардың қуанышы әлемде жоқ,
Шаттанып тамашалы тойын қылған.
Жамағат, жалықпастан тыңдаңыздар,
Айталық бір жаңалық енді бұған.
3570 Хауарзам шаһарынан қайтып еді,

Сол заман Жәмшид келді сапарынан.
Лаулап тұрған тау сипат отты көрді,
Әскерден көрінбейді жалғыз адам.

Бұл Жәмшид қарап тұрды қайғы басып,
Жөн сұрар адам таппай жауаптасып.
От ішінде отырған Бадыраң Ғазиз
«Келер, — деп, — Жәмшид қашан?» кітап ашып
Қарап көрді, Жәмшид келіп қапты,
Қазір ғана көрісер құшақтасып.
3580 Қақ жарып қалың отты шыға келді,
Сиқырмен от ішінен есік ашып.

Құрметтеп көріседі Жәмшид ханмен,
Мейрамхан, Баман сынды палуанмен.
Қозат пен Фарқағад қолға түсіп,
Әуелден ақырға шейін оқиғаның,
Жарымы әскерінің қашып кетіп,
Қалғанын отпен ұстап тұрғандарын.
Жәмшид ер қапалықта қатты ренжіп,
Қозат пен Фарқағад батырлары.
3590 Жәмшидтің сол заманда кетті сұры,
Палуанның қалмады деп бірде-бірі.
Баман батыр күңіреніп тұра алмады,
Ақиқат естіген соң сонда мұны.

Әлқисса, ендігі сөзді Баман батырдан естіңіздер. Орайнатан-мен соғысып Қозатты, Фарқағадты босатамын деп майдан жерге барғанын, Жәмшид және де қашып кеткен әскерін ғаярларын жіберіп жинатып алып, соғысқа қайта шыққаны:

Баман ер бар әскерін шықты бастап,
Біздерге лайық емес жаудан қашпақ.
Жәмшидтің мұнда қайтып келгендігін,
Шабыраң балдама ашып айтқан қақсап.
Қағысып барабанын екі жақтан,
Бұлттай жауатұғын тұрды қаптап.

3600 Майданға Баман батыр тұрды барып,
Шақырды ол зәңгіні айғай салып.
Ер Баман қайраттанып ақырғанда,
Дауысы кете жаздады жерді жарып.
Тау басынан құлаған тау мысалы,
Аузынан көбік түсер жарып-жарып.
Ақырғанда көбігі оқтай заулап,
Қоңқардың әскеріне түсті барып.
Қырғынға ұшырады солайынша,
Көбік басып көп әскер өліп қалып.

3610 Ол зәңгі Орайнатан мұны көріп,
Соғысқа құмарпаз ғой түсті желік.
Таудай боп көшіп келеді жалғыз өзі,
Сипатын айтып болмас адам көріп.

Айғайлап: — Сен бе мені шақырған? — деп,
Баманға жауаптасты сонда келіп.
— Шақырдың мен де келдім қонақ болып,
Қайтарғын өз басыңды кесіп беріп.
Зәңгі ғой алаңғасар жабайы өскен,
Баманды шоқпарымен қалды періп.

3620 Бір ұрған шоқпарына Баман өлмес,
Қайраты екеуінің болды теңдес.
Алысып іштен тері шықты көкке,
Бұлардың қайраттанса көзі көрмес.

Майдан жерде батырлар
Бірін-бірі жұлқыды.
Сықырласып екі тау
Соғысқандай болыпты,
Екі аждаһа бетпе-бет
Болысқандай болыпты.

3630 Жайдың бұлты жай бұлтқа
Тоғысқандай болыпты,
Арыстан мен жолбарыс
Шабысқандай болыпты.

- Қыран, тазы түлкімен
Жарысқандай болыпты,
Ақ иық бүркіт тырнақты,
Салысқандай болыпты.
Қарап тұрған халайық,
Сауысқандай болыпты.
- 3640 Бірін-бірі ала алмай,
Қайырып жерге сала алмай,
Екі батыр хайласын
Тауысқандай болыпты.
- Ақыры сөздің қысқасы,
Дәл он бес күн соғысып,
Сансырап ерлер зорықты.
Ашуланып батырлар,
Қарсыласып алысты,
Қарсы шеңгел салысты.
- 3650 Қолындағы шоқпары
Ғеш нәрсеге жарамай,
Бекерге жатып қалысты.
Лақтырса бір-бірін,
Жүз аршын жерге барысты.
Сонда да жеңбей бір-бірін,
Жүгіріп келіп екпіндеп,
Иықпенен қағысты.
Қошқардайын сүзісіп,
Басыменен ұрғанда,
- 3660 Екі бірдей батырың,
Жерге барып жабысты.
Баман батыр қайғырар,
Алмадым деп намысты.
Күші мұның тең болып,
Жеңілмей бірі кем болып,
Өлер халге жеткенде
Қоңқар менен Мәліктен
Араға кісі барысты.
- Араға кісі салды Қоңқар, Жәмшид:
- 3670 — Тоқтасын бұл батырлар демін алып,

Біраз күн тыныққан соң есін жиып,
Сонан соң соғысар, — деп, — қайта барып.

Әлқисса, ендігі сөзді Жәмшидтен естіңіздер. Екі батырдан айрылып, Баман батыр Орайнатанды ала алмай қайтып келген соң, Жәмшид Қоңқарға кісі жіберді.

— Мен қазір нашарлап тұрмын. Менің тілегім, маған бір ай уақыт бер. Ираннан әскер алдырып армансыз болайын. Сен де нашарлап үш ай уағда сұрағанда мен беріп едім, — деп жөн сөзін айтып, кісі жіберді. Қоңқар бұл сөзді мақұл көріп, бір ай уағда тосып жата берді. Ал енді Жәмшид Иран шаһарға хабар қып әскер сұрап және Бадырап пен Бадыраң Ғазиз ғаярларына ақылдасып отырған сөзі:

Жәмшид ер қасына алды ғаярларын
Бұл күнде қорып тұрған елдің бәрін.
— Қоңқардың Шабыраң сұм ғаярын,
Қорлығы да өтіп тұр ғой бізге оның.
Сол сұмды қайтіп қолға түсіресіз,
Екеуің ойлап тапқын бір амалын.
Сол иттің кесірінен қолға түсіп,
3680 Маһирон не болды екен ғашық жарым.

Бадыраң Ғазиз айтты: — Жәмшид мырза,
Біз енді хайла етелік ондай қуға.
Ғаярды күндіз-түні біздер бағып,
Ақыры түсіреміз біз тұтқынға.

Екі ғаяр уағдасын отыр беріп,
Ізделік Шабыраңды жолға еніп.
Бұлардың мұндай қулық ойлағанын
Шабыраң балды ашып отыр көріп.

Ол ғаяр осы түрлі ойға кетіп,
3690 Сиқырлық ғылымына әбден жетік.
«Бір тауға саяхат қып келемін» деп,
Бір күні жүріп кетті сапар етіп.

Өндірді сиқырлықпен түрлі жеміс,
Бау-бақша алмасымен бәрін тегіс.
Орнатып неше түрлі қайнар бұлақ,
Сипатын байқасаңыз болды пейіш.

Суларға сиқырлықпен дәрі салып,
Жығылар ішкен адам естен танып.
Осының бәрін істеп Шабыраң,
3700 Бір жерге жасырынды өзі барып.
Бадырап, Бадыраң Ғазиз екі ғаяр
Бір күні кітап ашты қолына алып.
Шабыраң сапар тартып кеткен екен,
Балдама сөйлеп берді бастан анық.

Екі ғаяр кеткендігін анық біліп,
— Артынан барамыз, — деп кетті жүріп.
Өзгертіп адам түсін екеуі де,
Тау ешкі сипатына бұлар кіріп.
Бау-бақша мәуілжіген жемістерді
3710 Жемеді сиқырлығын бұл да біліп.

Екі ғаяр ешкіге ұқсап тасқа шығып,
Ғаярды іздеп жүрді зыр жүгіріп.
Сол жерде Шабыраң бүркіт болып,
Аспаннан құйылып кеп кетті іліп.
Бадырап, Бадыраң Ғазиз қолға түсті,
Жартаста ешкі болып бейғам жүріп.
Ғеш хайла істей алмай, дымы құрып,
Бастарын салбыратып төмен қылып.

Екеуін Шабыраң байлап алды,
3720 Ашылмас бір бөлеге бұлар қалды.
Сол жерден жер қаздырып терең қылып,
Зынданға ессіз қылып мұны салды.

Ағашпен ол зынданның бетін жапты,
Қалың қып топырақпен һәм сылапты.
Үстінен ол зынданның су жүргізіп,
Жасады осылайша машақатты.

Екеуін Шабыраң кетті көміп,
Мұқатып дұшпандарын көңлі толып.
Қайғыға Жәмшид батыр түсті енді,
3730 Ғаярын, бар әскерін тозған құрып.
Қолында жалғыз Баман іске жарар,
Басқасы қолға түсті тойы болып.
Бір түннен аман шығар шамасы жоқ,
Кетер деп Шабыраң көзімді ойып.

Қайғырды Жәмшид сонда зарлық етіп,
Ғаярдан айрылдым деп жөн көрсетіп.
Жамағат, жалықпастан тыңдаңыздар,
Айтайын бір қызық сөз құрмет етіп.

Әлқисса, ендігі сөзді Бадыраң Ғазиздің немересі, Бадырап ғаярдың баласы Қамаққаянидан естіңіздер. Бұл Бадыраң Ғазиз бен Бадырап ғаяр Тұранзамин деген шаһардың адамы еді. Бұлардың барлық шаһарының кәсібі сиқырлық еді. Сол Бадыраптың баласы Қамаққаяни деген бала жасынан сиқыр оқуын оқып, оқуын бітірген. Әр түрлі «қанаттыр, қаныттыра» деген сөздер ғаярлық ғылымының белгісі еді. Жасы сол кезде 12 жаста еді. Ғаярлықта бірінші болып өз үйіне келді. Өзінің әкесінің шешесі Бадыраң Ғазиздің кемпірі бар еді. Баласын көріп, қуанышы қойнына сыймай қалды. Қамақ бала анасынан сұрады: — Бабаларым қайда? — деп. Шешесі айтты: — Иран шаһарына Жәмшид деген патша болып, Үрім шаһарына жаула-сып жатыр. Сол тарапқа кеткелі екі жыл болды, ата-бабаң сол Жәмшидтің қызметінде.

Қамақ бала анасына: — Анажан, маған рұқсат бер, өнерді үйреніп үйде отырып адамның аты шыға ма? Мен сол тарапқа барайын. Аталарым қандай халде жүр екен? — деп айтқан соң, анасы да қабыл көріп, Қамақ балаға ырзалық батасын беріп, қала берді. Енді Қамақ баланың Үрім шаһарына жүргенінен сөз естіңіздер:

Назым Қамақ бала

Қамақ жас Үрім жаққа кетті жүріп,
3740 Үйреніп сиқырлықты әбден біліп.
Аспаннан дұғаменен бұлт түсіріп,

Сол бұлтты ат сипатты кетті мініп.
Аспанда не бар, не жоқ кім біледі,
Болмайды ол сырды нешкім ұғып.
Үрімге келгеннен соң сағатында,
Бір торғай сипатында ұшты шығып.
Жәмшидті қайғы басып отыр еді,
Қамақ жас сол мезгілде келді кіріп.

Жәмшидке қол қусырып сәлем берді,
3750 Баланы жайнап тұрған сонда көрді.
Ғаярлық сипаттарын айтпай танып,
Өлшеусіз ер екен деп баға берді.
— Иә, балам, қай тараптан, қай жерліксің,
Сөйле, — деп, — жөн-жайыңды, — сұрайды енді.
Қамақ та бастан-аяқ оқиғасын,
Әуелден ақырғыша сөйлеп берді.

Өлқисса, Жәмшид патшаның Қамақ ғаярға бастан-аяқ көрген оқиғасын сөйлегені:

Назым Мәлік сөзі

Сөйледі Жәмшид сонда оқиғасын,
Баланың жақын тартып ықыласын.
Айрылып ғаяры мен палуандардан,
3760 Бұл күнде қалып тұрған жалғыз басын.
— Үш күн болды, жоғалды Бадыраң Ғазиз,
Бадырап — бірге жүрген замандасым.
Соларды тірі көрер күн бар ма? — деп,
Ағызды Жәмшид сонда көзден жасын.

Естіді бұл жауапты Қамақ бала,
Ойына неше түрлі түсті жара.
Қалмады сабыр-тағат сұры қашып,
Деген соң тұтқын болды ата-баба.
— Өлі-тірі хабарын білейін, — деп,
3770 Кітабын қарап жатыр қолына ала.
«Зынданға сап бабаңды көмді ғой», — деп,
Балдама айтып берді тура ғана.

Қамақ жас балдама ашып алды біліп,
Онан соң сол тарапқа кетті жүріп.
Су мен ағаш барлығын алып тастап,
Әкесін тауып алды жатқан бұғып.
Мұрнына иіскетіп бір дәріні,
Сөйледі бабасына жауап қылып.

Қамақ баланың атасы Бадырап, Бадыраң Ғазизге жолығып айтқаны:

3780 Қамақ жас есен көрді бабаларын,
Тарқатты іште қайғы-сәналарын.
— Бейқамдық болмасын деп өміріңде,
Молдаңыз айтпап па еді сізге барын.
Басқаға бір өзіңнен сенбесін деп,
Осындай тәрбие еткен балаларын.
Бадырап, Бадыраң Ғазиз қатты ұялып,
Сасқаннан сұрай берді аналарын.

3790 Ақыры өткен іске шүкір етіп,
Баласын ортаға алып құрмет етіп,
Хикмет қапшығына шалдарды сап,
Жәмшидке Қамақ ғаяр келді жетіп.
Бір-бірін тірі көріп хан мен ғаяр,
Мәжіліс, қыран күлкі ду-ду етіп.
Қамақ жас көп әскерді айландырып,
Айдаһар жасап қойды сиқыр етіп.

Әлқисса, ендігі сөзді Шабыраң ғаярдан естіңіздер. «Бұл түнде Жәмшидтің әскеріне барып, Мейрамханды алып келіп, Мейрамханды Кәрімге қосайын», — дейді. Үеш нәрседен хабар жоқ, Қамақ ғаяр келді деген бір тиын ойда жоқ. Жәмшидтің әскеріне бармақ болып шыққанынан сөз:

Назым Шабыраң ғаяр

Аттанады Шабыраң Жәмшид ерге,
Ғаярын өз қолынан көмген жерге.

Ешқандай балдама ашып байқамады,
Көзіне көрінбейді һешбір пенде.

3800 Әскерге сол мезгілде келді жетіп,
Қарады айдаһарды ғәһим етіп.
— Бұл қандай оқиға? — деп тұрып қалды,
Ешқандай лажы жоқ кетерге өтіп.
Қамақ та сол заманда мұны көрді,
Әскерде жүрген еді күзет етіп.

Шабыраң білмей тұрды барар жолын,
Балдама ашып қарарға созды қолын.
Көрінбей жын мысалы Қамақ ғаяр,
Сиқырлық ол ғаярға салды торын.

3810 Ғаярды торға салып қалды басып,
Һеш хайла ете алмады аузын ашып.
Сиқырлап есек қылып мініп алды,
Есінен Шабыраң қалды адасып.
Ғаярлық шыбықпенен шартылдатса,
Жер басып жорғалайды асып-сасып.

Есекті табыс етті бабасына,
— Шабыраң ғаяр бұл нанасың ба?
Сіз мініп бұл ғаярды әскер күзет,
Мен барам ол Қоңқардың қаласына.
Бадырап бұл ісіне бек сүйініп,
3820 Көп құрмет сөз сөйледі баласына.

Қамақ ғаярдың түн ішінде Қоңқардың шаһарына барғаны:

Ойлады Қамақ ғаяр бір ниетті,
Қандайлық өнер етсе сондай епті.
Ешкінің тұяғындай із түсіпті,
Шығарар жүрген жерге түрлі шөпті.
Түсіріп қара тұман, қара түнек,
Қоңқардың сарайына келіп жетті.
Ешқандай қапері жоқ дүниеден,
Боп жатыр атқарғандай бар міндетті.

Қоңқардың көрді Қамақ салтанатын,
3830 Толқыған ай мен күндей екі қатын.
Сиқырмен бір дем салып қатындарға,
Өзгертті осылайша нұр сипатын.
Қатынның бірі қасқыр, бірі қабылан,
Ыңыранып хайуан сипат дыбыс қылған.

Қоңқардың алтын тәжін қоржынға сап,
Түк қоймай сақал-мұртын бәрін алған.
Онан соң Маһирон қыз ойға түсіп,
Ол қыздың сарайына іздеп барған.
Бұл қызды Орайнатан алмақ еді,
3840 Зәңгіден қыз кішкене көңілі қалған.

Маһирон сарайында ұйықтап жатыр,
Хабарсыз неш нәрседен әуел ақыр.
Бадырап, Бадыраң Ғазиз көмілген соң,
Жәмшидтен күдер үзген таза тақыр.
Ол қызға иіскетіп дәріні бейиісті,
Дорбаға салып алды Қамақ батыр.

Істеді Қамақ бала оқиғаны,
Білмеді хабарланып нешкім аны.
Балдама кітап алып сол мезгілде,
3850 Енді арманы Қозат пен Фарқағад-ты.

Көріпті балдама ашып тұрған жерін,
«Олар көрген жоқ, — депті, — әзір кәрін.
Хабарын Баман ердің естіген соң,
Қаймығып аман қойған екі ерін.

Шынжырлап қойған деді оны байлап,
Ақырып арыстандай көзі жайнап.
Армансыз дүниеден өттім дер ем,
Зәңгімен бір соғысып салып ойнақ».

Кітаптан Қамақ бала барып көріп,
3860 Тірілік ахуалына көңілі еріп.

Тұп-тура айтқан жерден тауып алды,
Сырласты, жөн сұрасты жүзін көріп.

Достасып бір-біріне айтты сырды,
Болатпен қиды Қамақ бар шынжырды.
Қозат пен Фарқағад босаған соң,
Мастанып екі батыр болды жынды.
— Құтылғанның қуаныш белгісі деп,
Бастаймын бұл шаһарға бір қырғынды.

3870 Деп айтар: — Бұл шаһардан кегімді алам,
Басына орнатам деп ақырзаман.
Өзі жоқта біз мұнда қолға түстік,
Ұялмай Жәмшид ханға қайтіп барам.

Қамақ айтты: — Сабыр ет, Қозат аға,
Қайрат пен қаһарыңа жоқ қой шама.
Шаһармен соғысқанның жөні келмес,
Жазықсыз қырылады қатын-бала.
Тоқсан мың әскері бар Қоңқар шаһтың,
Қамап тұр алдыңызда дарбазада.
Қалыпты ішің пысып көптен бері,
3880 Бір ойран салып өткін сол арада.

Қос батыр жүріп кетті тілін алып,
Қысылып қайратына ыңыранып.
Сол заман дарбазаға келіп жетті,
Қақпасын қолдарымен жұлып алып.
Сексен палуан зорғадан ашар еді,
Соны шоқпар етіпті қолына алып.

Қырылып қанша адам қаза тапты,
Қандары арықтағы судай ақты.
Бұлттай бұршақ жауар күңіреніп,
3890 Сонымен ақырысы таң да атты.
— Жәмшидпен жүз көрісіп қайтарсыз, — деп,
Қамақ жас батырларға тоқтау айтты.

Екі дәу босанғанға шаттанысып,
Байлауда жатқан сорлы іші пысып.
Жәмшидпен сағынысып қалған ерлер,
Кезек-кезек қолға алып сүйді құшып.
Атақты палуандар Мейрамханмен
Құрметтеп бәрі келді жүгірісіп.
Қапшықтан Маһиронды шығарғанда,
3900 Жәмшид те қуанғаннан талып түсіп.

Жәмшидтің тап сол күні көңілі толды,
Бұрынғы кеткен бақыт басқа қонды.
Дариядан Қозат батыр наһан әкеп,
Бір ғажап тамашалы етіп тойды.

Наһанды Фарқағад жатыр сойып,
Қайғының көңілдегі бәрін жойып.
Сол күні он мың әскер бір наһаннан,
Есінен қайғысыз боп әбден тойып.

«Жандыда балық үлкен» деген бір сөз,
3910 Бұл күнде халық аузында мирас болды.
Қосылып бір-бірімен шаттық көрді,
Істеді тамашамен әр өнерді.
Сол заман жердің жүзін тозаң басып,
Қаптаған дүние жүзін әскер көрді.
Қамақ бала сол заман балдама ашып,
Бұл әскер тараптан хабар берді.

Жәмшидтің өз шаһары Иран еді,
Он бес мыңдап сол күні әскер келді.
Той үстіне той болып қуанышпен,
3920 Ата досы көргеннен соң туған елді.
Көрісіп бір-бірімен құрмет етті,
Сұрасып әуел ақыр өткен кепті.

Бұлар енді шаттықпенен жата берсін,
Қоңқардан мен айтайын хикаямды.
Қоңқардың не боп жатыр көрген күні
Жамағат, жалықпастан тыңда мұны.

Көрсетіп көрмегенін кетіп еді,
Қор қылып Қамақ ғаяр өткен түні.

3930 Таң атып түрегелді Қоңқар тақсыр,
Қараса қасында тұр қабылан, қасқыр.
«Жеп қойып қатындарды мен қаппын» деп,
Жөнелді ойбай салып қара басқыр.

Шақырды аттан салып уәзірлерін,
Сол жерге жиып алды елдің бәрін.
Айрылған сақал-мұрттан дәнеме жоқ,
Баршасы осылайша көрді халін.

Уәзірлер арыз болды падишаға:
— Иә, тақсыр, сақал қайда, не оқиға?
Бұл жерге ғаяр келген сияғы бар,
3940 Бір түрлі ұшырапсыз қатер халге.
Қасқыр емес бұл тұрған қатындарың,
Шақырғын Шабыранды қазір мұнда.
Шаһардың бәрін кезіп таба алмады,
Ойлады түскен-дүр деп ол тұтқынға.
Сол заман зар еңіреп біреу келді,
«Қозат пен Фарқағад жоқ, — деп, — мұнда».

Естіді барлық жұрты оқиғаны,
Күйзелді қорыққанынан елдің халі.
Балдама кітап ашып қарап көрді,
3950 Бар еді Қиян деген бір ғаяры.

Сөйледі Қиян ғаяр барлық істі,
Деп айтты: — Шабыраң қолға түсті,
Бір ғаяр Қамақ деген пайда болды,
Бір түнде істеп кеткен барлық істі.
Сиқыр оқып түзетті қатындарды,
Барлығы көрді көзбен мұндай халді.

«Жәмшидті бүгінгі күн-түн өлтіргін», — деп,
Жіберді Орайнатан палуанды.
Түктері темір құсап тікірейіп,

3960 Қорқытты айбатымен тірі жанды.
Майданға бұл батырдың келгендігін
Сол заман Қамақ бала хабарланды.

Жәмшид шықты жауға даярланып,
Қозат, Баман барлығы тұрды барып.
Зәңгіге: — Менімен соғысып көрсін, — деп,
Майданға шықты Қамақ найза алып.
Сегіз аршын жеріне ол найзаның,
Түрлі уыттан қойыпты біреу жағып.

Зәңгіге Қамақ бала барды жетіп,
3970 Жолықты бір-біріне жауап етіп.
— Бұл жерде, жердің құрты, не қып жүрсің,
Қолыңда бізің мынау тігер етік.
Оныңа өлер ерің мен емеспін,
Сен мұны алып кепсің қару етіп.
Сенімен соғыспаймын, Баман қайда,
Шапшаң барып хабар бер мұнан кетіп.

Қамақ айтты: — Иә, зәңгі, сөзім тыңда,
Жас баламын жай ойнап жүрген қырда.
Батырлық бір қара жеткеннен соң,
3980 Сенімен сынаспаққа келдім мұнда.
Қолымдағы бізбенен сұғып алып,
Наһандарды өлтірдім жатқан суда.

Сен бізге болып тұрсың бір жаман жау,
Қарасам сипатыңа бір асқар тау.
Сол бізбен сұғып алсам сен де өлесің,
Ойлаймын сен наһаннан емессің дәу.
Түс көрдім бүгін түнде ұйықтап жатып,
Мен білсем, Орайнатан, болмайсың сау.

Бұл сөзге Орайнатан ашуланып,
3990 Шоқпарын қанша батпан қолына алып.
— Өзінен сөзі үлкен залым ғой, — деп,
Қамақты нақ төбеден қалды салып.
Ол ғаяр сиқырлықпен жоқ боп кетті,

Астына тақымының тұрды барып.
«Иә, залым, жерге кіріп кеттің ғой» деп,
Ақырды Орайнатан ашуланып.

Қамақ айтты: — Мен жерге кеттім кіріп,
Сенбесең қарап көрші, сен үңіліп.
Қолымнан тартып алшы, өлер болдым,
4000 Иә, батыр, жас бала едім рақым қылып.
Ол зәңгі көремін деп еңкейгенде,
Найзасын көтенінен алды сұғып.
Шыдамай у дәрінің заһарына,
Ол зәңгі ойбайлады у-шу қылып.

Найзасы іші-қарнын кетті аралап,
Қамақты болмас, сірә, неш бағалап.
«Бұл дүние бейбақидан өттім ғой» деп,
Өз жанын зәңгі кетті жоққа санап.
Мұқатып барған жерін Қамақ бала,
4010 Өзінің әскеріне келді оралып.

Әлқисса, ендігі сөзді Қоңқар мен Орайнатаннан естіңіздер. Орайнатанның көрген күні қайран боп, не өлі, не тірі емес боп іші ылбырап жатып қалды. Сонан соң Қоңқар Жәмшидке кісі жіберді: — Маған он бес күн рұқсат бер, мына батырым не өлер, не жазылар. Бұл жазылмаса, мен жеңілдім, өріс сенікі болады, — деп ғұзыр етіп сұраған соң, Мәлік те қабыл көріп: — Бұл үш батырым, Қамақ ғаярым барда алмасқа не, — деп, он бес күн уағданы күтіп жата берді. Сол он бес күн ішінде Қамақ ғаярдың көрген оқиғасы:

Назым Қамақтан сөз

Жамағат, жалықпастан тыңда мұны,
Бір тарап ыңғайланды сөздің түрі.
Есек қып Қамақ ғаяр мініп алды,
Құрысын Шабыраңның көрген күні.
Есек боп ақырады анда-санда,
Сиқырлық етуіне келмес ебі.
Қамақтың туған жері — Тұранзамин,

Бір ғаяр хат алып келді тап сол күні,
«Берді, — деп, — осы хатты үлкен шешең»,
4020 Ер Қамақ оқымаққа алды мұны.

Оқыды ол қағазды Қамақ алып,
Әкесінің шешесі жазғаны анық.
Қамаққа үш қайтара сәлем айтқан,
Қатерлі өлім халде науқастанып.
Бадырап, Бадыраң Ғазиз керек емес,
Қамаққа ынтызары сондай парық.

«Бір келіп өлер халде көрінбесең,
Батамды бердім, — деген, — назаланып.
Өлердегі батамды алмасаң,
4030 Өмірде оңалмайсың жалғыз қалып».
Ананың мұндай халін естіген соң,
Көз жасы Қамақ ердің кетті ағып.
— Бір қайғы біздің басқа кез болды, — деп,
Жәмшидке сол заманда айтты барып.

Жәмшидке арыз болды Қамақ бала:
— Иә, тақсыр, бұл қайғымды тыңдап қара.
Дүниеден өтеріне жақын болып,
Шақырған арыздасып біздің ана.
Көрмесем өлерінде алтын жүзін,
4040 Қабағат қарғыс беріп, болмақ нала.
Ата-ананың қарғысы оқтай тиер,
Маған хараб болады жарық дүние.
Иә, тақсыр, екі күнге рұқсат бер,
Бармасыма болмайды һешбір шара.

Әлқисса, Жәмшид патшаның Қамаққа айтқан сөзі:

Сөйледі Жәмшид патша Қамақ ерге,
Өнерлі етіп туған кемеңгерге.
— Қамақ-ау, сіз кетсеңіз не боламыз,
Боп тұрсың өзің пана барлық елге.
Бір кемпір өлгенде жұрт күн көрмей ме,
4050 Біз тұрмыз осы күні аққан селде.

Бір шешендей көрмесең мұндағы елді,
Өз қолыңнан тығып кет қара жерге.

Қамақ айтты: — Иә, тақсыр, сабыр әйла,
Сабырлы жан көреді талай пайда.
Өмірлік бақытыма зиян болар,
Сіз мені жібермесең бұл сапарға.
Қорқатын Шабыраң есек боп тұр,
Орайнатан кез болды ондай халге.
Алыстан аңдып жүрген дұшпан болса,
4060 Сіздерден табылмайды оған хайла.
Ананың қарғысына ұрындырып,
Иә, тақсыр, обалыма менің қалма.

Қамақ жас тұрып алды рұқсат сұрап,
— Бармасам болады, — деп, — қатты ұят.
— Қалмастан екі күннен келіңіз, — деп,
Жәмшид рұқсат берді жылап-жылап.

Қамақ жас андан кейін кетті жүріп,
«Келем» деп екі күнде уағда қылып.
«Қандайлық қасіретке кез болам», — деп,
4070 Жәмшидке сол күндерде түсті бүлік.
Мейрамхан Маһиронмен екі бекзат
Сайрандап тау басына кетті шығып.
Жамағат, жалықпастан тыңдаңыздар,
Айтайын бір оқиға түсіндіріп.

Әлқисса, ендігі сөзді баяғы Жәмшидке Мейрамханды ұтқызған Кәрім саудагерден естіңіздер. Бұл Үрім шаһарына Қамақ ғаяр келген соң бір түнде Қозат, Фарқағад, Маһиронды, Бадырап, Бадыраң Ғазизді босатып алған соң, Шабыраң қолға түскен соң, бұл жерден күдер үзіп Фишақайран деген шаһарға барған еді. Ол шаһарды билеген Мәликезерін Қошқой деген қыз патша еді. Соған барып араға от жағып, «Жәмшидті жамандап, Қоңқар сізге жіберді» деп, Мәликезерін Қошқойға айтып отырған сөзі.

Назым Кәрім саудагердің Мәликезерін Қошқой қызға айтқаны:

Сөйледі сонда қызға Кәрім сөзін,
Толтырып қанды жасқа екі көзін:
— Көрмеген бұл дүниеде қорлығым жоқ,
Өлмеген соң әйтеуір келдім өзім.

Кеп тұрмын зор үмітпен құзырыңа,
4080 Ете көр бір мархабат, асқар белім.
Адасқан нашарға ақыл болар десіп,
Әділ деп естіп едім ата-тегің.
Айрылдым ата-жұртым, бақытымнан,
Кез болып бір дұшпанға сынды белім.

Мен өзім саудагер ем әуел бастан,
Үйренген кәсібім еді бала жастан.
Шаһарға Иран деген барып едім,
Айрылдым Мейрамхандай қаламқастан.
Мейрамхан әйелім еді, ғашық жарым,
4090 Ол өзі сұлулықта жұрттан асқан.
Бар дүние, әйелімді тартып алды
Иранның падишасы Жәмшид залым.
Барлығын айта берсем ада болмас,
Көзі жетпес, ойлап ақылы оқығанның.
Көргенде сұлу қызды сайтаны бар,
Естіпті Маһионын Қоңқар ханның.

Үрімнің падишасы Қоңқар деген,
Ол Жәмшид қызын естіп сонда келген.
Ол қызды ғаярымен ұрлатып ап,
4100 Қосылып Маһиронмен ойнап-күлген.
Қанша да соғысса да Қоңқар патша,
Жәмшидтің батырынан қорлық көрген.
Бір қыз үшін қырылып талай халық,
Хал кетіп қалжырады барлық елден.
Қоңқардың Маһирондай ханышасы
Тоқал боп ықтиярсыз азар көнген.

Жәмшидтің Қамақ деген бар ғаяры,
Бүлдірер ашуланса дүниені.

Көрінген қыздың бәрін Жәмшид алса,
4110 Бойдақ боп өткізерміз дүниені.
Иә, тақсыр, айып етпе енді маған,
Айтайын таң қаларлық оқиғаны.

Бір күні ой ойлаған Жәмшид жана,
Ғаярын Қамақ деген қасына ала.
«Фишақайран шаһарда Қошқой қызға
Балдама ашқын» деген сол арада.

Ол Қамақ соныменен балдама ашып,
«Қошқойдай қыз жоқ, — деген, — дүнияда.
Жәмшид, арманыңыз жоқ, — деп айтқан,
4120 Сол қызбен жатар болсаң бір ұяда».

Ол ғаяр сипаттаған сіздің нұрын,
Гауһардай салбыраған деген тұлым.
Ақ жүзін көрген адам талып түсер,
Ес қалмай, естен танып босар буын.
Ғаярдың айтқанындай бар екенсіз,
Ақиқат өз көзіммен көрдім бүгін.
Көрместен сізге ғашық болып отыр,
Алам десе алады Жәмшид зұлым.

Жәмшидтің сізге сөйтіп ғашығы кетті,
4130 Ойлады батырлықпен бір ниетті.
Шаһарын қоймай қырамын ойран етіп,
Қошқойды аламын деп қасам етті.
Маһиронды Мейрамханмен қос ханымға
Қошқой қыз істейді деп қызметті.
Айтқан ісін орындар Жәмшид залым,
Ондайлық біз көрмедік қара бетті.

Бір сізге Жәмшид жатыр даярланып,
Болжалсыз палуандардың бәрін алып.
Ғаяры Қамақ деген бір сұмпайы,
4140 Кетпесін бір түнде кеп өзіңді алып.
Қолға түссең не болар көрген күнің,
Күң болып отырасың отын жағып.

Мұнда — патша, онда күң болғаныңыз,
Сүйекке кетпейтіндей таңба салып.

Қызығар қызды көрсе Жәмшид залым,
Анасы қыздың сүтін берген бұрын.
Жәмшид тірі тұрғанда қызға күн жоқ,
Тағы бір қорлығы бар, ол — бір сырым.

Хауарзам шаһарында Қасымзейрін,
4150 Алып кеп тоқал етті ханның қызын.
Бір тиын бағасы жоқ қыз байғұстың,
Жүргенде отын алып көрдім түрін.

Иә, тақсыр, осылайша көрген ісім,
Сарғайды қайғыменен менің түсім.
Жетер ек барлығымыз бір мұратқа,
Сол қуға жетер болса сіздің күшің.
Қыз үшін қырып жатыр талай жанды,
Өлің келсе тындырғын соның ісін.
Достықты білдірмекке өзіңізге,
4160 Бір сізді іздеп келген бар жұмысым.

Әлқисса, ендігі сөзді Мәликезерін Қошқойдан естіңіздер:

Қошқойдың мұны естіп кетті сұры,
Ғұмырда жеңген емес һешкім мұны.
— Шынымен аяқ басып жақындамас,
Мен емес ол залымның алар қызы.
Ләклек, Шабшак дейтін екі ғаярды
Шақырды қаһарланып тап сол күні.

Екі ғаяр шақырған соң келді кіріп,
Патша қыз түсі қашып, жүз құбылып.
— Иә, тақсыр, қалайынша қаһарландың,
4170 Айтыңыз, — деп сұрады ғаяр тұрып, —
Біздерден бір қателік іс болды ма,
Бір дұшпан айтқан шығар түсіндіріп.
Қапанды ойындағы шығармасақ,
Дүниеде біз жүрмелік тірі болып.

Ғаярға Қошқой айтты: — Сөзім тыңда,
Бір қайғы болып отыр қазір мұнда.
Иранда Жәмшид деген патша болып,
Қоңқарды ұшыратқан көп қырғынға.

4180 Сол Үрімді алған соң талан етіп,
Одан соң келем депті бізге, мұнда.
Фишақайран шаһарын ойран қылып,
Күн қылып от жаққызбақ Қошқой қызға.
Екеуің қазір соған кітап ашқын,
Ол Жәмшид жетер ме екен айтқан ойға.

Шабшак пен Ләклек жаду қабылданып,
Балдама кітаптарын қолына алып,
Сөйледі бұлбұлдайын екі ғаяр:
— Жәмшидтің бұл шаһарға келмегі анық.
Онан бұрын қамдансақ біз аламыз,
4190 Жол ашық, сапар етсек айдан анық.

Жәмшидтен Қамақ ғаяр кеткен, — деді,
Шын қаза шешесіне жеткен, — деді.
Қоңқардың Шабыраң ұлы ғаяры
Есек боп қайғыменен өткен, — деді.

— Иә, тақсыр, рұқсат берсең баралық біз,
Әскерін қанша болса алып келіп,
Тылсымат құдығына салалық біз.
Қыздарды күң қылатын Жәмшид еді,
Қайраты қалай екен қаралық біз.
4200 Қошқой қыз көп уақыт сөйледі сөз,
Ғаярға бұйрық етті: — Барғын, — деп, — тез.
Ғаярсыз бейғам тұрған уақытында,
Әскерге хайламен болыңыздар кез.
Сиқырлық тылсыматқа салғын, — дейді,
Естіп құлақтар мен көрсін көз.

Өлқисса, ендігі сөзді Шабшак пен Ләклектен естіңіздер:

Екі ғаяр сол мезгілде кетті жүріп,
Аспаннан бұлт түсіріп соған мініп.
Үрімнің шаһарына барып түсті,
Болмайды бұл жүрісін адам ұғып.
4210 Есекті Бадыраң Ғазиз мініп алып,
Әскерді жүріп еді күзет қылып.

Ешкімге бұл екі ғаяр көрінбеді,
Сиқырлық өнеріне ерінбейді.
Келгенін екі ғаярдың есек біліп,
Ақырып бар даусымен аңырайды.
Сол жерде әскерлерге бір дем салып,
Мысалы түнгі самал желпін деді.

Екі ғаяр сиқырлықпен дәрі салып,
Жығылды ессіз болып қанша халық.
4220 «Есекте бір хикмет бар шығар» деп,
Қарады Шабшак жаду кітап алып.
Қоңқардың Шабыраң ғаяры деп,
Сөйледі ақиқатын балдама анық.
Білген соң ғаярлығын бұл байғұстың,
Босатты есектіктен бір дем салып.

Аспаннан бұлт түсірді сиқыр етіп,
Ол бұлттан күмбез етті құп түзетіп.
Қаншалық палуандар мен барлық әскер,
Күмбезге мінгізіп ап қалды кетіп.
4230 Жұртына тастамады жалғыз адам,
Мұндайлық өнерпазға хайлаң нешік?
Мейрамхан Маһиронмен тауда қалды,
Басында кетіп еді тамаша етіп.
Барлығын өз қолынан аттандырып,
Қоштасып Шабыраңға құрмет етіп.

Жамағат, жалықпастан тыңда мұны,
Таусылмас айта берсем мұның сыры.
Жиырма бес мың әскер қолға түсті,
Не болмақ ақырында көрген күні.
4240 Барлығын бұлтпен тартып аспанға ұшып,

Түсірді тылсыматқа дәл сол күні.
Сиқырмен от жандырып бір тесіктен,
Бір кемпір бағып тұрған күндіз-түні.

Бекітті сиқырменен алып барып,
Тыңдаңыз, жалықтастан барша халық.
Қошқой қыз дұшпанынан кегін алып,
Отырды тақытында рахаттанып.
Шешесі науқастанып кеткен еді,
Бұл істен хабары жоқ Қамақ налып.
4250 Шешесі баласымен арыздасып,
Ақиқат ажал жетіп өлгені анық.

Өлқисса, ендігі сөзді Қамақтан естіңіздер. Үйіне барып, шешесін көріп, өлген соң көміп, үш күндей сонда тұрып, төртінші күні қайтып Үрім шаһарына барса, Мәліктің әскерінен бір адам жоқ. Бұл іске қайран болып, балдама кітабын қолына алып қарағаны:

Назым Қамақтың балдама қарағаны

Сол күні көшкен жұртқа Қамақ келді,
«Бұл қандай оқиға?» деп ойлады енді.
Балдама кітап алып қарап көрсе,
Барлығын оқиғаның сөйлеп берді.
Қатерлі жаман жолға түсіпті деп,
Қайғырып қапалықпен жылай берді.
— Тіршілік енді маған екі тиын,
Жүргенім жауға алдырып барлық елді.

4260 Ләклек пен кетті Шабшак алып,
Қойды деп тылсыматқа бәрін салып.
Мейрамхан Маһиронмен мұнда дейді,
Бір тауда жатыр дейді рахаттанып.
Солармен жөнін айтып сырласпаққа,
Қамақ жас жүріп кетті қапаланып.
Жолығып Мейрамхан мен Маһиронға,
Көрісті құшақтасып айғай салып.

Қамақ ер: — Кетті, — дейді, — қайран елім,
Қос тауым сынды, — дейді, — асқар белім.

- 4270 Патшаны әскерімен жау алыпты,
Суалды деуге болар шалқар көлім.
Айрылдық ақсұңқардай батырлардан,
Уақытсыз кез боп қалды бізге өлім.
Жау шығып Фишақайран шаһарынан,
Қазыпты шықпас етіп елдің көрін.

Ләклек пен Шабшак мұнда келген, — дейді,
Әскерді ессіз жатқан көрген, — дейді.
Бұл жақта оқиғаның бәрін айтып,
Саудагер Кәрім хабарын берген, — дейді.

- 4280 Қыз еді Фишақайран падишасы,
Ғешкімнен қор болмаған ғазиз басы.
Ләклек, Шабшак дейтұғын екі ғаяры,
Жайнаған сипаттары жайдың тасы.
Он сегіз хан мұрасы ғаярлықта,
Менен де артық еді мәртебесі.
Екі түрлі білімі менен артық,
Екі талай Қамақтың қалар басы.

- Хан мұрам он тоғызға жетсе менің,
Сығар ем Фишақайран барлық елін.
4290 Білімнің бір азырақ кемдігінен
Кез болар деп ойлаймын маған өлім.
Сол жаққа барамын ба, бармаймын ба,
Мейрамхан, қалай дейсің, қара көгім?

Әлқисса, ендігі сөзді Мейрамханнан естіңіздер:

Мейрамхан естіген соң етті жәбір,
Жәбірге жақсы дейді етсе сабыр.
Тоқтау сөз бір-біріне айтса дағы,
Ел-жұртын ерек ойлап болып малул.

Мейрамхан сөз сөйледі қапаланып,
Айрылған барлығынан болды анық.

- 4300 — Қамақ-ау, тіршіліктің керегі не,
Адасып бұл үшеуміз тауда қалып.
Бақытынды ашса Құдай қиын емес,
Қайтарсың дұшпандардан кегінді алып.
«Батырдың жолы артық» деген бір сөз,
Бұрынғы өткендерден мирас қалып.
Біз сізге жолдас болып жүре алмаспыз,
Ғаярлық арамызда қанша парық.
Жіберем Маһиронды өз еліме,
Отырсын қорлық көрмей сонда барып.
- 4310 Бұл жерде жүргенінің жөні келмес,
Көрінген ғашық болар көзін салып.
Мен дағы бір тарапқа сапар етіп,
Жүрермін бір хайламен жанды бағып.
Үшеуі осы жерде қош айтысты,
Жастары жаңбырдай боп жерге тамып.

Өлқисса, ендігі сөз бұл үшеуі жыласып, «көреміз бе, көрмейміз бе» деп құшақтасып, ажырасып, Қамақ ғаяр: «Өлім келсе, алып қайтармын, иә, болмаса өлермін,» — деп уағда берісіп, Фишақайран шаһарына жүргені:

- Қамақ сапар етіп кетті жүріп,
Білімнің аз-кемдігін қайғы қылып.
Жер-жаһанның баршасын сиқырлықпен
Бекіткен Ләклек жаду торын құрып.
- 4320 Аққан су, шыққан жеміс бәрі сиқыр,
Байқады Қамақ ғаяр мұны біліп.
«Жермен жүрсем бір қатер көрермін» деп,
Сиқырлап бұлт түсіріп алды мініп.
- Бұл дағы өнермен бұлтпен ұшты,
Хайлалы білімдері сондай күшті.
Аспанда ұшқан құсқа жер алыс па,
Жақындап Фишақайран барып түсті.
Жасырып ғаярлықтың киімдерін,
Жай адам порымында жолға түсті.
- 4330 Шаһардың қақпасына келген жерде

Бір ерге ақсақалды жолығысты.
Тоқтамай бірін-бірі өте шықты,
Қамаққа сол адамның көзі түсті.

Қамаққа әлгі адамның қарағаны,
Баланы мың адамға бағалады.
Ойлады ғаярлықтың өлшеуі жоқ,
Келмес деп нешкім тура шамалады.
«Үш күндік білімнің кемдігі бар,
Бүлдірер түгелденсе дүниені».

- 4340 Шақырды әлгі адам Қамақ ерді,
Баланы бір себептен тәуір көрді.
Ақсақалды атасы шақырған соң,
Қамақ та құрмет етіп қайтып келді.
— Иә, балам, қай тараптан, қай шаһардан,
Айтқын, — деп аты-жөнін сұрайды енді.

- Қамақ айтты: — Атажан, тыңда сөзім,
Адаммын бір кембағал менің өзім.
Шаһарға Фишақайран бармақ едім,
Бір кәсіп етейін деп келсе жөнім.
4350 Ата-анадан айрылған жетім едім,
Айтарға да білмеймін елдің жөнін.
Көрінгеннің қолында құлдықта боп,
Жылап жүрген сорлымын сынып белім.

Шал айтады: — Ол сөзің тура келмес,
Алдағанға бұл қартың тегі көнбес.
Атасы ықыласпен сұрағанда,
Шын сөзбен балаң қалай жауап бермес.
Бастан-аяқ білемін оқиғанды,
Жан берсең де бұл қартың оған сенбес.

- 4360 Шабшак жаду мен емес еліңді алған,
Иә, балам, бұл атаңа айтпа жалған.
Бір менің батамды алып аттанбасаң,
Тегі жолың болмайды бұл сапардан.

- Білемін, сенің атың Қамақ ғаяр,
Сенің сырың бар ма еді менен аяр.
Жәмшидті әскерімен жауға алдырып,
Ойында болып тек кегің алар.
Ләклектен әзір кекті ала алмассың,
Ұстап ап тылсыматқа сені салар.
- 4370 Сен менен үш күн оқып сабақ алсаң,
Сонан соң қайда барсаң жолың болар.
- Қамақ жас шал сөзіне қайран қалып,
Бар сырын айтып отыр мағлұмланып.
Бұл өзі сиқыр ғой деп, сыр білемін,
Балдама кітап ашты қолына алып.
Қас емес дос адам деп сөйлеп берді,
Жамандық болмайды деп жалғыз қаріп.
— Атажан, айтқаныңнан шықпайын, — деп,
Бұл қартқа жолдас болды тілін алып.
- 4380 Бұл қартпен жолдас болып үйге келді,
Әлгі қарт баласындай тәуір көрді.
Жайланып ас-су ішіп отырған соң,
Шын сырын шал да бастап сөйледі енді.
Шаһарын, әсілі-нәсілін бәрін айтып,
Тариқылғақыл атын лақап дер-ді.
«Иә, балам, үш күн менен оқисың» деп,
Ғаярлық ғылымынан сабақ берді.
- Тариқылғақыл, — деді, — менің атым,
Парсыдан болады, — деп, — нәсіл затым.
- 4390 Жер жүзінде ғаярлық ұстазымын,
Жайылған мағлұм болып шаһаратым.
Жәмшидпен нәсілім бір болғаннан соң,
Мен сізге айтып тұрған өсиетім.
Менің де қаным қайнап, көңілім нашар,
Бұл түрлі көргеннен соң ғаламаттың.
- Жәмшидті екі жаду келген алып,
Тастады тылсыматқа алып барып.
«Қамақ бала бір іздеп келерсің» деп,

- Жүр едім сонан бері сені бағып.
4400 Үш күндік сабағыңды бітірген соң,
Айтайын бар сырымды жөнге салып.
Қатерлі осы сапар, балам, саған,
Өзіңді-өзің жүргін қатты бағып.

Әлқисса, ендігі сөзді Тариқылғақылдан естіңіздер. Үш күн сабақ біткен соң, Қамақ ғаярға айтып отырған ақылы:

— Қамақ-ай, сөзім тыңда енді, балам,
Тариқылғақыл айтар енді саған.
Жәмшидті қалай етіп босатарды,
Мен сізге ұқтырайын бәрін тамам.

- Қошқой қыз — бұл шаһардың падишасы,
Таусылмас айта берсем хадисасы.
4410 Жақын жерде бір батыр Һаман деген,
Сол қызбен тіпті жақсы ықыласы.

Мәликенің ол батырмен туысы бір,
Оған да мағлұм болды бұл барлық сыр.
Жәмшидке батыр болсам деп ойлайды,
Баруға аяғынан намыс қып тұр.

Һаманның әкесі де батыр Тариқ,
Һаманның жер жүзіне аты қанық.
Һаман батыр Жәмшидпен шөберелес,
Сыртынан бір-біріне әбден анық.

- 4420 Тұтқынға бауырлары түскеннен соң,
Не дерін білмей отыр қапаланып.
Сен менің тілімді алып осы жерде,
Һаманға бір жолыққын тезден барып.

Қошқой қыз Һаман ерді құрмет етер,
Һаман ер ашуланса есі кетер.
Һаман барып сұрасын Мәлік ханды,
Болмаса ойдағы ісің бәрі бекер.

Ғаман барып сұрасын сонда қыздан,
— Жәмшидпен дұшпан ем, — деп, — мен бұрыннан.
4430 Қошқой қыз алдырыпты деп естідім,
Соғысып жатқанында ол Үріммен.

Қоңқардың тоқсан шаһар қармағында,
Болмайды һешкім шыдап зардабына.
Сол Мәлікті бір көрсем деп ойлап ем,
Қоңқардың таң қаламын салмағына.

Қошқой қыз сонда тұрып жауап берер:
— Жәмшидтің өнері жоқ адам көрер.
Боп жүрген «әлін білмей әлек» екен,
Айтарлық қаруы жоқ жауын жеңер.
4440 Ләклек, Шабшак бір күнде алып келді,
Жәмшидке уақыт жоқ мұнда келер.

Сұрайды Ғаман тағы сөз шығарып:
— Қандай жаду Мәлікті келген алып.
Сол ғаярды көрсеткін, — деп сұрасын,
Қатты құрмет етемін құмарланып.
Ләклек ғаяр әкелді деп айтады,
Көрсетер мінеки деп ырзаланып.
Сен бұрын бір алманы дайындап қой,
Сиқырлық хайламенен бір дем салып.

4450 Қойнына Ғаман соны барсын салып,
Ол алманы ғаярға берсін алып.
Жәмшидті ұстағанның құрметі деп,
Қош көріп жауырынға тұрсын қағып.
Ләклек жаду жемейді ол алманы,
Ғаман сонда ұрыссын ашуланып.

Жегізсін ол алманы қатты зорлап,
Ашу, арын ақылмен қызды торлап.
— Патшаның құрметі үшін саған берсем,
Тұрмысың қыз патшаны сен де қорлап.
4460 Жәмшид деген бір қатты дұшпаным еді,
Сыйым деп ап келген соң өзің торлап.

Мен сенің тақымыңа толмаймын ба,
Алма жемей қалайша тұрсың бойлап.
Ақиқат дұшпан болсаң оныңды айт,
Кетермін жерді таптап салып ойнақ.

Қошқой қыз естіген соң осы халді,
«Ер Һаман бүлдірер, — деп, — бұл шаһарды,
«Батырдың сөзін жықпа, же» деп айтар,
Көндірер ашуланып ол ғаярды.

- 4470 Ол ғаяр алманы жеп кетер шығып,
Сендер де кідірмендер бірге тұрып.
Қоштасып Қошқой қызбен Һаман батыр,
Ғаярдың арт жағынан барсын жүріп.
Алма жеп жығылған соң Ләклек ғаяр,
Сиқырлық қапшығыңа алғын тығып.

Қолыңа Ләклек түссе Шабшакке бар,
Бір тауды екі ғаяр мекен қылар.
Өз жаны ғаярлардың өзінде емес,
Бір құсқа сиқырлықпен қойған болар.

- 4480 Бұл күнде жүрген жаны кептер жаны,
Өз жанын кептер етіп қойған аны.
Өздерін отқа салып өртесең де,
Бір тиын бит шаққандай көрмес аны.
Сол кептерді тауып ап бауыздасаң,
Ғаярдың сол мезгілде ағар қаны.
Шабшакті қалай ұстап аларыңды,
Табарсың бір хайласын ойлап аны.

Әлқисса, Тариқылғақыл Қамақты үш күн оқытып, ғаярлық білімін он тоғызға толтырып және де «мен қашан да болса сенен хабарсыз болмаспын, Һаманға бар» деп жолға салды. Қамақ ғаяр Һаман батырға келіп танысып, оқиғасын сөйлеп берді. Һаман да мақұл көріп, Қошқой қызға бармақ болды. Қамақ ғаярды қойнына тығып, алмасын даярлап жүріп келіп, Қошқой қызға бастан-аяқ Тариқылғақыл айтқан сөзін айтып, Ләклекке алманы бергенде жемеді. Һаман ашуланып айтқан

соң, Қошқой қыз «өлсең де же» деген соң алманы жеп тұрып: «Мен тұтылдым, Жәмшид құтылды», — деп шығып кетті. Һаман батыр қызбен қоштасып далаға шықса, Ләклек ғаяр ессіз жатқанын көреді. Қамақ ғаярлық қалтасына салып алып, Һаманмен қоштасып тылсыматқа қарай қадам басады. Һаман батыр да өз еліне қайтып кетті. «Бұл жақтан аман-есен қалсаң, мен хабарсыз болмайын», — деп уағдаласып жүріп кетті.

Назым Қамақ ғаярдан сөз тылсыматқа баруынан:

Қамақ жас сапар етті Ләклекті алып,
Тыңдаңыз жалықпастан, қанша халық.
4490 Бір кептер сипатында кетті ұшып,
Тылсымат тарапына түсті барып.
Бір тесіктен лауылдап от жанады,
Бір кемпір жіп иірер ұршық алып.
«Тылсыматтың қожасы осы ғой», — деп,
Қамақ жас бастан-аяқ білді анық.

Бұл кемпір сиқырлықта жаннан асқан,
Жылап қайтар шеніне барған дұшпан.
Жәмшидті әскерімен бағып отыр,
Ұршықтан от жандырып бұл бір мыстан.

4500 Ой түсті Қамақ жасқа осы арада,
«Бұған мен қолданам, — деп, — қандай шара?
Тәуекел не болса да көремін», — деп,
Болыпты сиқырлықпен бір жас бала.
Апыл-топыл қаз тұрған бала мысал
Кемпірге келді жүріп сол арада.

Кемпір айтты: — Ей, балам, қайдан келдің,
Жоқ па еді әке-шешен, ей, бейшара?
Елсіз, күнсіз арада жүрсің нағып,
Қалайша мекен болды бұл қу дала?

4510 Ағызды Қамақ сонда көзден жасын,
Бұл кемпір сала ма деп ықыласын.
Айтуға аузы келмей өксіп-өксіп:
— Қалды, — деп, — қу далада жалғыз басым.

- Әкемнің кәсібі еді аулар балық,
Тұрушы ек соныменен ауқаттанып.
Қол қауғамен шешеміз балық сүзіп,
Әкеміз отырушы ед қармақ салып.
Жар басында жарбиып отырғанда
Бір жайын екеуін де кетті қағып.
- 4520 Бір басым паналарға жер таба алмай,
Бұл жерге келіп тұрмын естен танып.
Бір күнге қонақ болсам қайтер еді,
Әжетай, жетім едім мейірің салып.
- Кемпірдің бұған түсті ықыласы,
Тыйылмай отырған соң көзден жасы.
— Иә, балам, жата ғой, — деп жауап етті,
Бос тұр ғой қайтемін, — деп, — ошақ басы.
«Кемпірді қайтіп қолға түсірем» деп,
Ойлаған ойындағы маддұғасы.
- 4530 Түнімен кемпір отыр ұйқы көрмей,
Қамақ та қауіптеніп бұған сенбей.
Тұрғанда ертеменен Қамақ ғаяр
От жақты, шай қайнатып бәрін жөндей.
- Кемпірге барған сайын жақындасып,
Қызметі бірінен-бірі асып.
— Иә, балам, кетпей-ақ қой осы жерден,
Қаларсың бір пәлеге ұшырасып.
Еріксең ермек болып қасымда тұр,
Зиян емес арқамды берсең қасып.
- 4540 Зеріксем күлдірерсің әр сөз айтып,
Сөйлесіп отырармыз көңіл ашып.
- Ұқсады Қамақ ғаяр баласына,
Татулық жан жетпейді арасына.
Күндіз-түн дамыл таппай еркінсиді,
Қамақ жас сөз сөйлейді анасына:
— Анажан, бір азырақ дамыл алмай,
Бір күн шаршап өліп қаларсың ба?

- Бір күн өлесің-ау, қайран анам,
Сен өлсең жалғыз басым қайда барам?!
4550 Тумасам да туғандай ана болып,
Болып ең жел жағыма таудай панам.
Кемпір айтты: — Ұршықты иіrmесем,
Болады бір сағатта дүние тамам.
Қамақ айтты: — Апатай, маған бергін,
Үйреніп бір өзіңнен тағлым алам.
- Үйретті кемпір сонда тілін алып:
— От жанар оң иірсең дір-дір қағып,
Иірсең солға қарай от өшеді,
Мен кішкене ұйықтайын тыным алып.
- 4560 Ұршықты Қамақ ғаяр алды қолға,
Босады қызметтен кемпір сонда.
Тынығып кемпір байғұс ұйықтап жатыр,
Пырылдап демін алып азар-зорға.
Кемпірдің мұрнына дәрі салып,
Мас етіп Қамақ ғаяр салды торға.
Ұршығын сол иіріп отты өшірді,
Қарады һәр жағына, оң мен солға.
- Қараса, арғы жағы мидай дала,
Адамның көптігіне болмас баға.
4570 Қозат пен Фарқағад, Баман батыр,
Мәлік пен Бадыраң Ғазиз кәрі баба.
- Қор болған бәрінің де қайран басы,
Қамақтың түсті көріп ықыласы.
Шынжыр қып байлағаны қол-аяғын,
Әйелдің басындағы бір тал шашы.
Шабшакты алмай, оларды босатты барып,
Тариқылғақыл айтқан уағдасы.
- Оларға көрінбестен кетті жүріп,
Кемпірді өлтіріпті быт-шыт қылып.
4580 Ләклекті өлтіріпті хайласы жоқ,
Қапшыққа салып алды мықтап тығып.

Ләклек пен Шабшактың мекеніне
Қамақ жас сол мезгілде келді жүріп.

Ләклектің түсті Қамақ порымына,
Шабшакпен есендесіп жолығуға.
«Шабшағым қайдасың?» — деп Ләклек болып,
Жолықты құмарласып келіп тура.
Бір-бірін қошаметтеп, шарап ішіп,
— Бізге дұшпан, жау жоқ, — деп, — ой мен қырда.
4590 «Ақиқат Ләклек пе екен, сынайын» деп,
Ойлады бір сұмдықты Шабшак қу да.

Ойлады: «Осыған бір дәрі берсем,
Бір талдырып, қалтасын тінтіп көрсем.
Ақиқат Ләклек болса тіпті жақсы,
Осылай бір іс етіп, сынап көрсем».

Хайласы бұл Шабшактың бастан анық,
Ләклекті жақсы көріп құмарланып.
Қамаққа бір шынымен шарап берді,
Білдірмей бір дәріні қоса салып.
4600 Ақыры не болмақшы Қамақ жастың,
Ессіз боп, шалажансар жатты талып.
Ғаярлық қапшықтарын тінтіп көрсе,
Ләклек жатыр ішінде нашарланып.

Ләклекті тірілтіпті бір дем салып,
Бұл іске Шабшак қатты ашуланып.
Ләклек болып отырған Қамақ екен,
Бұл сыры мағлұм болды бастан анық.

Сөйледі өткен істі Ләклек сонда,
Басында не себептен түсті қолға.
4610 Кемпірдің өлгенінің бәрін айтты,
Тылсымат бұзылды деп қойған жолда.
— Білмеді мені қалай өлтірерін,
Кез болдым біліміңмен саған мұнда.
Сен дағы қолға түссең осы жерде,
Болып ек ұшырайтын тойдан-тойға.

Екі ғаяр есебі жоқ ажырасып,
Бұл дұшпан іздеп келіп болды нәсіп.
Ләклек жаду үйіне алып барып,
Қамақты аяғынан қойды асып.

- 4620 Сағынған екі ғаяр бірін-бірі,
Қалмады айтылмаған іште сыры.
«Түнімен шарап ішіп той жасаймыз,
Қамақты өлтіреміз ертең мұны».
Ләклектің үйінде тұр Қамақ байғұс,
Сиқырлық хайласына келмей тілі.
Қамақты байлап қойған көзі көрді,
Бар еді ол Ләклектің сұлу қызы.

- Қыз айтты ол Қамаққа: — Тұрсың нағып,
Ажалың шын, ақиқат жеткені анық.
4630 Өлімге бүгін сені бұйырыпты,
Қойып ең атамыздың несін алып?

Қамақ айтты: — Ақысын алғаным жоқ,
Бар еді адамзатта басқа парық.
Өлсем қаным, обалым қызға болсын,
Ауызға түскен мен болдым кебін балық.

- Бұл сөзге бұл сұлу қыз таң қалады,
Қамаққа «қалай сыр?» деп сөз салады.
— Менен көрген кесірің жоқ еді ғой,
Сендей тегі көрмедім неш баланы.
4640 Шипасы жаман біткен қамсыздарды,
Деген сөз «су ішінде өрт алады».

Қамақ айтты: — Сұлу қыз, бері қара,
Сіз мені көрген жоқсыз жеке, дара.
Қыз деген қызыл алтай түлкі емес пе,
Көрместен ғашық болар жігіт жана.
Ләклектің қызы сұлу дегенменен,
Мен болдым құмарланып бір диуана.
Қайтейін, бір сен үшін өлмек болдым,
Басымнан кетпек боп тұр пәни дүния.

4650 Келіп ем ақ жүзінді көрмек үшін,
Алуға ғаярлықпен келмес күшім.
«Жай адамға қызымды бермеймін» деп,
Әкеңнің көріп тұрсың қылған ісін.
Обалыма қалдың ғой, иә, ханыша,
Осындай ойымдағы бар жұмысым.
Жастарды қасіретке салып жүрген,
Мұндай болса қайтейін, қызың құрсын.

Бұл сөзге қыздың түсті ықыласы,
Қамақтың жерге тамып көзден жасы.
4660 Сыртынан ғашықтығы растай боп,
Шын дейді айтып тұрған оқиғасы.
Көңіл шіркін, жүйрік қой көк дөненнен,
Өлімге кез боп қапты ғазиз басы.
Тар жерде ажыратты бір өлімнен,
Қандай жақсы адамның замандасы.

— Өлімнен, иә, замандас, болғын аман,
Денсаулық қандай жақсы есен-аман.
Мен қызды иә аларсың, иә алмассың,
Жарамас обалыңа көрнеу қалған.

4670 Сонымен қыз босатты Қамақ жасты,
«Аһ» деп байғұс бала көзін ашты.
«Бір хайла тағы бұған істейін» деп,
Ғаярлық қалыбына қайта басты.

— Көзіме көрінді, — деп, — өлім, қауіп,
Қандайлық іс етем деп ебін тауып.
Ләклек, Шабшак екі ғаяр шарап ішіп,
Ләклек [ғаяр] жығылды есі ауып.

Салқынға тастап қойған Ләклек ерді,
Бұл Қамақ шын ақиқат таниды енді.
4680 Ғаярлық қапшығына салып алып,
Ләклек боп Қамақ ғаяр үйге келді.
«Көптен бері ішпеп ем, мас болдым» деп,
Ол Қамақ осылайша жауап берді.

Сөйлесті Шабшакпенен оқиғаны,
Мастықта ол Шабшактың болды халі.
Шабшактың шынысына бір дәрі сап,
Қамақ та құрмет етіп берді оны.

Дәріні ішіп алып Шабшак ғаяр,
Сол жерде шалқасынан түсті барып.
4690 Шабшакты Ләклекпенен алды байлап,
Ұмытты өткен істің бәрін де ойлап.
Бұларды шын, ақиқат құртайын деп,
Кептерін тауып алып, қойған байлап.

Тастамай екі ғаярды алып кетті,
Бір тауда бір терекке келіп жетті.
Басында екі кептер қонып отыр,
Сол жерде ұстап алып қатыл етті.
Кептерді ұстап басын кескенінде,
Екі ғаяр өз-өзінен өліп кетті.
4700 Ләклек пен Шабшактан кегін алып,
Мұратқа Қамақ ғаяр кәміл жетті.

Қамақ жас ғаярлықпен жауын жеңіп,
Аспанмен қайтып ұшты құстай төніп.
Тылсымат құдығына келіп жетті,
Құрметтеп құшақтасты елін көріп.
Бадырап атасы мен Мәлік патша,
Көз жасы аға берді қардай еріп.
Жәмшид патша сұрады Мейрамханды,
— Сізбенен келмеді ме, — деп, — мұнда еріп.
4710 Қамақжан босатар деп бұл қайғыдан,
Біз жүрдік бір өзінді қуат көріп.
Көзімнің тірісінде сізді көрдім,
Дүниеден армансызбын кетсем өліп.

Қамақ жас сиқырменен түсірді бұлт,
Мініпті осы бұлтқа жиылған жұрт.
Хайламен бұлт ішіне күмбез жасап,
Ешқандай жығылам деп етпейді үміт.

- Қаптады қара бұлт күннің көзін,
Халайық білмей кетті өзді-өзін.
4720 Хабарын бір жолығып білдірмекке
Һаман мен Тариқылғақыл айтқан сөзін.
- Еліне Тариқылғақыл түсті барып,
— Бұл жерден ұшамыз, — деп, — бір демалып.
Құтылып сиқырлықтан ықтияры,
Палуандар ойын ойнап рахаттанып.
Қамақтың қандай түрлі оқиғасын
Тариқылғақыл балдама ашып білген анық.
- Қонарын мұнда келіп тағы білді,
Көлікпен қанша қамыс алып жүрді.
4730 Биабан ен далаға алып келіп,
Қамысты сиқыр оқып әскер қылды.
Қолында шоқпарлары қанша батпан,
Сап түзеп барлығы да қарап тұрды.
Жәмшидтің әскерлерін көргеннен соң,
Майданда «жекпе-жек» деп қарап тұрды.
Дарияның толқынындай екі әскер,
Қабағат араласып соғыс қылды.
- Қозатпен соғысып жүр Фарқағад,
Аянбай қимылдады елдің бәрі.
4740 Шоқпар тисе жығылар таудай болып,
Өліп қалып шықпайды һешбір жаны.
Олар ұрса ешқандай зарар етпес,
Қалай ұрса келеді елдің халі.
- Қамақ ғаяр сол заман кітап ашты,
Мұндайлық көргеннен соң оқиғаны.
— Бұл өзі адам емес, қамыс, — деді,
Тариқылғақыл еткен бұл хайланы.
- Қамақ сонда сөйледі оқиғасын,
Тариқылғақыл ердің бұл хайласын.
4750 — Өнердің жер жүзінде ұстазы деп,
Біз де көрдік бұл ердің көп пайдасын.

Өзі де бізді іздеп келсе керек,
Ұмытпас деп ойлаймын уағдасын.
Ақылға аға туған, білімі зор,
Өлшеуге болмас ондай ердің басын.

Сол заман бір бұлбұл құс келді заулап,
Ағашқа қонып алып тұрды сайрап.
Сол жерде қонып тұрған ағашының,
Жапырағынан бірін қоймай қойды жалмап.
4760 Басқа елдің неш нәрседен хабары жоқ,
Қамақ жас ақылменен білді ойлап.

Қамақ айтты: — Халайық, сөзім тыңда,
Бір бұлбұл ағашта отыр мұнда.
Бір өзі бір ағашты жеп бітірді,
Бір хикмет болса керек, көрсең мұнда.
«Бір патшаны бір өзім тындырам» деп,
Хайламен фәһим етіп айтқан сыр да.
Көрсеткен көп өнерін сынамаққа,
Тариқылғақыл шығар бұл бұлбұл да.

4770 Қамақ жас фәһим етіп мұны біліп,
Жәмшид те батырлармен келді жетіп.
Тариқылғақыл сонда шыға келді,
Бұлбұл боп тұрғаннан бір сілкініп.
Көрісті бір-бірінен бірі асып,
Барлығы қызмет етті қол қусырып.
Сиқырдан бір шаһарды жасап қойған,
Барлығы маужырасып сонда кіріп.
Пейіштің сипатындай деуге болар,
Сән-салтанат, сәулетін болмас ұғып.

Әлқисса, ендігі сөзді Тариқылғақылдан естіңіздер. Бұл сиқырдан жасаған сарайда Жәмшидті сегіз күн сыйлап, одан соң Мәлікке қош айтып қайтпақ болғанда, Мәлік айтады: — Бізбен бірге жүрсеңіз, — деп. Сонда Тариқыл: — Мен қазір сізбен бірге баруға уақыт жоқ. Кейінгі күндерде өзім сіз шақырмай-ақ барамын, — деп уағдасын берді. Бұл сөзіне ризаланып тұрғанда Қамақ ғаяр: «Мен Һаман батырмен уағдам бар еді» деп, оны із-

деп жолға шығады. Қамақ ғаяр Һаманға барып жолығып, өткен істің бәрін айтып, оны алып келгенін, Жәмшид патшаның бауырластарымен жолығуынан сөз естіңіздер:

Назым Һаман батыр

- 4780 Һаманның жер жүзіне аты қанық,
Тыңдаңыз жалықтастан, барша халық.
Жәмшидпен туысқандық түбі бірге,
Бар еді арасында сондай парық.
Көптен бері көрмеген бірін-бірі,
Саламат жүз көрісті бек шаттанып.
Аға-іні бар боп тұрса қандай жақсы,
Інісі ағасының қолын алып.
Һаманның палуандық тұлғасында,
Айтуға өлшеу етіп болмас нарық.
- 4790 Көрсетті ағайынды бұлар жүзін,
Сөйлесті бастан кешіп өткен сырын.
Һаманның батырлығы әлемде жоқ,
Ауызбен айтып болмас мыңнан бірін.
Пірлер болжап айтып қарағанда,
Қозат, Баман Һаманға болмас мұрын.
Сақал-шаш, мұртыменен былай тұрсын,
Перде деуге болады жай бір түгін.
Дарияның бір айырығы деп ойлайды,
Қақырған Һаман ердің түкірігін.
- 4800 Һаманды көрген адам тағзым қылып,
Егесіп болмас дейді һешкім жығып.
Мәлік те Һаман ерге құзыр етті,
— Сіз бізге басшы бол, — деп, — бірге жүріп.
Қоңқармен соғысқалы үш жыл болды,
Ешқандай жеңе алмадым көңілім толып.
Енді жеңіп алам деп отырғанда,
Қалады жар астынан бір жау шығып.
- Һаман айтты Жәмшидке: — Сөзім тыңда,
Мен тұрғанда жоқ істі уайым қылма.

4810 Баруға аяғымнан намыс қып ем,
Сен келдің бір себеппен қазір мұнда.
Жер жүзі жабылса да бір өзіңе,
Бір шығарам ақыры сені қырға.

Һаман да барғандығын қабыл алып,
Бұл іске барлығы да ризаланып.
Қамақ ғаяр тағы да бұлт түсіріп,
Жөнелді бұлтқа мініп мұнарланып.
Ежелден кекесінді шын дұшпаны,
Қоңқардың тарапына түсті барып.
4820 Жол бойы Күлзім деген бір өзенге
Жайланып бұлар жатты рахаттанып.
Жапанда екі әйел қалып еді,
Жамағат, тыңдаңыздар құлақ салып.

Жәмшидтің қасіреті қатты өтті,
Мұратқа жауын жеңіп әбден жетті.
Ыңыранып оқ тигендей тұра алмады,
Сағынып Мейрамхандай қызыл бетті.
«Мейрамхан бақ-дәулетім не болды?» деп,
Көз жасы ер Жәмшидтің тимей кетті.
4830 «Жер жүзінде екі әйел тірі бар ма?»
Қамаққа «Балдама аш» деп әмір етті.

Қамақ жас сол заманда ашты балын,
Не болғанын әуел-ақыр оқиғаның.
Мейрамхан ұшырапты бір тұтқынға,
Маһирон қолында екен Қоңқар шаһтың.
«Патшаның көңілі жасып қалады» деп,
Айтпады Мейрамханның сонда халін.

Деп айтты: — Маһиронды келгін алып,
Қалайша ажырады жалғыз қалып?
4840 Маһирон қалайынша онда барды,
Мәнісін білейін, — деп, — сөзге салып.
Қамақтың бұл Үрімге келгендігін,
Қоңқардың Шабыраңы білгені анық.

Бұл Қамақ бір сойқанды бастайды деп,
Шабыраң сол күні қашып кеткен арып.

Қамақтай ғаяр болмас хайласы мол,
Белгілі қайда барса өзіне жол.
Қоңқардың шаһарына келді аяңдап,
Қаптаған жер-жаһанды есепсіз қол.
4850 Маһирон сарайына келіп кірді,
Ғаярлық қалтасы бар, белінде тор.

Есіктің алдына кеп болды мысық,
Мияулап тұрып алды көзін қысып.
«Мезгілсіз не қып жүрген бұл мысық» деп,
Маһирон қолтығына тұрды қысып.

Маһирон бір қиялға сонда түсіп,
Сүт берді бұл мысыққа көңілі түсіп.
«Ғаяр болса ішпейді берген асты,
Шын мысық талғамайды, қояр ішіп».
4860 Ғаярлар өмірінде жанға сенбес,
Сүтін төгіп, жөнелді қарғып түсіп.

Маһирон ғаярлығын енді білді,
— Иә, Қамақ, сөйле, — деді, — өткен сырды.
— Оқиға елге барып естірсіз, — деп,
Сиқырлық қапқа салып алып жүрді.
Жәмшидтің алдына әкеп қойғаннан соң,
Көзінің жасыменен бетін жуды.
Кеткен келіп, бұлардан кемтік толып,
Бұрынғы өткен іске шүкір қылды.

4870 Сұрады Маһиронның Мәлік сырын,
Бір тауда Мейрамханмен қалған бұрын.
— «Тауда жүрсең бір іске кез боласың,
Қызығар көрген адам сенің нұрың».
Сонымен Мейрамханның тілін алып,
Қоңқардың өз қолына тұрдым барып.
Солайша Мейрамханмен ажырастым,
Сонан соң хабарым жоқ, жалғыз ғаріп.

Жамағат, жалықпастан енді тыңда,
Айтайын Мейрамханнан сыр шығарып.

Әлқисса, ендігі сөзді Мейрамханнан естіңіздер:

4880 Мейрамхан Бадампаймен жүрген тауда,
Қандайлық күн көруге түскен ойға.
Қоңқардың ғаярынан қатты қорқып,
Шын шаһар тарапына тартқан жолға.

Шабыраңнан қорыққаннан тартты жолды,
Сарғайып зағыпырандай жүзі солды.
Болғанда бір күндері арып-ашып,
Бір тауға жалғыз өзі келіп қонды.
Батқанда тәтті ұйқыға бейқамдықпен,
Қисапсыз қалың әскер пайда болды.

4890 Сол жерде тұлпар атын ұстап алды,
Ахуалы Мейрамханның қалай болды?!

Ұсынды барлығы да қызды көріп,
Алдына патшасының алып келіп.
Ақ жүзін Мейрамханның көргеннен соң,
Патшаның бойы балқыр қардай еріп.
«Ғашығым, махбүб жарым, қарағым» деп,
Қасынан кетер емес құстай төніп.
— Дүниеде теңдесі жоқ, шам-шырағым,
Отырсың бұл араға қайдан келіп?!

4900 Мейрамхан жауап берді падишаға:
— Кеп тұрмын бір себеппен бұл араға.
Сен өзің қай жерліксің, қай патшасың,
Білдіріп шын нәсілің, айтшы жана.
Бейәдеп іс еткенің дұрыс емес,
Істейді мұндай істі бала-шаға.
Ол өзі жалғыз жүрген әйел ғой деп,
Сіз маған қиянат пен зорлық қылма.

Сөйледі патша сонда Мейрамханға:
— Атым — Ғабит, белгілі оң мен солға.

4910 Сұрасаң шаһарымды Фараң деген,
Маған қастық еткен жан түсер торға.
Мен сені ықтиярсыз әйел етем,
Ақиқат түсіп тұрсың бүгін қолға.
Көрем, — деп, — бақ-сарайда қызығыңды,
Ғабит патша қызды алып түсті жолға.

Сонымен шаһарына кетті жүріп,
Мейрамхан қолға түсіп мысы құрып.
Ғабит патша үйіне келгеннен соң,
Өзінің қатынына салды бүлік.
4920 — Өз басыма лайық әйел таптым,
Бұл үйден кеткін, — деді, — қазір шығып.
Бұл ісін падишаның көргеннен соң,
Мейрамхан сөз сөйледі сонда тұрып.

Мейрамхан патшаға айтты: — Сөзім тыңда,
Мұндай іс жараспайды сізге шын да.
Мен сізге әйел болып тұра алмаймын,
Жазықсыз әйелінді талақ қылма.

Менің ерім болады Жәмшид патша,
Соғысып жатыр қазір ол Үрімде.
4930 Қамақ деген қолында ғаяры бар,
Әскері қазір жетті отыз мыңға.

Ол ғаяр кітап ашып бәрін білер,
Иә, Ғабит, айтқан сөзге болсаң сенер.
Бұ күнде маған зорлық етсең дағы,
Түбінде өз басыңа зиян келер.

Амандықта әркім-ақ патша болар,
Қолда қару бар болсын, жауды жеңер.
Қозат, Һаман дейтұғын екі батыр,
Аяқпен бір-бір теуіп қаның төгер.

Әлқисса, енді сөз Мейрамханнан Ғабит патша бұл сөзді естіп, ойланып қалды. Қозаттың атын естігенмен өнерін білмейді екен. «Бұл ұлы патшаның әйелі екен, бұған жамандық етпейін.

Бір күні Қозат келсе, жұртымды босқа қырып кетер», — деп Мейрамханды жақсылап бағып тұрған екен. Жәмшид патша Қамақты жұмсап: — Өліп қалса сүйегін, тірі болса өзін тауып кел, — деген соң, балдамасын ашып: — Фараң шаһарында тұр, — дейді.

Енді Қамақтың Фараң шаһарына барғанынан сөз:

4940 Жамағат, жалықпастан тыңда мұны,
 Қамақтың ғаярлықта мағлұм торы.
 Құс сипат сол заманда ұшып кетті,
 Ешқандай мағлұм емес жанға сыры.
 Фараңның шаһарына келіп түсті,
 Үрімнен қанат қағып ұшқан күні.

 Кептер боп бау-бақшада отыр қонып,
 «Мейрамхан қайда екен» деп жүрсе шолып.
 Мейрамхан бір заманда шыға келді,
 Сарғайып зағыпырандай жүзі солып.
4950 Қамақ та сабыр етіп тұра алмады,
 Сайрады мұңлы дауыс қайғы көріп.
 Кептердің күңіренген дауысын естіп,
 Мейрамхан жылай берді қардай еріп.

 Мейрамхан ойға түсіп өткен күні,
 Қарады «Қамақ па?» деп қайта мұны.
 Көзінен кептердің де жас ағып тұр,
 Таныды осылайша бірін-бірі.
 «Өліспеген көріседі» деген осы,
 Қалмады айтылмаған іште сыры.
4960 Ел-жұрт, батырларын түгел сұрап,
 Жолдасы Жәмшид патша қызыл гүлі.
 Фараңның патшасы Ғабит ерге
 Сөйледі бастан-аяқ барып мұны.

 Ғаярды Ғабит патша өзі көрді,
 Ақиқат айтқанына енді сенді.
 Сол жерде Мейрамханды құрмет етіп,
 Қаншалық қымбат баға дүние берді.

- Сонымен Қамақ ғаяр кетті жүріп,
Сиқырлық қалтасына бәрін тығып.
- 4970 Айнамай Мейрамхан мен Қамақ ғаяр,
Аспаннан бұлт түсіріп кетті мініп.
Қонған бақ-дәулеті — бәйбішесін
Жәмшид те көрді сөйтіп көңлі тынып.
Жиылып қай-қайдаға кеткен ерлер,
Жұлдыздай жалтырады бірге тұрып.
- Ақырын Жәмшид айтар: — Қайғы, жапам,
Дүние жоқ деп едім нешбір опаң.
Бұл күнде әскерінің бар ауқаты,
Дарияның ішіндегі жайын, наһан.
- 4980 Қозат пен Фарқағадты келер алып
Дарияға ау сипатты қолын салып.
Бұл күнде отыз мыңдай әскері бар,
Қарық боп күндіз-түні рахаттанып.
Болған соң бас-аяғын тегіс жинап,
Сөйледі Жәмшид патша ақыл салып.
— Көп жылдай бұл Қоңқардың қорлығы өтті,
Көңлімді тындырғын, — деп, — осыны алып.

Әлқисса, ендігі сөзді Қоңқардан естіңіздер:

- Жәмшидтің жиылғанын Қоңқар біліп,
Сөйлеген өз жұртына түсіндіріп.
- 4990 Бір күнде Маһироннан тағы айрылып,
Һаман сынды батырды бастан ұғып.
Өліпті Орайнатан баяғыда,
Соғысар адамы жоқ қарсы шығып.
Һаман, Баман, Қозатты естіген соң,
Отырды Қоңқар патша жерге кіріп.
- Қоңқарды осылайша қайғы басып,
Есепсіз елін жиып ақылдасып.
Бақтысын өз қолынан кім береді,
«Соғысып көреміз, — десті, — қанды шашып».
- 5000 Қаптаған қара тұман жер-жаһанды,
Майданға шықты жұрты қаһар шашып.

Жәмшидтің таудай-таудай батырлары,
Бұлар да келе жатыр хабарланып.

Екі әскер майдан жерде жолығысты,
Бұлардың бірінен де бірі күшті.
Ер Һаман ашуланып жер тепкенде,
Жерден тас оқтай болып аспанға ұшты.

Майданда тұрды жалғыз Һаман барып,
Ақырып айдаһардай демін алып.
5010 Сипаты, тұлғасына қарағанда,
Оңа ма бұған қарсы адам барып.
Бір адам жекпе-жекке шықпаған соң,
Әскерге жүріп кетті ашуланып:
— Қозат, Фарқағад, Баман батыр,
Жабылды барлық әскер, тұрсың нағып?

Ғаламат бір осындай соғыс қылды,
Болмайды ажыратып күн мен түнді.
«Көп қырмай, Қоңқарды ұстасын» деп,
Сол күні Жәмшид патша бұйрық қылды.
5020 Қаңбақтай желге ұшырған көкке шығып,
Таратып түрлі сөзді Қамақ жүрді.
Һаман дарбазасын жұлып алып,
Қоңқарды сол күндерде тұтқын қылды.

Қоңқарды байлап алды дәл сол күні,
Ала алмас ажыратып һешкім мұны.
Сиқырлық қалтасына салып алып,
Ап кепті Қамақ ғаяр қосқа шыны.
Жәмшидпен жүз көрсетіп, бір сөйлесіп,
Айтылсын үлестіріп іште сыры.
5030 Беріп жол Жәмшид деді ғаярына:
«Қоңқар да қорлап еді о бір жолы».

Әлқисса, ендігі сөзді Жәмшидтен естіңіздер. Қоңқарды
Қамақ ғаяр байлап алып келген соң, Жәмшидтің қайдағы өткен
ісі ойына түсіп, Қоңқарға айтып отырған сөзі:

- Иә, Қоңқар, нағып келдің біздің елге,
Өзің кеттің, келмедің һешбір бізге.
Кәрімнің сөзін сөйлеп, жау ізденіп,
Қас болдың қарап жүріп, мұның жөн бе?!
«Тіршілік енді саған жоқ» деп едің,
Мен құсап қалыпсың ғой бүгін сен де.
Өгіздей боламын деп, көп су ішіп,
Жарылып өлген екен бақа көлде.
- 5040 Кәрімнің бір қиянат тілін алып,
Қырғын сап, тиді кесірің талай елге.

Бар деп ең бір басымда тоқсан шаһар,
Деп едің палуандықпен қылма баһар.
Көптігің бүгін көзге көрінді ме,
Қазір өліп, тартасың дүние сапар.
Басында мені мазақ етіп едің,
Бұл күнде болып тұрмын ақыл айтар.
Қастық, достық ойында қайсысы бар,
Бір жөнің келді білем атын атар.

Қоңқардың Жәмшидке айтқан сөзі:

- 5050 Сөйледі Қоңқар сонда өткен халін,
Ауыздан «Аһ!» дегенде шықты жалын.
— Ел билеп, таққа мініп отырған соң,
Тырысып жоқтағанмын елдің зарын.
Шеттен келіп жау алса ажыратпас,
Патшамыз болды дейді нағыз залым.
«Арыстан айға шауып белі үзілген»,
Адамды тоқтата ма ашу-арын.
Иә, тақсыр, бақытың асты осы күнде,
Жер жүзінде батырдың жиып бәрін.
- 5060 Өлтірсең де, кешірсең де енді өзің біл,
Барлығы өз қолыңда оқиғаның.
Қызымды алып бала боп қалып едің,
Қызым берген сұрадым қасық қаным.
Мен өлгенде тоймайды сұм қара жер,
Тұтқасы мен емеспін дүнианың.

Мың күнгі қараңғыдан бір күн жарық,
Жүремін бірі болып бұқараның.

Маһирон сабыр етіп тұра алмады,
Әкенің көргеннен соң мұндай халін.
5070 Мейірі атасына қатты түсіп,
Қалсам деп ажыратып жалғыз жанын.

Әлқисса, ендігі сөзді Маһироннан естіңіздер. Маһирон сонда сөйлейді:

— Алдияр, Жәмшид ханымыз,
Жолыңызға құрбандық
Бір шыныдай қанымыз.
Айтатұғын зарым бар,
Бұған құлақ салыңыз.
Әйел де болсам жолдас ем,
Есіңізге алыңыз.

Өлімге басы ілініп,
5080 Есінен танып, бүгіліп,
Пенде боп тұр алдында
Қоңқар патша шалымыз.
Тоқсан елдің ішінде,
Көзіне жалғыз көрінген,
«Қызым» деген бары біз.
Нашарында жақ болдым,
Адасқанда тап болдым,
Жаяуында ат болдым,
Ақылға ойлап салыңыз.
5090 Өмірлік жолдас болып ек,
Қолыңа түскен бір шалдың
Амалын, тақсыр, табыңыз.

Аямасаң, иә, тақсыр,
Өткен істі ұмытып,
Бір тілекті бермесең,
Мені қосып шабыңыз.
Қыз да болсам баласы ем,

Жел жағында панасы ем,
Құрбандық шалға қанымыз.

5100 Тыңдасаң, тақсыр, сөзімді,
Қасіретпен қайғырып
Жылаумен ойма көзімді.
Зынданнан шығып жүргенде,
Қонақ боп үйге кіргенде,
Диуана болып тұрғанда,
Байқадым сонда өзінді.
Һолофдонда шам-шырақ
Лаулап жанып тұр екен,
Шыққан күндей деп білдім
Маңдайдағы көзінді.

5110 Көзіңнен байқап ойладым,
Басылмас деп арыны,
Үкімінде болар деп,
Есепсіз қанша халығы.
Шырақтан тағзым етіп ем,
Ерегіскен дұшпанның
Жеңеді деп біріні.
Бақ қонар деп басыңа,
Жолдас болдым сол күні,
Ойымнан кетпес іс болып,

5120 Фарқағадтың қорлығы.
Еңбексіз бақыт — опасыз,
Ер сүрінбей танымас,
Басына тумай зор күні.

Атаның хақы балада,
Ажыратқын қарыздан,
5126 Ашуың тастап, сіз мені.

Жәмшид патша Маһирон әйелінің бұрынғы қызы датын ескеріп, Қоңқарды өлтірмейді. Ата-бала болып ризаласып, Қоңқарды Үрімге хан сайлап, өздері өз жұртына қайтып кетті.

Алтын балық

Аузу, сиынайын бір Құдайға,
Жасымнан бала оқыттым кедей, байға.
Жазбадым көптен бері жалқауланып,
Әйтпесе тәуір едім осындайға.

Әуелі мен сөйлейін өткендерді,
Һәрқашан мұратына жеткендерді.
Қиссаның бір тәуірін мен сөйлейін,
Бұрынғы дүниеден кеткендерді.

10 Мен Ақылбек тірлікте жазайын хат,
Өтіпті бізден бұрын көп адамзат.
Тотының Майшекерге айтқан сөзі
Кейінгі бозбалаға бәйіт боп жат.

— Айтайын, тыңдасаңыз, жақсы кеңес,
Жақсы адам жетімдердің хақын жемес.
Тоты құс Майшекерді мақтап қойды, —
Ғаламда жан бар ма, — деп, — сізге теңдес.

20 Һәр адам дінін күтіп кеткен екен,
Дүниені аяғымен тепкен екен.
Майшекер, құлақ қойып тыңдасаңыз,
Бұрын да сіздей ғашық өткен екен.

— Байы жоқ, ақылы кем мен бір қатын,
Білмейді адам сіздей сөздің затын.
Бұрын да мендей кім ғашық болған екен,
Айтып бер, тоты құсым, оның атын.

— Майшекер, түрленесің опа жағып,
Жүреді ғашық жарың сені бағып.
Киініп киіміңді асығыпсыз,
Тоты құс кеңес айтар [енді] нағып.

30 Майшекер мынау сөзге құлақ салды,
Бір күнше отыруға ойына алды.
Тотының бұл кеңесін тыңдайын деп,
Майшекер асын ішіп тойып алды.

Тоты құс сөйлейді енді бойын тарап:
— Майшекер, отырдыңыз маған қарап,
Бұл сөзді естіген соң сіз кетерсіз,
Құдайым бергеннен соң мұндай талап.

Бізден бұрын бір патша болған екен,
Жеті ықылымды ол билеп тұрған екен.
Патшаның атын сізге баян қылсам,
40 Сұлтан ұғлы Махмұт деген екен.

Падиша тамам жұртын алды жиып,
Жаман, сұмдық істерін қойды тыйып.
Нашарлары патшаға қызмет қылып,
Байлары тұрады екен алтын беріп.

Қиындық жұртқа патша қылады екен,
Алымын жылында бір алады екен.
Алымын халі жетіп бере алмаған
Патшаға қызметкер болады екен.

Айтайын бір қиссаны, құлағың сал,
50 Болыпты падишада осындай хал.
Кемшілік падишаға қоңсы болған,
Көп жасаған бар екен бір кәрі шал.

Әлгі шал балық аулап күнін көрер,
Патшаға алым үшін балық берер.
Ибраһым деген жалғыз баласы бар,
Баласын нұрлы қылды Пәруардигар.

- Бала айтады: — Әй, ата, сөзім тыңда,
Біздерді нашар қылған Құдауанда.
Балық аулап қызмет мен қылайын,
60 Ұстайын балық болса енді мұнда.
- Қартайып жеттің, ата, бұ шамаға,
Ау аулап мен шығайын тамашаға.
Кәрілік енді сізге жетті ғой, — деп,
Мен қызмет қылайын, — деп, — падишаға.
- Жас бала, бес жасыңда не қыласың,
Қаңғырып бір жерде сен адасарсың.
Балық аулау ол саған қиын болар,
Патшаға қызметке жарамайсың.
- Балықты аулау маған қиын емес,
70 Біздерге қарап жүру орын емес.
Патшаға енді қызмет мен қылайын,
Ер жігіт мал табуға уайым жемес.
- Қызметке жарамайсың, балам, — деді,
Көңілің һәр нәрсеге алаң, — деді.
Бес жасыңнан қолыңнан не келеді,
Ау құруға келмейді шамаң, — деді.
- «Қой балам» деп кәрі шал үш айтады,
Бұ бала қайтеді деп іш тартады.
Бұл баланы қолынан ұстап алып,
80 Патшаға «жарай ма?» деп байқатады.
- Патша айтты: — Бұл бала жарар, — деді,
Шамасы келсе жүріп қарар, — деді.
Бір-екі жыл өткен соң осы бала
Бір кісідей қайратты болар, — деді.
- Шал енді рұқсат берді баласына,
Майшекер, сөзге құлақ саласың ба?
Қайыққа ауын салды енді барып,
Бұл бала жүріп кетті дариясына.

Дарияға ауын құрды енді барып,
90 Майшекер, тыңда мұны құлақ салып.
Ибраһым балалығын қылды дейді,
Дариядан шығып кетті ойын бағып.

Ол бала бір уақытта келді қайтып,
Ауы тұр жартысынан суға батып.
Шетіне дарияның шығып алып,
Ибраһым алды ауын енді тартып.

Бұл сөзге құлақ салшы енді, халық,
Ауына оралыпты алтын балық.
Ибраһым енді үйіне алып келді,
100 Тұрады көрген адам қайран қалып.

— Әй, ата, бұ дүниеден күдер үзбе,
Дәулет болды бұ балық енді бізге.
Құдайым енді маған берсін қуат,
Қартайып жасың жеткен кезіңізде.

Патшаға мұны алып барайын да,
Алдына тарту қылып салайын да.
Құдайым бұ ниетті қабыл қылса,
Патшадан бірнеше алтын алайын да.

— Бұрынғы келбетіңнен аспа, — дейді,
110 Бұ балықты дарияға таста, — дейді.
Патшаға бұ балықты алып барсаң,
Саған дұшпан өзіңнен басқа, — дейді.

Әй, балам, бұ балығың бейнет болар,
Жас басыңнан дүниеге болма құмар.
Патшаға бұ балықты алып барсаң,
Айрылып ата-анаңнан көңілің солар.

— Жасымнан неткен бейнет маған келген,
Бұл өзі дәулет шығар Құдай берген.
Не болса да патшаға апарам, — деп,
120 Балықты алып Ибраһым жүре берген.

Жарық қылған дүниені күн мен айым,
Иман бер барша жанға, бар Құдайым.
Балық алып Ибраһым кіріп келді,
— Ассаламуәлейкүм, падишаһым.

Иә, тақсыр, бұл бір сыйым сізге қылған,
Кез болып құрған ауға бұл жиылған.
Тарту қылып мен сізге алып келдім,
Хал-шама, қызметім осы болған.

— Елу жыл патша болдым көп халыққа,
130 Мұныңды ұқсатпаймын балалыққа.
Хан, мырза, төрелердің тартулары,
Бәрі де жеткен емес бұ балыққа.

Ибраһым, бұл балықты біз алайық,
Берейін екі мың алтын сізге лайық.
Ежелден нашар болған адам едің,
Байлыққа енді сені шығарайық.

Көрмейді Ибраһымдың адам нұрын,
Ғеш адам асырмады бұдан бұрын.
Құрметтеп ол баланы қасына алып,
140 Шетінен дастарқанның беріп орын.

Падишаһ Ибраһымге беріпті ас,
Қызметіне жарады болса да жас.
Тамам сегіз санатынан артық көрді,
Қолыма кірді ғой деп бір асыл тас.

Ибраһым енді үйіне қайтып келді,
Патшаның сыйлағанын айтып келді:
— Құданың бізге берген несібесі,
Патша екі мың маған алтын берді.

Ибраһым патшасына жүрді жағып,
150 Аңдиды сегіз санат мұны бағып.
«Бұ бала бәрімізден артық болды,
Қалайша жақсы көрер бізді нағып.

Кез келсе ол баланы өлтірейік,
Басына бір мехнатты келтірейік.
Бәріміз падишаға ақыл айтып,
Баланы келмес жерге кетірейік.

Ол тұрғанда біздерге жарық болмас,
Бір іс қылмай ол бала ғаріп болмас.
Балықтың бір серігін тапқыз дейік,
160 Оны іздесе ол бала тіпті келмес».

Сегізі осылайша ақыл қылды,
Біреуі падишаға жетіп келді.
Келмейтін күнде мұндай санаттары,
Келді де падишаға сәлем берді.

— Мен сізге санат болдым әуел бастан,
Патша бар [ма] сіздейін сізден асқан.
Енді, патша, бір жерің жарамайды,
Санатым деп біздерге ақылдассаң.

— Жарасар менім айтқан салтанатым,
170 Сіздердің бекер емес айтқан затың.
Қандай менің ол мінім жарамайды,
Маған тауып беріңіз, көп санатым.

Сегіз күн сегіз санат ой ойладық,
Бастамай енді бір іс біз қоймадық.
Кешегі алып келген алтын балық
Дүниеде екеу шығар деп ойладық.

Жалғанның опасына жан тоймаған,
Оны кім әкелер деп хан ойлаған.
Кешегі Ибраһым тағы табар,
180 Балықты дариядан сол қоймаған.

Олардың қас қылғанын бала білмес,
Ғеш нәрседен ол қорқып қайғы жемес.
Балықтың енді бірін таптыруға
Падиша санаттармен құрды кеңес.

— Серігін ол балықтың таптырайын,
Жүрегін тасып тұрған сап қылайын.
Санаттар, бұл айтқаның тәуір болды,
Шақыртып Ибраһымді алдырайын.

190 Құлшылық қылсаң жақтың бір Аллаға,
Падиша кісі салды ол балаға.
Ибраһым шақырған соң келеді енді,
Кез болып жас басынан бір бәлеге.

Алдына қол қусырып жетіп келді,
Патшаға әдеппенен сәлем берді.
Ол күнде Ибраһымдей жан туған жоқ,
Баланы кіріп келген патша көрді.

— Әй, балам, тарту қылдың алтын балық,
Серігін іздесеңіз тағы барып.
Осы балық дүниеде біреу емес,
200 Жолдасын алып келші қолыңа алып.

Мұны естіп Ибраһым шығып кетті,
Үйіне жыламсырап жетіп кепті.
— Иә, ата, енді маған риза бол,
Барамын алтын балық іздей, — депті.

Ол балық табылар ма енді бізге?
Қайғы болар жалғызың енді сізге.
Ол балық балаңды алар, әй, жан ата,
Сонда да әлі менен күдер үзбе.

Бұл балық табылар ма ауды құрсам,
210 Құдайым берер ме екен жаһит қылсам?!
Келейін ертең үйге балық аулап,
Үзбей тұр үмітінді мұнда тұрсам.

Атасын анасы мен жұбандырды,
Екеуін осы сөзбен қуандырды.
Ауын салып мініп ап қайығына,
Ибраһым суға түсіп жүре берді.

Дарияға ауды құрды Ибраһым,
Бұ балық табылмас деп қылмас уайым.
Тағы да алтын балық оралыпты,
220 Әдейі кез келтірген бар Құдайым.

Ибраһым бұл балықты қолына алды,
Қуанып падишаға алып барды.
«Әкел деген нәрсеңіз осы ма?» — деп,
Алдына тарту қылып тағы салды.

Сүйікті көрінеді әлгі бала,
Қасынан орын берді көре сала.
Құрметтеп тағы екі мың алтын берді,
Көтеріп өз бақытын Хақ Тағала.

Үйіне келді Ибраһым қадам басып,
230 Ол күнде жан туған жоқ онан асып.
Үйінен күдер үзіп кеткен бала
Отырды атасымен амандасып.

Жүреді патшасына келіп-кетіп,
Күтпейді бұ баланы енді нетіп.
Өзінің санатынан артық көрді,
Тұрады келген сайын құрмет етіп.

Бір күні сегіз санат ақылдасты,
Баланы өлтіруге қылды қасты.
«Мен бұған бір хайланы табайын», — деп,
240 Біреуі падишаға қадам басты.

Үйіне падишаның келді кіріп,
Отырды әлгі санат сәлем беріп.
Өзінің ақыл айтқан санатына
Отырды падишаның көңілі еріп.

— Дүниені жарық қылған күн мен айым,
Билеген жеті ықылымды падишаһым.
Сегіз күн сегіз санат ақылдастық,
Бір нәрсе сіздің үшін болды уайым.

Тыңдасаңыз сөзіміз осы уақта,
250 Ұнайды не айтсаң да асылзатқа.
Сай болса төрт түлігің тақсыр патша
Сіз сонда өзіңізді өзің мақта.

Көңілге достарыңыз қарамайды,
Біз танып сөз сөйлейміз сіздің жайды.
Арықта алтын балық ойнап тұрған,
Енді оның жүрген суы жарамайды.

Бұл суда алтын балық күнді көрмес,
Осында ұзақ жүріп дәурен сүрмес.
Бұлғары деген су бар дүниеде,
260 Ол судың тұрған жерін адам білмес.

Оның біз бек білеміз қасиетін,
Мен енді сізге айтайын судың затын.
Бұ судан бір тамызсаң бір аяққа,
Қып-қызыл дүние жүзі болады алтын.

Бұ судан дүние жүзі жарық болар,
Жаман суда балығың ғарық болар.
Балығың қапияда өліп кетсе
Бітпес қайғы басыңыз ғаріп болар.

— Япырым-ау, ондай су да болар ма екен,
270 Бұ балық мұнда тұрып өлер ме екен?
Ондай судың болуы рас болса,
Ол енді біздің қолға тиер ме екен?!

— Тиеді сіздің қолға, падишаһым,
Ол суды табылмас деп қылма уайым.
Балықты әкелген жан әкелмей ме,
Кешегі шалдың ұғлы Ибраһым.

Тез шақыр, Ибраһым келсін, — деді,
Менім бұл қызметіме көнсін, — деді.
Бір адам Ибраһымді шақырады:
280 — Тез сізді патша үйіне жүрсін, — деді.

Шақырған соң үйіне келді бала,
Сәлем берді әдеппен келе сала.
Қол қусырып алдына қарап тұрды,
Салдың деп қандай іске Хақ Тағала.

— Сен бала, құлағың сап жақсы тыңда,
Бұлғары су бар дейді бұ жаһанда.
Саған мен бір қызмет тапсырайын,
Бар болса жер жүзінде, әкел мұнда.

290 Сенен басқа һеш адам әкелмейді,
Тірі жан дүниеде не көрмейді.
Ол суды енді жүріп іздеп қара,
Бұл суда алтын балық күн көрмейді.

Ибраһым мұны естіп шығып кетті,
Үйіне жыламсырап жетіп кепті.
— Бір қайғы ғаріп басқа тағы түсті,
Ізде деп бұлғары су әмір етті.

Аман бол ел-жұртым, атам-анам,
Алладан басқа менде жоқ қой панам.
Барамын бұлғары су іздемекке,
300 Ол судың тұрған жерін кімнен қанам.

Патшамыз бұйрық қылды осы жайда,
Көретін енді маған жарық қайда?!
Көп жасап, жасың жеткен адам едің,
Ол суды бір естіген жерің бар ма?!

— Әуелде бұл балықты таста дедім,
Өзіңе біреу қылар қасты дедім.
Біз сені енді, балам, көре алмаймыз,
Ғұмырымда ондай суды естімедім.

— Тұра тұр, естімесең сөз байланып,
310 Оны мен тез іздейін ыңғайланып.
Өлсем маған дұға қыл, әй, жан ата,
Тірі болсам келермін бір айланып.

— Әй, балам, шыныңменен кеткенің бе,
Қартайып жасым менім жеткенінде.
Құдайым зарлағанда берген балам,
Қаңғырып жарық көрмей өткенің бе?!

— Құдай салды басыма,
Әкеке, жылап жасыма.
Елден бала табылар,
320 Ермек қылсаң қасыңа.

Мен мойнымды бұра алман,
Енді үйде жүре алман.
Сүтінді, ана, кеше гөр,
Енді жүзің көре алман.

Мұнда дәурен сүре алман,
Кімнен қалмас бұ жалған.
Патша жарлық еткен соң,
Сізге мойын бұра алман.

Алтыға келген жасымда,
330 Қайғы түсті басыма.
Мұнды болған анамыз,
Кім отырар қасыңда.

Енді тұрмай кетейін,
Бұған не амал етейін.
Басыма Құдай салған соң,
Дүние кезіп өтейін.

Бізге жүрер шақ болды,
Жүрегіме қан толды.
Құдайдан сұрап алғаның
340 Екеуіңе дақ болды.

Аманда бол, жан ата,
Бізден шықты көп қата.
Жақсы ықылас көңілмен
Жалғызыңа бер бата.

Барса келмес жолымыз,
Жалғыз еді ұлыңыз.
Өлмесем тірі келермін,
Сабыр қылып тұрыңыз.

350 Мен кеттім ғой ұзаққа,
Сіздер қалдың азапқа.
Патша жарлық еткен соң,
Тоқтау жоқ біз бейбаққа.

Атасы ессіз болып талып қалды,
Құдайым енді оларға қайғы салды.
Базардан іздеп жүріп Ибраһым
Киюге темір етік сатып алды.

360 Үйіне етік алып келді қайтып,
Болғандай бір түйеге азық артып.
Атасы-анасымен амандасып
Жүрмекші болды ертең жолын тартып.

Таң атты Ибраһым жүреді тез,
Бір қайғы кәрі шалға болады кез.
Атасы анасы мен жылап келді,
Жарандар, мына сөзді тыңдаңыз сіз.

— Қолдан ұшты сұңқарым,
Таудан асты тұлпарым,
Шыныңменен кеттің бе,
Айналайын демгерім?!

370 Қызметші қолымыз,
Жалғыз еді-ау ұғлымыз.
Патшадан сұрап келейін,
Сабыр қылып тұрыңыз.

Патшаға барып келейін,
Анығын естіп білейін.
Кетерің, балам, шын болса,
Қасыңа мен де ерейін.

Мұнда не күн көрейін,
Жолдас болып жүрейін.
Айналайын жалғызым,
380 Жолында сенің өлейін.

Ішім от тай жанып тұр,
Ата-анаң мұнда қалып тұр.
Бейшара болған жалғызым,
Мені есіңе алып жүр.

Ақылым кетті басымнан,
Бейнет көрдің жасыңнан.
Мен садаға кетейін
Қиылған қара қасыңнан.

Құдайдан қаза келмейді,
390 Тілегімді бермейді.
Сұрап алған жалғызым
Бір жақсылық көрмейді.
Кім біледі жайымды,
Бір Құдай салды уайымды.
Алты жасқа келгенде
Азабым менім арылды,
Маған дүние тарылды.
Айналайын жалғызым,
Тыңда менім зарымды.
400 Жалғызым, саған айтайын
Ішімдегі барымды.

Енді бізге жарық жоқ,
Сорлы атаңда қайғы көп.
Кімге опа қылады
Пайдасы жоқ дүние боқ.
Елде жүрсең, жалғызым,
Сорлы атаңның көңлі тоқ.
Көрінбей жүрсең көзіме,
Жарық дүние жүзінде,
410 Ішімде менім жайнайды
Оттан бетер қызыл шоқ.

Енді өлімге тақалдық,
Зарлай-зарлай біз қалдық.
Кетіп қалсаң, жалғызым,
Қубас болып атандық.

Патшаға барып келіпті,
Анығын естіп біліпті.
Ботасы өлген түйедей
Анасы зарлап келіпті.

420 — Қарағым, мен қандаймын,
Кетпей ме деп зарлаймын.
Кеткенің, балам, шын болса,
Боталаған нардаймын.
Айналайын құлыным,
Кетіп қалсаң, жалғызым,
Қубас болып құрыдым.

Алтын айдар басында,
Жолдасың жоқ қасында.
Не зор бәле іс болды
430 Алтыға келген жасында.

Ибраһым деген атыңнан,
Асыл туған затыңнан.
Далада жалғыз сен өлсең,
Хабар келмес артыңнан.

Ажал жетпей өлмейміз,
Сенсіз дәурен сүрмейміз.
Аман бол енді, жалғызым,
Енді сені көрмейміз.
Қартайғанда, қарағым,
440 Соңыңнан сенің ермейміз,
Жерде жатқан қу тезек
Соныменен бірдейміз.

Тас емшегім жібіткен,
Тар құрсағым кеңіткен,

Айналайын жалғызым,
Мехнатпен күн өткен.
Сені Құдай қолдасын,
Қызыр болсын жолдасың.
Саған қастық қылған жан
450 Бұ дүниеде оңбасын.

Бар, Ибраһым, жолыңа,
Кеттің бе менім сорыма.
Іздегенің, қарағым,
Түсер ме екен қолыңа.
Саңырау болды құлағым,
Сөніп қалды шырағым.
Естіген жан болмады-ау
Бұлғары судың тұрағын.

Артында сенің інің жоқ,
460 Сенсіз менім күнім жоқ.
Кімді отқа салмайды
Мынау жалған дүние боқ.
Балалы жанның көңілі тоқ,
Баласызға тисін оқ.
Жанған отқа түсерсің,
Сыртың жалын, ішің шоқ.

Қайғылы болды атасы,
Зарлы болды анасы.
Алты жасқа келгенде
470 Құдай болсын панасы.
Кемпір-шалдың шығыпты
Көкірегінен сәнасы.
Амандасып жөнелді
О да зарлап барады
Ибраһым жалғыз баласы.

Ибраһым сол кеткеннен кетті дейді,
Арада бірнеше күн өтті дейді.
Қарны ашып, қалжырап, халі бітіп,
Шетіне бір шаһардың жетті дейді.

480 Келе жатса алдында мал көрінді,
Мал ішінде қарбандап шал көрінді.
Бұ шалдан жолдың жөнін сұрайын деп,
Келді де әлгі шалға сәлем берді.

— Ассаламуәлейкүм, ақсақалым,
Бұл жатқан малың сенің қалай халің.
Енді маған жол көрсет рақым әйлап,
Алыс жолдан келемін, жоқ-ты халім.

— Мен жолды көрсетейін, балам, саған,
Жөніңді әуел айтшы өзің маған.
490 Қай тараптан келесің, патшаңыз кім,
Не жұмысқа келесің кетіп бағаң?

— Айтайын мен жөнімді, ата, сізге,
Рақым қылып жол көрсет енді бізге.
Патшамыз Махмұт, шаһарым Мысыр еді,
Бұлғары су іздеп шықтым жапан түзге.

— Мен келдім төрт жүз жасқа, бала, тыңда,
Көрмедім бұлғары су бұ жаһанда.
Төрт бұрышын төңіректің араладым,
Ол суды көре алмадым, Құдауанда.

500 Ол суды естіп едім бұрын шақта,
Құдайым дәулет берген біздің баққа.
Жасыңнан қоршылықты көре берсең,
Мінерсіз ақырында алтын таққа.

Бізден артық болар ма көп қаңғырған,
Бір дұшпаның бар екен сені аңдыған.
Жол екен барса келмес шыққан ісің,
Қандай жан қасад қылды екен Құдай ұрған.

Сен бала, осы жолмен бұрылмай жүр,
Бұрылсаң тура алдыға мойныңды бұр.
510 Бұрылмай жүре берсең мына жолмен,
Үстінде осы жолдың бір шаһар тұр.

Жетерсің ол шаһарға таң атқан соң,
Мінерсің бір кемеге күн батқан соң.
Осыдан жылдам барып міне алмасан,
Кетерсіз ол шаһардан қырық жылдан соң.

Бір кеме жасағалы қырық жыл болды,
Ішіне қырық жылдайын кісі толды.
Өткелі дариядан кемеменен
Халайық бәрі бірдей ғаріп болды.

- 520 Дарияның үлкендігі қырық жылшылық,
Жел болмай жылдам жүрсе қырық айшылық.
Ішінде кереметті адам болса,
Тезінен жылдам жүрсе қырық күншілік.

Дарияның ар жағында бір шаһар бар,
Кірген жан ол шаһарға жылайды зар.
Көлденеңі көшесінен қырық күн жүріп,
Шығарсың мехнатпенен онан азар.

- Қырық күнің қырық жылдайын болар, балам,
Ол жолды қиын қылды Хақ Тағалам.
530 Ол шаһардың ішінен өткеннен соң,
Ар жағы оңай болар саған, балам.

Қырық күндік тағы жол бар жан-жағында,
Ол жолды салдым, балам, өз бағыңа.
Тоқтамай әлгі жолмен жүре берсең,
Бір үлкен тау көрінер ар жағында.

Барарсың әлгі тауға қадам басып,
Көрерсің айналасын көзіңді ашып.
Әй, балам, тау дегенім алтын шаһар,
Тұрады көргенінде құтың қашып.

- 540 Тұрады ол шаһарда бір патша қыз,
Ол патшаның ашуы келеді тез.
Шаһарына бір еркек адам барса,
Өлтіреді ол патша жолықса кез.

Шаһардың айналасы қырық кез қорған,
Ішінде пері қызы патша болған.
Еркек жоқ ол шаһарда, бәрі де қыз,
Баршасын патша қызы біліп тұрған.

Қорғанның ішіне түс халің келсе,
Түсе алмассың басыңа ажал келсе.
550 Ішіне ол қорғанның түсе қалсаң,
Жұмысың оңай болар Құдай берсе.

Алдыңнан жалғыз аяқ жол кез келер,
Бір сайды келе жатсаң көзің көрер.
Ол сайдың тереңдігі сексен кез-ді,
Түсуге нағып оған халің келер.

Жағалай сай түбінде шыққан ағаш,
Түбінде толып жатыр көп асыл тас.
Түбінде ағып жатқан өзен су бар,
Түсуге соған таман аяғың бас.

560 Құданың құдіреті күшті, балам,
Ағаштан ұстап жерге түсші, балам.
Жақындап өзен суға барған кезде,
Көрерсің бір жақсылық сонда, балам.

Ол шалдан мұны естіді Ибраһым,
Һәркімге мехнат берген бар Құдайым.
Өлгі шалдан қиындық естіген соң,
Балаға тағы түсті көп уайым.

Әуелде бала келді бір дарияға,
Жігіттер, шек келтірме бір Аллаға.
570 Бұ шалдан осы сөзді естіп алып,
Ибраһым жүріп кетті айдалаға.

Дарияда бір кеме тұр таудай болып,
Баланың жүрегі ұшты оны көріп.
Ішіне қисапсыз жан кірген екен,
Тұрады көптігінен жер күңіреніп.

Ибраһым енді келді жар басына,
Жылайды медет бер деп Алласына.
Келсе, кеме қозғалып кеткен екен,
Секіріп түсті бала ортасына.

- 580 Ибраһым кереметті өзі батыр,
Тоқтамай кеме жүріп келе жатыр.
Баланың бақыты үшін жел жоқ болып,
Дариядан қырық күннен соң шықты-ау ақыр.

Дариядан шығып кірді бір шаһарға,
Қуат бер деп жылайды бір Аллаға.
Қырық жылдай болды қырық күн жүрген жері,
Шаһардың әрең шықты ар жағына.

- Тағы да ар жағында қырық күн жүрді,
Бір тауды келе жатып көзі көрді.
590 Қырық кезден айналасы қорған екен,
Қасында қайран қалып біраз тұрды.

Қасында біраз тұрды иә, Құдайлап,
Бейшара енді өлімге басын байлап.
Қырық кез қорған түбінде есі кетіп,
Тәңірге тілек қылған зарлық әйлап.

— Өлімге қойдым басымды,
Құдайым, енді қуат бер.
Құдіретіңе жылаймын,
Кімді жұтпас қара жер.

- 600 Нашар болды халіміз,
Жалғыз еді жанымыз.
Құдіретіңе аян-ды,
Бұ жылаған зарымыз.

Жолдасым жоқ қасымда,
Мехнат көрдім жасымда.
Өзің медет бере гөр,
Ылажым жоқ басымда.

Айналайын Құдайым,
Бір өзіңе жылайын.
610 Қырық кез қорған түбінде
Түсті маған бір уайым.

Бәлеге басым тиіп-дүр,
Ішім оттай күйіп тұр.
Мұнан қарғып түсуге
Қырық кез қорған биік-дүр.

Шамам келмес, Құдайым,
Бір өзіңе жылайын.
Алла, жәрдем бермесен,
Бұған нағып шыдайын.
620 Әуелі Адам атамыз,
Хауа еді анамыз.
Медет бер деп жылаймын,
Қызыр, Ілияс бабамыз.

Шапағат қыл, Пайғамбар,
Жар бола гөр, шаһариар.
Енді олардың хақы үшін
Медет бергіл, иә, Жаппар.

Қуат бер, Алла, біздерге,
Кез болыппын бұ жерге.
630 Және жәрдем бер дедім
Жүмлә әулие, сіздерге.

Қол көтердім дұғаға,
Кез болыппын бұ жолға.
Қабыл қыл деп тілеймін
Бір жаратқан Құдаға.

Кез болыппын бұ жауға,
Кіріптар болдым бұ тауға.
Әй, Құдай-а, қуат жоқ
Ар жағына баруға.

640 Нендей жерге кез болдым,
Көрмегенді мен көрдім.
Мұнан қарғып түсуге
Қуат бер деп тіледім.

Құдайым тілек берер ме,
Інім жоқ маған келерге.
Бейшара болған атамыз
Енді мені көрер ме?!
Өліп кетсем бұл жерде,
Атам-анам мені білер ме?!
650 Мен ғаріпке жәрдем боп
Ата-анам мұнда жүрер ме?!
Қаза жетсе бұ жерде,
Кебіндеп мені көмер ме?!
Менім бұйткен қайғымды
Әке-шешем білер ме?!

Мен бейшара ғарібін
Осы жерде зарласам,
Тілегім қабыл болар ма?!
Іздегенді қолға алып,
660 Ата-анаға қайрылып
Бір көрер күн болар ма?!

Дұғасы Ибраһымнің қабыл болды,
Құдайым ол балаға қуат берді.
«Иә, Алла» деп қорғаннан секіргенде,
Ішіне құстай ұшып түседі енді.

Ішіне ол қорғанның түсті барып,
Ессіз болып жатыпты үш күн талып.
Үш күннен соң орнынан түрегеліп
Жалғыз аяқ жолға түсті аяқ талып.

670 Жалғыз аяқ жолменен енді жүрді,
Бір сайды келе жатып көзі көрді.
Ағаштан ұстап төмен жерге түсті,
Бір өзен ағып жатқан суға келді.

Суға келіп шаһарға көзін салды,
Үйлері көкке жеткен аң-таң қалды.
«Алдым пері шаһары, артым қорған
Енді өлуге жеттім ғой», — деп есін танды.

Ибраһым бір заманда түрегелді,
Бір адам суға келген көзі көрді.
680 Қолында алтын құмған бір сұлу қыз,
Ол қызға қадам басып жақын жүрді.

Ибраһым суға барды бер жағына,
Қыз суға келіп тұрды ар жағына.
Құманмен су алғалы келді де қыз
Қарайды мойын бұрып жан-жағына.

Бір бала жылап тұрған көзі көрді,
Балаға жақындасып қыз да келді.
— Атың кім, шаһарың мен патшаң кім? — деп,
Өлгі қыз Ибраһымнен сұрайды енді.

690 — Айтайын мен жөнімді, апатайым,
Ақылмен білсең керек нашар жайын.
Патшамыз Махмұд, шаһарым Мысыр еді,
Сұрасаң өзім атым — Ибраһым.

— Мысырда қандай жанның баласы едің,
Кез болып мұндай жерге зар еңіредің.
Барасың неге зар боп жас басыңнан,
Бұ жерге не жұмысқа келіп едің?

— Жасымнан дүние жүзін көрмек болдым,
Құдай айдап бұл жерге душар болдым.
700 Атам — шал балық аулап күнін көрген,
Басымнан ақылым кетіп ғаріп болдым.

— Бұл жерге бейнетті адам келуші еді,
Алланың не жазғанын көруші еді.
Әй, бала, өзің үйде жүрген шақта,
Кәрі шал не деп айтып жүруші еді?

— Шыққалы мен үйімнен көп күн болды,
Көрмедім содан бері жақсы жолды.
Атамның не айтқанын білмек түгіл,
Сарғайып зағыпырандай жүзім солды.

710 — Әй, бала, сөзіңізге болдым құмар,
Естісем бір жақсы сөз көңлім тынар.
Қанша шаршап жүрсең де, ғаріп бала,
Бір сөзі көкірегінде жүрген шығар.

— Әуелден көкірегімде бір сөзі бар,
Сенімен сөйлесуге уақытым тар.
«Қарағым, жүзінді бір көрмедім» деп,
Атамыз һәр уақытта жылайды зар.

Мұны естіп қыз көзінен жасын төкті:
— Әй, бала, бері таман келші, — депті.
720 Пері қызы мені ұрлап алып келген,
Қарағым, мені танып білші, — депті.

Мен ойлап ата-анамның қамын жедім,
Бұл жерге кіріптар боп зар еңіредім.
Келгелі бұл шаһарға он жыл болды,
Жақсылық сонан бері бір көрмедім.

Құдай-а, осы тұрған інім болса,
Көретін ата-анамды күнім болса.
Әй, бала, судан өтіп қасыма кел,
Секіріп түсетұғын халің болса.

730 Ибраһым естіген соң мына сөзді,
Қан аралас жас қылды екі көзді.
Қасына не де болса барайын деп,
Бейшара ғаріп жаннан үміт үзді.

Ибраһым су үстінен құстай ұшты,
Қасына әлгі қыздың келіп түсті.
Келген жерден баламен құшақтасып,
Әлгі қыз зар еңіреп көп көрісті.

Қыз бен бала екеуі құшақтасты,
Бейнеті ғаріптердің жаннан асты.
740 Әлгі қыз бұл баланы танып, біліп,
Екеуі мұңын айтып зар жыласты.

— Сенің көңлің бір басқа,
Менім де көңлім бір басқа.
Мен де шалдың қызы едім,
Жоғалып кеткен мен жаста.

Інім болып табылдың,
Мен де елімді сағындым.
Анамнан хабар есітіп
Мен есімнен жаңылдым.
750 Келдім мұндай заманға
Кіріптар болдым қамалға.
Айналайын бауырым,
Әке-шешем аман ба?

Танымайсың сен мені,
Танып тұрмын мен сені.
Сен кеткенде бауырым,
Әкем не деп еңіреді.

Мұңды болған атамыз,
Сорлы болған анамыз.
760 Мен де өзіндей зарлы боп,
Бұл шаһарда жатамыз.

Жете алмадым сіздерге
Қаңғырдым құр түздерге.
Сәлем жазсам жетер ме
Ата-анам сіздерге?!

Бауырым, елім аман ба?
Бәрін де айтып тамамда.
Бір жақсылық болар ма,
Қаңғырып келген саған да.

770 Жастан мехнат көріппін,
Зарлы болып жүріппін.
Танымайтын балаға
Апа болып тұрыппын.

Мен кеткенде жоқ едің,
Соның үшін білмедің.
Сорлы болған апаңды
Естімей-ақ жүр ме едің.

Мені әкелген перілер
Ас қылуға ерінер.
780 Өзіңді көр де мені көр
Кейпім қандай көрінер.

Мен сенің, бала, апаңыз,
Көп-дүр көрген жапамыз.
Сенен нағып қалды екен,
Бейшара болған апамыз.

Бауырым, жүр өзіме,
Көрінбе пері көзіне.
Әлі нанбай тұрмысың,
Менім айтқан сөзіме.

790 — Неге сөзіңе нанбайын,
Мен де сізге зарлайын.
Жалғыз апам сен болсаң,
Соңыңнан мен де қалмайын.

Әкелді үйге інісін,
Жаңа көрді тынысын.
Өз інісі екенін,
Жаңа білді турасын.

Сонда Ибраһым ойлайды,
Шаһарға қарап тоймайды.
800 Іздеп шыққан алтын су,
Нағып мұнда болмайды?!

Жасырынып жүр еді,
Апасынан сұрады:
— Іздегенім алтын су
Қандай жерде тұрады?

Бір адамның ғарібі,
Ол су маған дәрі еді.
Керек қылған осыны,
Бір адамзат бар еді.

810 — Келдің, бауырым, өзіне,
Құлақ салсаң сөзіме.
Осы пері патшаның
Көрінбей тұр көзіне.

Бұлғары су не етерсің,
Арманда боп өтерсің.
Мені тастап, бауырым,
Қайсы жаққа кетерсің.

Мен де суды білмедім,
Туғалы естіп көрмедім.
820 Оны іздесең, бауырым,
Тірі болып жүрмедің.

Біраз мұнда сабыр қыл,
Бір он жылдай өмір сүр.
Есің әбден кірген соң,
Сонда іздеуге талап қыл.

Бұл сөзге мойын бұрады,
Жасырынып жүреді.
Алай-бұлай болсын деп,
Он жыл мұнда тұрады.

830 Он жыл тұрды қасында,
Мехнат көрді жасында.
Ақылы толып жас жетті,
Тап он алты жасында.

- Сонда апасы сөйлейді,
Һәр түрлі ойды ойлайды:
— Көрінбе періге, бауырым,
Көрсен сені қоймайды.
Сені көрсен сорлы апан
Дидарыңа тоймайды.
- 840 Мен де қызмет қыламын,
Қайда көңіл бұрамын.
Перілерге күн болып,
Ас пісіріп тұрамын.
- Көрдің, бауырым, ісімді,
Перілер алды күшімді.
Дәмін татсам біледі,
Тигізбейін тісімді.
- Бірнеше жыл болғанда,
Ақылым кәміл толғанда,
- 850 Он алтымда тек жатып
Жүремін бе жалғанда.
Бұлғары су бар болса,
Әкелейін мен мұнда.
Пайда бар ма, апеке-ау,
Қайғыменен солғанда.
- Апасы ет пісіріп тұрады екен,
Ибраһым таса жерде жүреді екен.
Бір қадақ ет алып кеп үш уақытта
Пісіріп әйнекке сап береді екен.
- 860 Ибраһым бір күн жатып ұйықтамай,
Төсекте жатты дағы ой ойлады.
— Бұл етті маған берші, пісірем, — деп,
Сұранып апасынан һеш қоймады.
- «Бермесем, көңілі қалып кетер, — дейді,
Перілер білсе түпке жетер», — дейді.
— Дәмін татпай амалдап пісіре гөр,
Біліп қалса басыңды кесер, — дейді.

- Ибраһым өзі батыр кереметті,
Бисмилла деп қазанға ет қайнатты.
- 870 Апасынан артық қып пісіреді,
Пісірген еті болды аса тәтті.
- Ет пісіріп әйнекке қойды бала,
Майшекер, құлақ салып енді тыңда.
Перілер әйнектегі етті алып
Апарып таразыға тартты сонда.
- Бір қадақтан ет артық болыпты анда,
Құдайым ғаріптерді өзін онда.
— Бұл етті өзге адам пісірді, — деп,
Қыз патша ашуланып тұрды сонда.
- 880 — Құлшылық қылмаған жан кәпір, — дейді,
Топ ішінде қол бастар батыр, — дейді.
Үйінде аспазшының бір адам бар,
Тез барып, шолақ пері, шақыр, — дейді.
- Бұл қызды шолақ пері шақырады,
Бейшара естіген соң қалтырады.
Жүгіріп бейшара қыз келген екен,
Падиша қызға қарап ақырады.
- Біз перізат болғанда, сіз адамзат,
Еліңе сәлем айтсаң жетеді хат.
- 890 Бұл етті өзге адам пісіріпті,
Бейшара көп тоқталмай шыныңды айт.
- Айтайын мен сөзімді ең басынан,
Мен сізге қызмет қылдым он жасымнан.
Үйімнен келген кезде бір қыз тауып,
Ол қызды шығармадым өз қасымнан.
- Айтуға сізден қорқып жүруші едім,
Қасымда біраз жолдас болсын дедім.
Мен өлсем сізге қызмет қыла ма деп,
Бұл етті соның үшін пісір дедім.

900 Бүгінгі ет пісірген қызым, — деді,
Үйретіп тұрушы едім өзім, — деді.
Бұл айтқан барлық сырым, тақсыр патша,
Әгарда рақым қылсаң өзің, — деді.

— Айтпасаң бітіп еді сыйың, — деді,
Перілер осы арада жиын, — деді.
Жылдам барып қызыңды мұнда алып кел,
Берейін қызыңа мен киім, — деді.

Сақтай гөр Ибраһымді бар Құдайым,
Падиша қыздың аты Қорлығайын.
910 Киім алып інісін киіндіріп,
Қарағым көрсетпе деп еркек жайын.

Баланың алтын айдар төбесінде,
Ағалар, құлағың сал кеңесіме.
Падишаның киімін кигеннен соң,
Жарқырап нұры түсті үй ішіне.

Қыз қылып Ибраһымді алып келді,
Перілер бәрі дағы келіп көрді.
Балқыған нұры күнмен шағылысқан.
Баланы көріп қыздар ғашық болды.

920 Қыз болып қыздарменен бала жүрді,
Көңіліне бір Алланы сала жүрді.
Өзі сыншы патшаның уәзірі екен,
Баланы шолақ пері сынай жүрді.

Сыншы екен шолақ пері өзі ғаяр,
Балаға һәр уақытта көзін салар.
Баланың қыз емесін білді дағы,
Келді де падишаға берді хабар.

— Аралап дүние жүзін көріп келдім,
Иә, тақсыр, мен бір нәрсе біліп келдім.
930 Кешегі қыз деп мұнда алып келген
Ол өзі еркек екен, сеніп келдім.

— Уәзірім, бұл сөзіңіз болса раст,
Өлтіру анық білмей бізге ұнамас.
Еркек болса біз оны өлтірелік,
Қыз болса ақыреттік болсын жолдас.

— Оны өлтірсек апасы жыламас па,
Мұндай жан табылмайды мұнан басқа.
Ерте тұрып бәріміз суға түсіп,
Көріп сонда өлтірсек ұнамас па.

940 Қылады көңілі зерек сөзді машық,
Патша қызы есітіп болды ғашық.
Таң атқан соң тамам қыз жиылысып,
Бәрі де суға түсті жабырласып.

Бала суға түспеске шарасы жоқ,
Құдайдан басқа оның панасы жоқ.
Киімін шешініп, абыройын қолмен басып,
Тасалап түсетұғын ағашы жоқ.

Мұның еркек екенін білді бәрі,
Падиша ашуланып келді қаһары.
950 — Тез барып енді басын шаба гөр, — деп,
Бұйырды қыз падиша ғашық жары.

Бұл баланың кетеді жүрегі ұшып,
Балқып тұр мұның нұры суға түсіп.
Шолақ пері қасына жетіп келді,
— Мен мұның алайын, — деп, — басын кесіп.

Қасына ашуланып келіп қалды,
Қолына шабайын деп қанжар алды.
Өлтіруге қасына келген шақта
Нұры түсіп көзіне талып қалды.

960 Есін жиып тағы да түрегелді,
Баланың тұлғасына көз жіберді.
Өлтіруге көзі қимай тұрған екен,
Тез өлтір деп патша қыз ақырды енді.

— Патша қыз, сенің атың Қорлығайын,
Өлтірсең бізге түсер сары уайым.
Әгарда ерге тиер ойың болса,
Бұл жігіт болсын деймін сенің байың.

Қыз патша есіткен соң болды ғашық,
Бір жерде тұра алмады көңлін басып.
970 Мен қашан бұған енді қосылам деп,
Ішіне ғашық оты араласып.

Бұйырды қыз падиша үйге жүр деп,
Шыдамай ғашықтықтан кетті терлеп.
Патша тұрып уәзірге қылды бұйрық:
— Бір адамзат молдасын алып кел, — деп.

Бәрі де суға түспей үйге келді,
Патша қызы шыдамай ессіз болды.
— Бұлғары шаһарынан бір молданы
Тез барып, шолақ перім, шақыр, — деді.

980 Берді Құдай тілегім,
Құшақтасар білегім.
Қосылғанша жарыма
Жарылар ма екен жүрегім.
Аһ дегенше жарыма
Енді жылдам бара гөр,
Молданы алып келе гөр.
Жанашырым болсаңыз,
Тоқтамастан жүре гөр.

Ғашық болдым мен бұған,
990 Батпай жүрдім бәріңнен.
Мұның еркек екенін
Біліп едім бұрыннан.

Бұған ғашық болғанмын,
Шыдай алмай жүргенмін.
Перілерге көз қылып
Өлтіріңдер дегенмін.

Мешітке қадам басарсың,
Ұйқыңды сонда ашарсың.
Азан айтқан молданы
1000 Алып бері қашарсың.

Алласын онда айтқызып,
Акбарын мұнда айтқызып,
Тезінен алып келгейсіз,
Еркімнің бар басында,
Көп кешікпей, уәзірім,
Келгейсіз мені жад қылып.

Аһ дегенше шаһарға жетіп келді,
Мешітке шыққан жанға көз жіберді.
Бір молда азан айта шыққан екен,
1010 Қасына ол молданың жетіп келді.

Бисмилла деді молдасы,
Қасында жоқ жолдасы.
Азан айта шығады,
Басында бар сәлдесі.

Алласын онда айтқызып,
Акбарын мұнда айтқызып,
Аһ дегенше әкелді
Қыз патшаның жолдасы.

Молда есінен таныпты,
1020 Ессіз болып қалыпты.
Бетіне оның су бүркіп,
Тірілтіп енді алыпты.

Молда есін жиған соң,
Етегіне алтын құяды.
Алып алтын болды да,
Некесін оқып қияды.

Байып молда қалады,
Көп асыл тас алады.

1030 Уәзір енді молданы
Еліне алып барады.

Мінді Ибраһым тағына
Кез келді оның бағына.
Ас пісірген апасын
Перілер алды жанына.

Періге патша болады,
Ақылы кәміл толады.
Бір күн ойлап ел-жұртын,
Тағынан түсіп құлады.

1040 Ата-анасын ойлады,
Аузына алып қоймады.
Апасы мен екеуі
Елін ойлап зарлады.

Көп-дүр біздің қатамыз,
Қорлығайын жарымыз.
Басылар ма екен зарымыз?!
Бір жұмысқа шығып ем,
Бұған құлақ салыңыз.
Жолыңызға пидамыз
Бір шыбындай жанымыз.

1050 Бұлғары суын іздейміз,
Енді бұған наныңыз,
Ғашық жарым, көңілге
Бұ сөзді махам алыңыз.
Ол су мұнда болмаса,
Алла жолды оңдаса,
Мен оны енді іздейін,
Разы болып қалыңыз.
Сен бір жүрген батыр деп,
Бұлғары су әкел деп,
1060 Жарлық қылды патшамыз.

Оны іздемей бола ма еп,
Ғұмырым текке өткізіп,
Мұнда патша болам деп.
Ата-анамды іздеймін,
Мұнда жүру бола ма еп.
Балам қашан келер деп
Ата-анам өлер қайғы жеп.

Сөйлейді Қорлығайын аузын ашып,
Аузынан түрлі маржан, гауһар шашып.
1070 — Ол суың біз пақырда болады, — деп,
Тоқтатты Ибраһымнің көңілін басып.

— Іздесең бұлғары су бізде, — деді,
Мен оны көрсетейін сізге, — деді.
Ол суды елге алып бара қалсаң,
Жарым-ау, бізден хабар үзбе, — деді.

Ибраһым суды алып жүрмек болды,
Бұйырса ата-анасын көрмек болды.
Ол суды қалтасына салып алып
Апарып патшасына бермек болды.

1080 Ибраһым алтын суды қолына алды,
Бір перінің арқасына мініп алды.
Аһ дегенше Ибраһым шаһарына
Көзін жұмғанша келіп қалды.

Ибраһым бір уақытта көзін ашты,
Көзіне қанды жасы араласты.
Екі тал шашын алып ол перінің,
Аяңдап шаһарына қадам басты.

— Әй, перім, сенің тауың қара мұнар,
Жарыма сәлем айтсам көңілім тынар.
1090 Әгарда сіздерді іздер күнім болса,
Әй, перім, бұл екі шаш керек болар.

— Құдайым кез келтірді сізді бізге,
Керек болсам келермін мен де сізге.
Патшаң мен ата-анаңа амандасып,
Жарыңды көп кешікпей жылдам ізде.

— Құдайым кез келтірді сізді бізге,
Көп жүрдім жас басымнан құла түзге.
Ата-ана, ел-жұртыма амандасып,
Бір айда мен барармын еліңізге.

1100 Ашылар бұл сөзді айтса көңіл кірі,
Жөнелді амандасып әлгі пері.
Майшекер, құлақ қойып тыңдасаңыз,
Ибраһым өз үйіне келген жері.

Үйіне жүгіре басып келді кіріп,
Тұрады атасына сәлем беріп.
Баласын кемпір мен шал танымайды,
Алдында тұрса дағы көзі көріп.

Ибраһым атасына көз салады,
Кемпір-шал бұ балаға таң қалады.
1110 Төрт жүз қырық төрт сүйегі шалдың еріп,
Кемпірдің емшегінен сүт ағады.

Ибраһым көңліне алды бір Алланы,
Кемпір-шал жиған екен һәр молданы.
Кітаптан тәжірибе жұлдыз қарап,
Келгенін сонда молда біледі оны.

Кітап ашып ол молда біледі енді,
Баланы келіп тұрған көреді енді.
Баласын келіп тұрған білдіргелі,
Ол молда былай жауап береді енді.

1120 — Қазасыз жан ұшпайды,
Сөзімді кім қостайды.
Жоғалып кеткен жалғызың
Тақ мінгенге ұқсайды.

Балаң үшін зарлама,
Құлшылық қыл Аллаға.
Енді сізге айтайын,
Дұрыс қарап балдама.

Дәулет келген қасына,
Шаттық түскен басына.
1130 Рақым қылған Құдайым
Көзден аққан жасына.

Жоғалып кеткен жалғыздың
Патша болғанға ұқсайды.
Дәулет құсы басына
Жетілгенге ұқсайды.

Періге патша болғандай,
Ақылы кемел толғандай,
Әй, кәрі шал, жылама,
Бүгін келіп қалғандай.
1140 Өтірік айтсам мен сізге,
Бұ жалғанда оңбандай.
Ойлап-ойлап қарасам,
Патша қызын алғандай.

Жоғалып балаң кетіпті,
Арада он жыл өтіпті.
Перілерге патша боп,
Мұратына жетіпті.

Балаң сенің келгендей,
Зарыңды сенің білгендей.
1150 Анық айтсам жүрегің,
Жарылып кетіп өлгендей.
Көзіңді ашып қарашы,
Өзіңе сәлем бергендей.

Талай жерді көргендей,
Көңілін сізге бұрғандай,

Мен айтпасам білмедің,
Қарсы алдында тұрғанды-ай.

Алты жаста жоғалған,
Ақыл-есі оңалған,
1160 Құдайым дәулет берген соң,
Балаң елге оралған.

— Сізді іздеп, сорлы атам,
Келіп тұрмын мен жазған.
Атам, көрдің қорлықты,
Патшадан көрдің зорлықты.
Жоғалып кеткен балаңа
Сорлы балаң жолықты.

Мұңды болған атамыз,
Бейшара болған анамыз,
1170 Мехнат көрген жасында
Мен Ибраһым балаңыз.
Менім үшін шықты ғой
Көкіректен сәнаңыз.

Екі бірдей балаңнан
Айрылып қалып зарлаған,
Аман-есен жүрмісіз,
Мұңды болған ата-анам.
Сізді іздеп жүріппін
Ғаріп болған мен балаң.

1180 Дүние жүзін кездедім,
Сіздерден үміт үзбедім.
Періге патша болсам да,
Сіздерді тастап безбедім.

Жібермей мені қоймадың,
Қайғыны естен жоймадың.
Күнде мені көрсең де
Дидарыма тоймадың.

- Көп мехнат көргенім,
Тәуекел деп жүргенім.
1190 Ажал жетіп өлмедім,
Қайта айланып келгенім.
- Мехнат көрдім жасымда,
Жолдас болдым қасыңда.
Қорлықты да көп көрдім,
Атым болмай астымда.
- Өлі менім зарым көп,
Жалғызыңда тыным жоқ.
Тірі жүрсем, сорлы ата,
Көрмесем де көңілім тоқ.
1200 Көп мехнатқа салды ғой
Пайдасы жоқ дүние боқ.
Бұ дүниенің жүзінде
Мендей қорлық көрген жоқ.
Үйге қайтып келсем де,
Көңілімде қайғы көп.
Бұ дүниеден мен өттім
Мехнат көріп зарлы боп.
Қасымда жоқ жолдасым,
Далада жүрдім қайғы жеп.
- 1210 Атасы есін жиды көзін ашып,
Көрісті ата-анасы зар жыласып.
Анасы да зарланып көріседі,
Баласын құшақтайды мауқын басып.
- Шал сонда жұртын жиып той қылады,
Баланы көрген адам зар қылады.
Келгенін Ибраһымнің патша біліп
Шақыртып бір адамнан алдырады.
- Ибраһым патшасына келді дейді,
Баланы кіріп келген көрді дейді.
1220 Сұрасып амандықты Махмұт патша
Тағамды неше түрлі берді дейді.

— Іздедім бұлғары су дүние кезіп,
Мен жүрмін сіздің үшін жаннан безіп.
Әкелдім ғашық болған суыңызды,
Ата менен анамнан үміт үзіп.

Атамнан үміт үздім сіздің үшін,
Бұ суды іздеймін деп кеттім көшіп.
Тазала тақытыңызды, тақсыр патша,
Құяйын жарқыратып көзің көрсін.

- 1230 Тақытына Ибраһым су тамызды,
Үстіне дариядан су ағызды.
— Бұл суды жарқыраған көрсінші, — деп,
Падиша санаттарын тағы алғызды.

Санаттар мұны келіп көрді дейді,
Айнала төңіректен жүрді дейді.
Өшігіп Ибраһымге сегіз санат,
Патшаға тұрып жауап берді дейді.

- Ұнайды бұл ісіңіз, асылзатым,
Ұжмағы осы болар адамзаттың.
1240 Бұлбұл құс, күлдірміш пен сайрап тұрса,
Бұдан да артық ұнайды салтанатың.

Падиша сонда тұрып сөз сөйлейді,
Ғашық боп екі құсқа көп сөйлейді.
— Екі құс дегендері жанды сөз-ді,
Оның қандай өнері? — деп сөйлейді.

— Тақсыр-ау, сөйлей берсек сөз табылар,
Көзімнен сіздің үшін жас ағылар.
Бұлбұлдың бір сайраған дауысынан
Түрленіп тоқсан екі күй тартылар.

- 1250 Айтайын күлдірмішті, патша, саған,
Тыңдаңыз құлақ қойып енді маған.
Дүниенің төрт бұрышында барша жандар,
Ол құс күлсе, күледі бәрі тамам.

Ол құсты естіп патша ғашық болды,
Ішіне қайғы оты енді толды.
Шыдамай ғашықтықтан Махмұт патша
Жібермекші баланы тағы болды.

Шақыртып Ибраһымді қасына алды,
Санаттар падишаға қайғы салды.
1260 — Күлдірміш пен бұлбұлды алып кел, — деп,
Падиша Ибраһымге айтып қалды.

— Сен шақырсаң ішіме от толады,
Сарғайып зағыпырандай жүз солады.
Сіздің айтқан жарлықтан кім қалады,
Іздейін ол құсыңды, құп болады.

Ибраһым келді үйіне қадам басып,
Ол күнде жан тумады мұнан асып.
— Бір оңай жұмысқа мен барам[ын], — деп,
Сөйледі атасының көңілін басып.

1270 — Мен тұрмын бұ сөзге нанбай, — деді,
Ісінді айт жөніңнен танбай, — деді.
Тағы бізді кетесің алдап тастап,
Мәнісі жұмысыңның қандай, — деді.

— Патшамыз екі құсқа болған ғашық,
Туыппын жүйрік болып жұрттан асып.
Күлдірміш пен бұлбұлды әкел дейді,
Кетемін бұл жарлықтан қайда қашып?!

Түстіңіз мені көріп күйіңізге,
Қызмет қылмай болмайды биімізге.
1280 Ата-анам, тұра тұршы мені тосып,
Келемін ендігі айда үйімізге.

Жөнелді үйіменен амандасып,
Кетеді бір төбеден әрмен асып.
Екі қылды түтетіп қойып еді,
Перісі жетіп келді қадам басып.

Мінгізіп арқасына алып келді,
Шаһарға аһ дегенше жетіп келді.
Жары мен апасы отыр алтын тақта,
Үстіне екеуінің кіріп келді.

- 1290 Ибраһым періменен келді ұшып,
Патша қыз жатқан екен мұны құшып.
Көрген соң Ибраһымді құрмет етіп,
Қарсы алдынан келді тақыттан түсіп.

Ол күнде жан тумаған Ибраһымдей,
Тақытына және мінді он бес күндей.
Іздеп шыққан жұмысы еске түсіп,
Бір күні ұйықтамады жарым түндей.

- Бұл жерге патша болып өттің, — дейді,
Сертіңе келем деген жеттің, — дейді.
1300 Ұйықтамай жарым түннен аһ ұрасың,
Ойланып не нәрсеге кеттің? — дейді.

— Әуелде бұлғары су мен іздедім,
Аралап дүние жүзін мен кездедім.
Падиша бұйрық қылды осылайша,
Бұлбұлды күлдірміш пен тағы іздедім.

— Маған түсті, әй, жарым, уайым, — деді,
Бұл ісіңнің білмедім жайын, — деді.
Ол құсты іздеймін деп жаһит қылсаң,
Өтеді маған сенің айың, — деді.

- 1310 Менім бір апам бар-ды мына жақта,
Ол өзі мініп тұрған алтын тақытта.
Еншісін әкемізден бөліп алған,
Менен де артығырақ мал мен баққа.

Оның сансыз диюы бар асқан, — деді,
Әскері дүние жүзін басқан, — деді.
Екі құс сол апамның қолында тұр,
Ол өзі меніменен дұшпан, — деді.

Ол жерге қадам басып бара алмаймыз,
Ол құсты не қылсақ та ала алмаймыз.
1320 Қайрат қып оны тартып алар едік,
Күшіне оның теңдес бола алмаймыз.

Бізге көп қас қылмайды ол ағайын,
Ақылын оның ойлап мен табайын.
Сен мұнда қонақас[ын] даярлай бер,
Мен оны мейман қылып шақырайын.

Сүй деп айтып уәзірі кетіп қалды,
Еліне апасының жетіп барды.
Айтысып амандықты болғаннан соң,
«Сінліңіз ерге тиді» деп айтып салды.

1330 — Сен енді біздің үйге қонаққа жүр,
Сінліңнің ғашық жарын көзіңнен көр.
Біздің елде бір асқан қызық той бар,
Бұлбұлды күлдірміш пен бірге ала жүр.

Сөзіне уәзірдің құлақ салды,
Аузынан шыққан сөзін қабыл алды.
Күйеуін сол талақтың көрейін деп,
Саулатып сінлісіне жетіп барды.

Аһ дегенше шаһарға жетіп келді,
Әскермен қайыстырып қара жерді.
1340 Келгенін апасының білгеннен соң,
Алдында даярланып күтіп тұрды.

Шақырып Ибраһымді тығып қойды,
Алдына шымылдықты құрып қойды.
«Енді мен көрімдікті сұрайын», — деп,
Ойлайды Қорлығайын һәрбір ойды.

— Жарыңды көрсет маған, Қорлығайын,
Мені қас қылады деп қылма уайым.
Көрейін деп әдейі іздеп келдім,
Жақсы деп естіген соң сенің байың.

1350 — Жарымды көрсетейін саған, — дейді,
Ол өзі пері емес адам, — дейді.
Көрімдікті жақсылап сіз берсеңіз,
Жарымды көрсетейін саған, — дейді.

— Сен көрімдік алатын баламысың,
Сөзіме менім айтқан нанамысың.
Бұлбұлды күлдірміш пен мен берейін,
Сен соған бек разы боламысың.

— Сөзіңе сенің айтқан таңғаламын,
Бұлбұлды күлдірміш пен бере қалсаң,
1360 Мен сенен онан артық не аламын.

— Дүниені араладық бәрін жүріп,
Біз жүрміз ерге тимей ғұмыр сүріп.
Жарың сенің жақсы ма, жаман ба екен?
Көрейін екі құсты бірдей беріп.

Бұлбұлды күлдірміш пен берді дейді,
Көреді Ибраһымдей ерді дейді.
Көрген соң сипатына есі кетіп,
Жығылды сүзе барып жерді дейді.

1370 Тақ етіп қара жерге басы тиді,
Шыдамай ғашықтықтан іші күйді.
Бір заманда әлгі пері есін жиып,
Құшақтап Ибраһымнің бетін сүйді.

Апасы сонда тұрып сөз сөйлейді,
Көз айырмай қарауын һеш қоймайды.
Сіңлісінен рұқсат алып тиейін деп,
Мұны мен кемсінгенім жарамайды.

— Сіңлім-ау, жарыңызға болдым ғашық,
Күйеуің туған екен жұрттан асып.
1380 Екеуміз бір атаның баласы едік,
Мен дағы қосылайын көңілім басып.

Сөзімнің күлме, ағалар, қатасына,
Рұқсат берді Қорлығайын апасына.
Жігітпен қосылмақшы болғаннан соң,
Барады бір уәзірі молдасына.

Уәзірі молдасына жетіп барды,
Тағы да аһ дегенше алып келді.
Уәзірі молданы алып келгеннен соң,
Қосылып Ибраһымге некаһтанды.

1390 Ибраһым екі тақытқа мінеді енді,
Екі пері падишасын биледі енді.
Ибраһым екі құсын қолына алып
Еліне бір айдан соң келеді енді.

— Сабыр қыл бір-екі айдай сіздер мұнда,
Сөзімді менім айтқан жақсы тыңда.
Патшаға екі құсты бергеннен соң,
Сіздерді шақыртамын жатып анда.

Уәзірдің арқасына мініп алды,
Шаһарға аһ дегенше жетіп барды.
1400 Бір айда келем деген уағдасы бар,
Құсын алып үйіне келіп қалды.

Қуанып ата-анасы қалды дейді,
Бетінен сүйіп Ибраһымнің алды дейді.
Екі құсты қолына қондырып алып
Жүгіріп патшасына барды дейді.

Құсты алып Ибраһым жетіп келді,
Патшаға әдеппенен сәлем берді.
Ибраһым құсын алып бергеннен соң,
Үстінен түсіп патша тағын берді.

1410 Ибраһым екі құсын қондырады,
Падиша қызық көріп отырады.
Алтын балық ойнайды, бұлбұл сайрап,
Бұлғары су дүниеде жарқырайды.

Патшаның айдай сұлу қызы бар-ды,
Ол қызға талай патша болған зарлы.
Падишаның тағын мініп Ибраһым,
Ол қызды некаһтанып тағы да алды.

Бұл істен сегіз санат хабар алды,
Жүгіріп патшасына жетіп барды.
1420 Күлдірміш, бұлбұл сайрап, суы жайнап,
Бұларды тамашалап қайран қалды.

Осылайша қуанғанын жоя алмайды,
Ибраһымді көргенде өле алмайды.
Қызын алып Ибраһым патша болған,
Сегізі енді оны көре алмайды.

Сегізі Ибраһымге дұшпан болды,
Ибраһым тақытқа мініп көңлі толды.
Әуелінде қоршылық көрсе дағы,
Ақырында басына дәулет қонды.

1430 Шашты жағып перісін қасына алды,
Екі бірдей жарына хабар салды.
Екі алтын шаһарыңмен көшіп кел деп,
Ибраһым уәзіріне айтып салды.

Кетеді Ибраһымнен хабар алып,
Тұрады көрген адам қайран қалып.
Сәлемін ғашық жарға жеткізеді,
Шаһарға аһ дегенше жетіп барып.

Шаһарын көшірерге келер халі,
Жиылды бірі қалмай диюлары.
1440 Екі айда екі жары көшіп келіп,
Мысырға орнап қалды пері шаһары.

Өзге адамнан уәзірі сезіп жүрер,
Шаһарды шарқ айнала кезіп жүрер.
Ибраһымге қандай жан қас қылғанын
Бәрін де шолақ пері біліп жүрер.

Дұшпанын Ибраһымнің біледі енді,
Қасына патшасының келеді енді.
Көп заманнан дұшпаның бар екен деп,
Пері келіп хабарын береді енді.

1450 — Ибраһым, сені аңдыған дұшпаның бар,
Һәрқашан сенің үшін пиғылы тар
Сегіз санат өзіңе дұшпан екен,
Оларға қандай қылар қайратың бар?

Олар сізді өлтірем деп кеңеседі,
Тыңдасаң кеңесінде не деседі.
Үйде жатқан жерінде үйді жағып,
Сонымен өлтірейік біз деседі.

Шолақ пері баян қып айтып салды,
Бұлардың дұшпандығын біліп алды.
1460 — Тез ұстап сегіз санатты алып ұш, — деп,
Ибраһым сегіз диюға бұйырады.

Сегіз дию санатты алып ұшты,
Залымнан көргеннен соң мұндай істі.
Жоғарыдан бұл перілер қоя берді,
Жүндей болып сегізі жерге түсті.

Дұшпанын өлтіріпті Ибраһым,
Һәркімге мехнат берген бар Құдайым.
Үш тақытқа мініп өтті заманында,
Болмады көңілінде һешбір уайым.

1470 Отыз жыл өмір сүріп о да өтті,
Перілер ол арадан көшіп кетті.
Ағалар, Ақылбекті сөге көрме,
Аяғы осылайша тамам бітті.

Мен Ақылбек өлең қылдым тоты сөзін,
Майшекер баяндатып айтқан кезін.
Шығардым хикаяттан қисса қылып,
Бұрын өлең қылмаған мұның өзін.

Алланың рахматынан үміт үзбен,
Нұсқасын кітабында көрдім көзбен.
1480 Жай сөз қып һәркім оқып жүруші еді,
Қазақша айтылып қара сөзбен.

Өлең қып еріккенде жаздым теріп,
Кітаптан хикаятты көрсем қызып.
Күндіз қолым босамай бала оқытып,
Бітірдім алты күнде зорға сызып.

1328*-інші жылында жаздым мұны,
Ағалар кешіре гөр болса міні.
Рабиғул ахир айының жиырма үші
Мұсылманша сейсенбі деген күні.

1490 Уақытсыз мұратыма қашан жеттім,
Шерменде өз халімді білмей өттім.
1910-ыншы ит жылында
Апрель 20-сында тамам еттім.

Сөйлермін қызыл тілім бір күн тозар,
Адамның ынтымағын бір сөз бұзар.
Хикаятты өлеңге айналдырып,
Мен болдым өлең десе көрсеқызар.

Медет бер мен құлыңа, иә, Иләһим,
Сөйлесем таусылар ма менім аһым.
1500 Өлең қып әуел баста шығарғанмын
«Баласы Хақ Расулдың Ибраһым».

Екінші шығарғаным «Исмайыл-ды»,
Нұсқадан бұл Ақылбек көріп білді.
Көк қошқар сол себептен жерге түсіп,
Ибраһым пайғамбарым құрбан қылды.

Үшінші қисса қылдым «Кесік басты»,
Ер Әли қуандырды кәрі-жасты.

* Хижа жыл санауы бойынша.

Төртінші «Шаһманы» шығарып ем,
Омардың әділдігі жаннан асты.
1510 Бесінші «Сұм заманды» тағы жаздым,
Нәпсінің тіліне еріп жолдан аздым.
Алтыншы шығарғаным «Имам Ағзам»,
Алтынды шығар ма деп жерден қаздым.

Өз теңді құрбылармен ойнап-күлдім,
Алласыз мен ақылды қайдан білдім.
Жетінші «Ибраһым Адһамұғылын»
«Рахат дәл» кітабынан өлең қылдым.

Сегізінші шығардым «Дандан ерді»,
Өлгенде мекен тұтам қара жерді.
1520 «Хикмет нығметпен» тоғыз болды,
Бәрін де нұсқасынан көзім көрді.

Құдай-а, толып жатыр көп күнәһым,
Жетер ме құдіретіңе менім аһым.
Мың бір түннің ішінен өлең қылдым
«Баласы Хазипнамның Ибраһым».

Он бірінші «Қырық уәзір» хикаятын,
Он екінші «Марғұба деген қатын»,
Өлең қып он үшінші шығарып ем
Молданың осы күнгі табиғатын.

1530 Шығардым он төртінші «Абдулхалим»,
Халыққа мәшһүрленген болсам ғалым.
Шығарғаным он бесінші «Сәдуақас»
Сөйлеуге Жүсіпбектей келмейді әлім.

Исламның он алтыншы тамашасын,
«Бес намаз» он жетінші бір қиссасын.
«Мәктубат» қиссасымен болды он сегіз,
Құдай-а, Ақылбектің кеш күнәсін.

Оқыса баспа болып көрген халық,
Аяғын осы сөздің ұзатпалық.

- 1540 Ибраһым Адһамұғылын өлең қылып,
Осыған есім қойдым «Алтын балық».

Қазанға мен жібердім басылса деп,
Сатылып бірден-бірге шашылса деп.
Һәр адам дұға қылса өз бақытым,
Бұлтсыз күндей болып ашылса деп.

Сатып бірден-бірге берілсе деп,
Тоқтаусыз һәр қалаға жүрілсе деп.
Декабрь алтысында жәрменкеміз,
Доланның базарынан көрінсе деп.

- 1550 Жұбанса һәрбір адам досыменен,
Көңілдің қисса жаздым хошыменен.
Он сегіз қисса жаздым мұнан бұрын,
Он тоғыз болып тұрсын осыменен.

Бұл сөзім тәуір болса тез жүрілер,
Өлеңді шығаруға кім ерінер.
Қазанда баспашыға дұғай сәлем,
Тағы да қисса болса жіберілер.


Қалдырма бұл сөзімді өзімдей қып,
Баса гөр қаса сұлу көзіндей қып.

- 1560 Таратып баспа қылып жіберіңіз
Кәдімгі Жүсіпбектің сөзіндей қып.

Үмітім барғаннан соң тез басылса,
Қолында һәр адамның өлең болса.
Иншалла, со дағы ауқат болар,
Рақмет деп оқыған жан дұға қылса.


Ақылбек қор болмай ма отқа күйсе,
Көз жасын дұғашының Тәңірім исе.
Көп дұғасы көл деген үмітім бар,

- 1569 Сауабы дайығ болмай маған тисе.



Ғ Ы Л Ы М И

Қ О С Ы М Ш А Л А Р



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

БОЛАТ, ЖАНАТ

Ел арасында, әсіресе, Қазақстанның оңтүстік аймақтарында өте танымал, халық сүйіп тыңдайтын бұл шығарма «Сауда ишан», «Опасыз ишан» деген атпен де белгілі. Қазіргі таңда оның жиырмаға жуық қолжазба нұсқалары белгілі болып отыр.

Дастан «жазықсыз қуғынға ұшыраған жандар» туралы Шығыс пен Батысқа кең тараған халықаралық сюжетке құрылған.

Осы сюжетке негізделген шығармалардың мазмұны схемалық түрде, көбіне, төмендегідей болып келеді:

1. Бейкүнә кейіпкер анасының құрсағында жатқанда өлімге бұйырылады да, алуан түрлі себептермен (көбінесе, аңдардың немесе басқа да көмекшілердің арқасында) тірі қалады. Ерекше ерлігімен көзге түсіп, өзінің кім екенін танытады. Сөйтіп, ақырында еліне оралып, дұшпанында кеткен кегін қайтарады. Жеңілген жауының қызына үйленеді де, әкесінің тағына отырады.

2. Перзентсіздіктің зарын шеккен падиша қартайғанда «ұл табамын» деп уәде берген кедейдің қызын, я көріпкелдердің ұсынысы бойынша алыстағы бір патшаның қызын алады. Біраздан соң ханымы бала туады. Оның күндестері аңда жүрген патшаға «ханым күшік туды» деп хабар береді. Ашуланған патша «күшікті далаға, ханымды зынданға тастандар» деп бұйырады. Көп уақыт өтеді. Бала жапан түзде алып батыр, мерген болып өседі. Ақырында ата-анасымен қауышады, дұшпандардың қастығы анықталып айыпталады. Патша баласын таққа отырғызады.

3. Күйеуі [әкесі] алыс сапарға шыққанда әйелін [қызын] сенімді, жақын көретін (ол туысы болуы да мүмкін) адамына тап-

сырады. Сенімді, адал деген адамы аманатқа қиянат жасап, оған нақақтан-нақақ жала жабады. Бейкүнә әйел (қыз) өлім жазасына кесіледі. Бірақ ол түрлі себептермен аман қалады. Ақырында, жасалған жауыздықтың беті ашылып, жала жапқандар жазаланады. Осы сюжетке құрылған шығармалардың мазмұны басқа үлгіде де болуы мүмкін.

Бірінші типтегі шығармаларда заңсыз билікке ұмтылушы тарапынан бас кейіпкерге жасалатын қастықтың негізгі себебі — қызғаныш: патшаның заңды мұрагерін өлтіріп, тақтан аластату. Екінші типтегі дастандарда да әдеттегідей патшаның бәйбішесі жас әйелді қызғанып жаңа туған нәрестені өлімге қияды. Ал үшінші типтегі шығармаларда пәк, таза әйел кейіпкерді жолынан тайдырғысы келген әзәзілдер өз дегендері болмаған соң оған өтірік жала жабады.

Демек, бас кейіпкер қай себеппен қуғындалса да көп тауқымет тартады, ақырында ол: а) тақтың заңды иесі екенін дәлелдеп өз мұратына жетіп, дұшпанынан өш алады; ә) батыр боп ержеткен соң алыс сапарға елін іздеп шығады; кейде қиын жағдайға тап болған әкесін жаудан құтқарады; ата-анасымен қосылады; жасалған қастық анықталады; соңында кейіпкер әкесінің тағына отырады; б) сабыры мен тақуалығының арқасында қиындықты жеңіп шығады, өзінің тазалығын, әділдігін дәлелдейді және көбінесе өзін орынсыз жәбірлегендерге кешірім жасайды; мұндай жағдайға кейіпкер «ғажайып көмекшілердің» арқасында я өз басының ерекшелігімен, яғни тұлғалық қасиеттерімен жетеді. Хикаялық дастандарда кейіпкер өте ақылды, сабырлы, төзімді, айлалы, тіпті қу болып келеді.

«Болат, Жанат» дастанында бас кейіпкер Жанатқа нақақ жала жауып жәбірлегендер — әкесінің жақын тұтқан пірі Сауда ишан, күйеуінің сенімді жан жолдасы, жолда кездейсоқ кездескен қойшы, падашы, жеті қалендар. Жанаттың мінез-құлқы дамуда (динамикада) берілген. Шығарманың басында Сауда ишан жаман ниет білдіргенде жасөспірім бала Жанат жауызды әшкерелеп ашық қарсы шыға алмайды, тек жылап, қашып құтылады. Кейін ол ақылмен, айламен дұшпандарын алдап, құтылып отырды.

Ақырында бас кейіпкерге қастық жасағандардың барлығы қыздың әкесі Мақалбайдың үйінде жиналып қалады. Олардың

қастығы әшкереленіп дәлелденеді де, әрқайсысы лайықты жазасын тартады. Жанат әке-шешесі, бауырымен, күйеуімен қауышады, оның пәктігі, адалдығы паш етіледі.

Дастан мазмұнында бірнеше мотив қабысқан. Мысалы, бір көргеннен ғашық болу, киім ауыстыру (Жанат тазша киімін киіп әкесіне келеді), т.б. Фольклорлық үштік сан бірнеше қайталанады. Сауда ишан үш рет қызға сөз салады, Жанат оған үш рет «жоқ» дейді; тазша болып келген қызын танымаған әкесі оны үш рет теуіп қуып жібереді, т.б.

Бұл дастан фольклорлық шығармалар туып, қалыптасып, жырланатын ортада дүниеге келгені сөзсіз. Сонымен бірге жеке ақындардың қосқан үлесі анық көрініп тұр. Сол сияқты, шығыс әдебиетінің әсері де мол. Осы тақырыптас, мазмұны «Болат, Жанатқа» өте ұқсас дастан өзбектерде де бар екені белгілі.

Біздің ойымызша, оқиғасы «Бұрынғы өткен заманда, Ноғайлы деген елінде, Шолақ деген шаһарда» өтетін бұл дастанның түп төркіні парсы әдебиетінде кең таралған, мазмұны өте қызықты, оқиғасы шытырман болып келетін, қара сөз үлгісінде айтылатын хикаяттардан келуі мүмкін.

Дастанды ең бірінші жырлаған — Нұралы Нысанбайұлы. Нұралыдан көптеген ақын-жыршылар үйреніп, өз репертуарына енгізген және дастанның ел арасында мол таралуына еңбек сіңірген.

Шығарманың нұсқалары мен көшірмелері:

1. **Болат, Жанат.** ӘӨИ: Ш.104, 6-дәптер, кирилл әрпінде, қолжазба қорына 1962 жылы түскен.

Бұл мәтін жас кезінен Нұралы ақынның нұсқасын үйреніп, көркемдік кестесін әдемілеп, әсерлендіруге үлес қосып жырлаған Аққожаев Сұлтанбектен жазылып алынған. Жинаушысы *Мәмбет Жаулыбаев*. Томға осы нұсқа алынып отыр.

2. **Сауда ишан немесе Жанат қыз.** ОҒК: Ш.1300/А, 15-дәптер, 108 бет. Нұралының өз аузынан жаттап алған С.Нұрекеевтен 1947 жылы жазып алған *Әшірхан Отарбаев*.

Бұл нұсқаның тілі томда жарияланып отырған Аққожаев нұсқасынан сәл бөлек болғанымен, сюжеті сол қалпында. Тек кейбір эпизодтардың баяндалуында аз ғана өзгеріс бар. Мысалы, Жанат ишанды құманмен ұрып жаралаған соң үйіне келіп жылап жатқанда шешесі келіп себебін сұрайды, айтпаған соң Болатты жібереді. Болат келгенде Жанат оған ишаннан сұра

дейді. Болат ишанға келсе ишанның әйелі оны кіргізбей, ишан сатыдан құлап жараланып жатыр деп сылтау айтады. Тағы бір мысал: Жанат қуғыннан қашып өз қаласын таба алмай, Құдайға зарлық айтып тұрғанда оған қара қасқа ат мініп Қыдыр баба келіп, Жанатты қаласына жақындатып тастайды.

3. Сауда ишан. ОҒК: Ш.508, араб әрпінде. Жырлаған Нұралы Нысанбайұлы. 1946 жылы Шымкент облысында жазылып алынған. Жинаушысы — *Қысыраубек Амантайұлы*.

4. Сауда ишан. ӘӨИ: Ш.104, 2-дәптер, кирилл әрпінде, қорға 1958 жылы түскен. Айтушысы — *Бейімбет Сүйімбаев*. Бұл мәтін Нүрекеевтің айтуынан жазылып алынған нұсқамен [ОҒК, Ш.1300/А, 15-дәптер] бірдей.

5. Сауда ишан. ӘӨИ: Ш.259, 2-дәптер, кирилл әрпінде, қорға 1960 жылы түскен. Жырлаған Нұралы Нысанбайұлы. Айтушысы — *Сах Үмбетов*. Одан 1940 жылы жазып алған *Әбдірайым Мұратов*. Мәтіннің С.Аққожаев нұсқасынан айырмашылығы жоқ.

6. Сауда ишан. ӘӨИ: Ш.1093, 4-дәптер, кирилл әрпінде, машинкаға басылған. Авторы Нұралы Нысанбайұлы деп көрсетілген. Институтқа 1984 жылы тапсырған Ә.Доспамбетов бұл қиссаны 1966 жылы луговойлық қарт ақын Қожатай Ақынбаевтан алған екен. Мәтіннің орта тұсына дейін С.Аққожаевтың нұсқасы еш өзгеріссіз сөзбе-сөз қалпында айтылады да, соңғы жағында сюжет тұтастай сақталғанымен шумақтардың ұйқастары аздап өзгеріске ұшырайды. Ескерте кетерлік бір жайт: диуаналар Жанатқа зорлық жасамақ болатын эпизодта Жанат әулиелердің, пайғамбарлардың есімдерін аузына алады.

7. Жанат қыз. ОҒК: Ш.1300/А, 21-дәптер, кирилл әрпінде, 32 бет. 1946 жыл. Айтушысы *Есіркеп Соныбеков*. Бұл нұсқа Аққожаев нұсқасына өте ұқсас әрі көптеген шумақтары қайталанады. Дегенмен, маңызды болмағанымен ұсақ-түйек өзгерістер бар. Мысалы, ишанды өлтірерде оны азаптағанын әсерлеп, боямалап көрсеткен. Жалпы сюжетінде еш өзгеріс жоқ.

8. Сауда Ишан. ӘӨИ: Ш.798. Шығарған молда Нұралы ақын. Қолжазбада 1932-33 жылдары бұзылған жерін қайта жөндеп, сонын ұзартып өңдеген Исабек Майлықожаұлы делінген. 1958 жылы Бөрібай Ережепов тауып, Тағаймұрат Бектенұлына кирилл әрпіне көшірткен. Көлемі — 53 бет.

Бұл нұсқаның жалпы сюжеті С.Аққожаев нұсқасының сюжетінен оншалықты ауытқымайды. Тек кей эпизодтары кеңінен жырланған. Мысалы: Жанат тазша бала кейпінде Мақалбайға қызмет етіп жүргенде жоқ іздеп келген жолаушылар он бір диуанаға, жаршылар мен Мақалбайға, әйел-баласына және ишанға бал ашып береді. Сондай-ақ, жаршының сүйіншіге берген алтынына ишан мен диуаналар таласады, т.б. Бұл дастанның тілі жатық, әрі кейіпкерлерді суреттеуге көп көңіл бөлінген.

9. **Болат, Жанат.** ӘӨИ: Ш.809, 2-дәптер, кирилл әрпінде, 101 бет. 1962 жылы тапсырған *Бақшық Сидеғалиева*. Қолжазбаның ақауы бар, арасында 29-30 және 57-58 беттері жоғалған, алғашқы бір парағы да түсіп қалған.

Бұл нұсқа И.Майлықожаұлының (ӘӨИ: Ш.798.) нұсқасын кейбір сөздердің орын ауысуы мен өзгеруін қоспағанда толық қайталайды. Тек соңында патшаның досы мен ишанды жазалар тұсында аз ғана өзгеріске ұшыраған.

10. **Опасыз Ишан.** ӘӨИ: Ш.310, 4-дәптер, араб әрпінде. Жыршы *Белгібай Бектұрғанов* репертуарынан. Бұл нұсқаның сюжеті Сұлтанбек Аққожаевтың жырлаған нұсқасының сюжетінен ауытқымайды. Тек кей тұстарда аздаған өзгерістер бар. Мысалы, Мақалбай Үрімге кетерде Аққожаев нұсқасында «олай-бұлай боп кетсем қызымды теңіне қоса бер» деп ишанға тапсырса, бұл нұсқада ол айтылмаған. Бұл нұсқада екі жастың далаға қашқанын анасы білмей қалады, оны тек Мақалбайдан естиді және соңдарынан ерген итті Болат Жанаттың айтуымен емес, өзі біліп өлтіреді. Есінен танып жатқан Жанатты тауып алған Қалдарша патша емес, жәй аңшы болады. Қыз оған бастан өткен оқиғасын бірден айтады. Түсініксіз тұсы кейіннен Қалдарша Жанатқа ашуланып өлтірмек болатын эпизодында Жанат оған өмір тарихын қайталайды. Жанат Қалдаршамен он бір жыл тұрады және екі қыз табады. Үлкен қызы екі жасында қайтыс болады. Басқа нұсқаларда Жанатқа кез болатын қойшы, сиыршы, диуаналар бұл нұсқада тұтастай түсіп қалған.

Белгібай Бектұрғанов бұл дастанды он бес жасында Нұралы ақыннан үйреніп, жатқа айтып халық арасына таратқан. 1953 жылы Б.Бектұрғановтан жазып алып, қорға тапсырған *З.Сейітгәппарова*.

Араб әрпінде жазылған осы нұсқаның кирилл әрпіндегі көшірмесі ӘӨИ-дің Қолжазба қорында сақтаулы: Ш.88, көлемі — 59 бет.

11. **Жанат қыз.** ОҒК: Ш.1300/А, 22-дәптер, араб әрпінде. Кім, қашан тапсырғаны көрсетілмеген.

Бұл нұсқада қойшы, сиыршы, диуананың іс-әрекеттері баяндалатын эпизодтар түсіп қалған.

12. **Жанат қыз.** ОҒК: Ш.1300/А, 18-дәптер, латын әрпінде, көлемі — 21 бет. Жинап, жөндеген *Үкібай Даулыбаев*. 1940 жылы қорға түскен. Бұл нұсқа сюжеті жағынан өзге нұсқалардан ерекшеленбейді. Тек Жанатқа жолығатын қойшы, сиыршы, диуаналар түгелімен түсіп қалған. Сондай-ақ, жыр Мақалбайдың екі баласымен қоштасып сапарға жүргелі жатқан жерінен басталады және Мақалбай Үрімге емес, Меккеге жол тартады.

13. **Болат, Жанат.** ӘӨИ: Ш.129, кирилл әрпінде. Қорға тапсырған *Ә.Әлімжанов*. Нұсқада Жанаттың қойшыға жолығатын эпизоды түсіп қалғанымен, сюжет толық сақталған.

14. **Болат, Жанат.** ӘӨИ: Ш.872, 2-дәптер, араб әрпінде. Әбдірахман Бәйітов материалынан 1979 жылы жинап тапсырған *Көбей Сейдаханов*. Сюжет толық сақталған, дегенмен өзгерістер жоқ емес. Мысалы, қызының өлімін әйеліне Мақалбай өзі естіртеді; Жанат Қалдаршадан бір бала емес, екі бала [бір қыз, бір ұл] туады, тазша қойшының шешесі де суреттеледі, бірақ оның сюжеттегі алар орны айтарлықтай маңызды емес, т.б. Ал көптеген өлең жолдары басқа нұсқаларды қайталайды.

15. **Жанат.** ОҒК: Ш.1300/А, 19-дәптер, латын әрпінде. Жинаушысы *Дүйсенбек Сәулебеков*. Ол: «Дастанды Досымов Үсеннен алдым,» — дейді. Қолжазба соңында «Жазушы: Әлкеев Өтеш. 1941 жылы» деген жазу бар.

Бұл нұсқада барлық эпизодтар сақталып кеңінен жырланған.

16. **Сауда ишан. (Болат, Жанат).** ӘӨИ: Ш.641, 6-дәптер, араб әрпінде, көлемі — 43 бет. Жинаған *Мәлім Сейітмағамбетов*.

Шығарманың сюжеті толық сақталған, дегенмен басқа нұсқалармен салыстырғанда айырмашылығы жоқ емес. Мысалы, Жанат Қалдаршадан екінші жылы ұл, төртінші жылы қыз табады. Қалдарша Жанатқа еріп қайын жұртына бармақ болғанда халқы қарсы болып, әйелдің жанына досын қосып жіберуді, егер әйелдің айтқаны рас болса ғана өзінің баруын өтінеді. Жанат Болатқа ол аңнан қайтып келе жатқанда

жолығады. Қалдарша бұл нұсқада Болатты шаһар ханы етіп тағайындамайды, т.б.

17. **Болат, Жанат.** ОҒК: Ш.1300/А, латын әрпінде, көлемі — 52 бет. Қазақстан ғылыми-зерттеу қоғамы жинаған. Бұл нұсқаның сюжетінде еш өзгеріс жоқ, эпизодтары түгел сақталған.

18. **Қоңыраулы Ишан.** ОҒК: Ш.192, латын әрпінде, көлемі — 16 бет. Тапсырушысы: *Оразбай Бергенов*. 1939-1941 жылдары тапсырған.

19. **Сауда ишанның мүридiнiң қызы Жанатқа ғашық болғаны.** ОҒК: Ш.1300, 6-дәптер, араб әрпінде. Қорға 1935 жылы түскен. Жинаушысы *Қазанған Байболов*.

Дастанның барлық нұсқаларында негiзгi оқиға, сюжет дамуы, кейiпкерлердi суреттеу бiркелкi болып келедi. Демек, айтарлықтай айырмашылық жоқтың қасы. Алайда композиция, көркемдiк жүйесi, сюжетiнiң толықтығы жағынан нұсқалардың арасында айырмашылық жоқ емес.

Томға Сұлтанбек Аққожаев жырлаған нұсқа ұсынылып отыр. Басқа жазбалармен салыстырғанда, бұл нұсқаның көркемдiк кестесi айшықты, композициясы жинақы.

Мәтiндi 1962 жылы [қазан айының 18 жұлдызында] Кентау қаласында Сұлтанбек Аққожаевтан жазып алған *Мәмбет Жаулыбаев*. Жинаушының мәлiметi бойынша, 91 жасқа келген қарт жыршы бұл дастанды ауызша айтып берген. Жыр Нұралының шығармасы екен. Сұлтанбек Нұралыны iздеп барып осы жырды айтып бергенде Нұралы ризалығын берiптi.

Бұдан бұрын дастан 1974, 1990 жылдары ғылыми-көпшiлiкке арналған басылымдарда бiраз редакциялауға ұшырап жарияланған.

Томға енiп отырған бұл мәтiн түпнұсқадан [ӘӨИ: Ш.104] еш өзгерiссiз дайындалды. Тек қолжазбада қате жазылған бiрнеше сөз мағынасына және контекске сәйкес: *момын* — мүмiн, *бұйабан* — бейзабан, *сiңiлiм* — бауырым, *жасады* — айтады, *шәрме-шәрге* — шәрден-шәрге деп түзетiлдi.

ҚИССА САМҰРЫҚ

Сүлеймен — көптеген халықтар фольклорының танымал кейiпкерлерiнiң бiрi. Оның атына байланысты Шығыс

пен Батыста аңыз, әңгімелер кең тараған. Солардың біразы хақ Сүлейменнің бүкіл тіршілік иелерінің тілін біледі деген тақырып аясында.

Сол тәріздес сюжеттердің бірі «Қисса самұрық» дастанына арқау болған. Дастанның негізгі идеясы «жазмыштан озмыш жоқ», яғни тағдырдың жазғанын ешкім де өзгерте алмайды дегенге саяды. Оқиға Сүлеймен пайғамбардың тұсында болды деуінің себебі шығармада тағдырды бұзуға самұрықтың уәде беруінен туындап отыр. Самұрық уәде бойынша бірі батыста, бірі шығыста туылған ұл мен қыздың қосылуына жол бермеуі тиіс.

Шығармада біраз ертегілік, хикаялық сюжеттер мен мотивтер қамтылған. Жалпы, оқиға желісін екіге бөліп қарауға болады. Алғашқы бөлімінде саяткерлік құрамын деп суға кеткен машриқ (шығыс) патшасы баласының басынан кешкен оқиғалары, атап айтқанда, аң-құстардың тілін түсінуге көмектесетін Сүлеймен пайғамбардың шөбіне иелік етуі, жолда кереметті ағашқа тап болуы, ағайынды қарттарға жолығып жолда көрген істерінің мәнісін сұрауы, т.с.с. Мұнда негізінен оқырманды, тыңдарманды имандылыққа, адамгершілікке шақырады.

Ал екінші бөлімде Нілдің бастауын көріп үйіне қайтып келе жатқан басты кейіпкер кездейсоқ дауылдан екінші рет суға кетіп, ақырында болашақ жарына жолығып үйленеді. Самұрық уәдесін орындай алмағанына ұялып Қап тауына қарай ұшып кетеді.

Басты кейіпкерге еңбегінің ақысына бір шөпті беріп тұрып қария:

Бұ шөпті берді маған Сүлеймен хақ,
Ауызға сақта шөпті салып бір бақ.
Барша құс, хайуанның тілін біліп,
Қатындарға бұ сырды айтпа бірақ, — дейді.

Осы сынды сюжеттердің даму заңдылығына сәйкес кейіпкер бұл ескертуді ұмытып кетіп яки аңдаусызда шөптің сырын әйел затына айтып қойса керек еді. Алайда олай болмай шығады. Демек, шығарушы қиссаны ұзарта беруді жөн көрмеген немесе ол эпизод түсіп қалған.

«Қисса самұрық» 1898 жылы Қазанда араб әрпінде жарияланған. Шығарушысы Махмұтұлы Әли. ОҒК-де сақтаулы: Ш. РФ 60. 768 жолдан тұрады.

Томға ұсынылып отырған мәтін түпнұсқадан еш өзгеріссіз дайындалды.

ҚИССА ЖӘМШИД

«Шаһнама» эпопеясында ең жағымды образдардың бірі — Жәмшид туралы аңыздар Ә.Фердаусидің шебер суреттеуімен иран, араб, түркі тілдес әдебиеттерде кең тараған. Қазақ арасында ауызша айтылып, қолжазба күйінде тараған ертегі, аңыздармен қатар ХІХ ғасырдың аяғында «Қисса Жәмшид» атты кітап [1889,1897] Қазандағы «Чиркова» мирасқорлар баспасынан ағайынды Кәрімовтер тарапынан екі мәрте басылып шыққан. Жариялаған Кәшафудин Шаһмарданұлы Ғабдуллин деп көрсетілген.

Шығармада Жәмшид патшалық құрған жеті жүз жыл ішінде «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» рахат өмір орнап, сырқат, соғыс, қартаю мен өлім атаулы болмағандығы суреттеледі. Патша сиқырлы шам арқылы дүниеде не болып жатқанынан, келешектен хабардар болып отырады. Дегенмен биліктің буына масайраған Жәмшидтің көңіліне тәкаппарлық еніп, содан жүзі қарайып кетеді. Шығармада патшаның тұқымын құртып, заңсыз билікке ұмтылушы, жауыз патша Зуһах [Заххах] пен Жәмшид арасындағы жан беріп, жан алысқан шайқастар сөз болады. Туындыда араб-парсы, көне түркі тілдерінің элементтері жиі қолданылған.

Парсылардың көне аңыздары мен «Шаһнама» бойынша, Жәмшид — Иранның аты аңызға айналған алғашқы патшаларының бірі. «Шаһнаманың» бірінші, аңыз, мифтерге негізделген бөлімінде патшалық құрып, ел билеген алғашқы төрт патшаның — Қияморс, Хушанг, Тахмурас, Жәмшид тарихы баяндалады. Оларды Фердауси ілкі адам, мәдени қаһарман ретінде сипаттайды. Мысалы, Қияморс адамдарды үңгірден шығарып, таудың күнгей етегінде орналастырып, оларға тамақ пісіруді үйретеді. Хушанг от пен темірді тауып, адамдарды диқаншылық пен мал шаруашылығына бейімдейді. Тахмурас жазу-сызуды ойлап табады. Ал Жәмшид болса халыққа аң терісінен жасалған киімнің орнына матадан тігілген киім кию-

ді, ем-дом жасауды үйретеді, теңізге кемелерді шығарады, сондай-ақ халықты көсемдер, хатшылар (писарь), егіншілер және қолөнершілер тобына бөледі.

Демек, К.Шаһмарданұлы жариялаған нұсқада «Шаһнама» сюжетінің желісі сақталған.

Ал томға ұсынылып отырған Е.Құлсариев нұсқасын К.Шаһмарданұлы жариялаған мәтінмен салыстыра қарастырғанда екі нұсқаның арасында үлкен алшақтық бар екені байқалады. Дәлірек айтқанда екі шығарманың сюжеті екі бөлек.

Мұнда Жәмшид патшазада да, батыр да емес, әкесі қайтыс болып, шешесі тәрбиелеген кедей. Оның сипаттамасы сал-серіге жақын. Жәмшид асық ойнайды, сыбызғыға, домбыраға шебер. Оның өнері былайша суреттеледі:

Түрленіп Жәмшид отыр әнге салып,
Ұшқан құс тыңдап жатыр, суда балық.
Тау, таста түрлі хайуан бойы балқып,
Оттамай бет-бетімен тұра қалып,
Сандуғаш, бұлбұлы мен түрлі құстар
Құлақ салып таңырқап қона қалып.
Отырған мәжілісте барлық адам
Жығылды бет-бетімен естен танып.

Сонымен бірге Жәмшидтің сұлулығы да ерекше:

Күмістен тартқан сымдай болып,
Сүйкімді жігіт болды бойға жетіп.
Сұлулық сипаттары сондай артық,
Тұрады сөз сөйлесе бойың балқып.
Қасынан кетер емес көрген адам,
Пейіштің самалындай ескен аңқып.

Жәмшидтің іс-әрекеттерінің себебі (мотивировкасы) — ғашықтыққа, сұлулыққа табынғандық. Жәмшид Кәрім саудагердің Мейрамхан атты әйеліне ғашық болады да, жолын тауып оның бүкіл мал-мүлкі мен әйелін ұтып алады. Содан кейін Кәрім Үрім патшасы Қоңқарға барып жәрдем сұрайды. Қоңқар Мейрамханды Жәмшидтен құтқарып, бәрін өзіне қайтарып алып беруге уәде етеді. Осыдан бітпейтін жанжал, соғыс басталады.

Бірақ та Жәмшид дұшпанмен өзі соғыспайды. Оған белгілі, елге танымал палуандар көмектеседі. Ақырында Жәмшид солардың жәрдемімен дұшпанын тізе бүктіріп, мұратына жетеді. Осыдан келіп, бұл Фердауси жырлаған Жәмшид емес екенін байқау қиын емес. Сонан соң оның себебі неде деген сауал пайда болады. Бұл сауалға кесіп жауап беру қиын, ол үшін арнайы зерттеулер қажет екені сөзсіз. Назарда ұстайтын жайт — Фердаусиден кейін көптеген ақындар «Шаһнаманың» түрлі-түрлі мотив, сюжеттерін пайдалана отырып, эпопеяның атақты, белгілі кейіпкерлеріне арналған көптеген поэма-дастандарды дүниеге әкелгені белгілі.

Осы процесс үстінде Жәмшид бейнесінің мифтік негіздері ұмытылып, бейнелік мінездемесі өзгеріске [трансформация] ұшырап, басқа сипатқа ие болуы әбден мүмкін.

Сонымен бірге, томда жарияланып отырған нұсқада Жәмшид образын «Шаһнама» кейіпкерімен жақындастыратын тұстар да жоқ емес. Жыршының сөзімен айтқанда, «Ол заманда ер-тоқымды һешкім білмейді екен. Және дамбал кимейді екен. Біраз шүберекті лөңгі деп тартып жүре береді екен». Ер-тоқымды білмейтін елге алғашқы ерді Жәмшид көннен, кейін ағаштан жасап үйретеді.

Бұдан кейін Жәмшид «Және абыройсыз болмасын деп бұтына ыштан кигізіп, түрлі палуан, түрлі айлакер, ғаяр, сиқыршыларын алып, он екі мың әскерімен Үрім шаһарына жөнep берді». Бұл көріністерде мәдени қаһарманға тән іс-әрекет, қимыл, қылықтардың ізі сақталғаны анық.

Сондай-ақ көптеген палуандар, соның ішінде Қияморстың [Каюмарс] баласы да Жәмшидтің туысы боп шығады. Ал дастанның аяғында жыршы Жәмшидті хан, патша деп атайды.

Батыр-палуандармен бірге дастан оқиғасына араласып бас кейіпкерге үлкен көмек беретін көптеген ғаяр, айлакерлердің негізгі құралы — адамзаттың өткен тарихы мен болашақ тағдыры жазылған кітаптар. Бұл таңғаларлық жайт емес, себебі Иран елінде бал ашу, хикмет кітаптары, жұлдыздар арқылы өткенді, қазіргіні біліп алып болашақты болжау, оған араласу — ежелден бері келе жатқан, арнайы оқуды талап ететін ғылым, кәсіп. Керемет сиқыршы ғаярлар мақсатына түрлі тәсіл, айла-амалдар арқылы жетеді: басқа адамның кейпіне енеді, дұшпандарына қарсы түрлі дәрі-дәрмек пайдаланады, керек

болғанда адамдарды түрлі хайуанаттарға айналдырады, ал ең мықтыларының асқан өнері былай сипатталады: «Аспаннан дұғаменен бұлт түсіріп, Сол бұлтты ат сипатты кетті мініп», т.б. Демек, олардың өнері байырғы наным-сенім негізінде пайда болған сиқырлық пен кейінірек ойдан шығарылған фантастикаға негізделеді. Ғаярлықтың өнерін үйрететін арнайы мектептер болған. Ғаярлардың негізгі міндеті — көмек көрсету. Иран әдебиетінде ғаярлардың, түрлі сиқыршы, балгер-құшнаштардың өнерін дәріптеп мадақтайтын шығармалар да аз болмаған. Солардың ішінде ең көлемді, ең көне, ең қызықтысы — ХІ ғасырда жазылып, осы күнге ХІІІ ғасырда қағазға түскен қолжазбасынан жеткен «Самақ айар» атты халық романы.

Жәмшид пен оның қарсыластарына көмектесетін палуандардың сипаттары қаһармандық эпоста әсірелеуге түскен, бірақ реалды адамдар бейнесінде сипатталатын батырлардан гөрі ертегі, көне архаикалық эпостарда кездесетін дию, дәулер бейнесіне жақынырақ. Мысалы, Орайнатан деген палуанның суреті мынадай:

«Қап тауы деген тауда аң құсап жүрген тажал Орайнатан деген бір палуан бар екен. Өзінің зорлық сипатын жазып қалам, ойлап ой жетпейді екен. Киімсіз, жалаңаш, ұят-абыройдан хабары жоқ, қалай болса солай жүре береді екен. Бір күндері бір топ керуен келе жатып, күн батқан соң бір-екі таудың арасына қонып жатыпты. Ол тау емес, баяғы Орайнатанның екі бұтының арасы екен. Ол уақытта палуан ұйықтап жатыр екен. Ұйқысынан оянып бір аяғын қимылдатып қойғанда бірталай адам астында қалып өліп қалыпты. Қалғаны қашып палуан екенін біліп кеткен екен».

Ал қыз кейіпкердің суреті [портреті] халқымыздың эпикалық шығармаларындағы, дәлірек айтқанда «Қыз Жібек», «Қасым жомарт», «Қисса Тәжбақыт — Хоршаһра қыз» атты жыр, дастандардағы әйел портретіне өте ұқсас:

Ел жиналып келген соң,
Қыз жан-жаққа қарады.
Нәзік белі бұралып,
Аққудай мойнын тарады.
Наркескен алтын қанжардай,
Көзі түскен адамның
Ішін жарып барады.

Қыз сипатын қарасаң,
Ақ бетінде кіршік жоқ,
Айдын көлдің қуындай.
Екі көзін қарасаң,
Батырдың алтын туындай.
Сөйлеген сөзі мазалы
Сары алтынның буындай.
Ауыздан шыққан лебізі
Пейіштің шәрбат суындай.

Демек, дастанды жырлаған Е.Құлсариев халықтың эпикалық жадында сақтаулы суреттемелер мен бейнелеулерді, теңеулерді, сөз тіркестерді пайдаланған.

Дастан көлемді, оқиғасы шытырман. Мұнда көптеген ертегілік мотивтер мен сюжет, сарындар көрініс тапқан. Сондай-ақ мәтінде осы күнге дейін жеткен ел, тайпа, ұлттар мен мемлекет, жер-су атауларымен бірге бір кезде тарихта болып қазір жойылып кеткен мемлекет, қала атаулары кездеседі. Мысалы, дастан кейіпкерлерінің бірі, Кәрім — Бұлғар шаһарынан келген саудагер. Бұл топоним ортағасырлық түркілер тарихынан елес береді.

Дастан жыршысы Ертай Құлсариев жат тілдерге көп ден қоймаған, яғни араб, парсы, сөздері жоқтың қасы. Жалпы шығарманың тілі жатық, әрі көркем.

Жырдың кіріспесінде Ертай: «Бұл Жәмшид парсы тілінде болған, оны Жүсіпбек Шайхисламұғлы қара сөзбен жазған. Жүсіпбектен алынған сөз,» — деген шағын анықтама берген. Соған қарағанда, Ертай ақын Жәмшид патша жөнінде Жүсіпбек қожадан қалған аңызды өзінше жырға айналдырған. Әзірше бұл нұсқадан өзге Жәмшид туралы қазақ ақындары жырлаған дастандар кездеспеді. Соңғы уақыттарға дейін баспа бетін көрмегендіктен Е.Құлсариев нұсқасы ғылыми ортаға беймәлім боп келді, тіпті «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» атты сериялық еңбекке де енбей қалған.

Дастанның қолжазбасы Ұлттық Ғылым Академиясы Орталық Ғылыми кітапханасының сирек қорында [ОҒК: Ш. 546,4-дәп.] сақтаулы. Дастан бір сызықты дәптерге араб әрпімен, көк сиямен, екі қатарда жазылған. Қолжазба қатты қағазбен тысталып, түбі тігіліп, түптеліп, жөндеуден өткен және буманың ішіне салынған. Сақталуы қанағаттанарлық.

Дастан 2004 жылы шағын тиражбен ғылыми-көпшілікке арналған жинақта жарық көрді.

Томға ұсынылып отырған мәтін Е.Құлсариевтің 1940 жылы өз қолымен жазған қолжазбасынан еш өзгеріссіз дайындалды.

АЛТЫН БАЛЫҚ

Шығарма ертегілік эпоста жиі кездесетін фольклортану ғылымында «орындалуы қиын тапсырма» деп аталатын сюжетке құрылған.

Дастанның бас кейіпкері, балықшы шалдың жалғыз ұлы Ибраһым әкесінің қарсылығына қарамай ұстап алған алтын балықты патшаға сыйға тартады. Разы болған патшаның балаға көрсеткен құрметін күндеген уәзірлер баланы өлтірудің жолын қарастырады. Уәзірлердің айтуымен патша баланы үш рет орындалуы қиын тапсырмаларға жұмсайды. Олар: 1) алтын балықтың сыңарын; 2) бұлғары суды; 3) бұлбұл мен күлдірмішті тауып әкелу.

Фольклорда орындалуы қиын үш тапсырма — дүниедегі ең қиын тапсырма, оны орындау тек кіші ұлдың ғана қолынан келеді. Ал мәтінде бас кейіпкер қартайған әке-шешенің Құдайдан сұрап алған жалғыз ұлы болғандықтан оның қасиеттері ерекше, қиын тапсырманы орындауда оған кездейсоқтық пен жолы болғыштық және ерекше сұлулығы себеп болды деп түсіндіріледі.

Барлық тапсырманы мүлтіксіз орындаған Ибраһым патшаның қызын алып, тағына отырады. Бала үш тақта отырып ел билейді. Фольклорлық санаға сәйкес, қызғаншақ әрі зұлым уәзірлер қатаң жазасын тартады.

Дастанды Ақылбек Сабалұлы ел аузынан жинап, редакциялап, кітап етіп 1911 жылы Қазан қаласында жариялаған. 1914 жылы сол Кәрімовтер баспаханасынан өзгеріссіз қайта басылды.

«Алтын балық» дастанының бірнеше көшірмелері Қолжазба қорларында сақтаулы:

1. Алтын балық қиссасы. ОҒК: Ш.908, 1-дәптер, 35 бет, 1820 жол, араб әрпінде. Көшіруші *Сақып Байзырахман Байтақұлы*.

2. Алтын балық. ОҒК: Ш.908, 2-дәптер, 27 бет, араб әрпінде. 1911 жылы Қазанда шыққан кітаптан 1935 жылы көшіруші *Қ.Мәкенұлы*. Кім тапсырғаны белгісіз.

3. Алтын балық деген қисса. ОҒК: Ш.908, 3-дәптер, 34 бет, араб әрпінде. 1946 жылы тапсырған *Ертай Құлсариев*.

4. Алтын балық қиссасы. ОҒК: Ш.908, 6-дәптер, 26 бет, 1397 жол, латын әрпінде. 1941 жылы көшірген *С.Шортанбаев*.

5. Алтын балық. ОҒК: Ш.908, 7-дәптер, 30 бет, 792 жол, араб әрпінде. Кім көшіргені белгісіз.

6. Алтын балық. ӘӨИ: Ш.106, 1-дәптер, 30 бет, араб әрпінде. 1931 жылы Зәкария Оспанұлы көшірген. 1958 жылғы Батыс Қазақстан экспедициясы, фольклортанушы Б.Адамбаев жинаған.

7. Балықшы Ибраһим қиссасы. ӘӨИ: Ш.193, 3-дәптер, 47 бет, араб әрпінде. *Мұртаза Жолақұлы* көшірген. 1960 жылғы Омбы экспедициясы, институт қызметкері *Тұрлыбек Сыдықов* жинаған.

8. Алтын балық. ӘӨИ: Ш.475, 1-дәптер, 35 бет, кирилл әрпінде. Айтушысы *Ихсан Бермағамбетов*. 1886 жылы туған. Батыс Қазақстан облысы, Камен ауданы, Коментерин колхозында мал баққан. Қаз.ССР ҒА Тіл және әдебиет бөлімінің өкілі *Әнуар Омаров* И.Бермағамбетовтің айтуынан жазып алған. 1957 жылғы Гурьев экспедициясы жинаған.

9. Алтын балық. ӘӨИ: Ш.668, 4-5 дәптер. Жинаушысы — *Қабылқаж Қанафиянов*. 1966 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Қазақстан совхозында қағазға түскен. Қорға институт қызметкері *Т.Қанағатов* сол жылы тапсырған.

10. Алтын балық. ӘӨИ: Ш.882, 9-дәптер, 32-62 бет, араб әрпінде. Жинаушысы — *Мұтәлі Әмірбеков*, 1974 жылы Шымкент облысы, Арыс қаласында қағазға түсірілген.

Бұл қолжазбалардың бәрі де А.Сабалұлы жариялаған Қазан басылымынан тарағаны анықталды. Мәтінде *тиілтін* (1376-жол) деген сөз контекстке сәйкес *тиейін* болып өзгертілді.

Томға енген мәтін 1911 жылғы Қазан басылымынан дайындалды.

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаһ) — бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, ислам дінінде баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»*.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (ә.с.)** — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен 23 жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын, т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шәріп (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді), т.б.

* Құран Кәрім. 112-«Ихлас» сүресі.

** Ә.С. — Әлейһиссалам /а/ — оны Алла жарылқасын! Пайғамбарлардың атына жалғаса айтылатын сөз.

Алланың атын зікір ету рәсімі Аллаһу акбар деген мадақ сөзді отыз төрт рет, Өлхамдулилләһи, Сұбхан Алла сөздерін отыз үш реттен айтып, тасбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Адам ата, Хауа ана — діни аңыздар бойынша, Алла Тағаланың топырақтан жаратқан алғашқы адамы. Балшық мүсін ұзақ жылдар жансыз тұрады. Ақырында Алла Тағала Адамға жан кіргізеді. Адамның бір қабырғасынан Хауаны жасайды. Алғашында екеуі періштелер қатарында болып, олардың арасында беделді, құрметті орынды иемденеді. Періштелер Алланың жарлығы бойынша, Адам мен Хауаға бас иіп, ғибадат етеді. Бірақ Ібіліс атты періште бұл жарлықты орындаудан бас тартады. Сол үшін Алла Тағала Ібілісті жұмақтан қуып жібереді.

Осыған өкпелеген Ібіліс Адам ата мен Хауа анадан өш алудың жолын іздейді. Ақырында олар Ібіліс шайтанның сөзіне иланып, алдауға түсіп тыйым салынған жемісті жейді. Осы күнәлары үшін Адам мен Хауа бейіштен аласталып, көк-тен жерге түсіріледі. Олардан бүкіл адамзат тарайды.

Өзірейіл — діни ұғым бойынша, Аллаға жақын періштелердің бірі, жан алғыш періштенің есімі. Адамды жаратар алдында Алла жердің әр тұсынан саз әкелуге періштелерін жұмсайды. Жер оларға қарсылық көрсетеді. Жәбірейіл де, Мекайыл мен Ысрапыл да жерден бір шөкім саз үзіп ала алмайды. Бұл шаруаны Өзірейіл ғана атқара алған, осы қаталдығы үшін ол жан алғыш бас періште болып тағайындалған. Адамға ажал мезеті жеткен кезде Алла Тағаланың жанында өсіп тұрған ағаштан әлгі адамның есімі жазылған жапырақ үзіліп түседі. Өзірейіл қырық күн мерзім ішінде сол адамның жанын алуға тиіс.

Әли — Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халиф. Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли орасан, алып күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болған-мыс. Фольклорлық туындыларда оның зұлпықар, қамқам, самсам деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі көптеген шығыс қиссаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол қиссалардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы,

мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына Шаһимардан, Қайдар, Арыслан, Шері, Мұртаза сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды пырақ-аттың нышанына айналған.

Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың ұрпақтары қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір аймақтарында өмір сүреді.

Жәбірейіл — діни ұғым бойынша, Аллаға жақын періштелердің бірі, Алла мен пайғамбарлар арасында жүріп, оларға Алланың аянын айтушы. Ол Алла Тағаланың әмірімен Мұхаммедке (ә.с.) келіп Құран аяттарын жеткізген. Жәбірейіл Адам атаға бейіштен қуылғаннан кейін де қамқор болған, Нұхтың құтылуына көмектескен және оның ұлы Ибраһымды құтқарған. Жүсіпке көп тіл үйреткен, Дәуітті сауыт жасауға баулыған, сонымен қатар Сүлейменге көмектесіп, Зәкарияға Жақияның қашан дүниеге келетінін болжап берген.

Жәмшид — Ежелгі Иранның есімі аңызға айналған патшасы. Аңыз бойынша, 700 жыл билік еткен Жәмшид шарап ішкен ыдысынан немесе сиқырлы шам арқылы бүкіл дүние тіршілігін көріп отыратын болған.

Зеңгі баба — қазақ халқының мифологиялық сеніміндегі төрт түлік малдың бірі — сиырдың пірі. Халық нанымында әр түліктің өз тәңірісі, иесі болады деп есептелген. Соның ішінде сиыр малының тәңірісі, қамқоршысы Зеңгі баба деп түсінген. Соған сиынып, малының аман-сау өсіп, көбеюін тілеген.

Ибраһым (Ибраһим, Ибрагим, Авраам) — Құран Кәрім мен басқа да көптеген аңыздарда ол «Алланың бірлігін танып, оның досы саналатын» алғашқы пайғамбар. Ибраһым өзінің сүйікті ұлы Ысмайылды Алла Тағаланың әмірімен оған құрбандыққа арнап шалмақшы болады, сонда Ибраһымға разы болған Алла Тағала Ысмайылдың орнына көктен ай мүйізді қошқар түсіреді. Ибраһым (ә.с.) мен оның ұлы Ысмайылдың өмірі араб әлемімен, әсіресе, Мекке, Қағба төңірегімен тығыз байланысты әңгімеленеді. Бұл жайында Құран Кәрімде де арнайы (сурат-ул

Ибраһым) сүре бар. Онда Ибраһым пайғамбар мен оның баласы Ысмайылдың Қағбаны тұрғызғаны айтылған.

Мұсылмандардың Меккедегі қасиетті Қағба мен оның маңындағы Мина, Арафа тауларында өткізілетін жыл сайынғы дәстүрлі қажылық рәсімдері (шарттары) де осы Ибраһым пайғамбардың «үлгісін» толықтай қайталайды.

Исмайыл (Ысмайыл) — Құран кейіпкері, пайғамбар, Ибраһымның баласы, Таураттағы Исмаил. Оның есімі Құранда Алла аян берген, адамдарға ғибадат етуді үйреткен пайғамбарлардың бірі ретінде аталады. Ол Алланың әмірімен әкесі Ибраһым екеуі Қағбаны тазартып, құрылысын бітірген.

Аңыздарда Исмайыл Ибраһымның күні Хажардан туған үлкен ұлы екендігі жайлы егжей-тегжейлі сипатталады. Әйелі Сараның қызғаншақтығы мен қастандығынан сескенген Ибраһым Хажар мен Исмайылды Арабияға әкетуге мәжбүр болады және оларды сусыз далаға тастап кетеді. Бала қатты шөліркеген соң шешесі ас-Сафа мен әл-Маруа биігінің төбесіне шығып, алыстан көгал жерді көреді. Оларға Жәбірейіл көмекке келеді. Соның әмірімен Исмайылдың өкшесі тиген жерден қасиетті зәмзәм бұлағы атқылайды.

Араб шежірелері бойынша солтүстік арабиялық тайпалардың барлығы да Исмайылдан тараған.

Қызыр, Қыдыр баба — көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қызыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар — тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді.

Қызыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар.

Қазақ фольклорында Қызыр баба [Қыдыр] — ел аралап жүрген ақ киімді, ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әр түрлі қиындықтардан қорғаушы.

Омар — Әбубәкір өлгеннен кейін (634 ж.) мұсылман қауымына басшылық жасаған екінші әділетті халиф. Ол исламның алғашқы кезеңіндегі ірі діни қайраткерлердің бірі.

Омар хазірет Мұхаммед пен Әбубәкір Сыдықтан соң ислам дінін одан әрі насихаттап, оны араб елдерінен тысқары өлкелерде таратуға көп күш жұмсады. Омар хазірет халиф болған он жыл ішінде ислам діні Ирак, Сирия, Египет және Ливия жерлеріне орнықты.

Омар халиф тұсында араб-мұсылман иеліктерінде дінге негізделген әкімшілік хұқықтың тәртіптері және алым-салық жүйесі құрылды.

Самұрық — мифтік аңыз, әңгімелерде, ертегі мен жырларда кездесетін алып құс; мифологиялық ұғым бойынша бүркіт атаулының ең үлкені, зоры.

Сүлеймен — Құран кейіпкері, Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған.

Аңыз бойынша, Дәуіт пайғамбардың отыз ұлы болған. Бір күні Алла Тағаланың әмірімен әлгі ұлдардың бәрі де бірдей қаза болыпты. Сонда Дәуіт еш абыржымай, сабыр сақтап, Алла Тағалаға одан сайын ғибадат еткен. Осыған разы болған Жаратқан Ие Дәуіт пайғамбарға «отыз ұлға татитын» бір ұлды, яғни Сүлейменді береді. Сүлеймен мұсылман елдерінің ертегі, дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануар, құрт-құмырсқаның тілін білген» деп дәріптеледі.

Ілияс (Ілияс, Илья) — көне иудей, христиан аңыздарында Ілиястың есімі әулие ретінде аталады. Оның аты ежелгі иудей құдайларының бірінен шыққан дейтін пікір де бар. Исламда Ілияс пайғамбардан гөрі, әулиеге жақын.

Түркі халықтарында Ілиястың есімі Қыдыр әулиемен байланыстырылып, «Қыдыр-Ілияс» деп те атала береді. Кейде оны «Қызыр» деп атайды. Қазақ фольклорында Ілиястың есімі жиі ұшырасады. Әдетте, ол адамдарға Қызыр [Қыдыр] әулие (ақсақал) түрінде көрініп, әр түрлі қиындықтардан қорғайды. Кейде Ілиястың жанында шілтендері, яғни қырық көмекшісі еріп жүреді. Олар ғайыптан пайда болып, фольклорлық шығарманың басты кейіпкеріне (әсіресе, батырлық жырлар мен ертегілерде) қол ұшын береді.

СӨЗДІК*

Абзал /а/ — ең таңдаулы, лайық

Айы өту — зәру болу, ділгірлік ету

Акт /о/ — белгілі оқиғаны растайтын құжат

Ақ — қайыршы, кезбе

Ақта — қуырылып, қауызынан тазартылған дәнді дақыл

Ақырет, ахирет /а/ — ақырет күні. Мұсылмандардың ұғымы бойынша бұл күні қияметтің болуы, Алладан өзгенің жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатындығы анық сезіледі. Пенделер тірі кезінде істеген күнәларына жауап беретін күн. Ары таза, күнәсі жеңіл болса, Алланың шарапатына бөленіп, ауыр болса, тозақ азабын тартатын күн; о дүние деген ұғым; ақырзаман, дүниенің соңы

Алал — халал деген сөздің х әрпі түсіп қысқартылған түрі: халал /а/ — шариғат бойынша рұқсат берілген; заңды; некеленген; таза; адал; жарамды

Аламат — ғаламат

Аллаһу акбар, Аллаһу әкпар /а/ — Алла — ұлы

Анда — онда, сонда

Аншық /тат./ — қаншық

Арақ сабын — иіс сабын

Аран — кірпіш пен істік темірден жасалған кең қоршау

Аршын — метрге тең өлшем

Асла /а/ — мүлде, еш

Асы, ғасы /а/ — күнәһар, шариғатқа қайшы істер жасаған кісі

* Басқа тілдерден енген сөздердің бірнеше мағынасы болуы мүмкін. Олар кейде ауыспалы мағынада да қолданылған. Сондықтан біз ұсынып отырған дастандарда кездесетін осындай сөздердің мәтін мазмұнына байланысты беріп тұрған мағынасын ғана сөз етеміз.

Аузу /а/ — сақтану

Ашық /а/ — ғашық, сүйікті

Аһ, аһы — өкініш, зар деген мағынада

Аят /а/ — белгі; ғажайып; өлең, Құран сүрелерінің шағын бөлігі

Әгар — егер

Әзәзіл — діни аңыздар бойынша «Адамға сәжде қылыңдар» деген Алла Тағаланың бұйрығын орындамаған Ібілістің бұрынғы есімі; азғырушы, жолдан тайдырушы

Әйла /т/ — жасау, істеу

Әлік, әлейка /а/ — өзіңе, саған

Әліп, би /а/ — араб алфавитінің алғашқы әріптері

Әмбе — барлық, түгел, күллі; әрдайым, әрқашан, үнемі

Әулі — шарбақ; аула

Байбатша — бай баласы; мырза

Бақи, бақилық /а/ — мәңгі, мәңгілік, өмірлік

Балаған — сырық ағаштардың басын біріктіріп, үсті шөппен жабылған уақытша баспана

Батпан, батман — ежелгі шығыс елдерінде қабылданған салмақ өлшемі. Әр елде өлшем әр түрлі. Көне Бұхарада бір батпан 8 пұтқа тең, ал кейбір жерде 4 пұтқа тең. Ферғанада — 2 пұт деп саналған. Қазақ өлшемінде — ауыр салмақ, үлкен, көп деген мағынада қолданылады.

Баһар /п/ — бу, түтін; булану

Бәйім /а/ — қос тармақты өлең шумағы

Бей /п/ — болымсыздық мағынаны білдіреді. Мысалы, бейиіс — иіссіз; бейкүнә — күнәсіз; бейопа — опасыз

Бейзабан /п/ — тілсіз, мылқау

Бейіш үрі — діни ұғым бойынша жұмақта өмір сүретін хор қызы

Биабан /п/ — құлазыған шөл дала, жапан түз

Бина /а/ — құрылыс, ғимарат

Бисмилла, бісмілда /а/ — Алланың атымен. Мұсылмандар әрбір игі істі, әрекетті осы сөзбен бастайды

Бұлғары су — түркі халықтарының әдебиеті мен фольклорында түркілердің орта ғасырларда гүлденген, қуатты мемлекеттердің бірі — Бұлғар елінің атауы алыс, ғажайып өлкенің символына айналған. Осыған орай мәтінде бұлғары су қасиетті, шипалы су мағынасында қолданылған.

Ғазал /а/ — шығыс поэзиясында негізінен кемі үш, көбі он екі шумақтан тұратын бірыңғай ұйқасы бар өлең

Ғазиз, әзиз /а/ — қымбатты, ардақты, аяулы

Ғайбат /а/ — өсек, жала, жалған

Ғапыл /а/ — қапы қалу, білмеу, байқамау, сезбеу; надан, қараңғы; аңқаулық

Ғариб /а/ — батыс

Ғарық, ғарық болу /а/ — бату, суға кету

Ғаріп, кәріп /а/ — бейшара, мүсәпір, міскін

Ғауам /а/ — тобыр, (қарапайым) халық

Ғауға /а/ — айқай, шу

Ғаяр /а/ — аяр, сиқыршы, мекер, алдамшы

Ғұзыр /а/ — өтініш, тілек; мұң, мұқтаж

Ғұрып /а/ — анықтама, баға

Дайығ болу /а/ — жоғалу; ұмыт болу

Дарақ /п/ — оңаша өскен ағаш

Дарбаза — қораның, мекен-жайдың сыртқы үлкен қақпасы

Дат /п/ — әділеттілік талап ету, мұң шағу

Дәремаат /п/ — кіріс, пайда; табыс; түсім

Дәртікем — құмар ойыны

Демгер — демеуші, сүйеніш

Диуана, дуана /п/ — ризығын Алладан тілеп, кәсіпсіз жүретін адам, дәруіш

Дутар — өзбек, ұйғыр, түрікмен, тәжік халықтарының қос ішекті музыкалық аспабы

Жад қылу /п/ — жадына алу, еске түсіру

Жаду /п/ — сиқыршы, азғырушы, көз байлаушы

Жамал /а/ — келбет, дидар, көрік, жүз

Жаппар /а/ — құдіретті, күшті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Жаппар Халық /а/ — құдіретті жаратушы; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Жапы /а/ — дөрекі, тұрпайы; қатігез; әділетсіз; тұрақсыз

Жаһанкеш /п/ — жер жүзін аралаушы, саяхатшы

Жаһит ету /а/ — бар күшін салу

Жәдет /а/ — сүйеніш, тірек; сиыну, көмек сұрау

Жәшім /п/ — бұлақ, бастау

Жекей — сәнді тігілген бас киім

Жеті ықылым, ықлим — мұсылманелдерінің ортағасырлық

пәлсапасы бойынша жер-жаһан жеті қабаттан тұрады деген түсінік болған. Мәтіндерде патшаға бүкіл әлем бағынды деген мағынада қолданылған.

Жұфұт /п/ — жұп, зайып, қосақ, жұбай

Жұмла, жұмлә /а/ — бәрі, барлығы, түгел

Жұрту — жүгірту, жүргізу

Зағыпыран — сары түсті гүл; мәтінде ауыспалы мағынада қолданылған: *сарғайып зағыпырандай*

Зайт /а/ — күмән, шүбә

Зәңгі — зор, үлкен; қара түсті адам; қаһарманға қарсы тұратын сүйкімсіз кейіпкерлер кейде зәңгі аталады

Зина /а/ — нәпсіқұмарлық, жезөкшелік; тұрақсыздық, бұзықтық, неке бұзушылық

Зияпат /а/ — біреудің немесе бір нәрсенің құрметіне берілетін қонақасы, салтанатты кеш; банкет; құрмет; сый-сияпат

Зүбәржат /п/ — жасыл түсті асыл тас

Ила /а/ — қулық, амал, айла

Илану /т/ — илану, сену, нану

Инсан /а/ — адам, кісі

Иншалла /а/ — Алла қаласа (ин — егер, шаа — қалау)

Ислам /а/ — Құдайға берілу, Құдайға құлшылық ету; VII ғасырдан бастап араб түбегінен дүние жүзіне кеңінен тараған, ықпалды, соңғы дін

Ишан — дін басшыларының жоғарғы атақтарының бір атауы

Кәміл /а/ — толық, бүтін

Кәпір /а/ — пұтқа табынған; шындықты мойындамаған; ислам дінін ұстанушылар Аллаға сенбеген бүкіл мұсылман емес-терді кәпір деп атаған

Кәрім, керім /а/ — жомарт, игі, шарапатты; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Кәтте — үлкен; дәрежелі

Кеп, гәп, кәп /п/ — сөз; ірі әңгіме; хикая; оқиға; бір нәрсенің сыры, мәні; бір істің, нәрсенің себеп-салдары, тетігі

Көдек /п/ — жасөспірім бала, сәби; сенгіш, аңғал

Көрнеу — әдейі, қасақана

Күлә /п/ — бас киім, бөрік

Күнәһ — күнә

Қырзі /п/ — шоқпар

Қырсі /а/ — орындық

Кізлеу /т/ — жасыру, құпия ұстау

Қабағат /п/ — орасан, керемет; өте; ірі, үлкен; мол

Қалендар—бастапқыда Орта Азиялық қалендарийе туыстығының мүшесі, соған берілген адам деген мағынада қолданылған. Кейінгі орта ғасырда ел аралап жүретін кез келген тақуа жанды осылай атайтын болған.

Қандиулат /а/ — маис [жүгері тәріздес өсімдік] наны

Қанділ /а/ — шам, шырақ

Қаріп /а/ — әріп

Қасад қылу /а/ — көре алмау, күншілдік ету; дұшпандық, зиянкестік, жаулық, қастық

Қасам /а/ — ант, серт

Қатыл болу /а/ — өлу

Қатыл ету /а/ — өлтіру

Қауыс-қияс — эпос кейіпкерінің басына қауіп-қатер төнген кезде кенеттен пайда болып дем беруші әулие

Қаял — қиял

Қисап /а/ — есеп

Қисса /а/ — әңгіме, тарих

Қозыжауырын — масағы болаттан жасалған, жалпақ басты садақ оғы; жебе

Қорамсақ — садақ оқтарын (жебесін) салып жүруге арналған оқ салатын қалта

Қошлашық — қосылмақ

Құда, Құдай /п/ — бүкіл ғаламды жаратушы, Алла Тағала, Құдірет.

Құдауанда /п/ — Құдай, Тәңірі

Құлла /а/ — көзе, құмыра, құмған

Құяш /п/ — күн

Қылует /а/ — жалғыздық; жер астынан салынған оңаша бөлме; сопылардың мінәжат жайы

Лаух /а/ — тақта

Лөңгі /п/ — қол сүртетін орамал

Мағриб /а/ — батыс

Маддұға /а/ — тілек; ой; мақсат, арман; мүдде

Мажырасу /а/ — әңгіме-дүкен құру, өткен-кеткенді сөз қылу; көңіл көтеру

Малул /а/ — шер, мұң, қайғы; қайғылы

Мақшар /а/ — діни ұғым бойынша дүние салған адамның күнәсі тексерілетін кезең; ақырет

Мархаба /а/ — кең, жан-жақты; мәтінде: өнеріне көркі сай

Мархабат /а/ — қошамет, сый-сыяпат, құрмет

Махбұб, махбұбім /а/ — ғашығым, сүйіктім

Махкам /а/ — берік, мекем

Маш /а/ — жүріс, қозғалыс, мәтінде: әуен; сөз мәнері

Машриқ /а/ — шығыс

Мәлік /а/ — патша, тақ иесі, әмірші

Мәулет — белгілі бір істі, тапсырманы орындауға берілген уақыт, мерзім; мүмкіндік

Минат /а/ — шүкірлік; міндет, борыш

Мислә /а/ — мысалы

Мият — сүйеніш, тірек

Мүмін /а/ — сенуші, мұсылман

Мүбәдә /а/ — егер де, алда-жалда

Мүрид /а/ — шәкірт, оқушы

Мысқал — жиырма бес грамға тең салмақ өлшемі

Мінәсар /а/ — жөн, лайықты, үйлесімді

Мінәсіп /а/ — лайықты, жарасымды

Назым /а/ — өлең; поэзия; шығыстық дәстүрде жазылған лирикалық өлең

Най — флейтаға ұқсас, үрлеп тартылатын көне музыкалық аспап

Нама /п/ — хат; жазу

Наһан /п/ — алып балық; кит

Нашапаз /а/ — мас болу, есінен адасу

Некаһ /а/ — некелеу, неке қию

Өтіру — өлтіру

Пада — сиыр табыны

Панар /о/ — шам

Парбоздану /п/ — ажарлану, әдемілену, жасану, сергу

Пәруана /п/ — түнде ұшатын көбелек. Шығыс әдебиетінде пәруана бейнесі поэтикалық образ ретінде қолданылады

Пәруардигар /п/ — Жаратушы, Жасаған, құдіретті Құдай

Пеш болу — ессіз болу, естен тану

Порым /о/ — пішін, форма

Пұт — 16 келіге тең салмақ өлшемі

Пір — қолдап-қорғаушы; мәтінде сыйлы, сенімді, дін адамы деген мағынада қолданылады.

Пісте — ыстық жақта өсетін аласа бұта және осы бұтаның бір жағы сүйір жемісі

Рабигул ахир айы /а/ — мамыр айы

Раст /п/ — рас, шын

Расул /а/ — пайғамбар; негізінен Мұхаммед (ә.с.) пайғамбарға айтылады

Рауан /п/ — жүру, қозғалу, жылжу

Раушан /п/ — жарық, айқын, нұрлы

Рахмат /а/ — қайырым, мейірім, шапағат

Сада /а/ — жаңғырық; әуен

Сазнама — саз аспабы

Санат /а/ — құрметті, дәрежелі, атақты. «Алтын балық» дастанында уәзір мағынасында берілген.

Сарнай /п/ — той үстінде таратылатын сый-кәде

Сахара /а/ — кең жазық, мидай дала

Сахат /а/ — дені-бастың саулығы; шынайылық, ақиқат; дұрыстық

Сахуат /а/ — ақыл-ой, ес, сана

Сәна /а/ — ой, қайғы

Сымбал — үлкен қып буылған тең

Табиғ /а/ — бағынышты, тәуелді

Тақыт /а/ — ою-өрнектеліп, безендірілген, арқасы және жақтауы бар мүлік [қазіргі диван тектес]; тақ

Талиғ /а/ — тағдыр, жазмыш

Тамам /а/ — бүкіл, бәрі, толық

Тамам ету /а/ — бітіру, аяқтау

Таһарат /а/ — дәрет алу, тазалану. Ислам діні бойынша Құран Кәрімді оқырда, намазға жығылар алдында жасалынатын бірден-бір шарт — тазалану, яғни дәрет алу. Сумен денені жуып қана қоймай, рухани ойды тазалау. Өдеппен, толық құрметпен аңсарынды тазалыққа аудару, яғни Алланы ойлау. Біле тұра немесе білместікпен істелген күнәлар үшін Алладан кешірім сұрау, жарылқау тілеу.

Тәдбир, тәдбір /а/ — амал, шара

Тәрбиат /а/ — тәрбие, күту, өсіру

Туша — бір жасар ұрғашы ешкі

Тұту /т/ — ұстау, қолдану

Тылсымат /а/ — тұтқындарды ұстайтын жабық, құпия
зындан тектес құдық

Тіллә, ділдә — алтын ақша; кейде алтын, зер мағынасында
да қолданылады

Уа /а/ — және

Фәһим /а/ — ақыл-ой, зейін, түсінік

Ха́диса, ә́диса /а/ — таңғажайып оқиға

Хайла /а/ — айла, шара; құлық; тәсіл, амал

Хақ, Ақ /а/ — шындық, күмәнсіз ақиқат; Алла Тағаланың
99 есімінің бірі

Хақ Тағала /а/ [Тағала — бәрінен жоғары, ұлық; Алла
Тағаланың 99 есімінің бірі] — ең жоғары, мәртебелі, Ұлық
Алла.

Хақарат /а/ — жек көру, жақтырмау, ұнатпау

Халал /а/ — шариғат бойынша рұқсат берілген; заңды;
некеленген; таза; адал; жарамды

Хараб, харап /а/ — қирау, быт-шыт болу; қиратушы

Харам /а/ — тыйым салынған; арам, жарамсыз

Хикаят /а/ — алуан түрлі ғажайып оқиғалар жайлы
жазылған әдеби шығарма

Хикмет /а/ — керемет, ғажайып; сұмдық

Хүкім /а/ — үкім, бұйрық

Һәм /п/ — және, тағы

Һолофдон /п/ — қараңғы жер; түрме

Шайы — үлбіреген жібек мата

Шайыр /а/ — ақын, өз жанынан өлең шығаратын адам

Шариғат /а/ — заң; Исламның негізгі заңдар жинағы

Шаһд /а/ — бал

Шаһарат /а/ — атақ, даңқ

Шәр, шаһар — қала

Шешек /т/ — гүл

Шулда /тат./ — осы, осында

Ығырлату — зекіп ұрсу; мазасын алу

Ыстан, ыштан /о/ — шалбар

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Алатау—Қазақстан, Қырғызстан, Ресей мемлекеттерінің аумағында орналасқан тау жоталарының жалпы атауы. Оларға Күнгей Алатауы, Талас Алатауы, Кузнец Алатауы, Қырғыз Алатауы, Жетісу Алатауы, Іле Алатауы, т.б. жатады.

Бұлғары (Болгар)—Еділ Бұлғариясының астанасы. Еділ өңірінің ірі саяси және мәдени орталығы болған. Бұлғар қаласын 1431 жылы Мәскеу князі Василий Темный бағындырғаннан кейін, Еділ бойы өңірінің орталығы Қазан қаласы болды. Бұлғардың қираған орны Татарстан аумағында, Еділ өзенінен алты шақырым жердегі осы аттас ауылдың маңында.

Долан—Шығыс Қазақстан облысы, Бесқарағай ауданындағы ауыл. Ертіс өзенінің оң жағасында орналасқан.

Иран—Азияның оңтүстік батысында орналасқан мемлекет.

Күлзім—Араб түбегі мен Африка құрлығының қосылған тұсындағы мекен, уәлаят; Қызыл теңіз.

Қазан—Ресей Федерациясы құрамындағы Татарстан автономиясының орталығы, Еділдің сол жағалауында орналасқан қала.

Қап тауы—Құран аңыздары бойынша, жер жүзін қоршап тұрған тау тізбегі. Бұл таулар аспан түстес зүбәржаттан құралған, ал ең биік шыңында вулкан орналасқан. Жер бетіндегі барлық таулар Қап тауымен байланысты, Алла Тағала осы таулар тізбегіндегі шыңдардың біріне қолын тигізсе, жер сілкінісі болады. Қап тауының арғы жағын йәжуж бен мәжуж деген қорқынышты халықтар мекендейді, олар әр түн сайын тауды егеу сияқты тістерімен кеседі, бірақ күндіз тау бастапқы қалпына қайта келеді, сөйтіп бұл халықтар жер бетіне шыға алмайды. Қап тауымен байланысты көптеген аңыздар бар. Солардың бірсыпырасында Қап тауының арғы жағында кере-

мет мақұлықтар, дәулер мен перілер мекендейтін ғажайып елдер бар деп айтылады.

Мысыр — Африканың солтүстік-шығысын және Азиядағы Синай түбегін алып жатқан Египет мемлекетінің арабша атауы.

Ніл — Африкадағы ірі өзен.

Сарандип — Оңтүстік Азияда орналасқан Цейлон аралының арабша атауы. Діни аңыздар бойынша жұмақтан қуылған Адам атаның түскен жері. Шығыс халықтарының фольклоры мен әдебиетінде Сарандип атауы өте алыс, ғажайып өлкенің символы ретінде қолданылған.

Семей — Ертіс өзенінің жағасында орналасқан қала. Іргесі XVI ғасырда қаланған қаланың алғашқы атауы Доржынкент.

Үнді елі — Үндістан. Азияның оңтүстік шығысында орналасқан мемлекет.

Үрім, Рұм — шығыс халықтары орта ғасырда Византияны осылай атаған. Сол халықтардың фольклоры мен әдебиетінде Рұм атауы өте алыс, ғажайып өлкенің символы ретінде қолданылған.

Хабаше — Эфиопияның арабша атауы. Африканың солтүстік шығысында орналасқан.

Хауарзамин — ежелгі Хорезм мемлекетінің атауы.

Чин, Шын — Орта Азия, Иран, араб елдері орта ғасырда Қытайды «Чин» деп атаған. Бұл — б.д.д. 221 жылдан бастап Қытай елін билеген Цинь династиясының өзгертілген атауы.

Шам шәріп — Сирияны арабтар осылай атаған. Теңеу ретінде «шәріп» сөзі қосылып, көбінесе «Шам шәріп» делінген. (**Шәріп** /а/ — құрметті, қадірлі, жоғары мәртебелі).

Мәтіндерде басқа да жартылай тарихи, жартылай аңыздық атаулар кездеседі: Тұранзамин, Емран, Еренқабыл, Фишақайран, т.б.

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Аққожаев Сұлтанбек (1872-1963) — ақын, жыршы. Ақмола губерниясындағы Құланөтпес өзені бойында туылып, жас кезінде әкесімен бірге Түркістан маңайы Қаратау өңіріне көшкен. Сол жерде өсіп, өнген.

Жас кезінен-ақ өлеңге, жалпы өнерге үйір болған Аққожаев Сұлтанбек Құлыншақ, Молда Мұса, Майлықожа, Майкөт сияқты атақты ақын, жыршылардан көптеген жыр-дастандарды үйреніп, өз репертуарына енгізген.

Аққожаев Сұлтанбек — қазақтың әйгілі жырларын шебер орындаушы, насихаттаушы. Ақын «Алпамыс», «Қобыланды», «Қыз Жібек», «Шора батыр», «Болат, Жанат», т.б. нәшіне келтіріп жырлаған.

Құлсариев Ертай (1886-1958) — жыршы, халықтың сөз мұрасын жинаушы. Алматы облысының Іле ауданына қарасты Әлі аулында туып-өскен. 1940 жылы Қазақстан Жазушылар Одағына мүше болып қабылданған. Өлеңдері түрлі жинақ, газет, журналдарда жарияланған. Ол «Қисса Жәмшид», «Мың бір түн», «Күлпан балуан», т.б. дастандар мен «Арқалық батыр», «Олжабай батыр» сияқты халықтың тарихи жырларын өзінше жырлап, ел арасына таратты. Сондай-ақ, ақынның Жетісу өңірінің фольклор үлгілері мен ақындарының шығармаларын жинаудағы еңбегі ерекше.

Махмұтұлы Әли — ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында өмір сүрген ақын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жөндеп жариялаушы. «Қисса үш қыз», «Қисса адам», «Қисса самұрық», «Қисса егіз бала» дастандарын жариялаған.

Нысанбайұлы Нұралы (1857-1930) — белгілі жырау, жыршы, айтыс ақыны. Туып-өскен жері — Оңтүстік Қазақстан облысы.

Нұралының шығыстық сюжеттерге ден қоя отырып, сол сюжет-желіні қазақ топырағында нәзиралық дәстүрмен жаңғырта жырлай білген ақындық шеберлігіне оның репертуарындағы «Қарақұл», «Қарқабат», «Жетім Құбыл», «Сауда ишан», т.б. дастандары дәлел.

Сабалұлы Ақылбек (1880-1919) — ақын, жыршы, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. Ақын араб, парсы, түрік пен орыс тілдерін, шығыс әдебиетін жетік меңгерген. Кейбір деректер бойынша Сабалұлы Ақылбек Абай аулынан, тіпті шешесі Абайдың туысы болған.

Сабалұлы Ақылбек «Таһир — Зухра», «Бозжігіт», «Алтын балық», т.б. дастандарды ел аузынан жинап, өңдеп, редакциялап кітап етіп бастырған.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дәп — дәптер

/а/ — араб

М — Мәскеу

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/т/ — түркі

/тат/ — татар

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қолжазбалар мен 1917 жылға дейін араб әрпінде жарық көрген кітаптар

1. Сауда ишан. ОҒК: Ш.508, араб әрпінде. Жырлаған *Нұралы Нысанбайұлы*. 1946 жылдары Шымкент облысында жазылып алынған. Жинаушысы — *Қысыраубек Амантайұлы*.

2. Сауда ишан немесе Жанат қыз. ОҒК: Ш.1300/А, 15-дәптер, 108 бет. Нұралының өз аузынан жаттап алған С.Нұрекеевтен 1947 жылы жазып алған *Әшірхан Отарбаев*.

3. Болат, Жанат. ӘӨИ: Ш.104, 6-дәптер, кирилл әрпінде. Қорға 1962 жылы түскен. Аққожаев Сұлтанбектің айтуынан жазылып алынған. Жинаушысы *Мәмбет Жаулыбаев*.

4. Опасыз Ишан. ӘӨИ: Ш.310, 4-дәптер, араб әрпінде. Жыршы *Белгібай Бектұрғанов* репертуарынан. 1953 жылы Б.Бектұрғановтан жазып алып, қорға тапсырған *З.Сейітганапарова*.

Дастанның басқа да нұсқалары қарастырылды, олар Қолжазба қорларында сақтаулы: ӘӨИ: Ш.259; Ш.1093; Ш.798; Ш.809; Ш.129; Ш.104, 2-дәптер, Ш.872; Ш.641; ОҒК: Ш.1300/А; Ш.192; Ш.1300, 6-дәптер; Ш.1300/А, 19-дәптер; Ш.1300/А, 21-дәптер.

5. Алтын балық. Қазан, 1911, араб әрпінде. Жинап, редакциялап кітап етіп жариялаған *Ақылбек Сабалұлы*. 1914 жылы өзгеріссіз қайта басылды.

6. Алтын балық деген қисса. ОҒК: Ш.908, 3-дәптер, 34 бет, араб әрпінде. 1946 жылы тапсырған *Ертай Құлсариев*.

7. Балықшы Ибраһим қиссасы. ӘӨИ: Ш.193, 3-дәптер, 47 бет, араб әрпінде. XX ғасырдың басында қағазға түскен. Мұртаза Жолақұлының қолтаңбасы. 1960 жылғы Омбы экспедициясы: фольклортанушы *Тұрлыбек Сыдықов* жинаған.

8. Қисса Жәмшид. Қазан, 1889, араб әрпінде. Жариялаған *Кәшафудин Шаһмарданұлы*.

9. Қисса Жәмшид. ОҒК: Ш. 546, 4-дәптер, араб әрпінде. Жырлаған *Ертай Құлсариев*. 1940 жылы түскен.

10. Қисса самұрық. Қазан, 1898, араб әрпінде. Баспаға ұсынған *Махмұтұлы Әли*.

*Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық
жинақтар, сөздіктер*

1. Құран Кәрім: қазақша мағына және түсінігі. Аударған Халифа Алтай. — Мәдина, Сауд Арабия, 1991.

2. Ақын-жыраулар. Құрастырған *М.Байділдаев*. — Алматы, 1979.

3. *Ахметов З., Бөжеев М.* Қазақ әдебиетінің шығыс әдебиетімен байланысы // Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.2. 1-кітап. — Алматы, 1961.

4. *Бердібай Р.* Эпос — ел қазынасы. — Алматы: Рауан, 1995.

5. *Брагинский И.С.* Из истории таджикской и персидской литератур. — М., 1972.

6. Дастандар /Құрастырып, алғы сөзін, ғылыми түсініктемесін жазған *Б.Әзібаева*. — Алматы, 1990.

7. *Дәуітов С.* Ақылбек Сабалұлы // XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. — Алматы, 1994. — 185-192 б.

8. Жыр-керуен /Құрастырып, ғылыми түсініктерін жазған *Т.Әлібек*. — Алматы, 2004.

9. Қазақ Совет энциклопедиясы. — Алматы, 1972.

10. Самак айар. В двух книгах. — Наука: М., 1984. Перевод с персидского, вступительная статья и примечания *Н.Кондыревой*.

11. Сыдықов Т. Қазақ эпосын тарату мен дамытудағы жыршы-ақындар ролі //Қазақ фольклорының типологиясы. — Алматы, 1981.

12. Арабско-русский словарь. Составитель *Баранов Х.К.* — М., 1968.

13. Древнетюркский словарь. — Л.: Наука, 1969.

14. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.

15. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Құрастырған *І.К.Кеңесбаев*. — Алматы, 1977.

16. Персидско-русский словарь. Под ред. *Ю.А.Рубинчика*. I-II т. — М., 1970.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова МОН РК продолжает работу по подготовке и публикации очередных томов многотомной серии «Бабалар сөзі», выполняемой в рамках Государственной программы «Мәдени мұра».

Шестой том серии, также как и предыдущие, посвящен дастанам новеллистическим, это: «Болат, Жанат», «Қисса самұрық», «Қисса Жәмшид», «Алтын балық».

Произведения вошедшие в данный том дошли до нас в рукописной форме и в печатных изданиях конца XIX, начала XX века. Рукописи эти написаны, а книги напечатаны арабским шрифтом.

Основу дастана «Болат, Жанат» составляет широко распространенный в мировом фольклоре сюжет о «невинно гонимых». Небольшие по объему дастаны «Қисса самұрық» и «Алтын балық» созданы по мотивам сказок «1001 ночи».

Главный герой «Қисса Жәмшид» согласно древнеиранским преданиям и «Шаһнама» Фердоуси — легендарный царь древней Персии, славившийся мудростью и справедливостью, символ величия и царской власти. Однако, герой нашего дастана не царь и не прославленный богатырь. Функционально он близок к казахским сал и сере. В целом он напоминает героя авантурных рыцарских романов, коих было немало в средневековом Иране. Но при этом в образе дастанного героя сохранились некоторые черты, роднящие его с мифологическим первоцарем Джемшидом [авестийский Йима], который в «Шахнаме» обучил «людей вместо звериных шкур носить одежду из ткани, ввел врачевание, пустил корабли по водам и разделил все население на сословия жрецов, писарей, земледельцев и ре-

месленников»*. Утеря героем сущностных черт первоцаря и культурного героя, является, по всей видимости, следствием «дописывания «Шахнаме» [Болдырев А.И.] и многочисленных подражаний ему, в результате чего образ Джемшида подвергся значительным трансформациям.

Многотомный свод «Бабалар сөзі» — научное издание. Публикуемые тексты даются в первоначальном, адекватном первоисточнику виде, то есть исключается любое вмешательство в текст.

Том снабжен научными приложениями, которые включают в себя: сведения о публикуемых текстах и их вариантах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ текстов; данные о исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Дастаны «Қисса самұрық» и «Алтын балық», изданные в Казани на арабской графике соответственно в 1898 г. и 1911 г. на кириллице впервые предлагаются вниманию читателей. Дастаны «Болат, Жанат» и «Қисса Жәмшид» ранее издавались в научно-популярных сборниках фольклорных текстов с искажениями и сокращениями.

Все тексты, вошедшие в данный том, подготовлены с первоисточников.

Объем тома — 22 п.л.

* И.С.Брагинский. Из истории таджикской и персидской литератур. — М. 1972. — С. 251.

SUMMARY

The Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan continues its work on preparation and publication of next volumes in turn of the series «Babalar sozi» in many volumes performed within the framework of the State program «Medeni mura».

The sixth volume of the series, as well as previous ones, is dedicated to short-story dastans, including «Bolat, Zhanat», «Kissa samuryk», «Kissa Zhemshid», «Altyn balyk».

Literary works, included into this volume, were preserved in the manuscript form and printed editions of the end of the XIXth century, the beginning of the XXth century. Manuscripts were written and books were printed in the arabic print.

The plot about «innocently persecuted», very popular in the world folklore, is the basis of the dastan «Bolat, Zhanat». Small dastans «Kissa Samuryk» and «Altyn Balyk» were created according to motifs of fairytales «1001 Night».

Ferdousi is the main hero of «Kissa Zhemshid» according to ancient Iranian legends and «Shahname». He is a legendary tsar of the ancient Persian state who was famous for wisdom and justice, a symbol of grandeur and the tsar power. However, the hero of our dastan is not a tsar and an epic hero. He is functionally similar to the Kazakh sal and sere. In general he resembles a hero of tales of chivalry and adventures which were a lot in medieval Iran. But at the same time some features, making him related to mythological first tsar Zhemshid [Abestinian Iima], were preserved in an image of the hero of the dastan. In «Shahname» Zhemshid taught «people to wear clothes made of tissue instead of animal skins and fells, introduced doctoring, organized navigation of ships and subdivided the entire population into estates of priests, clerks, farmers and

handicraftsmen».* A loss of essential features of the first tsar and cultural hero by the hero is most probably a consequence of «finishing writing «Shahname»» [A.I. Boldyrev] and multiple imitations to it as a result of which Zhemshid's image underwent significant transformations.

The code «Babalar sozi» in many volumes is a scientific edition. Published texts are given in the original form adequate to the primary source, i.e. any interference into the text is excluded.

The volume has scientific supplements which include the following: data on published texts and their variants; a brief historical & folklore and textual critical analysis of texts; information on historic and religious figures whose names are met in texts; a vocabulary of ancient Turkic, Arabic and Persian words, terms and notions as well as geographical names; data about narrators of folk tales, collectors and publishers; a list of the literature used; a resume in the Russian and English languages.

Dastans «Kissa samuryk» and «Altyn balyk», published in the arabic drawings in the cyrillic alphabet in Kazan correspondingly in 1898 and 1911, are offered for the first time to readers' attention. Dastans «Bolot, Zhanat» and «Kissa Zhemshid» were previously published in scientific popular collected stories of abridged texts with misrepresentations.

All texts, included into this volume, were prepared using primary sources.

The volume consists of 22 printed pages.

* I.S. Braginskiy. From history of the Tadjik and Persian literature. M. 1972, p.251.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан	5
-------------------------	---

Мәтіндер

Болат, Жанат	9
Қисса самұрық	68
Қисса Жәмшид.....	93
Алтын балық.....	260

Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтіндерге түсініктеме	311
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер	326
Сөздік	331
Жер-су атаулары	339
Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы һәм жинаушылар туралы мәлімет	341
Шартты қысқартулар	342
Пайдаланылған әдебиеттер	343
Резюме	345
Summary	347

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

6 том

НОВЕЛЛИСТИЧЕСКИЕ ДАСТАНЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. Тұрлынова*

Редакторы *Ү. Тілегенова*

Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*

Компьютерде терген *Ж. Салтақова*

Компьютерде беттеген *М. Ноғайбаева*

Дизайнын өзірлеген «Баур» баспасы

ИБ № 1643

Теруге 18.08.04 жіберілді. Басуға 30.09.04 қол қойылды. Пішіні 60x90¹/₁₆.
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 22. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №429.

«Фолиант» баспасы
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«Регис СТ — Полиграф» ЖШС баспаханасында басылды
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

15514 9965 818 21 3

